

**Мәкен УАҚТЕГІ**

**Кайрат.  
Желтоксан.  
ТӘУЕЛСІЗДІК**



Птицы из коллекции  
М. С. Григорьева из Красноярска  
имеются в наличии  
и могут быть выданы  
в любое время.





**МӘКЕҢ ҮАҚТЕГІ**

**ҚАЙРАТ.  
ЖЕЛТОҚСАН.  
ТӘУЕЛСІЗДІК**

**АЛМАТЫ 2011**

УДК 821. 512. 122

ББК 84 Каз 7-44

У 21

У 21 Уақтегі М.

Қайрат. Желтоқсан. Тәуелсіздік - Алматы: "Үш Қиян",  
2011. - 304 б

ISBN 978-601-7194-29-1

Қарапайым ауыл азаматы болғанына карамастан  
Мөкен Уақтегінің бүл кітабінде қоғамдық жұмыстармен  
белсene араласқан 20 жылдан астамғы уақыт кезеңіндегі  
халқымыздың хал-ахуалы мен тыныс-тіршілігі жайлы  
калас тербекен бірқатар мақалалары іріктелген. Зер сала  
таниссаңыз, Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың  
кандай жағдайда қаза болғандығы мен Желтоқсан  
котерілісінің кей астарлы да құпиялды жақтарын зерттеуде  
ұзақ жылдар тер төге еңбектенгені анық байқалады.

УДК 821. 512. 122

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 978-601-7194-29-1

© Уақтегі М., 2011

*Осы еңбегімді Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы  
мен киелі де қасіретті Желтоқсан көтерілісінің 25  
жылдығына арнаймын  
Автор.*

*Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы.  
К.Н. Рысқұлбековке жоғары ерекшелік белгісі –  
"Халық Қаһарманы" атагын беру туралы*

*1986 – жылғы Желтоқсан оқиғалары кезінде  
Республиканың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында  
көрсеткен азаматтық ерлігі үшін Алматы сәулет-  
құрылым институтының бұрынғы студенті Кайрат  
Ногайбайұлы Рысқұлбековке (марқұм) жоғары  
ерекшелік белгісі – "Халық Қаһарманы" атагы  
беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын Жұлдыз  
тапсырылсын.*

*Қазақстан Республикасының Президенті  
Н. Назарбаев. Алматы, 1996-жылғы желтоқсанның  
9-ы.*

## АЙҒАҚТАМА (Алғы сөз орнына)

Қаламды серік етіп жазумен айналысамын деп, ешқашанда ойлаған емеспін. Ойлау тұрмақ түсіме де еңбекен-ді. Ойткені орта біліммен ғана қанағаттанып орта мектепті жақсы бітіргеніммен жоғарғы оқу орнына түсуге құлышыныс танытпай жүргізушілік қызметте еңбектенуді қалағанмын. Себебі анам Төлепбекқызы Жамал ауыр науқастан тым ерте 1964 жылды небәрі 37 жасқа қараған шағында қайтыс болғаны, артында қалған үбірлі-шүбірлі 7 бірдей ұлқыздардың тұнғышы болғандықтан еңбекке жастайымнан араласып әкем Отарбайұлы Жұмәділге, бізben бірге тұрган нағашы әжем Қайшага сүйеніш болғым келгендіктен шығар. Несін жасырайын жастық шактың желігімен. әжемнің еркелетіп өсіргенінен бе, тентектеу қылыштармен оқта-текте козге түскенім де баршылық.

Балғын балалық шағымнан ертек кітаптарды, әсіресе “Қазақ батырларын” оқығанды ұнататынмын. Есейе келе газет-журналдарға ден қоя бастадым. “Қазақстан пионері”, “Балдырган”, “Мәденит және тұрмыс”, “Линишил жас” іспіттес газет журналдарды қалт жібермейтінмін,,,,,

Жаратқан Тәңіріміздің шапағатты-шарапаты шығар, деп ойлаймын. Әткен гасырдың сексенінші жылдары Мойынқұм ауданының Қоқтерек кеңшарында халқымыздың қаһарман ұлына айналған Қайрат Рысқұлбековты бір кісідей танып білдім. Әкесі Ноғайбай зоотехник-бақташы, анасы Дәметкен сауыншы еді, Қайрат Шу ауданындағы мектеп-интернатқа барада, оқудан қайтарында оқта-текте менің автокөлігіме отыратын. Көбіне ата-анасына көмектесіп, сиыр бағысып, тіптен саусақтын-ды. Құдіретті Қенестер Одағының көсемдігіне М. Горбачёв келгеннен соң 1985 жылдың сәуірінен “жариялыштық пен қайта құру” жылшымығы басталғаннан-ақ, ашығын айтқанда қоғамға, өмір сүріп отырған ортамызға деген көвшіліктің көзқарасы

мен танымы өзгере бастады. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің туындауына да Бұқірбаевтың “кемеңгер де, дана” бастамасының жемісті әсерінің болғандығы анық.

Шу ауданының орталығы Төле би ауылында тұратын ардагер-ұстаз Ләzzат Иманқұлова; - Сол бір келенсіз кездерде Қордай ауданы Қаракемер ауылындағы “Чапаев” орта мектебінде тарих пәнінен дәріс беретінмін. Бірде 9 клас оқушысы Асқар (фамилиясы есімде жоқ) сабак үстіндегі: - тәтей сізден бір нәрсені сұрауға болады ма? – деп өтінді. Сұрай ғой дегенімде – Горбачевтың басындағының не нәрсе екенін түсіндірініші, деп, мен күтпеген сұрақ қойғаны. Ойымда өзге ешнәрсе жоқ: - қалы ғой, дей салдым. Сонда Асқар:- тәтей ол қал емес Қазақстанның картасы емес пе!?. – дегенде не дерімді білмей тосылып қалдым деп сағынышты – таңданыспен еске алып отырады. Жасөспірім оқушы Асқардың аузына ешкімнің ойына келмеген таңданарлық пікірді де Алланың әмірімен періштегер жеткізген болу керек Шынтуайтында да Горбачевтың аңғал да дархан, дархан да жомарт жанды, қазақ еліне-жұрттына деген бүкпелі-арамза ойлы әрекеттерін Құдайымыз қош көрмей, уақыт өте келе әшкереленіп қана қоймай, Қеңестер Одағының “керегесі құйреп, шаңырагы оргасына түскен” жоқ-па?!. 1988 жылдың қыркүйегінде Мойынқұм аудандық патия комитетінің хатшысы С.А..... пен Көктегерек совхозының директоры марқұм А. Д..... тың арасындағы сыйбайласқан қылмысты әрекетті ашып екеуінің де қызметтен босанып партия қатарынан шығарылуларына тікелей әсер еткенмін. Директормен жақын-жұрагаттығы бар әрі қызметтес жігіт Әлібек Бейсенбаев пен жұбайы Света: - Мәкен, сен қарапайым жүргізушісін, сондықтан да басшылар оның қолынан жазу келмейді, оған арнайы дайындал берген деп бізді кінәлап қырын қарай бастады-ны жеткізгенде мен антаң қүйде қапаландым.

Ағайындардың арасын дүрдараздықпен ажыраттпайын деп қаражаяу еместігімді дәлелдеу “мақсатымен аудандық “Мойынқұм таңынан” бастап облыстық “Ақ жол”, “Азат”, “Жас Туркістан”, “Лениншіл жас”, “Арай”, “Қазақстан” басқа да басылымдарға қағаз бетіне түсірілген ой-пікірлерімді жіберуді қолға алдым. Содан бермен жиырма шақты жылдың

көлемінде ірілі-ұсақты 300 ге жуық мақалаларым жарық корінгі. Мені көбіне қогамымыздың өзекті мәселелер мен келесеңсіздіктер мазасыздандырып отырады. Базбір пікірлерім кейбіреулердің көңілінен шықнауы мүмкін, дегенменен азат ойны азаматтардың хош көретіндіктеріне сенемін.

Мәселен Президентіміз Н. Назарбаевты бір жағынан қолдайтынымды да дей тұрганменен оның кей әректтеріне сини көзқараспен қарайтынымды да әкім-қараларға ашық айтып та, баспасөз беттерінде жазып та келемін. Оның күнделікті айтып жүрген – Ұлттар достығы мұратын көс қолымды көтеріп тұрып қолдаймын. Жағымпаз жантықтардың айтып жүргеніндей күрмеуі көп бұл өте нәзік мәселе Нұрсұлтан қөкеміздің бір өзіне ғана тіреліп тұрган жоқ. Қазақ халқының қонақ жайлыштықтың сақталуы, сақталып келеді де. 1990 жылдың 3 қазанында Мойынкүм ауданының 6 мыңға жуық тұрғыны бар Бірлік ауылында күрдінің бір жігіті он шақты қазақ жастарына оқ атып жарап соңы айтулы жанжалға ұласты. Содан жарты ай ғана бұрын ауқымды ауылды жаяу жалпылай аралап “ақсақалдар кеңесін” құрганмын. Аудан облыс басшылары мен құқық қорғау саласының қызметкерлері, ОМОН жасақшылары шешімін тауып тарқата алмаған наразы көнилікті сол “Ақсақалдар кеңесінің” жетекшілері салиқалы нарасаттылықпен теріс піғылды құрді от басыларын өзге оғірғе көшіруге келісіп, көс ұлт өкілдерін бітімге келтіріп, екі-үш күннің ішінде бейбіт жолмен татуастырды.

1993-94 жылдары Президенттің астананы Ақмолаға көміру туралы бастама көтергені көвшілікке белгілі. Сол кездерде Жоғарғы Кеңестің депутаттары мен шенеуніктердің көбі қарсылық танытып біршама уақыт айтыс-тартыс нем түсініспеушіліктің туындағаны жүртіштықтың есінде. Еліміздің баянды болашағы жолында көтерілген стратегиялық маңызы зор игі бастаманы қолдан 1994 жылдың 30 тамызында “Жас Алашта” “Сарыуайымшыл Солженицынның сандырағы жүзеге аспасын десек” .... атты мақалам жарық көрді.

Бүгінгі таңда Нұрсұлтан Әбішұлының өзіне ажырамастай қара күйедей жүқтірған жагымсыз айғақтары: ағайын-түс,

қызың-қырқын күйсү балаларына еркіндік беріп қойын, олардың ойларына келтіндерін істеуіне жағдай жасағандығы, және де халқымызды кедейшіліктеге қүнелтіріп бүкіл әлемде жок қазба-байлықтарымыздың ту-талапайға түсіп, шіст жұрттық Машкевич, Шодиев, Ибрагимов, Ким, Митталдардың қисапсыз да өлшеусіз баюларына жол ашқандығы.....

Жаратқан Тәңірінің Нұрекеңнің маңдайына жазған бақытты ғұмыры мәңгілік емес, оның да аяқталар мерзімі бар шығар. Кімде-кім келсе де одан кейінгі еліміздің бас тізгінің ұстайтын азаматқа өте ауыр соғатыны айдан анық. Бұған да уақыт төрелік етер. Менің түпкілікті ұстанған қағидам: “дос жылжып айтады” ны есте сактап, “ акты-ақ, қараны-қара” деуді ашық білдіру. Ертеңгі күні Президенттік “такқа” Ғалымжан Жақиянов па, Дариға Назарбаева ма, Болат Әбілов пе әлде Тимур Құлыбаев немесе Қарім Мәсімов болмаса Қайрат Сатыбалды жайғасады ма маған бәрі-бір, Пайғамбар жасына таяған шағымда Құдай қуат берсін! Келесі Президенттің атқарған жұмыстарының дұрысын-дұрыс, бұрысын-бұрыс деп жасқанбай айтуды басты назарда ұстанамын.



## ЖАУЫРЫНШЫ ӘЖЕНИҢ БОЛЖАМДАРЫ ДӘЛ КЕЛЕДІ

1980 жылғы еңбек демалысымды пайдаланып Семей облысы Ақсат ауданы Көкжыра ауылындағы құдаларыма қылдырып барған едім.

Жеке отбасымдағы келенсіздіктерді байқай, сезе жүрген Шәйкүл бір күні:

- Аға, жақын жерде жаурыншы апай тұрады. Соған сізді апарсам қайтеді? – деп еді, әрі қызығып, әрі уақыт өтетін шығар деген ниетте келісе кеттім.

7-8 шақырымдағы қыстауга әп-сәтте арбамен жетіп келдік. Қарасүр өнді 70-тердегі аламызбен аман-есендік сұрасқан соң, апарған қойдың жаурынын және біраз сыбағасын Шәйкүл дересу қазанға салып үлгерді.

Тамақ жеп болған соң, қарындасым: «Апа, мына кісі тұған ағам еді, жаурын ашып беріңізші!» - деп өтінді. Апай сөзге келмей, еттен жаурынды мұқият тазартып алып, көз алдына жақындана:

- Балам, қазіргі келіншегің екі жүзді, опасыз, қара ниетті ғой. Екі қызың бар екен. Бірақ, онымен тұрма, өзінді ауруға үшіраратады, ажырасқаның жөн. 4-5 жылдан кейін малдарың жогашып, ен жақын адамың қайтыс болады. Ал, өзің пышаққа түсіп, мүгедек бола сақтайсың. Дегенмен, аман қаласың, - деп, сиң бүкпесіз ашық айтты.

Ауылға келген соң, жүргізушілік жұмысымды істеп жүре бердім. Айтқанындаі-ақ 1985 жылы күзге қарай екі үйдің де сиырлары жоғалады. Кешікпей көтпен науқас әкем Жұмаділ қайтыс болды. Әйеліммен ажырастым. Қыздарымды өзімде қалдыруға әрекеттенип едім, нәтиже шықпады. Әкейдің қырқын таратқан күні-ақ, соқыр ішек болып, ауруханаға түстім. Одан шықкан соң, сүт таситын машинамды қайта жүргізе бастағанда бұрыннан ауыратын белімнің құяны ұстап, Жамбылдағы облыстық ауруханадан бір-ақ шықтыйм.

Содан не керек 1986 жылы күзде бел омыртқама операция жасатып, үйге балдақпен оралдым.

Коктемге қарай қайта-қайта кеншар басшыларынан жеңіл жұмыс сұраганмен, нақтылы уәде еткенімен қолым жетпеді. Кейіннен білдім, директорға бір ірі мал ма, немесе басқалай

жөн жоралғы жасалынуы керек екен. Ол менің қолымнан келмеді.

Уақытша 3-ші топтағы мүгедек болсам да, қайтадан жүргізушілік қасіпке шықтым.

1987 жылы Мұқан құдамыз қайтыс болып, анам Рәзипа екеуіміз Ақсат ауданына жол тарттық.

Аяқездің ашулы З күндік боранына үріна Көкжырага әрең жеттік. Мұқаның әруағына бағыштап, құран оқып, дәм ауыз тиіп, дегендей қайтар кез жақындағанда қарындастынан Жауырыншы апайды сұрады:

- О, ол кісі ауылға көшіп келген Көкжырадағы ауылдық Кеңестің қарсысында тұрады – деген соң, 5-б шақырымдағы Серіктес қыстауынан Амантай екеуміз ат-шанамен келдік.

Апамыз жалғыз өзі үршық ііріп отыр екен. Амандастып, 6-7 жыл бұрынғы болжамдарының дәл келгендіктерін жеткізе отырып, тағы да жауырын ашып беруін өтіндім.

Апарған жауырынымызды етінен аршып, тазалаған соң, ымырт жабыла бастағандықтан терезеге тақап сөйлей кетті:

- Балам, жақында үлкен қызметкерлердің қылмысын ашады екенсің. Олар саған қастандық жасамақшы болады, бірақ ешнэрсе істей алмайды. Кешікпей қызметің өзгереді, қагаз жұмыстарымен айналыса бастайсың, қандай жұмыс екенін білмеймін. Бір қызы бар келіншекке үйленесің. Жазумен айналыса бастайсың, жазуды ешқашан тастама, саған үлкен абырой е speredі. Кімнің ескерткіші екенін білмеймін, көлемділеу ескерткіш жасағаттырады екенсің. Осы жағынан да мәртебен ерекше өседі. Шіркін, тұрган жазуларды оқи алсам, бәрін анық айттып берер едім, - деп болжамдарын өкінішпен аяқтады. Таңқала отырып, рахметімді айта жылы қоштасып шықтым.

...Жылжымалы монша машинасын жүргізетін болдым. Малшыларды, жуындыра отыра мамыр айының аяғында болу керек, Құсайынов Марат атты шопаның үйінде түскі ас ішіп отырган болатынбыз. Алғабек деген су тасуши інішек те келіп қалды. Шопандар шәй устінде жоғалған майдар жайлы сұрай бастанап еді. Социалистік Қазақстаниң тілшісі арнайы келіп, аупарткомда үлкен тексеру болып, ұрылар белгілі болса да, жаңа хатшы менің өзімді кінәлап, істің аяқсыз қалғанын айттып бердім.

Сонда Алғабек аяқ астынан: -1-2 ай бұрын директордың бұйрығымен арнағы сойылған кеңшар жылқысын хатшы мырзаға соғым ретінде апарғанмын, деп қойып қалды...

Қап, білгенде «өзініз де ұры екенсіз» деп, сонда-ақ айтатын едім той, деген өкініште қалдым.

«Көктегерек» совхозындағы коммунистік партия үйімінің есеп-беру сайлау жиынында мүше болмасам да қатысып, соғым мәсслесі мен директордың жат қылыштарын дәлелдермен айттып, кейіннен ауданың бірінші басшысына жазбаша турде тапсырдым.

Жалыну, қоқыту, үркітулерге бой бермей, ақырында хатшы мен директордың жаза алып, партия қатарынан шығарылып, қызметінен босатылуына мәжбүр еттім.

Кейін «Алматы ақшамы», «Жас алаш», «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Азия», «Ана тілі», «Азат» газеттерімен қатар, «Арай» журналына және аудандық, облыстық газеттерде де ірілі-ұсақты мақалаларым жарық көріп келеді.

Жүре 1991 жылы 22-наурызда Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың басқармасын құрдық. Содан бері біршама жұмыстар атқарылды деуге толық негіз бар. Қор басқармасының ең үлкен женісі – Қайраттың кіндік қаны тамған ауылы Бірліктегі 1992 жылы 10-қыркүйекте қаһарман бауырымызға ескерткіш орнаттық.

...Осы күнге дейін Жаурыншы апайдың айтқандарының айна қатесіз дәл келгеніне әрдайым таңқалып, еске алып отырамын. Бір өкініштісі, 2-3 рет қатынаған қарымдасым Шәйкүлден ол кісінің аты-жөнін сұрап едім, білмеді. Жақындағана хабарласып, 80-нің үшінде Жаурыншы әжеміз Теміржанова Жаңылтайдың сау-саламат тұрып жатқанын біліп, куанып қалдым.

Ендігі арманым, әруақты әженің алдынан өтіп, ақ батасын алу!..

*Жас Алаш, «Мыңнан бір мезет». №1 1994ж*

## I БӨЛІМ

### ҚАЙРАТ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛСІ

#### ҚАЙРАТ КІМ ЕДІ?

Қ.Рысқұлбеков 1966 жылы 13 наурызда Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында малшы әuletінде дүниеге келді. Қайрат 1973-1981 жылдары Шу ауданындағы Төле би ауылында орналасқан мектеп-интернатта оқып, сегіз жылдық білім алды. Мектепте сабакқа жақсы үлгеріп, сыныптан сыныпқа емтихансыз көшіп отырды. Қоғамдық жұмыстарға жан-тәнімен араласып, мектептің бастауыш комсомол үйімінің хатшылығына сайланды. 1981-1983 жылдары Бірліктегі бұрынғы Киров (қазір Қ.Рысқұлбеков) атындағы орта мектепте оқып, он жылдықты бітірген соң, әскер қатарына шақырылғанга дейін әкесі Ноғайбайга жәрдемші-малшы болып, Қөктерек товарлы-сүт фермасында жұмыс істеді.

1984-1986 жылдары Ресейдін Амур өлкесі, Белогор қаласында әскери міндеттін абыраймен өтеді. Әскери-саяси қызыметтердің үздігі ретінде бірнеше мактау қағаздарымен маралатталып, аға командирлері оның ата-анасына алғыс хаттарын жіберді. 1986 жылы мамырда азаматтық борышын өтеп ауылға келіп, тамыз айында әскери бөлімшенің жолдамасымен Алматы сәулет-құрылымы институтына сынақтан сүрінбей отіп, окуға түсті....

1986 жылы 16 желтоқсанда еліміздің тыныс-тіршілігіне «үш қайнаса да сорпасы қосылмайтын» айдаладағы біреудің Қазақстанның басшылығына келуіне бейбіт наразылық билдірген жастар мен студенттерге қосылып, орталық алаңға шығып, шеруге қатысты. Үркек те урейлі үкімет басшыларының бүйрекімен Қарулы күшпен құр көл үкілі үмітпен жиналған жастарды аяусыз ұрып-соғып, алаңды қып-қызыл қанға бояды. Ит қосып, өрт сөндіргіш машиналармен су шашып, жығылған, мертіккен жандарды қала сыртына әкетіп жатты. Қазақ қыздарын шашынан сүйреп, аюандықпен

тепкілеп, кейбіреулерін, тіпті, қаныпезерлікпен қақаған аязда кек мұзға отырғызуға дейін барды...

Осындай оспадар-озбырлықта шыдамаған, ана қауымын пір тұтып аялап есken ер намысты жігіттер қыздарға араша түсіп, «бұзық» атанды. Араша түскендердің бел оргасында жүргендердің бірден-бірі Қайрат еді. Сонымен қатар желтоқсанның сол бір аязды құндері аланды жиналғандарға Қ.Рысқұлбеков: «Жігіттер, үш күнге шыдайық, үш күнге шыдасақ, бізді Біріккен Ұлттар Ұйымы таниды» - деп үндеу тастайды. Осы себептерден екендігі анық, Қайрат сол кездегі үкімет адамдарының назарына ілігіп, «кісі өлтірді» желеуімен істі болып ату жазасына кесілді. Әділетсіз сот үкімі оқылған сәттегі актық сөзінде Қайрат:

... Күнәдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар.  
Қасқалдактай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
Алам десен, алыңдар!  
Қайрат деген атым бар,  
Казақ деген затым бар.  
«Еркек тоқты құрбандық»  
Атам десен атыңдар!...

- деп, қаймықпай, қайсарлық танытып, жағымпаз да жалтақ сот мүшелерінің үрейін ұшырады. Өркениетті батыс елдерінің зиялышы қауым өкілдерінің талап-тілектерін ескеріл, сол кездегі Кеңес Одагының басшылары Қ.Рысқұлбековке тағылған өте ауыр ату жазасын 20 жылдық мерзімге ауыстыруға мәжбүр болады. Дегенмен, көптеген жазықсыз жандарға жалалы-жансақты жаза тағайындалғандықтан ертеңгі күні арттары ашылып қалатындықтарынан қауіптенген лауазым иелерінің тапсырысымен Қайраттың өміріне Семей түрмесінде қастандық жасалынады. Үш әріп жандайшаптары «өзін-өзі қол жұмсады» деп оны ақ арулап жерлеуге туыстарын жібертийді...

## АҚТЫҚ СӨЗ

Елбен-елбен жүгірген,  
Ебелек отқа семірген.  
Арғымақ мінген жаратып,  
Ақ сауыт киген темірден.  
Алатаудай бабалар,  
Аруағыңмен жебей гөр!

Ұлы Ленин бабамыз,  
Қатарға тең деп тартқан соң.  
Компартия басқарып,  
Достық отын жаққан соң.  
Аға дедік орысты,  
Әділдігі жаққан соң.

Ал енді қазір неткен күн,  
Орыстан ынсан кеткен күн.  
Тізе қатты батқан соң,  
Шыдамастан ақыры.  
Қарғыс атқан алаңда,  
Қарғыс атқыр туған күн.

Қаймана қазақ қамы үшін,  
Қарусыз шықтық Алаңға.  
Алыстан әскер алдырып,  
Қырып салды-ай табанда.

Сөйлесең даусың жетпейтін,  
Кез болдық мына заманга.  
Шовинизм еді ғой,  
Басты себеп жанжалға.

Екі жұзің қырылыш,  
Екі жұзің ұрылыш.  
Екі жұзің сотталыш,  
Жоқтаусыз кетіп барасың.

Қатарым жусап қалғанда,  
Қыршынымнан қыылып.  
Солармен бірге өлсемші-ай!  
Артта қалған ата-анам,  
Арулап қолдан көмсөңші-ай!

Тұтқынға түстім жаутаңдай,  
Жоламай ешкім қасыма.  
Бара қалсаң сәлем айт,  
Елдегі құрбы досыма.

“Ақтық сөзің не?” – деген,  
Бүгін қойды сот сұрақ.  
Айтайын оны халқыма,  
Жоқ пиғыл менде жасымақ.

Қорлай да беріп қайтадан,  
Титыққа орыс жетпесін.  
Тұған жердің намысы,  
Бөтен қолда кетпесін.

Салт-санадан айырылып,  
Арактан ұрпақ азбасын.  
Ел көркейтер азамат,  
Қызығаныштан тозбасын.  
Абай туған жерінде,  
Бомбасын атом жармасын.  
Құлпыгасты қиратып,  
Өлігінді қазбасын.  
Өз ұлтыңның басшысын,  
Орнынан сүйреп алмасын.  
Үміт еткен Мәскеуден,  
Қарадай көңілің қалмасын.  
Ленин салған сара жол,  
Қолдаушысыз болмасын.

Барлық ұлтпен тең болып,  
Ешкімнен көңілің қалмасын.

Ендігі жерде басынан,  
Бірлік пен бақ таймасын.

Осы айтылған ақтық сөз,  
Түшің болсын әрдайым.  
Мойныма алып жаланы,  
Мен болайын құрбаның!

Бас-аяғы сол болсын,  
Басыңа түскен қатердің.  
Ақтық сөзді енді мен,  
Сотқа бір айтайын:

Құнәдән таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар.  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
Аlam десең алындар!

Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар.  
“Ерекек тоқты - құрбандық”  
Атам десең атындар!.....

Мен не етермін, не етермін,  
Мен келмеске кетермін.  
Көрмеген қош бол таңдарым,  
Көре алмай мен өтермін.  
Хош аман бол артымда,  
Ағайын, туған-азамат!  
Артымда қалған ата-анам,  
Ел-жұртым саған аманат!

## КЕЗДЕСЕМІЗ ӘЛІ ДЕ

Жалалы боп қатты батты жанымға,  
Жазалаушы қағаз алдым қолымға.  
Жігіттер-ай, айтып-айтпай не керек,  
Жазған екен маңдайыма, сорымға.

Біріншіден, мен анамды сағындым!..  
Екіншіден, бұл құдайға не қылдым?!  
Бостандықта еркін жүрген жан едім,  
Енді, міне, абақтыға жабылдым.

Әкетай-ау, пайғамбардай жасың бар,  
Туа бермес сіз секілді асылдар.  
Қартайғанда жүрегінді жарапал,  
Кесір болды-ау біз секілді масылдар.

Айналайын ағалар мен женгелер,  
Бұл өмірде сіздерге кім тең келер?  
Сүмірейіп сот алдында отырған,  
Бауырынды енді кімдер ескерер.

Өздерінә аман саулық тілеймін,  
Өздеріңмен бірге болсын тілегім.  
Өздерінә тіл қата алмай, достарым,  
Қайғы-мұңғы өмірімді бастаным.

Айналайын қарындастым, қарағым,  
Қолда кісен мен айдауда барамын.  
Қайғы шегіп, азап тартқан ағанды,  
Айтшы, жаным, қандай жангы баладың?....

Айналайын, інішегім, құлыным,  
Сені ойласам, үзіледі жұлыным.  
Сенің ерке ақ жүзінді көре алмай,  
Кетіп барам, мен айдауға, құлыным.

Қош болындар, ағайын-туыс бәрің де,  
Қош болындар, жасыңыз да, кәрің де.

Қараңғылық баста тұрмас қашанда,  
Бостандықта кездесерміз әлі де.

## ҚАЙРАТТЫҢ БАЛҒЫН – БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Қайраттың рухына байланысты өткізіліп жүрген шаралардан қалыспай, ақ жүректі тілегімен құран дұғаларын аруағына бағыштауға ниеттенген ауыл молдасы, марқұм Абас Смайлов ақсақал былай деген ді: “Біз 1977 жылдары “Көктерек” совхозының Көлтабан бөлімшесіне кошіп келген едік. Қайраттың ата-анасы бізben көрші тұратын. Бала-шагалары көп еді. Анасы Дәметкен сауынши болатын да. әкесі Ногайбай көбіне бақташылық жұмыстар атқарды. Мениң кіші қызым Раушанқұлмен жастары шамалас болғандықтан ба, Қайрат біздің үйге жиі келіп тұратын. Сол кездері-ақ не-бары он жастағы Қайрат мұнтаздай таза да әдемі, сүйкімді қалпынан таймайтын. Басқа балаларға қарағанда бөлек жарапаның сонда-ақ байқаган болатынмын. Және де балғын жастығына қарамастан үлкен адамдарша байыпты сөйлей алатаңдығына қызығатынбыз. Әйелім Резван да іштарта жақсы көріп, ол келгенде әрдайым тәттілері мен бауырсақтарын ұсынатын...”

### Қайрат намысшыл, ежет еді

Биылғы жылды Тәуелсіздігімізге 20 жыл толғалы отыр. Қазақ халқына бұл жақсылық онай жолмен келе қойған жоқ. Сонау 1986 жылдың ызгарлы желтоқсаны. Кеңес империясының дәурені құрып бара жатқанын тоталитарлық қоғамның шегіне жеткенін қазақ жастары дәлелдей білді.

Желтоқсан батырларының ішіндегі тарихта ерекше орны қалған өрімдегі ұлан Қайрат Рысқұлбеков.

Мениң оқушым – тәрбиленушім еді. Ол кезде С. Шәкіров мектебі мектеп-интернат болатын.

1977-1978 оку жылды 5 сыныптан бастап Қайраттың тәрбиешісі болдым. Тәрбиеші баланың екінші аласы. Қайраттың бойынан, оның мінез-құлқынан ерекшеліктер бар екенін байқайтынмын.

Ол на мысшыл, өжет, алған бетінен қайтпайтын қайсаrlығы, бірбеткейлігі бар еді.

Ол сонымен қатар сурет салуға көмектесіп жүретін. Алматы сәулет-құрылымы институтына түскеңдігі де осы өнерді жалғастыру мақсатынан болды. Одан бері тарихтың талай беттері жабылды.

Бірақ Қайрат Рыскұлбеков сияқты “Халық Қаһарманының” бейнесі ел есінде мәңгі қалмақ.

Мен өзімнің Қайраттай халық батырының тәрбиеші -анасы болғанымды әркез мақтан етемін, ол туралы өзімнің немерелерімे де үдайы әңгімелеп отырамын.

Зейнеткер-ұстаз  
Қантүл БЕКМАҒАНБЕТОВА

### Қайраттың кластас құрбысы Салима Исаева

“З сиынптан 8 жылдықты бітіргенше Шу ауданы, Төле би ауылындағы С. Шәкіров атындағы мектеп-интернатта Қайратпен бірге оқыдым. Бұл оқу орны негізінен Мойынқұм мен Шу ауданы малшыларының балаларына арналған еді. Сол кезде бірге оқыған кластас құрбыларымның ішінде Қайрат ерекше дараланатын. Мен келгенде ол З сиынптың командирі екен. Алғашында байқағаным, Қайрат бұзықтау бала болып көрінді. Жүре келе ол бұзық емес, келеңсіз жайларға шыдамай жаны күйзелсе, бар ойын кімге болса да ашық та батыл айта салатын жан екендігін көрсетті. Өжет те қайсаr болатын. Бізben Қадиша деген қыз оқыған еді. Сол қыз шашын тарамай, сабалақ-сабалақ болып, бет-аузының кірін де жумай сабаққа келе беретін. “Іздегенге сұраған” демекші, мен де тазалық тексергіш – санитарка болып сайланған едім.

- Әй, сені де санитарка дейді ғой, неғын ана Қадишаның шашын таратып, қолының күсін жуғызбайсың? – деп, менің де жанымды шығаратын. Ол кезде мұғалімнің бетіне қарап сөйлеуге жүрексінетінбіз. Ал, Қайрат болса клас жетекшінің өзінен де қаймықтай: “Тәтей, ана Қадишаның түріне қараңызышы, “таза жүр” деп айтпасаңыз, соның қолының кірінен жиіркеніп, тамақты да дұрыс ішे алмай жүрміз”- деп тіке айтатын.

Қайраттың қызықты қылыштарының бірі – кей балалар екілік алғандарында дәптерлерін, құнделіктерін жыртып, лақтырып жіберетін. Сол оқушылардың туыстары келгенде. Қайрат жаңағылардан бұрын алдынан шығып, олардың іс-әрекеттерін бұрынырақ жеткізетін. Әрине, тәртіп бұзғандар өкпелейтін. Бірақ Қайрат олардың да өкпелерін тез тарқататын. Оның тағы бір қасиеті – қолында барын боліп беретін жомарттығы мен ақ қоңілдігі. Бір жағынан Қайрат адам баласына, әсіресе жапа шегіп, зәбір көргендерге жаны ашып, қолынан келген жәрдемін аямайтын. Өзім кішкентайымнан әкемнің тұған алайының қолында өскенмін. Ол кісінің қайғыс болғанына көп уақыт бола қойған жок еді. Интернаттың басшылары бір күні оқушыларға киім үлестіре бастағанда, маган пальто мен етік тиді. Сонда мұғалімдер мені шешесі жок деп мұсіркеп беріп отырган шығар деп, қоңілім әбден құлазып, мұңайып қалдым. Бұл 6 - сыныпта болатын. Сол кездे Қайрат менің қасыма келіп: “Салима, сен бұған ренжіме, бұл киімдерді түсіне білсең, ата-анаңа көмек ретінде беріп отыр ғой” деп жұбатқаны әлі есімнен кетер емес. Сондай-ақ Қайрат замандастарымен хат жазысып тұрғанды да ұнататын. Тіптен Кореяның, Алманияның, Монголияның пионерлерінен жій-жій ҳат алып тұратын. Қайрат 1-сыныптан бірге оқыған Гүләйім Құттыбековамен жарыса жыр жазатын да, екеуелп талқылайтын. Қайрат болса өз шығармаларын қебіне қөпшілікке көрсетуге ұлататын. Гүләйім керісінше жазған өлеңдерін түрлі жиындарда да оқып беретін....

Сегіз жылдықты тамамдаған соң, мен Мойынқұмға, Қайрат тұған ауылы Бірліктегі орта мектепке орналасқаннан кейін де хабарласып жүрдік. 1984 жылы Қайрат армия қатарына шақырылғанда “қыздың жолы жіңішкелігінен” аттап кете алмай, қоштасуға бара алмадым. 1986 жылы мамырда азаматтық борышын өтеп ауылға оралғанын, кешікпей өз күшімен Алматыдагы Сәулет-құрылым институтына оқуға түсkenін естігенмін. Шындығын айтсам, сонау балғын шақтардан бастап-ақ Қайрат пен Гүләйім бір-бірін ұнататын. Гүләйім Қарағандыдағы жоғары оқу орнында оқып жүргендеге де Қайратпен хат алысып, хабарласып тұрған еді. Кейінгі хабар-ошарларды тек Гүләйім арқылы біліп жүрдім.

1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне қағысын, “Қайрат адам олтіріпті” дегенде, жағамызды ұстап, өз құлагымызға өзіміз сенбей, есекіреп қалдық. Қайрат қайтыс болды дегенде, бәріміз дерлік қан жылап, қасіретті қайғыға үрындық. Өсіресе қаралы қаза Гүләйімнің жас жүргегін жаралап, өте ауыр дертке үрынған халде қалды. Сондай қайғылы, күйзеле жүрген шағында Қайраттың рухына мынадай олең шығарыпты:

Ұзын да емес, қысқа да емес, ортамын,  
Жүргегі жоқ адамдардан қорқамын.  
Қанды қақпан қармағына іліккен,  
Қайрат құрбым, торқа болсын топырағың!

Ерлігіңе қуанам да сүйінем,  
Қайрат құрбым, рухыңа мен иілем.  
Бәйшешектің солғанына аһ ұрсам,  
Әділ жанның қазасына қүйінем.

Жыр шашатын жүргегін де тілінді,  
Есімің де ел аузына ілінді.  
Тіршіліктеге елеусіз боп журдің де,  
Көз жұмған соң кім екенің білінді.

### **Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектептің ұстазы Ажар Әбжапарқызы Кененбаева**

“Қайрат бұл мектепте 9-10 кластарда оқыды. 2 жылғы класс жетекшілігімде оның мінезінің қыр-сырын толық білдім деп айта алмаймын. Бірақ Қайраттың мінезі салмақты, әр нәрсеге байыппен қарайтынын байқап едім. Гитара да ойнайтын, олең де шығаратын. Суретті де жақсы салатын. Нарталас құрбыларының арасында сыйлы, беделді болды. Өзіне тапсырылып, міндеттеген қоғамдық жұмыстарды дер кезінде орындаітын. Мереке күндеріне орай шығарылатын газеттерді әсемдеп, сурет салып, өз өлендерін қоса жариялайтын. Спортпен шұғылдануды ұннататын. Сондықтан орта бойлы денесі шымыр сомдалып, иықтылау болды. Ауданарағынан дәрежедегі футбол жарыстарында әрдайым

шебер ойыншылар катарында көзге түсстін. Көп балалы отбасында тәрбиеленгендейтін бе, Қайрат көнишіл, шыныш, әділ еді.

1987 жылдың көктеміне қарай болу керек, әкесі Ноғайбай аға біздің мектепке келіп: “Ажар, сен 2 жыл Қайратты оқыттыңғой, оның кандай екенін білетін шыгарсың. Мінездеме қажет болып тұр” деген еді. Жоғарғыдай магынада үлгілі қасиеттерін көрсете жазып, мектептің сол кездегі директоры Тәжібай Сүйкімбековке мор бастыруға әкелгенімде, онымен танысқаннан кейін: “Мектептің атынан мұндай мақтау құжат жіберуге болмайды” – деп, жыртып таставады. Ноғайбай аға мұная күйзеліп, екі иығы салбырап шығып кетті.

## ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ҚОР ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ?

1990 жылы жүргізушілік жұмыстан біржолата қол үзіп, қоғамдық жұмысқа ауысуыма тұра келді. Оған аудандық “Қазақ тілі” қоғамы Басқармасының торағасы Сейіткерім Қожаназаров пен “Көктөрек” совхозының бұрынғы деректірі Балтабек Таубалдиевтің қолдауымен шаруашылықтағы бастауыш “Қазақ тілі” қоғамдық үйімдің тәрағалығына сайлануым себеп болды.

Сәкенмен ақылдаса келе облыс көлемінде ең алғашқылардың қатарында Бірлік ауылында “Ақсақалдар кенесін құрдық” 6 мың халқы бар Бірліктері жергілікті жүрт өкілдері мен курді ағайындары арасындағы келеңсіз жанжалды бейбіт жолмен таратуга ықпал етіп қоймай, “Ақсақалдар кенесі” көптеген ұлағатты шаралар атқара бастады.

“Ақсақалдар кенесін” үйімдастыруши еңбегімді еледі ме, көпшілік мені бір ауыздан хатшылыққа сайлаган болатын. Оқта-текте Кеңестің отырыс-мәжілістерін өткізіп тұратынбыз. С. Қожаназаровпен пікірлесе, ақылдаса келе, Алматыдағы әйгілі Желтоқсан оқиғасының құрбаны Қайрат Рысқұлбековтың есімін алдымен бір көшеге, кейіннен мектепке бергізуді мақсат тұттық. Інғайы келгенде осы

ойларымызды ақсақалдарға да, ауыл тұрғындарына да түсіндіре жүрдік.

1990 жылы желтоқсан айындағы Мәжілістің соңына қарай, осы пікірді тағы да қозғап едім, ауылдық кеңестің төрағасы Ермұрат Асанбаев: “Асықпай ойластырайық”, - деді, ал жұмысшы-совхоз корпорациясының басшысы Төрекан Оңалбеков: “Сен құрый алмай жүсің бе? Қайрат мәселесін неге қозғайсың? Бір күні басынан айырылып қалғаныңды білмей қаласың, ғой”, - деп, мені ойландырмак болды. Сонда амалсыздан:

- Бас өзімдік емес пе, сіздің неңіз кетеді? Маған жаңыңыз ашымай-ақ қойсын,- деп айтуыма тұра келді.

Алматыдан “Желтоқсан” қоғамдық ұйымының өкілдері Бек Сулейменов, Нұрлыхан Ескендіров сынды жігіттер ат арылта келіп, Бірлік орталau, Киров орта мектептерінің ұстаз-окушыларымен, ауылдастарымен кездесулер еткізіп, Желтоқсан оқиғасы жайлы түсінік жұмыстарын жүргізуге әрекеттенді. Әрине, бұл кездерде Қайраттың жерлестері салғырт та марғау, қалың үйқыда еді. Оларды шырт үйқыдан ояту оңайга түспеді.

Ақырында, ұмытпасам, 1991 жылы ақпан айында болу керек, “Ана тілі” газетінде “Жетісай қаласындағы саябаққа Қайрат Рысқұлбековтың есімі берілді” деген атпен шағын мақала жарық көрді. Сол мақаланы алып, Коминтерн ауылдық Кеңесінің төрағасы Ермұрат Асанбаевқа бардым. Ерекен тағы да “ойластырамыз” десі салғырттау жауап берді. Әкімшіл-әміршіл жүйенің ықпалымен “Жоғарғыдағы мәртебелі” мырзаларға жалтактап, ертең қалай болып қалар дегендей сыңай аңғартты.

Көп ұзамай “Көктерек” совхозына тағайындалған деректір Үмітқұл Бекбаев өзіне мені шақырып: “Наурыз мерекесіне, байланысты ұлттық киімдер тікіргүре Алматыға барып келсеңіз қайтеді”, - деп отінді. Жас деректірдің ұлтжандылығына ризалық танытып, бірден келістім.

Бірақ астанада іздеген киімдерім табылмай әрі жолым болмай, сасқанымнан Республикалық “Қазақ тілі” қоғамы басқармасына ат басын бұруыма тұра келді. Әмірзак Айтпаев, Эрнест Төреканов мырзалар Оңтүстік Қазақстан облысы

Жетісай қаласындағы “Салтанат” киім тігетін кооперативте дайын ұлттық киімдер болу керек дегенді айтып жөн сілтеді.

Жетісайға ерекше қуанышпен аттандым. Өйткені онда Қайраттың саябағы бар ғой! Негізгі жұмысым біткен соң, аудандық “Қазақ тілі” қоғамы Басқармасының төрағасы Әлібек Мейірбекұлымен кездескенімде, ол да айрықша шаттықпен қарсы алғып, Қажымұқан стадионымен іргелес орналасқан Қайрат атындағы саябақты аралатты. Қажымұқан атамызға да, жас боздақ Қайратқа да мәдени-тәрбиелі мәні бар ошақ есімдерін қандай айтыс-тарғысты қынышылықтармен бергізгендерін жан-жақты айтып берді...

Ауылға келген соң аудандық “Мойынқұм таңы” газетінде “Жетісайлықтармен жүздескенде” деген мақалам жарық көрді.

1991 жылы Наурыз мерекесі күндері жақындаған қалған еді. Қайраттың бұрынғы ұстазы Сейіткерім Қожаназаровпен “К. Рысқұлбеков атындағы қорды” қалай ашсақ деген ниетімізді жан-жақты да, кеңінен ойластыра талқыладық.

Нәтижесінде, көршілес Бірлік, Биназар, Жасұлан ауылдары тұрғындарының бас қосқан 22-наурыз күні Ұлы тойда арнайы сөз алғын, Қайрат Рысқұлбеков атындағы қорды ашудағы мақсатымыз берілген, қордының толықтыра айтып беріп, игі бастаманы халықтық қолдауға шакырдым.

Әрине ол кездерде Желтоқсан оқиғасы десе, Қайраттың аты аталса, кей лауазым ислері әлі де үрке, тосыркай қарайтын.... Дегенмен де, шама-шарқынша қаржы аударып, қолдаған ақ-жүрек азаматтар табылып, көнілімізді едәүір серпілтіп таставды.

Той тарқаған соң, кешкісін Сейіткерім Қожаназаров екеуіміз Қайраттың ата-анаы мен туыстарына соғып, Қордың ашылғандығы туралы ескерттік. Қайрат атындағы қорды ашу әуелі оның рухына байланысты атқарылатын игі шараларды ұйымдастыруға белсене ат салысу үшін қажет екендігін түсіндірдік. Анасы Әметкен шын көнілімен ризашылық сезімін білдірді.

Көп кешікпей, Сәкең Қайрат Рысқұлбековтың Семейдегі мәйітін алу, жерлеу, басына ескерткіш орнату және оның есімін мәңгі есте қалдыру шараларын колға алу үшін қор ашуға аудан орталығына арнайы барып қайтты. Сан салалы

жұмыстың ішінде жас ақындар айтысын, түрлі спорттық жұмыстар, т. б. істер өткізіп тұру мақсаты да бар еді. Міне, осы міндеттерді саралай келе халық депутаттары аудандық қенесі атқару комитеті мынандай қарап қабылдады:

1. Аудандық комерциялық агроОнеркәсіп банкісіне (Т. Мұстапаевқа) Қайрат Рысқұлбеков атына жеке дербес есеп шот анылсын.

2. Мойынқұм аудандық ішкі істер бөлімі Қайрат Рысқұлбеков атындағы қорға, Қазақстан Республикасының Гербін мөріне, бұрыштық штампына рұқсаты берілсін.

Халық депутаттары аудандық Қенесі атқару комитетінің Төрағасы Қолы Ә. Әйтішев

Халық депутаттары аудандық Қенесі Атқару Комитетінің Хатшысы Қолы. Қ. Іңқарбеков.

№ 124 1 сәуір, 1991 жыл.

Бұл ретте халық депутаттары Мойынқұм аудандық Қенесі Атқару Комитетінің төрағасы марқұм Әскербек Әйтішевтің де (жол апатынан қайтыс болды) азаматтық танытып, еш дау-дамайсыз бірден келіскеңін айта кеткенімнің әбестігі жоқ шығар. Сол уақыттарда көптеген лауазым иелерінің екі жұзді, жалтақ іс әрекеттеріне қарасақ, Әсекенің бұл қамқорлық көмегі атап өтерліктей ерлікке пара-пар еді. Ә. Әйтішев кейіннен де иті істің барысында ақ жүрек, дархан жан екендігін анық дәлелдеді.

Кор ашылып, жұмысы қолға алышысымен мерзімдік басылымдарда көптеген материалдар басылды.

## АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫ ҚАДІРЛЕЙ БЛЕЙІК

Қазақ халқы ел болғалы небір қыыншылықтарды басынан өткери. Сонау жонғар басқыншылығы кездерінен бастап, Совет әкіметі орнаганнан кейін де, жергілікті халық өкілдерінің шекелері шылқ етіп, жағдайлары жақсарып кете қоймағаны – тарихи ақықат. Ақтабан шұбырында да еліміздің ел болып қалуы үшін аяибай құрескен Райымбек, Қабанбай, Бөгенбай сияқты батырларымызды екі-үш ғасыр өткен соң гана жариялыштың арқасында еске алғып, еңбектерін елеп, ескеріп жатқан жоқпыш ба?

Кенесары – Наурызбайлардың да орыстардың отарлау саясатына қарсы құрескендөрін Президентіміз Н. Назарбаев “Әділеттің ақ жолында” баса атап етті.

...Совет өкіметі жылдарында Голошекиннің әпербақан саясатымен жасалған зұлмат ашаршылық жылдарында қаншама жерлестеріміз, отандастарымыздың қырылғаны қырылышп, аман қалғандары шыбын жанның қамы үшін беттері ауған жақтарына тоз-тоз болып кетті. “Сол апатты да қайғылы жылдарда” қарлығаштың қанатымен су сепкендей халқына шырылдал ара түскен Тұrap Рысқұловтай азбал аға халық жауы атанышп, өз өмірін қиды. Ардақты жанның бүгінде Жамбыл қаласында тұратын немерे туысы Олжабай Қозыкеевтің айтуы бойынша, біраз уақыттан бері Тұrap ағамыздың сүйегін іздестіру жұмыстары еш нәтиже бермегіті.

Қазір Шымкент қаласында тұрып жатқан партия және еңбек ардагері Баймақан Кәрібаевпен кездескенімізде:

- 1936 жылдары Луговой ауданындағы Каменка жетімдер үйінде тәбиеленіп, оқып жүргенбіз. Ол кездерде кисек киімге, ішсек тамаққа жарымадық. Көзі ашық тәрбиеші ұстаздардың ұйымдастыруымен Мәскеудегі Халық Комиссарлар Советі тәрагасының орынбасары Т. Рысқұловқа хат жазып, жағдайларымызды айтуп көмек сұрадық.

Біраз уақыттан соң, поезбен бір эшелон оку құралдары, киім-кешектер, азық-тұліктер келіп жетті. Бәріміз мәз-мәйрам болып қуаныш қалдық. Бірақ көп ұзамай “Тұrap ұсталыпты” деген сүйек хабар алдық. Өлті өтініш хатты ұйымдастырған 2-3 мұғалім де ұсталып кете барды. Сыйлық заттарымыздың бәрін тып-типыл сыптырып алды.

Ол кезде жоғарғы класта окушы едім және арызга қол қойған болатынмын, сол себептен бір тәрбиеші тәтейден “қол қойған біздерге ешнәрсе болмайды ма”, деп сұрауға тұра келді.

- Қарағым, мынандай заманда кесіп айтуға қорқамын, - деген соң дереу жасырын түрде жолға дайындалып, “Тұлқібас қайдасың” деп тартып кеттім. Күндіз тасалау жерде демімді аламын да, түнге қарай жүріп отырып, 6-7 күн дегенде азып-тозып, ағайындарға жеттім, - деп еді.

Ардагер ағамен өткен жылы Жамбыл қаласындағы Т. Рысқұлов атындағы республикалық колхозаралық

санаторийінде танысқанмын. Сол шипажайда арнайы есеп ашылып, Тұрар Рысқұловқа ескерткіш орнату үшін қазірде жеке азаматтардан қаржы жиналып жатыр. Бірақ облыс басшылары мен көптеген мекемелер немікүрайлылық танытуда. Бір жылдан астам уақыт ішінде санаторий есебіндегі қорға небәрі 13 мындаи сом қаржы жиналыпты. Сондай асыл азаматымыз, қазақ елінің мақтанышы Тұрар Рысқұловқа бүкіл Қазақстан бойынша айтуға тұрарлықтай бір ескерткіш орната алмағанымыз ба?! Алматы облыстық партия комитеті мен Жамбылдағы Т. Рысқұлов атындағы мектептің алдарында тек мүсіндері гана бар көрінеді.

Алматыдағы әйгілі желтоқсан оқиғасының әділеттілігі ашыла бастады. Сол қаралы оқиғаға қатынасқан қарапәз қыздарымызға араша түсемін деп жалаға ұрынып, қатаң жазаланып, жұмбақ күйде қыршын кеткен жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековтың да сүттен ак, судан таза екендігі дәлелденіп отыр. Мәскеудегілердің актау үкімін күтпей-ақ Жетісай қаласындағы орталық саябаққа, Жамбыл облысындағы Байзак ауданының Жамбыл қызылша совхозындағы үлкен көшеге Қайраттың есімі берілді..

Жұырда Шымкент облысындағы Кентау қаласына қарасты Хантағы қалашының ортасындағы Чкалов көшесіне Қ. Рысқұлбековтың аты берілгендейгі жөнінде “Қазақ тілі ” қоғамының қызметкери Шерухан Оралбаевтың өзі Қайраттың ата-анасы мен бауырларына, әрі жерлестері бізге келіп хабарлап, туған ауылымен танысып кетті. Қалалық “ Қазақ тілі” қоғамы басқармасының төрагасы Ермек Оразымбетов, орынбасары Әбу Қырқынбаев 3-4 айдай айтыс-тартыс пен жүріп, көп қыншылықтардың арқасында қол жеткізіліпті.

Қайрат Рысқұлбеков ел қорғаған батыр болмаса да, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Тұрар Рысқұловтарға тартқан жас қыршын деп ойлаймын. Өйткені, ол қазақ халқының намысын қоргаймын деп өз өмірін қиды. Ал, жерлестері, мойынқұмдықтар әлі үнсіз....

Халқымыздың абзал ұлдарының есімдерін ескелең ұрпақтарымызға ұмыттырып барып танытудан қашан арылар екенбіз?

“Алматы ақшамы”  
16.07.1991

## **СЕМЕЙЛІК БАУЫРЛАРДЫҢ ІЗГІ ІСІ**

1986 жылы Жеңгіркіштік оқиғасының құрбаны жерлесіміз Қайрат Ғыскұлбековтың денесі Семей қаласының маңына жерленген. Оның әкесі Ногайбай екі рет Семейге барып, әрәң дегендे баласының жатқан жерін тауып еді. Ол кейінгі жолыққанымызда: “ Баламды дұрыстап жерлемеген де сияқты, басына үйілген топырағынан байқадым. Сонда облыстық “Қазак тілі” қоғамы өкілдеріне де жолыққанмын. Олар осы күнге дейін жас боздақтың басына белгі орнатада алмай жүргенін айттып, кешірім сұрап еді”, - деген үлкен өкінішпен.

Осыдан біраз бұрын Шымкент облысындағы Кентау қаласына қарасты Хантагы қалашығындағы Чкалов көшесіне де Қайраттың есімі берілді. Қалалық “Қазак тілі” қоғамы басқармасының төрағасы Ермек Оразымбетов сондағы “Жансая” шипажайына Қайраттың ата-анасы Ногайбай мен Дәметкенде арнайы шақыртып, олар қыркүйектің басында сонда демалыш әрі емделіп жатқан болатын... Ал қыркүйектің 20 – жүлдөзында біздің Бірлікке сонау Семейден хат келіпті. Онда былай делінген: “ Құрметті Ногайбай аға! “Еркек тоқты құрбандық” дегендей, халқымыздың тәуелсіздігі, егемендігі жолында өз өмірін қиған Қайраттың рухына құрмет көрсету иісі-қазақ азаматтарының игі борышы. Осындай ақ ниет жолында қыркүйектің 28-жүлдөзында ескерткіш орнату рәсімі аталаған етіледі. Тұystары сіздерді соган байланысты шақырамыз. Қай күні неше адам шығатындарынызды хабарласаңыздар. Жол шығыны мен жатар орындарыныздың қаражатын өз мойнымызға аламыз.

Семей облыстық “Қазак тілі” қоғамы басқармасының төрағасы Аманғазы Тілеубаев.

Содан дереу ауыл ақсақалдарымен ақылдастып, Ногайбай мен Дәметкенге жедел хат жібердік. Ол кісілер келген соң ағасы Есентай, әпкесі Гүлнәр, жеңгесі Айым және жерлестері атынан мен бірге ілесіл, жолға шықтық. “Көктепек” совхозының басшылары ақшалай қаражаттан комек көрсетті. Араға бір түнен, 27 қыркүйекте түстө Ташкент – Омбы пойызынан түскен бізді Аманғазы Тілеубаев, доцент,

филология ғылымының кадидаты Нәубет Қалиев, Орал Шәріпбаев, Бәтташ-Хамит Сыдықовтар қарсы алды. Содан кейінгі зират басына барып, өздерінің ізгі істерін көрсөтті.

Көгілдір мәрмәр тастан жасалған құлпытасқа Қайраттың суреті салыныпты да: “Рыскүлбеков Қайрат 13. 03. 1966ж. Әкімшілдік-әміршілдік жүйеге қарсы қурестің құрбаны, желтоқсан 1986”, - деп жазылыпты. Ал тақта таста:

- Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар.  
Еркек токты құрбандық,  
Атам десең атыңдар!.... -

деп жазылған. Бұларды оқығанда, көзімізге еріксіз жас келді. .. Тіпті, арнайы тапсырмамен шойын қоршау да істеліпти.

...Ауылдан шығарда телефонмен хабарласып, шақыртуымызға байланысты ертеңіне Әулиеата мешітінің діни қызметкері Шоқай ата Әлімқұлұлы мен Жамбыл облыстық “Азат” қозғалысының төрағасы Асқар Сырғабаев та түнгі самолетпен ұшып келіпті. Олармен қонақүйде табыстық. Бір айта кететін жай, қауырт жұмыстары басынан асып жатса да, бізді ағайыпды Бәтташ, Хамит Сыдықұлылар, Аманғазы Тілеубаев, Наубат Қалиев, Орал Шәріпбаев, Құлгайша Кәрібаевалар барлық ыластарымен кезектесе күтісп, үнемі жанымыздан табылып жүрді!

Ергеніне, яғни 28-қыкүйекте, түс ауа атакты Абыралы ауданына қарай шығатын жолда, Семейден атшантырым жердегі мұсылман зиратына келіп едік, біrnеше мың адам жиналыш түр екен... Қаралы қауышуды Амангазы Тілеубаев ашып, осы игі бастаманы көтерушілердің бірі Наубат Қалиевке сөз берді. Ол тебірене сөйлеп: “ Қайрат, егер сен қазір арамызда болғанда, қазақтың қасиетті ұлдары Олжас, Мұхтарлармен қатар жүрмесең де олардың сондарынан атқосшы болып ілесетін бе едің?...” – деді. Онан кейін әкесі Ногайбай сөйлеп, жиналғандарға баласы туралы көп жайды айттып берді. Ал Әулиеатадан келген Шоқай ата:

- мен осында шығарда, жұма намазға жиналған бір жарым мың ақсақал: «Біздің атымыздан Қайрат атты баламызға бағыштап дүға оқы», -деп тапсырып еді деп, үлкен ықыласын жерлестерінің тапсырмасын орындады. Мұнан кейін «Семей-Невада» қозғалысының мүшесі

Жаңыс Тұяқбаев жиналған жастарға арнап: «Қайраттан үлгі алындар, арақтан безіндер, темекі шекпендер, сендер қазақ халқының болашағысындар!» - деген тілегін білдірсе, жергілікті ақын Тыныштықбек Әбдікәкімов боздақ жасқа арнаған ішінде мынандай жолдары бар «Шемен-шер» өлеңін оқып берді:

Мен қайтейін, дүние, ішік, пұлды,  
Көре алмаслын, айлы түн, қызық күнді.  
Ұлт үйқысын ұятпен бұзам деп ем,  
Ұнжыргамның қылын тек үзіп тындым...

Жиында сонымен қатар облыс басшысының бірі, Семей облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары М. Шайжұнісов сез алғып, былай деді:

- 1986-жылғы желтоқсан оқигасының жазықсыз құрбаны болып, қыршын кеткен Қайрат Рыскұлбековті жоғары заң орындары әлі күнге дейін ақтаған жоқ, соған байланысты осы жиында оны түбекейлі актап, ата-анасынан, жерлестерінен кешірім сұрату туралы қаулы қабылдасақ!

Сол сияқты, Семей педагогика институтының «Қазақ тілі» кафедрасының менгерушісі Қиянат Шаяхметов сөйлемді, ал осы институттың 1-курс студенті, облыстық ақындар айтысының жулдегері Айнаш Сейсекенова өз өлеңін оқып беріп, институт атынан Қайраттың үлкейтіліп салынған суретін туыстарына сыйға табыс етті. Қаралы жиынды қорытындылай келе облыстық «Қазақ тілі» қоғамы басқармасы төрағасының орынбасары Бәттеш Сыдықұлы Ахмет Байтұрсыновтың өлеңін:

- Қазағым елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға түр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзінді оянып!... оқыды:

Мұнан кейін осы қаралы жиында қаулы қабылданып, ол бойынша Президентіміз Н. Назарбаевқа талап-тілек хат жіберілетін болды. Онда мынандай талаптар айтылған:

1. 1986-жылғы желтоқсанда Алматы қаласында момын

қазактың жасқаншақ қызын арашалаймын деп, нақақтан жауапқа тартылым, Семей түрмесінде белгісіз себеппен қаза болған Қайрат Рысқұлбеков деру ақталып, оның елі үшін жасалған ерлігі әділ бағалансын!

2. Қазак елінің егемендігі рас болса, Қайратқа Казакстанның Халық Батыры атағы берілсін!

3. 8 баланы ойдағыдай тәрбиелеген өнегелі отбасының үйткесі Қайрагтың әке-шешесіне Қазақ республикасы тарарапынан қамқорлық жасалып, құрмет көрсетілсін!

4. Қайраттың ажалына қатысы бар безбүйрек белсенділер құнәктер ретінде жауапқа тартылсын!

Жиынның соңында жас қыршының бейітіне ғұл шоқтарын қойған халық: «Колбин, Елемесов, Соломенцев, Қамелиденов сияқтылар жауапқа тартылсын!», «Желтоқсан оқи асына қатысқандар түрмеден босатылсын!» деген ұрандармен қалаға шеру тартты. Соңан соң, асханада, казақ халқының қадірлі ұлына арнайы ас берілді. Аста Семейдегі Әуезов атындағы көшениң атын өзгерти, Қайрат Рысқұлбековтың есімінің берілгендердің жөнінде қаулы қабылданғаны жарияланды. Ал ұлы Әуезовке басқа көше берілген екен.

Семейлік бауырларымыздың мына ісі бүкіл елді қуантатын, сүйсіндіретін жағдай!

«Мойынқұм таңы» газеті,  
10-қазан, 1991-жыл.

*Біреуге ор қазба...*

## ГОРБАЧЕВТІҢ ТУСІ

Бірде Михаил өзінің ежелгі қарсыласы Борис Ельцинмен болған кикілжіңен кейін жүйкесі жұқарып, үйіне шаршап келіп, тіпті Раисаның шәйіне де қарамай жатып қалады.

...Қызмет бабымен Кремльге кіре бергенде алдынан орта бойлы толықша келген, жасы 25-тердегі, көздерінен жалын үниқындаған, қараторы жас жігіт қарама-қарсы қасқая тұра қалып былай депті.

- Михаил Сергеевич, 1985 жылы үкімет билігін аласалысымен кімде-кім болмасын өз ойын ашық айтуда

хұқылы, бәрін бейбіт, демократиялық жолмен шешүге болады, жариялылық заманы туды деп жар салдыңыз да көп ұзамай Қазақстанға қайдагы бір Қолбин дегенді әкеліп, халықтың келісімсіз таққа отырғыздыңыз. Осындай көз бояушылықка, екіжүзділік саясатынызга байланысты Алматыда мындаған жастар бейбіт наразылық митингісіне шығып еді, оларды Генаңмен бірлесе ақылдаса отырып, құния түрде, жазықсыздан-жазықсыз жәбірледіңдер. Сөйтіп, біз сияқты он екіде бір гүлі ашылмаған жастарды озбыр күшпен аяусыз басып-жаншып, Брежнев алаңын қып-қызыл қанға бояттыңдар да халқыма “ұлтшыл” деп кінә тақтыңдар. Бірақ, бұларыңмен халықты үркіте алмадыңдар, біздің бастамамызben Тбилисиде, Прибалтика елдерінде, тағы басқа жерлерде де ізгі ниеттегі демократиялық күштер бой көтерді. Олар да қатаң түрде жазаланғанмен, жер-жерлерде ел қамын жеген азаматтар жаңбырдан кейінгі қаптаған саңырауқұлақтардай көбейе берді. Ақырында “өгізге туған күн бұзауға да туады” демекші, өз Мәскеулерінде тамыз оқиғалары бүрк ете қалмады ма? Бористің ықпалымен бе, әлде тағынды аман сақтап қалған соң ба, мерт болып кеткен біздің ізбасарларымызға Совет Одағының Батыры атағын беріп жібердіңдер.

Сонда Горбачев:

- Сен кімсің, маған қарсы келетін?! Осы сөздерің үшін жауап бересің – деп, ары қарай өтіп кетпекші болады. Бірақ жас жігіт одан сескенбей, әрі жолын бөгел:

- Мен қазақ халқының ұлы – Қайрат Рысқұлбековпын, - дейді.  
– Сендер мені қаралап олім жазасына кессендер де өзімнің елім, жұртым актап, рухыма құрмет жасап жатыр. Керек болса Халық батыры атаңдым. Менің қазіргі беделім дәл сендерден артық. Ал өзің болсаң бар абыройдан жұрдай болып, “сасқан үйрек артымен сұнгиді дегендей” енді-енді еңсесін көтеріп келе жатқан, тәүелсіз мемлекетке айнала бастаған тап-тату бірліктегі Қазақстанымның ішіндегі халықтарға іріткі салып, оларды ушықтыру ниетте астықты бес облысымызға ауыз салам деп, әрі Ельциндерге жағымпаздану ниетпен аузыңа келгендей көкіп, сандырақтай бастадың. Қазақстанымды қайтадан қанға боямақ ойың ешқашанда іске аспайды. Сенің сасық ой, арам пиғылынды қазірде бүкіл еліміз біледі. Енді тек, біз сияқты жазықсыздан-жазықсыз қыршын кеткен жастармен басқа

да азаматтардың төгілген қаны үшін халық алдында жауап беріп, қатаң жазалануың қалды... - дегенде Михаил шошып оянып, Раиса Максимовнага біз қайда жатырмыз осы депті.

“Алматы ақшамы”

1992 ж 2 сауір

## ҚЫРШЫН ЖАСТЫҢ ҚҮРМЕТИНЕ

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбаны Қайрат Рысқұлбековке арналған туған ауылы Жамбыл облысының «Көктерек» совхозында Қайрат атындағы қор өткен жылғы наурыздың 22-сінде ашылған болатын. Оның төрагасы, газетіміздің штаттан тыс тілшісі М. УАҚОВ бүгін редакцияға келіп, халқымыздың жас батырын еске түсіруге арналған жиынға дайындық туралы әңгімеледі.

- Қорды құрудағы мақсатымыз – К. Рысқұлбековтың есімін мәнгі есте қалдыру, оның аққан жүлдиздай қысқа өмірін оскелең үрпаққа үлгі-өнеге ету, - дейді М. Уақов. – Ол үшін ең алдымен ауылымызда Қайратқа ескерткіш орнатуды қолға алдық. «Ақшамың» көзіқарақты оқырмандары қыршын жастың республикамыздың әр түпкірінде құрмет жасалып жатқанынан хабардар деп ойлаймын. Семейде Желтоқсан батырына үлкен ас беріліп, республикалық ақындар айтсыы, спорттық басекелер откізілсе, Шымкент облысы, Жетісай қалалық саябағына Қайраттың есімі берілді. Өкінішке орай, өз ауданымызда К. Рысқұлбеков толық ақталғанша ешқандай мардымды шаралар өткізе алмадық. Әліптің артын баққан аудан басшылары сөзбүйдега салып журіп алды. Дегенмен ауыл ардагерлері мен белсенділерінің көмегімен әйтеуір Қайраттың есімін өзі оқып кеткен орталau мектепке бергіздік.

- Мәке, қордың бүгінгі жағдайы қалай?

- Аудандағы «Көктерек», «Айдарлы», «Жасұлан» совхоздарынан есеп-шотымызға біраз қаржы түсті. Республикалық аударып жатыр. Десе де көңіл толарлықтай дей алмаймыз. Болашақта біз де Қайрат атындағы ақындар айтсыы, қазақстандық қана емес, халықаралық түрғыда өткізек дейміз. Сол сияқты мектеп оқушыларына К. Рысқұлбеков

атындағы степендия тағайындасақ, музей ашсақ деген ниеттерміз бар.

Қор қызыметкерлері қазір шамамен маусым айының ортасына қарай ауылымызда өтетін Қайратты еске түсіру жиынына қызу әзірлік үстіндеміз. Мүмкіндікті пайдаланып, халқымыздың бостандығы үшін құрбан болған батыр ініміздің рухына бас иіп, құрмет тұтатын азаматтарға қордың мекенжайын хабарлаймын.

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Фурмановка селолық-акционерлік-коммерциялық агроенеркесіп банкісіндегі Қ. Рысқұлбеков атындағы есеп-шот № 000700733, код 457, МФО 613118.

- Әңгімендізге рахмет! Еңбектеріңізге табыс тілейміз.

Р. ИМАШ,  
«Алматы ақшамының» тілшісі.  
Алматы ақшамы. 1992ж. 20 мамыр

## МЕКТЕПКЕ ҚАЙРАТ ЕСІМІН БЕРГІЗУ БІР МІНДЕТ ЕДІ...

Қайрат қоры ашылғанымен, негізгі міндеттіміз – қаһарман жерлесіміздің есімін езі оқыған мектепке және бір көшеге бергізу.

Осындағы игі мақсаттарға қол жеткізу үшін, қор Басқарма мүшелері кеңінен кеңесе келе, 1991-жылы аудан орталығы Фурмановкада 8-мамырда өтетін жас ақындар айттысына Қайрат қорынан ақшалай сыйлықтар тағайындауды жөн деп талтық. Тұңғыш откізілгендігіне қарамастан, кішігірім мерекеден кем өмес дәрежеде, өте тартымды да қызығылықты аяқталған балғын өнерпаздар сайысында талантты жас ақындар: Абай орта мектебінің окушысы Фазиза Естаева мен Бірлік орталau мектебінің окушысы Перизат Оспанқұловаларға 30 сомнан ақшалай сыйлықтар тапсырыдық. Осындағы қуанышты сәтте әйгілі Желтоқсан оқиғасының қаһарманы Қайрат Рысқұлбековке ескерткіш орнату, ақындар айттысы, түрлі спорттық жарыстар, т.б.

інгі шаралар өткізіп түруга арнайы есепшот ашылғаның хабарладым. Қөтгеген көрермен шама-шарқынша өз үлестерін қоса білді. Ал осы ақындар айттысында Жамбылдан ат арылта келіп қатынасқан, облыстық Мәдениет бөлімінің сол кездегі менгерушісі Әлібек Әмзееев мырза өз қалтасынан қаражат қосып қана қоймай, сол жылдың желтоқсанының 27-28 жүлдізы күндері ауданымызда Қайраттай Халық ұлының рухы құрметіне облысаралық ақындар айттысын ұйымдастыруға тікелей өзі мұрындық бола білді...

...Айтулы мерекеден бір-екі ай бұрын Бірлік орталau мектебінің ұстаздары және оқушыларымен ақылдаса келе, егер арамызда тірі жүргенде 1991-жылы 13-наурызда жасы 25-ке толатын Қайраттың туған күніне байланысты көшілік жиынын өткізген болатынбыз. Оган «Желтоқсаның» жігіттері Нұрлықан Ескендеріров пен Бек Сүлейменовтер қатынасып, өз ойларын ортаға салды. Біздің мақсат-мұдделеріміз бойынша, Қалдықан Ақмурзин бастаған шәкірттер айтулы білім ордасына жас боздақтың есімін бергізуі бастама ретінде көтерді Бұл тек оқушылардың гана емес, Раушан Асқанбаева, Ләzzat Isaқова, Тынышқұл Нұсінбекова, Эсерт Даниярова сияқты ұстаздардың да қолдауына ие болды.

Көп ұзамай мектептің мұғалімдер Кеңесі және Мойынқұм ауданымың әдебиет пәні ұстаздарының бас қосқан мәслихатында Бірлік орталau мектебіне Қайрат Рысқұлбеков есімін бергізуі жақтап, Жоғарғы орындарға сұраныстар жібердік. Бұл туралы «Алматы ақшамы» және облыстық «Ақ жол» газеттері дер кезінде материалдар жариялады.

Бірақ ауданымыздың бұрынғы Компартияның идеология басшылары: «Қайрат әлі заң жүзінде ақталған жоқ, оның есімін мектепке беруге болмайды», - деп қарсылық көрсетті. Оның үстінен Киров орта мектебінің бұрынғы деректері Иген Ақылбаевтың есімін орталau мектебіне бергіземіз деген қарсылас ағайындар тобы пайдада болып, олар да едәуір кедергі келтірді. Оларды Алматыдан қолдаған зиялды ағаларымыздың да хаттары аудандық «Мойынқұм таңы» газетінде жарияланып жатты. Коминтерн ауылдық кеңесінде болып откен жиында екі жақ ауыл ақсақалдармен кездесіп, пікірталасқа түсті. Бұғанде Қайраттың есімін

халқымыз, оның ішінде ұлтжанды да ақжүрек азаматтар ту ретінде көкке көтере бастағанын аудандық «Қазақ тілі» қоғамы Басқармасы атынан сөз алған кісілер қаншама уәж айтып, түсіндіргенімізбен, қарсыластар тобы бой бермеді. Ұстаздардың кейбірі бұл жолы жалтақтық танытты. Солардың ішінен Раушан Асанбаева мен Әсет Даниярова ғана бізге ашық қолдау көрсете білді. Ал Бірліктегі ән-күй мектебінің деректері Қалибек Шайжанов:

- Сіздер, неге Иген ағайды алдыға тарта бересіздер? Пионерская көшесі бұдан былай сол кісінің есімімен аталатын болды гой, - деді ашынып. – Біз Қайратты болашақ ұрпақтарымызға, өз балаларымызға үлгі стуіміз қажет. Осындай айтыс-тартыспен керілдесіп жүре берсек. Қайраттың есімін өзге мектептің бірі алыш кетеді, - десе де, алқалы жиын дұрыс шешімге келе алмады.

Ара-тұра телефон арқылы астанадағы Мұхтар Шахановпен де хабарласып тұрғанбыз. Ол кісі де анық-қанығын білгісі келді ме әлде үлкен хабар ұйымдастыруды жоспарлады ма, көп кешікпей «Барыс» киностудиясының режиссері Қалдыбай Әбенов, «Сана» газетінің сарашысы Д. Төлібаев және Желтоқсан оқиғасына қатынасқан Құттыбек Аймаханов, т.б. жігіттер ауылға келді.

Әлі де жоғарыға жалтақтайтындар жетерлікте еді. Сонда да мектеп ұстаздарын және оқушыларды жинап, мектептің есімін Қайратқа бергізу жөніндегі пікірлерін бейнетаспана жазып алды. Ауылдық кеңестің төрағасы Ермұрат Асанбаев, орынбасары Балтабек Таубалдиев, ақсақал Қожағұл Толыбаев, С. Қожаназаров т.б. азаматтар жүрек-жарды ойларын ортага салды.

Кейіннен Қалдыбай Әбеновке жолыққанымда, каржы тапшылығына орай сол түсірген бейнетаспалар бойынша үлкен деректі хабар етіп, жарыққа шығара алмағанына реніш білдірді.

Күзге қарай Бірліктегі: «Ақсақалдар кеңесі» мүшелерінің отырыс-мәжілісінде Бірлік мектебіне Қайраттың есімін бергізу мәселелерін қайта қозғадым және оның ата-анасы тұрып жатқан Совхозная көшесін оның атымен өзгертуге ел болып ықпал етулерін өтіндім.

Бұрынғы жиындарға денсаулығына байланысты қатынаса

алмай жүрген «Ақсақалдар көнсінің» торағасы Тараболат Іцкәрбеков:

- Біз ауылдың баласы болғандықтан, Қайратқа мән бермей, немісүрайлық танытып жүрміз. Оның рухына бас иген жетісайлықтар атын саябаққа берсе, Жамбыл қаласының маңындағы Жамбыл қызылыша совхозы да бір көшесін Қайрагттың есімімен атапты. Біз болсақ, әлі де ары тарт-бері тартиен журміз. Енді ұятқа қалмайық десек, осы жиында оң шешім қабылдап, тиесілі орындарға қаулы жіберейік, - деген еді, кесіп-пішіп.

Жиналышқа қатынасып отырған көпшілік осылайша сыйлы да беделді ақсақалдың айтқан бәтуәлі уәжінен аса алмай, бір ауыздан онды шешім қабылдауға мәжбүр болды.

## ҚАЙРАТ АУЫЛҒА ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Ауылға жолға шығатын күні Алматы аспаны кенет тесіліп қалғандай, суық жаңбыр шелектеп құйып кетті.

Окпек жел бойымды тітіркендіріп, сол бір желтоқсанның аязды күндерін еске салғандай еді. Жанармайдың жоқтығын сыйлаулатты ма, әлде жолаушылардың аздау болғанынан ба, аудан орталығы Фурмановка селосына қатынайтын таңертеңгі автобус жүрмей, тұс ауа бір-ақ шықты. Кеше гана мамыражай ауа райының лезде бұзылуы автобустағы жүргіншілерді мазасыздандырса керсек, әншейінде әр жерден ағытылып жүре беретін әңгіме де естілмейді. Мұндайда откен-кеткен еске түсіп, қиялға ерік бересің ғой. Өзіммен бірте жолсапарға шыққан газетіміздің фототілшісі Шахан ұйқыға бас қойды. Мен ертеңгі болатын салтанат туралы ойладым.

- Тұып-өсіп, балалық шағым өткен Қектерек етene ыстық. Ес білген шағымнан әкемнің қызмет бабымен аудандағы бірнеше ауылдарда тұрып, әр түрлі мектептерде оқысада да, мен үшін осы ауылдың орны ерекше. Кезінде аудан орталығы болған Қектерек кейінірек Мойынкум ауданы құрылғанда қатардағы совхоздардың біріне айналса да, сол өңірдегі мәдени, рухани, өнер кенішітін. Жайқалған жасыл желегі, түп-түзу қошелері, үлкен ауруханасы, бүкіл ауданға жалғыз

перзентханасы бар, ауылдың дәл ортасында кинотеатр салынған Көктерек бізге кішігірім қала сияқты көрінетін. «Правда» деп аталатын сол кинотеатрдан «Чапаев», «Біздің қадірлі дәрігер» секілді керемет філімдерді тамашалап, мәз болатынбыз.

Қырсыз баснылықтың салдарынан болар, соңғы он-он бес жылдан бері Көктерек тозып кеткен-ді. Жап-жасыл жапырақтарын көтере алмай тұратын қайың, үйенқілері де, бойларын қекке қарап түзейтін теректер де сидишип, қурап қаздай тізіліп аулаға көрік беретін кеңсе, емхана алдындағы шарбақтар да сынып, қошенің шаны аспанға көтеріліп жататын.

Халық өз перзентін ешқашан ұмытпайды. Қайрат Рысқұлбековтің туған аулында ескерткіш орнатып, ас беру туралы әңгіме біраздан бері қозғалып жүрген-ді. Ауылдағы бел тұтар аbzал азаматтардың арқасында ауданда Қайрат атындағы қор ашылған болатын. Әсіресе көр директоры Мәкен Уаковтің сіңірген сәбегі ерен, «Ақшамға» біздің ауданнан алғашқылардың бірі болып ауыл жаңаңылғарын хабарлап, жаңашырылық танытқан Мәкең маған жазған бір хатында: «Жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековті жабылған жаладан ақтап алуымыз керек. Оның ерлігін барша әлем білуі тиіс. Әйтсе де аудан бағылары да, облыстық «Қазақ тілі» қоғамы да үнсіз отыр. Талай лауазымды есіктерді қағып едім, жаңашырылық таныттар смес», - деген жолдарын оқығанда, туған ауданымыздың азаматтары бәрі жасық па еді деп намыстанғам да. Мәкен Уаковтың хабарлауымен нақақтан жала жабылып, ату жазасына бұйырылған ұлын іздестіруді бастаган Дәметкен жеңешем мән Қайрат туралы ел алдында дуалы сез айтып, табан тоздырған ауыл азаматтары С. Қожаназаров, М. Бейімбетов, М. Уаков сынды жерлестерімнің адамгершілік парызын адал орындауының өзі неге тұрады?

Ал Қайрат заң таралынан ақталмай жатып-ақ оның есімін көшеге, саябаққа бергізген Шымкент облысы, Жетісай аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Әлібек Мейірбекұлы, қыршиын жасқа Семейде ас беріп, ақындар айтысын ұйымдастырған Аманғазы Тілеубаев сияқты жандарды қалай құрметтемеске?

Ой құшағында отырып, Қектерекке жетіп қалғанымызды байқамапсын. Түн қоюлана бастаса да, ауылдың самала шамдары жарқырап, ертең үлкен мереке болатынын қуана хабарлағандай жымындаң тұрды. Біз Қайрат туын-өскен үйге беттедік...

Ертеңінде ертемен ауыл орталығына келгенде көнілім алаңұрттып, көзімнің жасын тыя алмадым. Баяғы балалық шағымның Қектерегі көз алдында жайнап жатты. Ауылым қайта түрленіп, жасарып кеткендей. Сырлатып, әктеліп тазарған үйлер конактарын күтіп әзірленген сылқым келіншектердей. Қөшелер де айнадай жарқырайды. Оргалықтағы «Желтоқсан» деп аталған кинотеатрдың еңесі биік. Дәл алдында батыр ініміздің ескерткіші тұр. Бар болғаны жиырма жасында ұлтының намысы, халқының болашағы үшін:

Қазақ деген затым бар.

Қайрат деген атым бар.

Еркек тоқты – құрбандық,

Атам десен атындар! –

деп кеткен Қайраттың мына тас мұсіні тек қектеректіктердің гана емес, барша аудан, облыс тұрғындарының ар-ұяты, кірикісіз сезімі секілді.

Ескерткіштің салтанатты ашылуына арнайы келген Мұхтар Шахановты қарақұрым жиналған көшилік ду қол шанақалақтап, ерекше, ілтипатпен қарсы алды. Рысқұлбеков әулеғіне берілген жаңа үйде қонақтарға қонақасы таратылған сон, Қектерек агробірлестігінің асханасында өз перзентіне деген қонақасы дастарқаны қайта жайылды. Қайраттың рухына бағышталып, құран оқылды.

Ескерткіштің салтанатты ашылуы құрметі Мұхтар Шахановқа берілді.

«... Жігерінмен көктеп етіп,

Ұлт мұддесін шекпен етіп,

Төбең бір сәт көкке жетіп.

Өз өлкене ескерткіш бол, оралдың ба, айдарлым?!» -  
деп, Қектеректің қасиетті топырағын басқанда туған Мұханының жыр жолдары төгілгенде, егілмеген пенде

қалмады. Аудан әкімі Б. Қарашолақов, Қайраттың әкесі Н. Рысқұлбеков, ауыл ардагері Д. Асанбаев, желтоксандықтар Қ. Аймаханов, Т. Тәшенов төбірене сез сөйлемеді.

Салтанатқа арнағы ат басын бүрган Алматыдағы «Төле би» акционерлік коммерциялық банкінің бас деректері Мамырбек Әбдірахманов Қайрат Рысқұлбеков атындағы қорға 70 мың сом, Қайрат атындағы мектеп окушыларына төленетін стипендияға 30 мың сом және Ногайбай аға мен Дәметкен жеңешенің отбасына көмек ретінде 20 мың сом қаржыны тарту етті. «Төле би» банкісінің қайырымдылық ісін Алматыдағы «Ализар» мен «Жомарт» кәсіпорынның мұдірі Оралжан Масатбаев та жалгастырып, қорға 10 мың сом қаржы аударды. Сонымен қатар Қайраттың болашақ мұражайына Бауыржан Момышұлының бейнесі салынған құмыраны сыйлады. Ырымшыл халықпаз гой. Жақсы бастаманың жалғасы да берекелі болатынына, қордың болашағына аудан басшылары қамқор болатынына кәміл сендей. Өйткені оған батыр ініміздің ескерткішін орнатып, оның салтанатын откізуге белсене ат салысқан М. Сейдалиев, Қ. Өскенбаев, Ж. Орынбаев секілді азаматтардың ісі куә.

Кіндік қаның тамған тұған жер топырағы бар ғұмырыңа куат беріп, желең-жебеп отыратыны рас екен. Мұхаң айтпақшы, Алматыға Ногайбайдың ұлы болып аттанағып, бар қазактың мақтаны боп оралған Қайрат тұған ауылшының қақ төрінен орын төпті. Адалдық пен аңғалдықтың, қайсарлық пен батырлықтың рухы болып, жүргегімізде мәнгі қалатын Қайраттың бейнесі бұдан былай бәріміздің көз алдымында тұрады.

*Раушан ИМАШ  
«Алматы ақшамы»  
30-қыркүйек, 1992-ж*

## **Қ. РЫСҚҰЛБЕКОВТЫ ӨЛТІРГЕН КІМ?**

1987 жылдың жаңа жылында ішкі істер органының қызметкерлері «Алматыдабір төбелеске қатысты» желеуімен Қайрат Рысқұлбековты Мойынқұм ауданының орталығында тұратын нағашысы – Мәдібек Асанбаевтың үйінде демалып жатқан жерінен таңға жуық ұстап әкетеді...

Қайрат Рысқұлбековтың ату жазасы амалсыздан 20 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылды... Бірақ Шу, Қарағанды темір жол бекеттері арқылы Ресейдің Свердлов облысына апарылатын Қайрат белгісіз себептермен Семей түрмесіне жеткізіліп, құпия жағдайда оның өміріне қастандық жасалды.

- Бірнеше мәрте әуре-сараңға түсे жүре, ақсұаттық ақын Серік Жұматовтың жәрдемімен 1993 жылы шілденің соңында, Қайраттың 1988 жылғы 21 мамырда таңға жуық қайтыс болғанда мәйітін алғаш көрген азаматтардың бірі Әбулет Өубәкіровты таптым. Ол дәрігер-сарапшы Болат Шалағановпен жолығуға көмектесті. Облыстық Жастар Одағы жетекшілерінің бірі Рахат Алтайұлы және телекомпанияның тілшісі Тілеген Ахметовпен Қайрат қайтыс болған түрменің 21-камерасына кіргеннен сон, Болат бізге: «Қайрат төсекте қырынан бүк түсіп, аяғын бауырыша тартып жатты».

Тамағында болар-болмас дақ бар. Жарақат белгілері жоқ. Адам жогарыда асылмай, жерде отырып-ақ буынып өле береді. Мениң түсінігімше, Қайрат дем жетпей, тұншығып олген сияқты» деді. Камера қабырғаларының ені 2-2,5 метр шамасында, 3 метрдей биіктіктеңі темір горгажіп пен ішкөйлек (ол Қайрат пен бір камерада жатқан Власенконікі) байлад, соған асылыпты... «Өзін-өзі асқан Қайраттың тізесі қалайша бүтілген? Асылып өлген адамды неге жан-жақты тексеріп, оны суретке түсіріп алыш, сонан сон жерге жатқызбаған?!» Сұрап көп, жауап жоқ. Дұдәмәл, құдік көп.

Осыдан он шақты жыл бұрын бізбен қанаттас үйлерде бір жас жігіт асылып қалған еді. Ауылдық жер болса да, таңертек көрген туыстары мен көршилдері 60 шақырым қашықтықтағы аудан орталығынан сарапшы-тексерушілер келіп, тексерулерін бітіргенше – түс ағаша күтті.

Қазақстанның бір қырындағы түрмеден әдейі алдырып, Қайратпен бір камераға орналастырылған қандыбалак Власенко оны «асылып» тұрған жерінен шешіп алыш, қолдан демалдырмақ болыпты-мыс... Бұған кімдер сенер? «Адам олтірген» деп айып тағылған Қайраттың өзін жеке-дара неге жатқызбаған?! Ату жазасын 20 жылға өзгергенін естіген Қайрат секіре куанған. Азаматтың осыдан кейін өзіне-өзі қол салуы қисынсыз, тіптен мүмкін емес...

Ашығын айта алмаса да, Болат Шалағановтың берген жауаптарына қарғанда, Власенко Қайраттың таңғы тәтті үйкесін наудаланып, Кузнецов деген қанішердің жәрдемімен оны тамағынан қылқындырган. Біздіңше, шындыққа жақыны – осы.

Көп ұзамай Власенко түрмеден босатылды. Неге? Мүмкін «сыйға - сый, сыраға – бал» шығар бұл. Сол кездерде Қайраттың жұмбак өлімін анықтауға атсалыса бастаған Мұхтар Шахановқа жолыққанымда:

- Власенконы алдырып, кабинетімде жеке сөйлескім келіп еді, ішкі істер органдың екі қызметкері жанынаң кетпей қойды. Сонда Власенко: «Қайратты өлтірген мен» дейді де, іле-шала «жоқ» деп есалада адамның сөзін сөйлейді. Жеке қалғанымызда мүмкін бәрін ашып айттын ба еді, - деп, өкінішін білдірген болатын...

Бір жолы Алматыдан: «Қайраттың өліміне байланысты материалдық шығындарыңызды қайтаруга төлеу өтемі туралы мәселе 1993 жылы шілденің 20-сында Жоғары Сотта қаралады. Келіңіз» деп анасы Дәметкен Асанбаеваны шакырған реңми қағаз келді. Жан-жақты ақылдаса келе, Семей сапарының да жақындауына орай мен де ілесіп баратын болдым. Мұхтар Шаханов болса, Қырғызстанда, Коммунар Табейді тауып, мән-жайды түсіндірдім. Ертеңіне Алматы теледидарындағы жігіттерге де хабар беріп, оларды да сот процесіне шакырттым.

Басталған күні өзім де қатынасып, мынадай қызыншылық кезеңдерде, Қайраттың туыстарының тұрмыс жағдайларының нашар екендігін, аса қажет жағдайда қор басқармасы есебінен де көмектер беріліп, келгенін, сондықтан да оларға мемлекет тарапынан жеңілдіктер, жәрдемдер тағайындалса деген тілек айттым. Осы пікірімді бірер жылдай бұрын Алматы теледидарынан ғалым Сәрсенбі Дауітпен кеңінен берілген сұхбат әңгімеде де білдірген едім. Онда Қайраттың ғана емес, Ербол, Ләzzат, Сәбира сынды жас боздақтардың туыстарына да мемлекет тарапынан жеңілдіктер берілуі жөн деп атап откен едік.

Жоғарғы сот мүшелері тағы да керекті құжаттар дайындалп, «екі күннен кейін келіңіздер» деді. Мен болсам аксуаттық ақын Серік Жұматовпен уәделесіп қойған болатынмын, оған

жеделдете жетуім керек. Эрі Семейдегі жігіттерге хабарласып, Қайраттың өлімі жайлыш деректер алыш қайтуым керек еді. Қайраттың анасы және Коммунармен ақылдастып едім, маган «Семейге жүре бер, сотта өзіміз бір амал табамыз» деді. Санар алышында Коммунар «деректер табылып қалса, қайтарда жолығып кетініз» деген.

Үәде бойынша, қайтар жолда соқтым. Тұрменің қанды 21-камерасында айтылған Б.Шалағановпен біздің пікірлеріміз жазылған бейнестаспаны Қазақстан-І телеарнасында Кенжебай Ерсайының көмегімен К.Табеіге көрсеттім. Коммунар Қайраттың құны деп 31 миллион сом (62,5 мың теңге) берілетінін айтты...

Содан бастап Қайраттың қорына қаражаттың келуі мүлдем тоқтап қалды. Жанашыр жігіттер «Қайраттың құнын алыш қойды, енді қорға байланысты жұмыстарынды әуре болмай, тоқтатқаның жөн, енді ешкім қолдамайды» деді. Арада екі жылдай уақыт өткенде анасына: «Қайрат жайлыш жинақ дайындал жатырмын, өзіңіз алған 31 миллион сомды оның құны емес, материалдық көмек ретінде алғанмын» деп жазып беріңізші дегенімде, Әметкен тәтеміз: «Ақшаны аларда Қайраттың құнына алдым деп, қағазға қол қойдым ғой» дегендеге, есептіреп отырып қалдым...

Қайрат қайтыс болған сәттен бастап-ақ, ҰҚҚ-ның қызметкерлері (біреуінің фамилиясы Ерімлашев) Бірлік ауылындағы боздақтың туыстарының үйін торуылдағы көпке дейін кетпеді. Оларды Семейге жіберптеуге жанталасты. Қырқын күттірмей анасы Әметкенді таудағы сауыншылық жұмысына құдырды.

«Тыңшылар» осымен іс бітті деп тоқтап қалған жоқ. 1996 жылы 13 наурызда Қайраттың 30 жасқа толған қунін атап өтпек болып, Алматыдағы Сәулет-құрылыш академиясында үлкен жиын өткізуге талпынып едік, 13 наурыз жақындағанда, кітапханашы қыздар үрейлене абыржып: «Бізге ҰҚҚ-ден біреу хабарласып, жиынды кімдер үйимдастырып жатқанын сұрады» деді. Айтқанындай-ақ, Қайраттың тұған қуніне арналған сол бас қосуға ҰҚҚ-ның екі қызметерінің қатысқанын білдік. Нәтижесінде адамдар аз жиналды.

Қайраттың қайтыс болғанына 13 жылдан асса да, оның өлімі туралы деректерден ҰҚҚ әлі күнге дейін сескенеді.

2000 жылды 22 мамырда кешкісін сағат 20.30-да оны еске алу мақсатында «Отандастар» телебағдарламасының редакторы Сәуле Жиреншинамен тікелей әфирге шыққанда да ҰҚҚ-нің араласқанын байқап қалып, көп шындықтар мен іс-жостарларды ашып айтуды жөн көрмедин.

Жүйкені жүққартар әуре-сарапы жетерліктей ондаған жылғы қауіп-қатерлі қыншылықтарды басымнан өткізе отыра, мынадай тұжырымға келдім:

**БІРІНШІДЕҢ**, Желтоқсан көтерілісіне байланысты жүргізілген жалған айыптаулар мен тергеулердің астарлары ашылып қалмас үшін;

**ЕКІНШІДЕҢ**, қайтыс болған Сергей Савицийдің өліміне орай қозғалған істерді тап-түйнақтай жабуга;

**ҮШІНШІДЕҢ**, ен негізгісі, кейінгі жас ұрпақты келешекте желтоқсандағыдан көтеріліске қайтадан тізе қоса көтерілмеуге, оларды әрдайым үрейде ұстая мақсатында – Қайрат қанішер Власенконың қолынан әдейілеп өлтірілді!

Бұған қосып айтарым, осы қанқұйлы зұлымдықты үйімдастырылушылар - өзіміздің қазақтарымыз. Егер олар басқа ұлт өкілдері болғанда, Қайратты өз қандастарына емес, кез-келген қазаққа олтірткен болар еді... Сонда қастандықты үйімдастырушылар кімдер?! Олар – Қайратты жазықсыз соттағандар. Оны Семей түрмесіне апартқандар. Власенкога тапсырма бергендер...

Желтоқсан көтерілісінің болып өткеніне 15 жылға аяқ басқанымен, әлі күнге дейін сол қаралы оқиғаға байланысты кінәлі деген бір жаиниң табылып, жазаланбағаны да қайран қалдырады.

1991 жылды қыркүйектің 28-інде Семейдегі зиратына құлпытас қойылып, ас берілгенде аспан түнеріп, оқтын-оқтын жаңбыр жауып тұрды. Көп ұзамай, желтоқсанның 13-18 күндерінде ақындар айтысы мен спорттық жарыстар үйімдастырылғанда, қатысуышылар Қайраттың зиратының басына жиналып, аруағына бағыштал Құран оқытқанда да қар жапалақтап жауумен болды.

Әсіресе, мына оқиғалар ешқашан да көкейімнен кетер емес: Қайратты Мойынқұм ауданында тұтқындауға белсене ат салысқан ішкі істер органының белді қызметкері аяқ астынан ауырып, ұзамай қайтыс болып кетті. Ал оны

кісендеуге көмектескен скіншісі – Бірлік ауылшының бұрынғы участекелік инспекторы кейінірек жол аптынан сон мүгедек болып қалды...

*Жас Алаш, №81 07.07.2001*

### **Мұхтар Шаханов**

*(Қайратты танытқан қайраткерлер кітабынан үзінді)*

Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы – Қайрат Рысқұлбеков Мойынқұм ауданының Бірлік ауылшында туып өскен болатын. 1986-жылғы көтерілісте оған «Савицкийді өлтірген қылмыскер» ретінде әділетсіз сот шешімімен ең ауыр – ату жазасы берілген еді. Қайрат оқыған мектепте математика пәнінің үстазы Сейіткерім Қожаназар 1987-жылғы аудан мұгалімдерінің тамыз мәслихатында Қайраттың ауыр жазасын жекілдегу жайлы лауазымды басшылардың қарсылығына қарамастан үндеу көтеріп, кейіннен 1990-жылы құрылған Парламенттік комиссия төрагаларының бірі Қ. Мырзалиевке апарып тапсырған болатын. Сонда Қадыр аға Сәкене “Қайрат корын” құрып, көпшілік болып, қолға алындар деген еді. Мен сол кездерде Сейіткәрім ағамен тығыз байланыста болдым. Қайраттың тағдыры, оның өлімінің құпиясы бізді көп толғандыратын. Кеңінен кенесе келе, 1991- жылы Наурыз мерекесінде көршилес Бірлік, Бипазар, Жасұлан ауылдары тұрғындарының бас қосу жиынтында бастама көтеріп, Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың есепи шының айттық. Қайрат 1981-83 жылдары Бірлік ауылшындағы Киров атындағы орта мектепті бітіріп үлкен өмірге жолдама алған болатын. Осы мектепке қыршын боздақтың есімін бергізу айтарлықтай айтыс-тартыспен басталды. Сол кездерден бастап, жоғарыдан демеу іздел Мұхтар Шахановқа шығуға тұра келді. Алғашында телефонмен хабарласып тұрдық. Сонда Мұқан:

- Жігіттер, аптықпай, сабырлық сақтап, байсалды қимылдандар – деп, басу айтумен болды. Кинорижиссер Қалдыбай Әбенов басқарған желтоқсандықтар: Құттыбек Аймаханов, Бек Сүлейменов, Нұрлыхан Ескендіров, т.б. келіп мектепте кездесулар өткіздік. Ауыл тұрғындарымен дидарластық.

Осыған қарамастан, 1991-жылы жазда аудандық ономастикалық комиссия мектептің атын бұрынғы директор Иген Ақылбаевқа беру туралы шешім шығарып қойғанда С. Қожаназар аудандық Қазақ тілі қогамы Басқармасының тәрағасы ретінде комиссия отырысына бой бермей кіріп шешімді бұзғызды. Баспасөз беттеріндегі иғі бастамаларымыз жарияланып жатты. 1991-жылдың күзінде беделдің сыйлығауыл ақсақалдарының колдауымен мектепке Қайрат Рысқұлбековтің есімі берілетін болып шешім қабылданды. Сол кездегі аудандық білім басқармасының бастығы Максат Сейдалиев бірден бұйрық шығарып, тиесілі орындарға бекітуге жіберді.

Семейдегі Қазақ тілі қогамы жетекшілерінің үйымдастыруымен 1991-жылы қыркүйектің 28-де Қайраттың зиратына құлпытас қойылып, ас берілді. Желтоқсанның 13-18 күндері Республикалық дәрежеде спортық жарыстар мен ақындар айтысы өткізілді. Қайтар кезде Даulet Әубекіров деген жігіт бізге жолығын, «Менде Қайрат қайтыс болғанинан кейінгі суретінің пленкасы бар», - деді. Біз оған пленканы жоғалтпа, М. Шахановқа хабар береміз дедік. Семейден қайтар жолда Қайраттың әкесі Ногайбай аға Мұқана сурет туралы арнайы аялдаپ хабарлады. 1992 жылы 21 ақпанда Қайрат заң жүзінде толықтай ақталған соң Мұхтар Шахановқа хабарласқапызыда: - енді қорықпандар, қарсылық көрсеткендерін тікелей белден басындар, деп демеуіл айбат берді.

1987-жылдың жаңа жылында Қайрагтың күкің қорғау орындарының қызметкерлері ұстап әкеткен соң-ақ, аупарткомның сол кездегі идеология басшылары жер-жерлерде жиындар үйымдастырып, Қайрат арақ ішетін, наша тартатын, бұзық болатын дең, жоғарыға мінездемелер жіберумен болған. 1991-жылдың желтоқсанының 27-28 күндері Мойынқұм ауданында облысаралық Қайрат атындағы ақындар айтысы өткізіліп, кезінде К. Рысқұлбековты қаралаумен айналысқан бұрынғы аупартком хатшысы “ұялған тек тұрмас” дегендей бізге ырық бермей, шараларға өздері араласып кетті...

1992 жылы 13-наурызда Қайраттың туған күніне орай, Бірлік ауылында үлкен жиын үйымдастырылды. Мұхана

да хабар жіберген едік, ол кісі келе алмады. Осы жында сөз алып, Қайратқа ескерткіш орнату туралы маселе қозгай отыра, оның атына жаған қаралаулар ұйымдастырыған сол кездегі идеология басшылары неге халықтан, Қайраттың туыстарынан кешірім сұрап барып ұйымдастыру шараларына ат салыспайды дең, ашына айттым. Өз кезегінде айынты мырза: - Сол кезде жанымызда КГБ қызметкерлері жүрді, сондықтан да біз солай істеуге мәжбүр болдық деп, ақталғансып, бәрібір кесірім сұрамады.

Есесіне, көп ұзамай аудан басшылары Қайрат қорының тізгінін өз қолдарына алғылары келіп, көп әрекеттенді. Бірақ, жымысқы ойлары іске аспай, жеңіліс тапты...

Алматыда Қ. Рысқұлбековке ескерткіш жасалынатын болып, алғашқы іс-сапарлардың бірінде кек базардың жанындағы «Жалын» журналының редакциясындағы Мұхтар Шаханов ағамызға сәлемдесуге кірдім. Ол кісі бірден орнынан тұрып, табалдырықта қарсы алып, өте жылы амандасты. Кейіннен де, кім келсе де, осы әдептен таймайтынын байқадым. Қайраттың өлімі жайлы Семейдегі жігіттерге хабарласа алмай жүргенін айтты. Ескерткішке дұрыстау суреттері табылмай, мұсіншілер Байтұрсын Өмірбеков пен Болат Досжановтар соттағы тергеу құжаттарында Қайраттың қырынан, алдынан түсірілген суреттері сақталыну керек еді деп ескертті. М. Шахановқа жолығып осыларды жеткізгенімде, дереу сол кездегі Жоғарғы Соттың төрагасы Т. Айтмұханбетовке депутаттық сауалмен ресми хат жазып, жиіркенішті, жеккөрініштікпен: -мынау оңбаганға барындар, деді. Жолсерігім Асылхан Шүңіреков екеуіміз Жоғарғы Соттың дәлізінде Айтмұханбетовке жолыққанымызда, хатты көрісімен, құжаттар бізде емес, Сәрсенбаевқа барындар деп, ат-тонын ала қашты. Е. Сәрсенбаевты іздеп таба алмадық. Сәтіне орай суреттер кейінірек табылды...

1992-жылы 10 қыркүйекте Бірлік ауылында Қайрат Рысқұлбековтың Ескерткішінің ашылу салтанатына М. Шаханов арнайы келіп қатынасып:

## Оралу

Дархандық пен кеңділіктің,  
Арамдық пен пенделіктің,  
Арасынан мәңгі итжығыс.  
Түсіп жатқан осы алапат майданның,  
Жігерінмен көктеп өтіп,  
Ұлт мұддесін шекпен етіп,  
Төбең бір сәт көкке жетіп,  
Өз өлкенде ескерткіш бол  
оралдың ба, айдарлым?!.  
Жетекке алып саналы арман,  
Бүршігінді жаңа жарған шағында,  
Денең қалып сонау Семей  
турмесінің маңында,  
Рухыңмен туған өлке  
топырағын,  
Қайта бастың кемелден.  
Ара жігін ерлік пenen  
ездіктің,  
Бір-ақ қадам екендігін  
дәлелден.  
Қыын сәтте жалау еткен  
намысын,  
Бағың жансын, қайсар ұлым,  
Жанын қиған ары үшін.  
Алматыға Ногайбайдың  
перзенті бол аттанып,  
Бар қазактың мақтаны бол  
қайта оралған арысым!

- деген өлеңін ариады. Шу өзенінің жағасында тігілген  
киіз үйлерден дәм татқан соң, аттанарында Мұхан мені аудан  
басшыларымен беттестіріп:

- Ескерткіш орнаттың, енді тікелей, Қайраттың елімінің  
құпиясын ашуға шық. Бұлар енді саған кедергі келтірмейді,  
деп, нық сеніммен айтты. Мен болсам, Семейдегі  
жігіттерге хабар жіберіп едім, үлгере алмады, жақында  
оларды шақыртып, сізге жолықтырамын, дедім... Өнегелі  
де ұлтжанды қасиеттерімен көзге түскен қазақ жастарына

Қайрат атындағы сыйлық тағайында мақшы болдық. Осындай игі шаралып демеушілер іздестіре Алматыға барған сапарымда Мұхтар аға да жолықтам. Сыйлық жайлы айтқанымда, ол кісі қолдан, тек, үміткерлер жасына шектеу қоюдың жөні жогын білдірді. Содан кейін мені отыра түр, қазір тергеушілер келеді деді. Көп ұзамай екі жігіт келді. Жанымызда Қайраттың әкесі Ногайбай аға және бірекі адам болды. Қайсысың Сәрсенбаев деп, анықтан алып, Мұхан ашуға басты: (оның ашуланғанын алғашқы көруім) – тергеу басталғаннан бері 6 ай өтті. Неге Семейге барып, Сәкежановқа жолықладындар? Түрмені неге тексермеліндер? Әлде, сендерге Жоғарыдан біреулер бірнәрсе деп жүр мә деп бұрқан-тарқан болды. Тергеушілер болса, жұмыстары көп екенін, үлгере алмай жатқанын айтып ақталғансызы... М. Шаханов хабарласып тұрындар деп, шығарып салды.

- Семейдегі көмектесетін жігіттердің бірі Мерей Қошкіновке қайта-қайта хабарласып тұрдым. Ол 1993-жылдың наурызының басында Мойынқұм ауданына келіп, екеуіміз жан-жақты ақылдаса келе, Алматыдағы Мұхана хабарласып, наурыздың 9-ында кездесетін болдық. М. Шаханов үшеуіміз тың тындалады деп, кабинетте емес, дәлізде сойлестік. Мұхан – Власенконы алдырып, онымен жеке сөйлескім келіп еді, бірақ, милицияның екі қызметкери жанымыздан кетпей койды. Власенко бірде Қайратты өлтірген мен дейді де іле-шала басқаша сөйлеп кетеді. Ол есалан құсан қалған. Жеке қалғанымызда мүмкін шынын айтатын ба еді, - деді. Мерейге тың деректер табылып, жеткізе алса, өзі оларды әрдайым қорғайтынын айтып уәде берді. Және де депутаттық ресми құжатына хат жазып, Семейдегілерге маған сенімді түрде көмектесулерін етінді.

Поезбен Семей сапарына шыққанинан-ақ, Мерей Мұхана сенімсіздік білдіріп, осы жұмыстарды аяғына дейін аяқтамайды деді. Екеуіміз ренжісіп те алдық. Мерейдің басқалардан өзгеше қасиеті, кай адамды болмасын бір көргеннен-ақ, оның қандай екендігін дөп баса айтатын көрегендігі бар болатын. Сіздер тағайындал жатқан Қайрат атындағы сыйлыққа Коммунар Табей таласады, онымен дұрыс қарым-қатынаста болуға тырысыныз, өйтпесеңіз ол сізге көп кедергілер келтіреді деген еді. Кейін бәрі де айна-

қатесіз алдынан шықты. Сондай-ақ, 1991-жылы біздің Елбасымыз жайлы айтқан болжамы да дәлме-дәл келді.

Облыстык прокуратуралың төргеушісі Сиязбек Сәкежановты тауып, жол сапарымның мән-жайын айтып түсіндіріп едім, менде біршама деректер болуы керек, 2-3 күнде тауып беремін деген үәдемен шығарып салды. Айтқан мерзімінде Сиязбек деректерін тауып бере алмай: - Мұхтар Шахановтың өзі шақыртсын, ол кісіге айтатын ауызша мағлұматтарым бар деп, басқа сарынға көшті. Қайраттың мәйітін көрген дәрігер-сарапшы Болат Шалагановты да таба алмадым, қызметі ауысып кетіпті.

Ақсуаттан келіп Дәulet Әубәкіровты тауып беремін деп үәделескен ақын Серік Жұматовтың әкесі аяқ астынан ауыр халде ауруханаға түсіпті. Сонымен күте-күте он шақты күн жоғалтып, Ақсуаттагы Серікке барып едім, әкесі тәуір болған соң Семейдегі Дәulet Әубәкіровты тауып, маган хабар беретін болды. Аудан басшыларының бірі – Бақыт Қойшыбекова Серіктің жол сапарына көмектесуге уәде етті... Қайтар жолда Алматыдағы М. Шахановқа жолығып, С. Сәкежановтың сәлемдемесін жеткізіп едім, ол әбден ренжіді, неге өзі уақыт тауып келе бермейді, деп!.

1993-жылдың сәуірінде Қайраттың әкесі Ногайбай аға ауыр науқастан қайтыс болған еді. Соған байланысты көңіл айттуға келе алмаған Мұхана жолықканымда, қырқын өткізетін кездे хабар бер деген-ді. Қ. Рысқұлбековтың қайтыс болғанына мамырдың 21-інде 5 жыл толуына орай Тараздық Әлмұқан Исақов мырзаның комегімен Қордайда оның мектебіне Белгі тас жасаттырган едік. Мамырдың 21-інде Белгі тасты орнатып, әрі әкесінің қырқын откізбекші ииетпен Мұхтар ағамызыға хабар бергенбіз. Белгі тасты жасауға Қордайдагылар үлгере алмай, бір күн кешіге, тұра 21-інде алып келсең, Мұхан да бізден бұрынырақ Қайраттың туыстарына жетіп көңіл білдіріпті.

Жақын ағайындары Балтабек Таубалдиев қонақтарды үйіне дәмге шақырды. Шай үстінде М. Шаханов біздің сауалдарымызға байланысты: - 1989-жылды халық депутаттарының I съезінде желтоқсан оқиғасы жайлы айтайын деп, сессияны басқарып отырған Лигачевқа экология және Арас туралы айтам десем, жолататын емес. Содан ебін

тауып, М. Горбачевка жолығып едім, оның озі Лигачевтарға Шахановқа сөз беріндер, экология жайында айтады деп, рұқсат әгерді. Эрине, мінбеке шықсан соң бірден Желтоқсан көтерілісі жайлы сөйлем кеттім. Артымнан тоқтат-тоқтат деген ызалы дауыстар шығып жатты. Мен оған қарамастан аягына дейін айтып шықтым. Андрей Сахаров елдің көзінше қаймықпай қолымды алғып, жүзден астам депутаттың қолын жинасаң Парламенттік комиссия құруға болады деп, ақыл айтты. Б. Ельцин де қолдады.

Асқар Ақаев пен жүргізуі қырғыз жігіті және Сахаров пен Ельцин де алғашқылар болып қолдарын қойды. Талдықорған облысынан, аты-жөні есімде жоқ, қызылшаша-депутат әйел қолын қойып еді, Қазақстанның басшылары оны қыспаққа алғып, қолын өшірттірді. Күндіз-түні 3-4 күн конақ үйлердегі депутаттарды аралап ұзын санын 120-ға жеткізіп, халық қалауларының көзінше төрде отырған М.С. Горбачевқа әкеп құжаттарды тапсырығанымда, мені атарға оғы болмай, қолымнан жұлып алды – деп, ағынан жарылған еді. 1993-інші жылды шілденің соңына таман аксуаттық ақын Серік Жұматовтың көмегінің арқасында көптен бері іздеген адамым Дәулет Әубекіровты таптым. Ол, бірақ, Қайраттың суретінің пленкасын бермеді. Сақтап жүргенім бір орыс жігітінің өліп жатқан суреті екен деді. Д. Әубекіров 1991-жылы Семейде жолыққандагы «Қайрат төсекте бүк түсіп жатқан болатын, мойнында болар-болмас дақ болғап еді» - деген сөздерін тагы қайталады (2000-жылдың қараашасында Тарбағатай ауданындағы Көкжыра ауылында қайтыс болған күйеу баlam Амантай Мұқанұлының от басына көзіл білдіруге қарындасты Әтіркүл екеуіміз барғанда Серік Жұматовқа тагы да жолықтым. Серіктің айтуы бойынша, қолындағы пленка Қайраттікі екен. Дәулет соны маған беруге қорқынты. Ал соңғы сәтте Қайратпен бір камерада жатқан Власенко белгісіз себептермен қайтыс болып кетіпти, - деді. Соңда мен Серікке ренжи, Дәулет ешқандай намысы жоқ, әбден жалтақ жігіт екен гой. Он жылдан бері сол пленканы неге бізге бермей қорқып жүр. Жақын араларда хабарласып, маған 2-3 суретін салып жіберіндерші деп едім, содан бері еш хабар жоқ).

Д. Әубекіровтың тигізген көмегі – Болат Шалағановты тауып берді. Болат басқа жұмыста жүрсе де қашқақтамай,

айтқан уәдесінде тұрып, түрмедегі Қайрат жатқан 21-камерага бізben бірге кіріп, болған, көрген сәттерін Семей облыстық теледидарының тілшісі Тілеген Ахметовтың сұраптары бойынша айтып берді. Болаттың айтуы бойынша да: - Қайрат бұк түсіп, тізелерін бауырына алып қырынан жатқан. Мойнында болар-болмас дақ бар болатын. Жарақат белгілері жоқ. Адам жоғарыда асылмай-ак, жерде отырып- ак, буынып өле береді. Менің түсінігімше, Қайрат дем жетпей, тұншығып өлген сияқты» - деді де, сарапшылар Актіге қол қоймаса да бола беретінін айтты.

Камера қабырғаларының ені 2-2,5метр шамасында 3 метрдей биіктіктең тор көзге жіп пен іш көйлек (ол да Власенконікі) байлап, солай байлаулы тұрыпты. «Өзін-өзі» асқан Қайрат қалайша тізесін бүтіп тұра алады?! «Саяси қылмыскер» ретінде асылып қалған адамды неге жан-жақты тексеріп, оны суретке түсіріп барып, сонаң соң ғана жерге жатқызбаған?.. Осыдан он шақты жыл бұрын бізben қанаттас үйлерде бір жас жігіт асылып қалған еді. Ауылды жер болса да, таңертең көрген туыстары мен көршілері 60 шақырым қашықтықтағы аудан орталығынан сарапшы-тергеушілер келіп тексерулерін бітіргенше, тұс ауғанша күтті.

Қазақстаниң бір киырындағы түрмеден әдейілей алдырып, Қайратиен бір камераға орналастырылған қандыбалақ Власенко оны «асылып» тұрған жерінен шешіп алып, қолдан демалдырып жатыпты-мыс деген желеулі дәлелдер дайындалыпты. «Саяси қылмыскер» - Қайраттың өзін жеке дара жатқызбаған?! Содан санаулы күндер бұрын кейіннен ақталып шығатындығына сенімі мол Қайраттың ату жазасын 20 жылға өзгертекін естігенде, секіре қуанған азаматтың көп ұзамай-ак өзін өлімге қиуы да қисынсыз, тіптен мүмкін емес... Ашығын айтпаса да, Болат Шалагановтың берген жауаптарына қараганда, Власенко Қайраттың таңғы тәтті үйқысын пайдаланып, оны тамағынан қылғындырып,.. тұншықтырған. Анық-канығы осы!..

Мұхтар Шаханов ағамыз осы Семей сапарының сәл алдында ғана Қырғызстанға елшілік қызметке ауысып кеткен еді...

Бір жолы Алматыдан «Қайраттың өліміне байланысты материалдық шығындарыңызды қайтаруға төлеу өтемі

туралы мәселе 1993-жылы шілденің 20-сында Жоғарғы Сотта қаралады, келініз» - деп анасы Әмбеткен Асанбаеваны шақырған реңми қағаз келді. Жан-жақты ақылдаса келе, Семей сапарының жақындауына орай, мен де ілесіп баратын болдым. М. Шаханов болса Қыргызстанда. Коммунар Табейді тауып, мән-жайды түсіндірдім. Ертеңіне Алматы теледидары мен «Таң-Шолпандағы» жігіттерге де хабар беріп, оларды сот процесіне шақырттым.

Басталған күні өзім де қатынасып, мынадай қыншылық кезеңдерде Қайраттың туыстарының тұрмыс жағдайларының нашар екендігін, аса қажетті жағдайда қор басқармасы есебінен де көмек беріліп келгендігін, сондықтан да оларға мемлекет тарапынан жеңілдікті жәрдемдер қажет деген тілек айттым. Осы пікірлерді бірер жыл бұрын Алматы теледидарынан галым-жазушы Сөрсенбі Дәүітпен кеңінен берілген сұхбат-әңгімеде де білдірген едім. Онда Қайраттың гана емес, Ербол, Ләzzат, Сәбира сынды жас боздақтардың туыстарына да мемлекет тарапынан жеңілдіктер берілуі жөн деп, орынды деп атап өткенбіз.

Жоғарғы сот мүшелері тағы да керекті құжаттар дайындан, бір-екі күннен кейін келерсіздер деді. Мен болсам, Ақсұаттық ақын С. Жұматовпен уәделесіп қойған болатынмын. Оған жеделдете жетуім керек. Әрі Семейдегі жігіттерге хабарласып, Қайраттың өлімі жайлы деректер алып қайтуым керек еді. К. Рысқұлбековтың анасы және Коммунармен ақылдасып едім – «Семейге жүре бер, сотта өзіміз бір амал табамыз», - деді. Кетер кезде, К. Табей:

- Деректер табылып қалса, кайтарда соғып кетіңіз, - деген...

Үәде бойынша, қайтар жолда соқтым. Тұрменің қанды 21-камерасында айтылған Б. Шалағанов пен біздің пікірлеріміз жазылған бейнетасаны «Таң-шолпанда» Кеңжебай Ерсайының көмегімен Коммунарға көрсеттім. К. Табей Қайраттың құны деп 31 миллион сом (62,5 мың теңге) берілетінін естіртті. Анасы Әмбеткеннен сұрағанымда, материалдық шығын есебінде берілетінін айтты...

Содан бастап Қайраттың қорына қаражаттың келуі мүлдем тоқтап қалды. Жанашыр жігіттер «Қайраттың құнын алып қойды, енді қорға байланысты жұмыстарынды әуре болмай

тоқтатқаның жөн, енді ешкім қолдамайды» деді. Арада екі жылдан өткенде анасына: «Қайрат жайлы жинак дайындаған жатырмын, өзініз алған 31 миллион сомды оның құны емес, материалдық көмек ретінде алғанмын» деп жазып беріңізші дегенімде, Дәметкең тәтеміз: «Ақшаны аларда Қайраттың құнына алдым деп қағазға қол қойып қойдым гой» дегендеге, есендіріп отырып қалдым...

Қ. Рысқұлбеков атындағы мектептің жетекшілерімен кеңінен ақылдаса келе Президентіміз Н.Назарбаевқа, Жогарғы Кенестің төрағасы Ә. Кекілбаевқа, «Жас Алашқа», Телерадио корпорациясының басшысы Ә. Қөпішевке, «Азаттық» Радиосына Қайраттың «құны» жайлы наразылығымызды келтіре 127 кісі қол қойған Үндеу хат жібердік. Жоғарыдағы жорықсыздықтар туралы «Азаттық» Радиосы екі мәрте толыққанды хабар берді. С. Әбділдиннен одан бұрынғы жолдаған хатынызға байланысты бізді қолдаған хат келді. Қалғандары үн-түнсіз қалды...

Сөйтіп, Қайраттың өліміне себепкер болған лаузымды басшыларды әлі күнге дейін дөп басып айта алмай келеміз... Ал, Мұхтар Шахановпен осыдан 5-6 жыл бұрын Бішкекте Шыңғыс Айтматов екеуі бірлесе жазған «Құз басындағы аңшының зары» кітабінің тұсау кесер рәсімінде жолыққан болатынмын. Адам оте көп, амандақанымыз болмаса, сейлесе алған жоқпын. Бірак, өткен жылдары тосян, күтпеген жағдайда, жоғарыдағы лаузымды ағалардан маган елшілікке келтеп бері таныс, сыйлас азамат келіп еді, соған байланысты туындаған мақала мынау:

## МӘСКЕУДЕН КЕЛГЕН ҚОНАҚ

Халық Қаһарманы - Қайрат Рысқұлбековтың кіндік қаны тамған жері Бірлік ауылында 1992-жылы 10-қыркүйекте орнатылған ескерткішіне демеушілік жасаған 1-топ мүгедегі Мамырбек Әбдірахманов еді. Мәкең ескерткіштің ақшасын төлең қана қоймай, Қайрат мектебінің озат оқушыларына стипендия тағайындалған, Қайраттың ата-анасына көмек ретінде қаражат берді.

Ол бүгінде Мәскеу қаласында қызмет етіп жүрсе де,

қолы қалт еткенде жас боздақтың Отанына келіп, оның рухына бағыштап құран оқытып тұруды ұмытпайды. Осында мақсатпен 2000-жылы маусымның басында келген Мамырбекті Қайраттың інісі Ришат пен Сөрсенбай деген жігіт үшеуіміз Алматы-Мәскеу пойызына Шу теміржол бекетінен шығарып салған болатыбыз. Көп ұзамай маусымның 26-ында М. Әбдірахманов тақсилетіп азанмен үйге келді. Шілденің алғап ыстығында бірнеше мың шақырым жердегі Мәскеуден қос балдақпен әуре-сарсанға атсабылтып жүргеніне таң қалдым. Шәй-пәй ішіп, аптығын басқан соң Мамырбек оңашалау сәтті пайдаланып, жолсапар мәнісін түсіндіре бастады.

1997 жылы М. Шаханов пен Ш. Айтматов бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» кітаптарының Бішкек пен Мәскеудегі тұсаукесер рәсімін откізуге қомақты қаржы аударып көмектесілті. Сол себептен де олармен Мамырбек айттарлықтай сыйластықты қарым-қатынаста екендігін білдірген. 2000-жылы маусымның 20-сына таман, М. Шаханов, Ш. Айтматовтармен кездескенде олар ақылдаса келе Мәскеуге іссапарымен барған Н.Ә. Назарбаевқа Мамырбекті таныстырмақты болды.

Нұрекене Мамырбекті Шыңғыс Айтматов кездестіреді. Шықаның беделі Президентіміздің алдында өте жогары көрінеді. Ол кісі Нұрсұлтан Әбінұлына М. Әбдірахмановтың қос балдақпен жүріп тындырған енбектерін айта келе, Қайрат Рысқұлбековтың рухын қастерлеуге де айрықша көмектескенін еске салады. Сонда Нұрсұлтан Назарбаев:

Қайраттың туыстарына Алматыдан, Тараздан пәтерлер беріліп, автокөліктің де сыйланғанын т.б. көмектер көрсетілгенін естіп жатырмын, деп, хабардар екендігін білдіреді...

Президентіміз Мамырбекке көмектесетінін сездіріп, жылы қоштасыпты да Шыңғыс Айтматов екеуі оңаша қалыпты... Сыртқы дәлізде Шықаң М. Әбдірахмановқа: - «Інішекке (мені айтқан болу керек) сәлем айт, Желтоқсан көтерілісі мен Қайрат Рысқұлбековке байланысты істерді қозғай бермесін, әйтпесе кейін өздеріне қиын соғуы мүмкін» дегі. Ал, Мұхтар Шаханов «Тәуелсіз комиссия құрmasын!» деген салемімді жеткіз деген соң Мәкең алып-ұшып сонау

Мәскеуден маған келген беті екен. Мамырбек М.Шаханов, Ш. Айтматовтармен кездестіруім керек деп, мені Бінекекке баруға үгіттеді.

Мен оған айттым:

- Мұқанды да, Шыңғыс ағаны да әрқашан құрмет тұтамын. Мұхтар Шаханов Қайрат Рысқұлбековке байланысты шараларға бір кісідей комектесе алды. Осылар жайлы «Ер намысы – ел намысы» кітабында көзінен жазылды да. Ал Шыңғыс Айтматовты бүкіл әлем таниды, құрметтейді. Ашып айтсам, “тәуелсіз комиссия” құрудагы мақсатымыз үлкен еді. Мұхтар ағаның шамасы жетпеді ме, халыққа қажет аңы шындықтар әлі толықтай ашылған жоқ. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азаматтардың нақтылы есімдері әлі күнге дейін жүртішілікқа белгісіз. Сондай-ақ Желтоқсан боздақтарының өліміне, жазықсыз жапа шеккен жандардың азапты өміріне кінәлі лауазым иелері осы уақытқа дейін анықталмай отыр. Біз осылардың ақ-қарасын аныктап, халыққа жария етуіміз керек. Бұл маңызды істер қазақ елінің тарихына, болашақ үрпактарымызға ауадай қажет емес пе. Осындай ұлагатты шараларға ат салыспай, қалайша үн-тұнсіз қарап отырамын.

Қайрат бұғінде Рысқұлбековтар әулетінің немесе Мойынқұм ауданының ғана емес, барша қазақ халқының аяулы перзентіне айналған жоқ па. Сондықтан басшылар Қ. Рысқұлбеков атындағы қорға комектесіп, оның рухын құрметтеуге, сегіз жыл оқыған Шу ауданының орталығы Төле би ауылы мен Алматыда оған Ескерткіш орнатып, Желтоқсан құрбандарына Мұражай ашып, Сәулет-құрылым академиясына жас боздақтың есімін бергізіп, Қайрат атында халықаралық сыйлық, стипендия тағайындалса нұр үстіне – нұр болmas па еді. Мұндай игі шаралар Қайрат Рысқұлбеков үшін ғана емес немесе біздің атагымызды шығару мақсатында емес, жастарымызды ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу қажет кой.

Шындығына жүгінсек, 1986-жылы Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырушылар жайлы осы уақытқа дейін көмексі болып келе жатыр. Рас, Желтоқсанды жарыққа шығаруда Мұхтар Шаханов айтарлықтай еңбек етті. Мұқандың 1989 жылы КСРО Халық Депутаттарының съезінде экология мәселесін

қозгаймын деп, Бас хатшы Горбачевты алдандырып, мінберден Желтоқсан көтерілісі туралы батыл түрде мәлімдегенінің өзі ерлік емес пе?! Артынша комиссия құруға мәжбүр етіп, сол бір қаралы құндердің бет-пердесін сыйыруға әрекеттенген еді...

Әкінішке орай, Желтоқсанның құпия сыры әлі күнге дейін толықтай ашылмады. Яғни, жоғарыдағы Парламенттік комиссия да, баспасөз ошақтары да, жеке қайраткерлер де Желтоқсан көтерілісіне бірден-бір кінәлі лауазым иелерін дәлме-дәл көрсете алмай келеді. Бірінің айтқандарын бірі қайталап:

- Горбачев, Колбин, Камалединов, Мендібаев, Разумовский, Соломенцев, Власов, Миронхин, Чебриков, Князев, Басаров, Дубняк, Елемісов, Айтмұханбетов, және тағы басқалар деп жалғастырумен есіл уақыттарын ысырап етті. Шын мәнінде «Жабулы қазан әлі күнге жабулы» күйінде қалып келеді. Сондықтан бұл мәселеге мен өз басым қайта-қайта оралып, оған әр қырынан шындық сәулесін түсіруге әрекеттеніп жүрмін. Қайрат қорын құрудагы максаттардың бірі де – осы, көпшілікке Желтоқсан оқиғасының шындығын көрсету, соған үлесімді қосу.

Мәскеуден келген қонаққа осы айтқандарымды М. Шаханов пен Ш. Айтматовқа жеткізуін сұрадым.

«Жас Түркістан» №4. 2002

## ДРАМА

### ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛСІ ЖӘНЕ ҚАЙРАТ

*Қатынасушылар:*

*Қайрат*

*Қайраттың анасы Дәметкен Асанбаева*

*Г. В. Колбин*

*З. Н. Камелиденов*

*Дубаев - тергеуіш*

*Сот*

*Сейіткерім Қожаназаров*

*Жандарбаев - облыстан келген өкіл*

*Рахымбаев - аудандық ҚПК 1-хатшысы*

*Жұмабаев - хатшы*

*Үкімет адамы*

*Бірінші перде*

*Бірінші корініс*

1456 жылы Жәнібек-Керей сұлтандардың Қазақ хандығының туын көтерген Қозыбасы маңындағы Хантауының жайлауы. Жаздың жаймашуақ, мамыражай ортасы. Отан алдындағы борышын өтеп, әскери киіммен келген Қайрат (көтеріңкі көңілмен, шаттана) – Асыл анашым, сәламатсыздар ма!? Ауыл-аймақ, ағайын-туыс, құда-жеқжат тегіс аман есен бе? Әке, бауырларымның хал-ахуалдары қалай? – деп анасын қүшактайды.

Дәметкен (киіз үйдің алдында Қайратты аймалап-толғаныл)

- Құлымым, сонау Қыыр-Шығыстан аман-есен жеттің бе?! Тіфә, тіфә тілім тасқа! Есейіп, толысып, көп-көрім жігіт болыпсың ғой! Ағайын-туыс бәрі аман-есен. Әкең Ногайбай мал соңында. Жақындаған Алматыдағы мұғалімдер институтына қабылданған інің Талғаттан өзге бауырларың ауылда. Өзінді әбден сағыныппын. Енді жанымнан ұзамашы, балам!!.

- Қайрат (көңілді күйде) – Ана, әскер қатарында үлгілі қызмет еткенімнен хабардarsыз. Өздеріңізге де болімше командирі алғыс хат жіберген жоқ па еді!? Сондықтан

маған жоғарғы оқу орнына тұсу үшін жолдама берді. Осы жолдамамен мен институтқа жеңілдікпен қабылданамын.

Дәметкесі (қапалана ойланып). Шиесттей бала-шаганы асырау оңай ма?! Күндіз-түні мал соңында жүрсек те, табысымыз мardымсыз. Сенің оқуга баратыныңды ойластырган жоқ едік. Асықтай қаражат жинастырайық, Алматыға келесі жылы барсаң қайтеді?!

Қайрат (сенімді түрде) Қаражат жағын ойлап қиналманыздар, маған жолғағана ақша берсеңіздер болды. Биыл қалай да болмасын жоғарғы оқу орнына қабылданамын.

Дәметкең (шарасыздықтан мұңайып). Алған бетінен қайтпайтыныңды білемін балам. Қай институтқа барғын қеледі.

Қайрат (батылдана өжеттеніп). Сәулетші-құрлысыны мамандығын ұнатамын. Құдай қаласа 4-5 жылдан соң сіздерді мен өзім асраймын.

Дәметкең (екі қолын жайып). Қыңыр баба жолыңды оңғарсын. Барлық арман-тілегің орындалсын, жарыым! – деп Қайраттың бетінен сүйеді.

*Екінші перде*

*Екінші корініс*

Дауысталып оқылады: Алматы. 18 декабрь (ТАСС). Кеше кешкісін және бүгін күндіз Алматыда ұлтшыл элементтер арандатып салған окушы жастар тобы көшеге шығып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жуырда болған пленумының шешіміне наразылық білдірді. Бұл жағдайды бұзақылар, арамтамактар және қогамга жат басқа да адамдар пайдаланып, право тәртібінің өкілдері жөнінде правоға қарсы әрекеттер жасады, сондай-ақ бір азық-түлік магазинін, жекеменшік автомобилдерді өртеді, қала азаматтарына қарсы намысты қорлайтын әрекеттер жасады.

«Қара бауыр қасқалдақ әні» мұңая-қайғырған дауыспен орындалады.

Г.В. Колбин (түтіге ашууланып). Камалиденов жолдас, бұлар қайdan шыққан ұлтшыл, бас бұзар бұзақылар. Алаңға шыққандардың бәрін қамандар, окудан, жұмыстан куындар. Ата-аналарының да тәртібін қарап, коммунистік партия қатарынан шығарындар. Жасақшы Савицкийді өлтірген қылмыскерді үш күннің ішінде тауып, маған хабарлаңдар!!.

3.Н.Камалиденов (жарамсактана). Құп болады, Геннадий Васильевич бұйрықтарыныңда барлығы да айна-қатесіз орындалады. Дінмұхамед Қонаевты жастар алдына шыгарып сөйлестек қайтеді, өзініздің шақыртуыныңбен ол кісі дәлізде күтіп отыр ғой.

Г.В.Колбин (жақтырмай). Қонаевты үйіне анарып тастаңдар. Михаил Горбачевпен жаңа гана телефонмен хабарластым. Қөтерілісшілерге басқалай шара қолданамыз.

3.К. Камалиденов (жалпаң қағып). Аса мәртебелі Геннадий Васильевич, Орта Азия әскери округінің қолбасшысы генерал Лобов: - «Армия халқына қарсы соғыспайды» деп, бізге бағынғысы келмей отыр емес пе?! Оған қарсы нендей шара істей аламыз?!

Г.В.Колбин (өктем дауыспен). Лобовтың мәселесімен тікелей өзім айналысамын. Бас хатшының бұйрығымен Новосібір, Челябі, Уфа, Тбилиси, Свердловстан ішкі істер министрлігінің ариайы болімшелері ұшақтармен бүгін Алматыға жеткізіледі. Бюро мүшелеріне хабарла, бәрің сол ұшақтарды дұрыстаң күтіп алындар.

«Менің Қазақстаным» әні орындалады

Желтоқсан қөтерілісінің көрінісі:

Әскери киімділер ұл-қыздарды ұрып-соғып, қолдарын қайырып әкете бастайды.

*Үшінші перде*

*Үшінші көрініс*

Қолы кісендеулі Қайрат темір тордың ар жағында ашулы-айбатты қалыпта ары-бері жүр.

Дубаев (жақында, аяр-сиқырлықпен). Мир мен Сәтбаев көшелерінің қызылысында 18 декабря 11-12-лерде жасақшы Савицкийді басынан таяқпен үш рет ұрыпсың ғой.

Қайрат (ашына). Мен ол маңға барған емеспін. Ленин проспектісіндегі «Қазақстан» қонақ үйінің алдында қазак қызын шашынан сүйреп бара жатқан бір милиционерді ұрып, жас аруды арашалап алғаным рас.

Дубаев (кулыққа көшіп). Савицкийді таяқпен ұрганыңды көрген күәлерді шақыртсам қайтесің?!!

Қайрат (сенімді түрде) 18 декабря 11-12-лерде Ленин проспектісі бойында болғанымды дәлелдей алатын жігіттер бар.

Дубаев (ойланыңқырап) Егер де сен Савицкийді өлтірдім дег мойында масан, ауылдағы әкеңді согтағамыз. Және де милицияға қол көтергенің үшін өзің де көп жылға согталасың. Сонымен қай жолды таңдайсың?!

Қайрат (штей толғанып – әкем согталса, бауырларым мен анамды кім асырайды?) Нар тәуекел! Пещенеме жазылғанын көрейін. Савицкийді өлтірген мен-ақ болайын. Әкел қағазынды қол қоямын. Тек, әкемді мазаламандар.

Дубаев. Жарайсың, жігітім, енді бәрі ойдағыдай болады! Куанғанынан Қайратты құшақтап ала жаздайды.

#### *4-перде*

Сот. Айыпкер – Қайрат Рысқұлбеков сізге ақтық сез беріледі.

Қайрат (жанындағы үш жолдасымен қасқайып тұрып)

...21-де жасым бар,

Күнәдан таза басым бар.

Бозторгайдай жаным бар,

Алам десен алындар.

Қайрат деген атым бар,

Қазак деген затым бар.

«Еркек тоқты құрбандық»

Атам десең, атындар!

Сот. Советтік қоғамға аса қауіпті әрекеттері: - Қызмет бабындағы милиционерге қол көтеріп жарақат салғаны үшін, - жасақшы Савицкийдің өміріне қастандық жасап, өлтіргені үшін қылмыскер – Қайрат Рысқұлбековке ең жоғарғы жаза ату жазасы берілсін!

Қайрат (ашына дауыстап) – Ана, менің еш жазығым жоқ. Жаламен кетіп барамын. Кешірімшіл едің ғой, ана кешір мені! Сізді тындалап оқуға келмегенімде, мұндай жағдай болмайтын еді.

Дәметкен (куйзеле жылап). Атынды Қайрат дег қойып еді 1, қайраттан! Алла тағала жар болсын жарығым! Қайыр – қош, амандықпен жолығайық құлныным!

#### *Tортінши көрініс*

Мойынқұм ауданы мұғалімдерінің 1987 жылғы тамыз мәслихаты – (дауыстап оқылады)

Сейіткерім (мінбеде қолында Қайраттың хаты). Құрметті ұстаздар. Қайрат Рысқұлбеков біздің түлегіміз. Өлім жазасына кесілді. Қазір түрмеде отыр. Тіпті, кінәлі болған күнде біз оған ортақпаз. Өлім жазасын басқа жазага ауыстыруды сұрап үкімет басшысына хат қабылдайык.

Жандарбаев (жактывымай). Мына мұгалім ақымақтын сөзін сөйлем түр. Бұны тыңдамандар.

Сейіткерім (қаймықпай). Менің ұсынысымды дауыска салыңыздар! Рахымбаев (ашулы түрде). С. Қожаназар жолдас дереу, мінбеден кетің!

Залдан. Уақытты алма, хватит, қойсайшы! (деген дауыстар шығып, Сейіткерім қапалана залдан шығып кетті).

### Сәл үзіліс

Рахымбаев (ызалы кейінте). Жұмабаев жолдас, ауыл-ауылдарда партия үйімінің жиналыстарын өткізіп, Қайрат Рысқұлбековты: - Арак ішегін, бұзық болатын, аниана шегетін» деп қаралап, Жоғарыға мінездемелер жіберіңіздер!

Жұмабаев (жалпастанып). Құп болады, Рақымбаев жолдас. Біраз аудан орталығындағы жиындарды кеше-ак бастап едік. Сауда мекемесіне қызмет ететін екі неміс әйелі шырқымызды бұзып, мінездеме дайындауға кедергі келтіріл бақты емес пе!?

Рахымбаев (қабағын түйіп). Олардың аты-жөнін жазын маған тапсырыңыз. Жоғарыға мінездемелерді тездетіп жіберетін болыңыз.

«Желтоқсан желі» әні домбырамен ашу-ызалы айбатпен орындалады.

### Бесінші көрініс

Жоғарғы сот (үрэйленіп). Шетелдіктердің талап-тілектерімен Қайрат Рысқұлбековке тағылған ату жазасын 20 жылға ауыстыруға мәжбүр болған жоқпаз ба?! Қайрат кейіннен түрмеден босанып шығатын болса, жалған тергеу-сottaулардың құпиялары ашылып қалса қайтеміз.

Үкімет адамы (бәсек дауыспен). Сендерді ғана емес жоғарыдағы көкемізді де бұл мәселе қатты ойландыруды. Үлкен кісі Свердлов облысына жеткізбей, Семей түрмесінде Қайраттың көзін жоюды тапсырды. Бұл бүйрек өте сенімді адамдарға жүктелді. Так, что, тек дымың ішінде болсын....

### *Эпилог*

Қайраттың рухы (ақ киіммен шаттықты көтерінкі күйде).

Жараткан Иеміз жар болып, ата-бабаларымыз гасырлар бойы аңсаган Тәуелсіздікке кол жеткізгеніміз рас па, өтірік пе?! Паһ шіркін! Дей бергенде, Колбиннің рухы (қара киімді, алак-жұлақ етіп, алдынан шыға келді):

- 1986 жылы Михайл Сергеевич қоярда-қоймай Қазақстанды басқаруға жіберіп еді. Мындаған жастар наразылықпен көтеріліс үйымдастырыған болатын. Оларды қан-жоса етіп күшпен басып едік, соның кесірін қөрмейсің бе?! Мені тозаққа жібергелі жатыр. Өзің қазақ екенсің ғой, маган ара түсе алар амалың бар ма?!

Қайраттың рухы (жиіркене). Біздің қазақта «Жақсы жүрген жеріне кент салады, жаман жүрген жеріне өрт салады» деген аталы сөз бар. Осы нақыл 1986 жылы айнымай келген жоқ па?! Қазақ халқының рухын басып-жанышып, жастарымыздың ар-намысын қорлау мақсатындағы пасық-арам пигылдарының зардалтарын енді тартып жатырсындар ма?! Баратын жерінің тозақ екендігін Алла-тағалам баяғыда-ақ шешіп қойған. Михайл Сергеевичің де, өзің де беделден жүрдай болып халық алдында қарабет болғандарың өтірік пе?! Есесіне халқым Тәуелсіздік алып, айы онынан туып, әлем алдында абыроны аскактаң тұрган жоқ па! Өзім болсам, Қазақ елінің аяулы ұлына айналып, Халық Қаһарманы атанып, бүгінде пейіштің тәрінде жүргенімді көзің ағып кетпесе, қөріп түрсің ғой!? Енді бұл жерден тездетіп табаныңды жалтырат!

Шымылдық!

«Ар-Ай» 25.10.2006.

## **ҚОС БАТЫРДЫ ҚОСАҚТАҒАННАН НЕ ҰТАМЫЗ?!!...**

Бабаларымыздың көкейтесті де көкжиекті арманы Тәуелсіздік алғанымызға 16 жылға аяқ басты. Бұл аз уақыт емес. 70 жыл бойы темір құрсаулы-ұстемдік құрган Кеңестер Одағының сайқалды саясатына әлемде алғашқы болып қаймықпай қарсы тұрган Қазақ жастары 1986 жылдың желтоқсанында жанкешті ерлік үлгісін көрсете алды.

Желтоқсан көтерілісінен соң көп ұзамай, Кауказ, Пірибалтика елдерінде де халықтық толқулар толқыны «Кереметтей көрінеген Қеңестер Үйінің керегесін» айтарлықтай шайқалтты.

Көпшілік білебермейді, «келмеске кеткен» Одақтыңақырығы патшасы М.С.Горбачевтың Қытай Халық Республикасына 1989 жылғы ресми іс-сапары да қайғылы оқигага үласқанын. «Мәртебелі қонақтың» екі жұзді әрекеттеріне наразылық танытып он мындаған Қытай студенттері Бежиннің (Пекиннің) Тянь-Энь-Мин алаңына шығып ашықтан-ашық қарсылық танытқаның. Қытай басшыларымен мінберге шыққан М.С.Горбачевтың дереу Мәскеуіне қайтуға мәжбүр болғанын кезінде Орталық теледидар ашық көрсеткен. Нәтижесінде Бежиннің Тянь-Энь-Мин алаңы қып-қызыл қанға боялып жұздеген жастар қыршыннан қылды. Осы қанды оқига әлі күнге дейін күпия күйде калып отыр...

Өткен жылы Желтоқсан көтерілісіне 20 жыл толу қарсаңында тәлім-тәрбиелі маңызы бар іс-шаралар атқарылды. Бұл ретте біз даңқты жерлесіміз – Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековты әрдайым маңтаң тұгыымыз керек. Қайраттың рухын құрметтей отыра жастарымызды отансүйгілтікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдарында 1991 жылы құрылған Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор ауыз төлғырып айтарлықтай ауқымлы жұмыстар атақара алды. Бұл жайлы баспасөз беттерінде кеңінен жазылып келеді...

Өткен жылы 13 наурызда Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің тікелей атсалысуымен, Б.Есеев, Ж.Сейдазімов, Ә Зәуірбеков, мырзалармен М. Халықованың демеуімен аяулы ұлымыз Қайраттың 40 жасқа толу құрметіне Шу өнірі жас ақындарының Мүшәйрасы өткізілді. 2006 жылы 20-22 қараша күндері аудан басшыларының қолдауымен қыршын боздақтың қорғаушы-ұстазы Сейткерім Қожанар, Желтоқсан қаһармандары – қазірде Алматыда тұрып жатқан жерлестеріміз Қали Қамбаров, Кенжебай Отарбаев, Қайрат Рахметовтармен бірката мектептерде, оргалық кітапханада, мұражайда окушы-жастар және копшілікпен келелі-ұмытылмастай кездесулер жоғары деңгейде өтті десе де болады. Сондай-ақ Қайраттың құрдасы – аудандық таэквондо федерациясының президенті М.Тілеуқұловтың ұйымдастыруымен жастар

арасында Қ.Рысқұлбеков атындағы дәстүрлі Республикалық турнир жетінші мартे өткізілді. Қайрат Рысқұлбековтың рухын қастерлеу жолдарында Республикамыздың түкіртүпкірінде көптеген шарапалар атқарылуда. Әсіресе Абай бабамыздың үрапақтары – семейліктердің Қайратқа деген ықыласы ерекше. Семей қаласындағы бір орта мектеп даңқты жерлесіміздің атымен аталады...

Осыларга орай көптен бері қоқейімде жүрген қоқейкесті пікірімді алға тартып, копишилікпен ой бөлісуді жөн көріп отырмын.

Қайрат өткен ғасырдың 1973-81 жылдары Төле би ауылындағы С.Шәкіров атындағы мектеп-интернатта сегіз жыл дәріс алғып, аудан орталығында балауса балғын шағын өткізгені көпшілікке белгілі. Қ.Рысқұлбеков атындағы қоғамдық кордың тікелей мұрындық болуымен осы мектепте мұражай бөлмесі ашылып, 2001 жылы тақта тас қойылды. Желтоқсандықтар болсын, сырттан келген қонақтар болсын Қайрат оқыған мектепті көреміз деп, ең алдымен атаптың білім ордасына ат басын бұратыны айтпаса да түсінікті емес пе?!

Сегіз жылдық мектеп-интернат ретінде 1959 жылы ашылған білім ордасы 1978 жылдан Кеңестер Одағының батыры С.Шәкіровтың есімін иеленіпті. 1996 жылдан орта мектеп-интернат, көп ұзамай интернат жабылып, 1998 жылдан бері орта мектеп дәрежесін алған.

1922 жылы Талас ауданында дүниеге келген Сәду ағамыз Ұлы Отан соғысында Днепрден өтерде ерекше ерлігімен көзге тускен. Майданнан оралған соң ұзақ жылдар Дружба (қазір Мойынқұм ауылы) кеңшарында партком хатышысы қызметін атқарғанын дүйім жүрт біледі. 1977 жылы дүние салғаннан кейін сол ауылда жерленіп, ескерткіш орнатылған.

Кеңестер одағының батыры С.Шәкіров ешқашан ұмытылмайды. Уақыт өткен сайын жаңғыра түсетіні айтпаса да түсінікті.

Халық қаһараны – Қайрат Рысқұлбеков болса Тәуелсіздік туын алғаш көтерген, еркіндік пен бостандық жолында өзін құрбан еткен ұлтжанды тұлға. Сондай-ақ Жамбыл облысы бойынша бірден-бір Халық қаһарманы. Сәду ағамыз бен Қайрат бауырымыз Кеңестер Одағы дәуірінде өмір сүргенімен

екі заманның, яғни екі дәуірдің батыры іспеттес екендігі ақиқат.

Меніңше, батырлар есімінің бүгінгі күндері небәрі 200-те жуық, нақтылап айтсақ, 180 оқушысы гана бар кішігірім мектепте қосарлана аталуы жараспайтын да секілді. Аудан орталығындағы 5 мектептің арасындағы ең аз оқушының қамтыған осы С.Шәкіров атындағы мектеп. Соңғы кезеңдердегі мектен басшыларының оку ісіне, бала тәрбиесіне немікүрайлы қарал, кадрлерді іріктеудегі қырсыздығы кесірінен білім ордасының қазіргі мүшкіл халін жаңадан тағайындалған директор Хаджыәкпар Нұргалиев оңалтатын шығар деген үміттемін.

Осындай оралымсыздарға қарамастан мектептегі өткізілетін көптеген мерейлі басқосуларда Сәду Шәкіровтың есімі көлеңкелі тасада калып қоятыны жасырын емес.

Сәду ағамыз ұзак жылдар ел ігілігі жолында еңбек етіп, маңдай терін төккен Мойынқұм аулындағы орта мектепке де Мойынқұм есімі берілген. Кезінде «30 жылдық», тағы бірнеше атауларды иеленген орта мектеп 1988 жылы жаңа тимаратақ көшіріліпті...

Көршілес Мойынқұм ауданы тагы бар. Мойынқұм ауылындағы Мойынқұм орта мектебі деген екі-үш есімді қосарланып жүргеніне де біраз уақыт болыпты. Осы орта мектепке Сәду Шәкіров ағамыздың есімі өзі сұранып тұрған жоқ па?! Іргелі ауылдағы орта мектептің оқушылары С. Шәкіров мектебі шәкірттерінен екі еседен астам, көп дәлірек айтсақ, 400-дей екендігі еш бүкпесіз шындық...

Бұл иғі шара Мойынқұм ауылындағы жеткіншектерге отансүйгіштікті тәрбие берудің жоралғы бастамасы боларына ешкім дау тудыра қоймас. Осы мақсатта Сәду ағаның ағайын туыстары да, жерлестері де бұндай ұлағатты іске қолдау көрсететін шығар деген ойдамын..

С.Шәкіров орта мектебіне Қайрат Рысқұлбековтың, Мойынқұм орта мектебіне С.Шәкіровтың есімінің берілуін ұстаздары мен оқушылары, ауыл-аудан ағалары, білім бөлімі, аудандық, облыстық ономастикалық комиссия өкілдерінің орынды түсіністікпен оң шешім шығаруға ат салысуларына мезгіл жеткен сияқты.

Бұл иғі бастама біздің атымызды шығару үшін емес,

немесе рушылдыққа-жікшілдікке бұрмалау мақсатында емес, келешек ұрпақтарымызды үлтжанды, имандылы, адамгершілікке тәрбиелеу үшін аудай қажет!!!

*05.03.07 облыстық «Ақ жол» газетінде  
қысқартылғырап жарияланды.*

*Парламент мәжілісінің депутаты Мұхтар  
Шахановқа анық хат*

**ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ БЕТ-ПЕРДЕСІ  
2030 ЖЫЛДАН КЕЙН ФАНА АШЫЛАДЫ МА!?**

Дүниені дүр сілкіндірген, тәуселсіздік туын ең алғаш көтерген қасіретті 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің қадір қасиетін бүгінгі таңда еңбектенген сәбиден еңкейген қарияға дейін түсінетіні әқиқат.

Желтоқсан көтерілісінде Қайрат, Ләззат, Ербол, Сабирадай боздақтар қыршынынан қылса, жүздеген азаматтар жазықсыздан-жазықсыз қудаланып, темір тордың ашы дәмін татты.

Жан дүниелері айтарлықтай жараганып, денсаулықтары сыр бергендейктен, Жұбан Молдагалиев, Дүйсетай Бекежанов, Асанбай Аскаров, Әркен Ұақ сынды агаларымыздың жалған фәнімен ерте қоштасқанын кім жоққа шығара алады?!

Халқымыздың біртуар нарқасқа қайраткері Д.А. Қонаев атамыз да елімізге сінірғен көл жылғы еңбегінің зейнетін өз дәрежесінде көре алмай, мәңгілікке коз жұмды!

2006 жылы Желтоқсан көтерілісіне 20 жыл толмақшы. Боздақтардың төгілген қаны мен жазықсыз зардал шеккен мындаған жаңынц жазылмас жарагаларына тікелей кінәлі деген екіжүзді, сатқын сұрқиялардың жазалануыбылай тұрсын, бәрі дерлік, арамызда алшаң басып жүр. Тінтен, еліміздің билік тізгінінен өмір бойы айырылғысы келмей отырған бәтуасыз, ар-ұяттан жүрдай көсемсұмақтарға не дерсін!

**Аса құрметті Мұхтар Шаханұлы!**

«Мың өліп, мың тірілген» халқымыздың айықпастай

бітеп жарасына айналған қасиетті көтеріліс тақырыбын мен жайдан-жай қозғал отырган жоқпын. Жаратқан Иемізден жазуы шығар, 1980 жылдардың соңынан бастап сол тарихи оқиға қаһарманы – ұлттымыздың маңтаныны Қайрат Рысқұлбековті ақтаң, оның атын ардақтауга байланысты қогамдық жұмыстармен айналысын көлемін.

Даңқты жерлесіміз, котеріліс құрбаны – Қ. Рысқұлбеконтың рухын құрметтей отырып, жастарымызды ұлтжанды адамгершілікке тәрбиелуе мақсатында 1991 жылдың наурыз мерекесінде Мойынкүм ауданында Қайрат атындағы кор ашқан болатынбыз. Бұл ретте әсіресе, боздақтың қорғаушы үстазы Сейткерім Қожаназар қайсарлы табандылық таптыты.

Сейткерім аға 1987 жылы Мойынкүм ауданы мұғалімдерінің тамыз мәслихатында қаймықтай жалақорлықпен ату жазасына кесілгендегі Қайраттың жазасын жеңілдету жайлышынде қана қоймай 1990 жылы Алматыдағы желтоқсан істерін тексеру комиссиясына құжаттар тапсырып, Қ. Рысқұлбеков қорын ашуга мұрындық болды. Сол кезде туган ауылымыздың мектепке Қайраттың есімін бергізейік, оған ескерткіш орнатайык деп Секеңмен бастама көтеріп жүргенімізде кейбір ағайындарымыз бізге құле қарап: «Осы екеуінің естері дұрыс емес, бір нәрсслері жетіспейді!» - дегендерін өз құлағымызбен естідік. Тіптен, маған жаны ашығансып: «Қайратты неге ауызга аласындар, бір күні басыңдан айрылып қалма!» - дегендер де боялды.

Кейінірек 1992 жылдың 21 ақпанында Қ. Рысқұлбеков заң жүзінде ақталып, сең қозғала бастағанда, Қайратты кезінде жөнсіз қаралап: «Ол бұзық болатын, арақ ішетін, анаша шегетін», - деген мінездемелерді жогарыға жібертумен айналысқан аудан басшылары Сейткерім Қожаназар екеумізге жол бермеуге тырысып бақты. Кейбір алқалы бас қосуларды екеумізді шеттетіп, тіптен Қ. Рысқұлбеков қорының тізгінін өз қолдарына алғылары да келді. Бірақ қашшама жанталасқандарымен, қара ниеттілердің пасық ойлары іске аспады.

Осындай керітартпалы қыншылықтарға қарамастан. Қайрат қорының тікелей үйымдастыруымен:

1. Туған ауылы Бірліктегі Киров атындағы мектепке Қайрат Рысқұлбеков есімі беріліп, алдына Белгітас қойылды.

2. Кіндік қаны тамған Отаныңда Ескерткіш орнатылды.  
3. Тұған ауылындағы Гагарин көшесі мен Алматыдағы  
Обручев көшесі Қайрат есімімен аталды.

4. Ұлтжанды, өнегелі қасиеттерімен козге түскен қазақ  
жастарына Қайрат атындағы сыйлық тағайындалап, лайықты  
иелеріне тапсырылды.

5. Ең негізгісі – көптеген әуре-сарсаңнан соң, Қ.Рысқұлбеков жатқан Семейдегі түрмсінің 21-камерасына 1993 жылы шілденің соңында біриеше азаматпен кіріп, Қайраттың мәйітін алғаш қараган дәрігер-сарапшы Болат Шалагановпен пікірлесе келе, оның өміріне қастандық жасалғанын анықтадым. Бұл жөнінде «Азаттық» радиосында, «Қазақстан-1», «Хабар-2» телеарналарында, «Ер намысы – ел намысы», «Қайрат және Желтоқсан көтерілісі» кітаптарында жан-жақты айттылды. «Жас Алаштың» 2001 жылғы 7-шілдедегі санында «Қайратты өлтірген кім?» деген колемді мақалам жарияланды.

6. Сондай-ак, Семей, Тараз, Алматы қалалары мен Мойынкүм ауданында өткізілген ақындар айтыстары мен спорғық жарыстарға Қайрат атындағы жүлделер белгілеп, тапсырылды.

7. Алматыдағы Сәулет-құрылыш академиясында, Шу ауданындағы Қ. Рысқұлбеков 8 жылды оқыған С.Шәкіров атындағы мектепте мұражай бөлмелері ашылып, Қайрат туралы деректі құжаттар жинастырылған, топтастыруға атсалысадамыз.

Кезінде осындай игі шараларға халық болып көмектесті. Қоптеген мекеме, мектеп, тіpten, балабақша мен жекелеген азаматтар қаржы аударып, нақтылай жәрдемдесті. Олардың бәрін тізіп шығу мүмкін емес.

Мұха өзінізге де белгілі, 1992 жылы 10 қыркүйекте Бірлік ауылны орнатылған ескерткіштің бас демеушісі болған сол кездегі «Төле би» банкісінің басшысы I-топ мүгедегі Мамырбек Әбдірахманов еді. Ол, сонымен бірге Қайрат мектебінің озат оқушыларына стипендияға, туыстарына комекке қомақты қаражат бөлді. Кейіннен қызмет бабымен Мәскеуге қоныс аударса да қос балдағымен жер түбінен Қайраттың Отанына келіп, оның рухына Құран бағышталып тұруды ұмыттайды.

Мамырбектің айтуы бойынша 2000 жылдың маусымында Шыңғыс ағамен екесінің Елбасының Мәскеуге барған саларында М. Әбдірахмановқа жолықтырылғандар. Мамырбек Бішкектегі Шыңғыс пен Мұхтар ағаларға бірге барайық деп, қолқа салды.

Желтоқсан дүрбеленінен соң, ҚҚП-нің Мойынкум аудандық комитеті жер-жерде жиындар үйімдастырып, «Қайрат арақ ішетін, анаша шегегін бұзық болатын» деп, мінездемелер дайындағып, жогарыға жібергүмен айналысқанын тағы да қайтауыматура келіп отыр. Өйткені, осыған сәйкес Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1987 жылғы 20-тамызда қабылданған қаулысыбылай үзді:

«Жасалынған қылмыстың ете ауырлығын, қотамға қауіптілігі және одан туындаған қайғылы жағдайларды, Қазақ КСР Прокуратурасының кешірім жасамау жөніндегі қорытынды пікірін назарға ала отырып, сондай-ақ, Қ. Рысқұлбековқе берілген нашар мінездемені (бөлектеген мен. – М.У.) ескеріп, Рысқұлбеков Қайраттың кешірім суралу туралы өтінішін қанагаттандырмаяuga шешім қабылданған.

Төралқатөрагасы – С. Мұқашев, хатшысы – С. Нұрлебеков. Сол құжатты журналист-жазушы Коммунар Табей 1994 жылы 40 мың дана таралыммен жарық көрген «Қайса рухты қазақ» кітабының 65-бетінде ешқандай түсінік бермей, «жерден жеті қоян тапқандай» жариялады Сонда қаралған мінездеменің қайдан шыққандығы көрсетілмеген.

Ал біз болсақ, сол жағылған күйеден Қайратты тазарту жолында қаншама уақыт жүйкемізді жүқартып арпалыстық.

Ашығын айтсақ Қайраттың басына қара бұлт үйірліп, тергеуде жүргенде, оның ата-анасы ажырасып кезеңе з жағдайда болғандықтан, жұртшылықтың оларға деген пікірі жақсы болмады. Осыны пайдаланған «үш әріп» тыңшылары бастарымен қайғы болып, жүрген туыстары Қайратқа болыса алмайды, жалалы ашуға шамалары келмейді деп, Рысқұлбековты құрбандыққа шалғаны ақыкат.

Қ. Рысқұлбековтың есімін туган ауылындағы мектепке бергіземіз дегенде, Бірлік ауылындағы ағайындар біздің бетімізге түкіргендеге дәрежеде қарсылық көрсетті. Қайраттың ұлтжанды рухын қастерлеп, жастарымызға үлгі-

өнеге етуіміз керек деп, көптеген үгіт-насихат жүргізіп барын, сәуір айтыстардан соң ғана жеңіске жеттік.

Сіз мынадай жайтардан да хабардар шыгарсыз, Мұхтар Шаханұлы!

1993 жылдың 20-шілде күні жоғарғы Сотта Қайраттың ата-анасының арызы бойынша өтемеки төлеу туралы іс қаралатын болды. Сол сотқа өзім де қатысып, БАҚтар өкілдері мен К.Табейге де хабар жеткіздім. Сонда сез алыш, аса қажет жағдайда қор есебінен Қайраттың ата-анасына қаржылай көмектесіп келгенімізді, бірақ, тек Рысқұлбековтың ғана емес, Ләzzат, Ербол, Сабираның туыстарына да мемлекет тарапынан жеңілдікті жәрдемдер керек екенін айттым. Соттың аяғына қарамай Қайраттың өлімі жайлы деректер алуға Семейге аттандым. Мен жолда жүргенде баспасөзде Жоғарғы Соттың шешімімен Қайраттың құны есебінде туыстарына 31,5 миллион сом берілетін болды деген хабар шықты.

Алғашында ол ақшаны «материалдық көмек» деп жүрген аласы Дәметкен Асанбаевадан екі жыл өткен соң анықтап сұрасам, ол: «Сол ақшаның қағаздарын аларда, Қайраттың «құны» деген құжатқа қол қойдым» - деп, бір-ақ айтты.

Осындай жағымсыз әрекеттерден кейін Қайраттың қорына қаржы тусу мүлде тоқтады. Жанашыр жігіттер: «Енді қордың жұмысын тоқтатқаның жон. Қазақта құн төлеген соң, еш нәрсе дауланбайды», - деп, ақыл айтумен болды. Халық Қаһарманы атағының берілмейтіндігін ескергі. Меніңше, бұл – аласының қараңғылығын пайдаланып, Қайраттың өліміне қатысты істерді жылы жауап қою үшін, жоғарыдан әдайілеп үйімдастырылған зымиянды әрекеттер еді.

Оған келіспей, Қ.Рысқұлбеков мектебінің ұстаздарымен ақылдастып, Елбасы мен Жоғарғы Кенеске, сондай-ақ, БАҚтарға наразылық үндеулер мен хаттар жолдадық. Бішкектегі өзінізге де хабарластық, мұны сіз де қолдадыңыз.

Желтоқсан комитеті мен елжанды азаматтар құзырлы орындардан Қайратқа Халық Қаһарманы атағын беруді талап етіп жатты. Нәтижесінде, 1996 жылдың желтоқсанында президентіміздің Жарлығымен Қайрат Рысқұлбековке Халық Қаһарманы атағы берілді.

Мұха өзінізге мәлім, кейбір қараниеттілер: «Ләzzат

Асанова Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жою», - деп, «бұйректен сирак шығарып», аяулы қыздың әруашын қаралауға тырысты. Бірақ сол кезде қайсаrlық танылған Ләzzаттың анасы жүйкені жұқартса сағыздай созылған сот процесінде қараниетті жалақорлардың ауыздағына құм құйып, женіп шыққанын дүйім жүрт біледі. «Аққа Құдай жақ» демекіші үстіміздегі жылдың 28-мамырында Алматы аудандық сотының судьясы Қайша Ішисебаева еліміздің тәуелсіздігі үшін жанын пиде еткен 16 жасар Ләzzат Асанованың аруагына тіл титізіп, оның анасының жанына жара салғаны үшін жалақор Гұлсара Ізтілеуовага моральдық шығын отеуіне 50 мың теңге айып-пұл самуга үйгарым шығарды. Сол күндері батыр ананы қолдан. демесу болған ақ жүрек азаматтар мен қоғам өкілдерінің салында болғанымды мен үлкен мәртебе санаймын. Тарихи манизы бар осындай куаныштың құрметіне маусымның мамыршай кешінің бірінде Ләzzатты актаута белсенді атсалысқан Төлеген Элжанов, Қалдыбай Әбенов, Батырхан Әрімбет Шәріп Құрақбаев сынды қайраткерлермен катар сіз жөне Асанәлі Әшімов зайнитарынызben, Алтынай Асанованың отбасында бас қостық. Сонда мен 1993 жылдың 21 мамырында Қайраттың өміріне қастандық жасалғанын күәгерлер көмегімен анықтағанымызды, бірақ о кезде бізді енікім қолдамағанын, керсінше, Коммунар Табейдің мені «Қайсаr рухты қазак» кітабы мен «Алматы ақшамы» газеттерінде жөнсіз қаралғанын, кезінде Қайраттың туыстарына кор есебінен айтарлықтай қаражат берілгендігін ескерітім.

1996 жылы 26 караашада мен телефон желісі арқылы президент Н.Назарбаевқа, Алматыда Желтоқсан құрбандарына мұражай ашу қажеттігін айтқанмын. Бірақ ол мұны қолдамады. Мен «Егер біз мұражай ашып, Желтоқсанға қатысуышыларды сараптап, жогала бастаған құжаттарды дер кезінде жинастыrsақ, мүмкін Ләzzат Асановаға жала жабылmas па еді», - дегенімде, Сіз: «Мұражайды қолға аламыз», - дедіңіз. Сондай-ақ, мен: «Мұхтар аға, Талғаттың сізге «Қайрат және желтоқсан көтерілісі» кітабын апарғаны, сіздің: «Талғатжан, мұндай лас кітапты неге үстайсың?» - деп, оны лақтырып жібергеніңіз рас па?» - деп, отырган

азаматтардың көзінше екі мәрте қайталап сұрадым. Сонда Сіз: «Жоқ, мына кітаптарды бірінші рет көріп тұрмын», - дедіңіз (екінші кітап «Ер нағызы – ел нағызы» болатын). Сіз де, жігіттердің бір-екеуі де: «Талғаттың істеп жүрген тірліктері жақсы адамның ісі смес», - деп, ашық айттыңыздар. Бірақ, пендешлікке бармауымды өтіндіңіз. Сондай-ақ, сіз Талғат пен анасының озінізге келіп: «Мәкен Қайрат қорының ақшасын «асан» қойды», - деп айтқанын естірттіңіз. Мен қордың ақшасына байланысты, тіптен, туыстарының арыз-өтініштеріне орай берілген қаражаттың құжаттары да сактаулы екендігін, олардың біразын өздеріне де көрсеткенімді, егер шынымен «асан» қойсам, баяғыда-ақ сотқа беретінін айттым.

### Кұрметті Мұқа!

Өзі оқыған мектепке Қайраттың есімін бергізуге қатысты көп қындықтар туындағанда, мен сізбен хабарласып тұрдым. 1992 жылдың 10-қыркүйек күні оның тұган Отанында ескерткіш орнату рәсіміне қатысып, сіз «Оралу» өлеңін арнадыңыз. Шу өзені жағасындағы қонағасынан соң қоштасарда маған: «Ескерткіш орнаттың, саған енді ешкім кедергі келтірмейді, Қайраттың олімінің құпиясын ашуға шық», - дедіңіз. Есінізде болар, 1993 жылдың 9 наурыз күні «Жалын» журналының редакциясында Қайраттың өлімін анықтауға белсene ат салысын жүрген семейлік Мерей деген азаматты өзінізбен бетпе-бет кездестірдім. Мерейдің ерекше қасиеті – бір көрген адамның қандай екендігін жазбай таниды. Содан соң екеуміз Семейге бірге аттандық. Жолда ол: «Мұхтар Шахановқа мені неге жолықтырдыңыз? Ол кісі шын ниетімен жүрген жоқ. Желтоқсан көтерілісін тексеруді аяғына дейін жеткізбейді», - деп, ренжісін те қалдық.

Өзінізбен сол жолы кездескенімізде: №381, 9-наурыз 1993 ж. Мәкен Уақов Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың төрағасы. Қазір Қ. Рысқұлбековке қатысты мәлімет, дерек жинаумен шұғылданып жүр. Сондықтан осы жігітке қол үшін беруінізді өтінемін!» - дей жазып, Қазақстан Республикасының халық депутаты лауазымымен қол қойып, құжат бердіңіз. Сол жылды шілденің аяғында, жоғарыда айтқанымдай, Қайраттың мәйітін алғаш көрген дәрігер-

сарапшы Болат Шалағановтың айтуымен Қ. Рысқұлбековтың өміріне қастандық жасалғандығын айна-қатесіз анықташып, Соңғы деректерге қарағанда, таңғы тәтті үйқысын пайдаланып, Қайратты буындырып өлтірген Власенко на белгісіз себептермен кейін қайтыс болыпты.

Ал Қайраттың мәйітін суреткетүсірғен ішкі істер бөлімінің қызметкері (атын әзірге атамай отырмын): «Пленка басқа біреудікі екен», - деп еді. Сөйтсе алдаған екен. Қайраттың мәйітінің пленкасы әлі күнге дейін сол жігітте екендігін растиған хабар естідік. Не деген намыссыз, жігерсіз жігіт? 16 жыл өтсе де, сол пленканы беруге жүрегі дауаламай жүр. Есесіне қызметі де, шені де көтеріліпти.

Қайраттың өміріне қастандық жасалынғанын анықтаган соң, мен сізді таба алмадым. Қырғызстанға елші болып кетіпсіз. Ал, қолдау көрсетеді деген Коммунар Табейдін мені жамандап жазудан қолы босамады.

### **Мұхтар Шаханұлы!**

Біз бас қосқан маусымың сол кешіндес Сіз магаш: «Пендешилікті қою керек», - дедіңіз. Алайда, біреулдер жазықсыздан-жазықсыз қаралап жатса, қалай үндемей отырасын. 1998 жылдың сәуірінде К.Табей Алматының Жетісу аудандық сотында жылармандай халде менен кешірім сұрап, судья Б. Шошықбаевтың үйгарымымен үш талабымды орындауға уәде берген еді, бірақ екікүзділік танытып, уәдесін орындаамады.

Нұрекеңнің ықпалы болды ма, Шыңғыс аға екеуініз жіберді деп, 2000 жылдың 26-маусымында Мамырбек Әбдірахманов Мәскеуден ат арылтып келгенде, үлкен кісінің: «Желтоқсан көтерілісін, Қайраттың өлімін қозғай бермесін, әйтпесе, өзіне қиын соғады», - деп айтқанын ескерткен болатын. Сонда қайран қалған мен: «Шыныменен Мұхаң мен Шықаң жіберді ме?» - деп сенбей Мамырбектен қайта-қайта сұрағанмын. Осыдан кейін, 1996 жылы телефон арқылы желтоқсан құрбандарына Алматыда мұражай аны туралы қойған сауалым Президентке неге ұнамағанын түсіне бастадым. Ойткені, онда Желтоқсан көтерілісіне қатысты құнды деректер жиналышп, көтерілістің нағыз қаһармандары анықталар еді. Шындығын айтсам, сол бір қанды оқиғаларға

байланысты осы уақытқа дейін кішілі деген бірде-бір адамның жазаланбауына қарап, осы Нұрсұлтан ағамыздың Желтоқсан көтерлісіне тікслей қатысы бар ма деген қудікті ой туындаиды.

Оздеріңіз де ойлат қараңызы: нақ сол кездे Министрлер Кеңесінің тәрағасы болған Нұрсұлтан Назарбаевтың ары таза, оның еш кінәсі жоқ еді деп, кім айта алар екен! Менің түсінігімше, ішкі істер министрлігі, сөт, прокуратура, ҮҚҚ және басқалары түгелдей Министрлер Кеңесіне бағынды емес пе?! Мұндай жағдайда жастарды қан-жоса қылып жазалауга Колбин ауызаша әмір беруі мүмкін дегениң өзінде, мұны премьер-министрдің келісімінсіз істемесі ҳақ. Тек Орта Азия әскери округінің командашысы, генерал-лейтенант В.Н. Лобов қана алаңға әскер кіргізуға қарсы болып: «Армия өз халқына қарсы соғыспайды», - деген. (Алматы. 1986 ж. «Желтоқсан», 2 кітап, 47-бет). Сонда республикадағы екінші басшы лауазымдағы Нұрекеңің орыс генералы Лобов құрлы Колбинге наразылық айта алмағанын қалай түсінуге болады?!

Бұғандегі көпшілік көкейін осындай ойлар мазалайтындығы – аңы шындық. 1999 жылдың қараша айында «Солдат» газетінің 18-санында жарық көрген Қазақстандағы ең дәүлесті адамның есімі елдің бәріне мәлім» атты мақаланы оқи отырып, жоғарыдағы сауалдарға жан-жақты жауап тапқандай болдым. Енді сол деректерді қысқаша баяндап көрейік. Республика басшысы Д.Л.Қонаев 1979 жылы Қараганды обкомының хатшысы Н.Назарбаевты ҚКП ОК-нің хатшылығына тағайындағы, ағалық, қамқорлық танытады. 1984 жылы Нұрсұлтан Эбішұлы Министрлер Кеңесінің тәрағасы қызметінс жогарылайды. Жүре келе, оның автокөлік министрі Караваевпен бірлесіп, қомақты қаражатты талан-таражға салғандығы ашылып қалып, 1986 жылдың күзінде Димекең М.С.Горбачевқа жазбаша құжаттар тапсырды. Сонымен қатар, Назарбаевты мешеу елдердің біріне елшілікке аттандырулы ұсынады.

Бірақ, Назарбаев та бұл кезде қарап отырмай, Одақ басшылығындағы жанашырлары арқылы Горбачевтың қолына Қонаевтың өзінің үстінен әлдебір мағлұматтар түсіреді. Бас хатшы, ойланған келс өзінің қайта құру саясатын

жолдан жүрген Назарбаевты, қаржыға байланысты қылмыстық стерге қатысты болуы мүмкін екендігіне қарамастан корған, қолдайды. Есесіне, Қонаевты қызметтен кетіреді. Алайда, Назарбаевтың теріс әрекеттері жөнінде біле тұра, оны Қонаевтың орына тағайындауга дәті бармайды.

Осы жағдайлардан соң Алматыда болып, кейін «прогресшіл қазақ жастарының коммунистік режимге қарсы бас көтеруі» цеп ұқтырылған қайылы оқиғалар. ынтуайтында, Республика партия үйымының басына «бөтен біреудің», яғни, Ульяновск облпарткомының бұрынғы бірінші хатшысы Колбиннің келуіне қарсылық түрінде эткен кландар арасындағы билік үшін тартыстың көрінісі болатын. Назарбаев 1991 жылы жазған «Әділеттің ақ жолы» атты кітабында өзінің көшे бойында ашу-ызыға бұлықкан жастар тобына жолыққанын, сонда демократияны батыл жақтап, азаттық туын желбірете көтерген күйі, жігер отымен шабыттанған көшілікі алға бастаганын еске алады. Ал, шын мәнінде оқиға оның естелігіндегіден біраз өзгешелсө өрбіген еді. Әлбетте, ол ашықтан-ашық топ бастап, алаңға шыққан жоқ, керсінше, номенклатураның өзге де өкілдерімен бірге мінбеде тұрып, «бұзакыларды» дереу тараған кетүге шақырды. Алайда, Горбачев пен Колбин жоспарына қарсы бағышталған атамыш бұқаралық акция, кейір деректер бойынша, Министрлер Кеңесі торағасының тікелей қаржылық колдауымен үйымдастырылған болатын.

Кейін орталықтан жіберілген тергеушілердің естеліктеріне сүйенсек, Желтоқсан оқиғалары халықтың аяқ астынан туындаған ашу-ызысына сырттайғана ұксас болған. Расында, жоғарыда айтканымыздай, бұл Қазақстан басшылығының өз ішіндегі шешуші ықпалға ие кландық тобының мүдделерін атап өтіп, сырттан келген адамды бірінші басшылыққа тағайында арқылы Назарбаев пен оған қарсы жақ арасында жасанды тепе-тәндік орнатуға тырысқан Кремль саясатына қарсы әрекет еді. Сол үшін белгілі бір сәтте жастармен Назарбаевтың сенімді адамдары жұмыс істесе керек. Кейінрек Одақтық баспасөзде қайдан шыққаны белгісіз қара «Волгалардың» әр жатақхананың алдына тоқтаганы. Соның ертесіне «арақпен бой жылытқан» қазақ жастарының алаңға ағылғаны жайында аз жазылған жоқ.

Істің ақыр сонында тергеу қорытындылары жылан жалағандай жып-жылмағай болып ныға келді. Басқалардың өз билігіне көз алартушылығы, мұдделеріне нұсқан келтірушілігі «Қазақстандағы этностар арасында ірі қактығыстар туғызуы әбден мүмкін екендігін» тайга таңба басқандай дәлелдеп берген Назарбаевпен жанжалдасуға Колбин де. Горбачев те бата алмады.

Осыдан кейін бірінші хатшы Колбин «Тұрғын үй – 1992» таріздес қысынсыз, экономикалық жағынан негізделмеген науқандармен және кезінде Қазақстаниң бұрынғы басшысы Қонаевқа жақын адамдарды даңғаза көтере әшкерлеумен шектеліп, істен шеттеп қалың деуге де болады. Осындаи әшкерелеулер мен «ұлгілі» жазалаулардың қайсысыда Назарбаевпен құпия жағдайларда келісіліп отырғаны анық. Желтоқсан оқигаларының себенгерін түсіндіру кезінде басты «кінә» Қонаевқа аударылды. Баспасөзде: «Қонаев жастардың алдына шығып, оларды үйді-үйіне таратуға шақырғысы келмеді. Олай болса, осының бәріне кінәлі соның өзі», - деген пікір қайта-қайта қадай айттылып жатты. Ал, Димекеннің естелік кітаптарында сол кезде Колбиннің алғашында өзін әңгімелесуге шақырғаны, сосын қабылдау бөлмесіне бірнеше сағат бойына қантарып қойып, ештеңе түсіндірмesten (алаңда тұрган жастарға арнап сөз сөйлеуге жібермегенін айтпағанының өзінде) үйінс қайтарып жібергенін түсіне алмаганы жазылды.

Ульяновскілік «шүрегейдің» коңіл-күйіндегі осы бір кілт озгерістің нәзік кілті Назарбаевтың қолында болуы да мүмкін, өйткені, ол атальмын оқигадан соң көпшілік алдына жария немесе құпия «күнәшарларды» алып шығу қажет болатынын жақсы түсінді, әрине. Сондықтан бар кінәні саясат сахнасынан тайдырылған Қонаевқа тағу, бір жағынан, жүргт назарын өзге жаққа бұруға көмектессе, екінші жағынан, бір кезде Горбачевтың алдында өз қылмысын әшкерлегені үшін кек қайтаруға да мүмкіндік берсе керек.

Өрмекшінің торы тәрізді осындаи шытырман жүрістер Назарбаевтың аса айлакер адам екенін көрсетеді. Соның арқасында ол 1989 жылдың шілде айында ҚКП ОК-нің бірінші хатшысы болды.

Осының бәрін ой елегінен откізсек, біздің «қадірлі

резидентімізді» ары да жаны да таза қайрагкер деуге болға іштей! Мениңше Нұрсұлтан Назарбаев халық алдында ең алдымен желтоқсандықтарды жазалаушы басшылардың бірі етінде өте ауыр қылмысқа барды, сондықтан ол жүзденен оздақтардың қанынан ешқашан тазарып арыла қоймайды.

Ел басының одан кейінгі соракылығы – Жаратқан Иеміз ыйлаган халқымыздың бір байлығын талан-таражга салу рұқылы өзінің үрім-бұтагы мен жақын-жұрагалтарының іексіз байып, қалың жұртшылықтың керісінше, ауыр үйзеліске ұшырауына тікелей себепкер болуы...

### **Мұхтар Шаханұлы!**

Мәскеуде 1989 жылы халық депутаттарының алдында Желтоқсан көтерілісі жайлы мәлімдеме жасауынызға тікелей іқпал еткен азаматтардың бірі, бүгінде АҚШ-та тұратын Алмас Естековпен мен бірер мәрте жолынанмын. Өзінің 001 жылы «Каскад» газетінде шыққан «Размышления о Казахстане» деген мақаласында Алмас алғашында Олжас Сүлейменовті үтітеп, ол көнбекен соң, Рашид Нұтінен кеүінің өзінізді жанын сала қайрап салып, ертеңіне отетін өзінде Желтоқсан көтерілісі жайлы мәлімдеме жасау үшін ұжаттар тапсырғанын айтады. Сонда сіздің экология конинде айтамын деп. Горбачевті алдаусыратып шыққаныңыз құртшылыққа мәлім.

Енді Алмастың жазғанына көз жүгіртейік: «На следующий день он выступил на съезде. Именно в тот день он стоял на очередь к выступлению от Казахстана. Назарбаев «побил» его прямо при всех и пошел к выходу из зала съезда Народных Депутатов Верховного Совета СССР, чтобы он «языком не молол, что попало»... Вот тогда я и подумал: «Да, этому дву пальца в рот не суй – удавит!» Бұған не дейсіз! «Желтурмаса, шөптің басы қымылдамайды» деп бекер айтпайды ой. Мәскеуде, дүйім жұрттың алдында Нұрекенің сізге қол жұмсағанын басқа да біраз азаматтар айтатын. Соның ындыққа айналғаны осы емес пе?!

Осындай сорақы жағдайларға қарағанда, Желтоқсан көтерілісі туралы ақықат 2030 жылдан кейін гана ашылады ма деген ой мазалайды. Алтынай Асанованың дастарханында сіз: «Қайраттың туыстары сені қордың ақшасын «асап»

қойды дейді», - деп екі мэрте қайталаңызыз. Сонда мен қуаныштың отырыстың шырқын бұзғым келмеді. Енді, реті келгенде, Мұқа, сізге мынадай сұрақтар қойғым келеді.

Бірінші: 1987 жылдан бастап «Арал-Азия-Казахстан» халықаралық қоғамдық комитетінің Президенті болыңыз. Сол комитет Арал өңірінің халқына қаржылай немесе нақтылай әлеуметтік тұргыда нендей комектер көрсетті? Мұхтар аға, көnlілізгे келсе де айтайын: аты дардай болғанымен, заты тарыдай да бола алмаған халықаралық комитеттің, ең құрығанда, Арал теңізінің тартылған суында да із қалдырмай жоғалғаны үят емес пе?! Бәлкім, осы комитет халық игілігі жолында айта журерліктей істер атқарғанда, аты шулы Парламент Мәжілісінің сайлауында шалғайдағы Шиеліні шулатпай-ақ, Арал аумагындағы №43-сайлау округінде сенімді де, батыл тұрде додага түсетініңіз ақиқат еді гой.

Екінші: 1992 жылы Алматыда сол кезде жастар комитетін басқарған Иманғали Тасмағамбетовпен және басқа зиялышармен бірлесіп, «Желтоқсан жаңғырығы» қорын аштыңыздар. Қайраттың ескерткіші мен төс белгілерін жасағтырғанда, мен жастар комитетіне ат басын бұрып тұрдым. Сондағы жігіттер қорға миллиондаған ақша түсіп жатқанын мақтанышпен айтып жүретін... Осыған орай мен ауылда 1991 жылы құрылған Қайраттың қоры, жогарыда жазылғандарды еске алсаңыз, коптеген иғі істер атқарғанын мақтанышпен айта аламын. Қаржы қыншылығына қарамастан, әлі күнге дейін тәуелсіздік мерекелеріне орай Қайрат Рысқұлбековті еске алу мақсатында спорттық жарыстар өткізуге ат салысадамын. Мәселен, 2000 жылдан бастап Шу ауданында ұйымдастырылып келе жатқан тоқвандодан Қ.Рысқұлбеков атындағы турнир қанатын кең жайып, алдағы уақытта республикалық дәрежеде өтетіндей деңгейге көтерілді. Аға жаттықтырушы Марат Тілеуқұлов пен бапкер Беріков Мақсаттың шәкірттері, ағайынды Баһрам мен Ильхом Асимовтар, Мақсат Ческаев, Ескендір Әзімжанов, апалы-сіңлілі Әділбаева Дағия мен Дауриялар облыстық, республикалық жарыстардың жүлдегерлері катарынан көрінуде. Бір өкініштің, 9-сынып оқушысы Меруерт Әшірбекова көктем мен күзде Қарағанды, Шымкентте

өткізілген республика біріншіліктерінде екі мәрте женіс тұғырына көтеріліп, Саха еліндегі Азия біріншілігіне жолдаманы жеңіп алғанымен, Шу ауданының атқамінерлері мен спорт комитетінің жетекшісі Г. Ванина деген ханшайымдер кезінде қаржылай көмек бермеуі салдарынан бара алмады.

Ал, басы-қасында жүріп оздерініз басқарған сол «Желтоқсан жаңғырығы» қоры не тындырды? Оған түскен қыруар қаржы қайда кетті?! Осыған қандай уәж айтасыз?! 1990 жылдардың ортасында «Желтоқсан» комитетінің жігіттері сол қаражатты даулап, сол кездегі вице-премьер Иманғали Тасмағамбетов мырзаға қайта-қайта барып, кіре алмай жүргенін байқаганмын, Мұхтар Шаханұлы! Актыңын айтыңызы, осы көтерілген мәселелер де пендешілікке жатады ма?!

Мұқа, қалай болғанда да, өзіңіз тікелей араласады, тіпті мұрындық болады деген үмітпен сез сонында мынданай ұсыныстар айтқым келеді:

1. Желтоқсан көтерілісіне байланысты күнәшарлар халық алдында қылмыстарын мойындаң, кеширім сұрасын. Ондай қадамға бармаса, қарабеттер қылмысты жауапқа тартылсın!

2. Желтоқсан құрбандарына жеделдете Алматыда мұражай ашылсын.

3. Сәулет-құрлық академиясына Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың есімі берілсін.

4. Желтоқсан боздақтарына Алматы мен Астанада ескерткіш орнатылсын.

5. Чайковский атындағы музыкалық колледжге Ләззат Асановының аты берілсін.

6. Л. Асанова, Е. Сыпатаев, С. Мұхамеджановаға «Халық Қаһарманы» атағы берілсін.

Меніңше, осындағы ұлағатты шараларды жүзеге асыруға тікелей ат салыссаңыз, жастарымызды – адамгершілік пен үлтжандылық рухта тәрбиелуе жолында айтарлықтай іс тындырған болар едіңіз.

«Antra KZ» 24.06.2005.

## **АКАДЕМИЯГА Қ. РЫСҚҰЛБЕКОВТІҢ ЕСІМІ БЕРІЛЕТІНІНЕ СЕНИМДІМІЗ!**

Желтоқсан көтерілісінің құрбаны, Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековті білмейтін қазақ жоқ шығар.

Қайрат Рысқұлбеков атындағы қорлың үйымдастырымен талай ігі шаралардың атқарылып жатқанынан да ел-жүрт хабардар. Енді біз атқарып жатқан шаралармен шектеліп қана қоймай, жазықсыз жастардың қанын төккен, темір торға қаматқан кінәлі жандардың қылмыстарын мойындал, жауапқа тартылғанын талап етіп отырмыз. Осы уақытқа дейін халқымыздың басына төнген қасіретті де қаралы құндерге байланысты бірде-бір кінәлі қылмыскердің жазаланбауын қалай түсінуге болады? Желтоқсан көтерілісіне қатысқандардың, қайтыс болған боздақтардың көбі әлі күнде дейін белгісіз. Сондықтан Үкіметке қояр екінші талабымыз – Желтоқсан құрбандарына мұражай ашылсын. Ушіншіден, Қайраттың өзі оқыған Сәулет-құрылтыс академиясына оның есімі берілсін!

Үрпактарымызға аудадай қажет осы бастаманы көптен бері көтеріп келеміз. 2001 жылы Үкіметке хат жолдаған болатынбыз. Ол жақтан біздің ұсынымыздың Алматыдағы Сәулет-құрылтыс академиясында ректораттың кеңейтілген мәжілісінде қаралғанын, иәтижесінде ректорат мүшелерінің пікірі екіге бөлініп (жиналғандардың тең жартысы институттың алғашқы сәүледеші-ұстазы Т. Бәсеновтың есімін беру жөніндегі ұсынысты қолдаган), жеткілікті дауыс жинай алмаганын хабарлады. Бұған мойынсұнып отырган біз жоқ. Ерте ме, кеш пе, әділдік орнап, академияға Қайрат Рысқұлбековтың есімі берілетініне сенімдіміз!

*«Жас Алаш» 8.11.2007.*

## **ЖЕЛТОҚСАНҒА ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН ЖҰЗДЕСУ**

Биыл Қазақстаниң Тәуелсіздігінс 15, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне 20 жыл толады. Осынау айтулы

күндердің қарсаңында ауданымызда бірқатар шаралар атқарылды. Соның бірі - 86-дагы қанды оқигаға қатысқан адамдардың ауданымызга келуі. Делегация құрамында «Желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қали Қамбаров, жастар дүмітіне қатысуши, бүгіндеги бизнесмен шұғылданушы Кенжебай Отарбаев, Қайрат Рахметов және Коммунистік партияның дүрілдеп тұрған кезінде не тайсалмай Қайрат Рысқұлбековке алғаш рет ара түскен мұғалім - Сейіткерім Қожаназаров болды.

Ауданымызда бейбіт мақсатпен Алматыдағы алаңға шығып, сottaлmasa да жапа шеккен С.Шәкіров атындағы орта мектебінің бастауыш әскери дайындық поинің мұғалімі Кенжебек Ибрағимов ұжым жұмысшысы Нұргали Оңашабаев және Жеңқазған қаласында жастар митингін үйімдастырушылардың бірі Марат Ақжігітов секілді желтоқсаншылардың тұратынын ерекше атап откен жон.

Игілікті шараны үйімдастырған аудан әкімдігі, аудандық білім бөлімі, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және Қ. Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қордың төрағасы Мансур Уактегі кездесуді бір кезде Қайрат оқып, білім алған С. Шәкіров атындағы орта мектептен бастауды жөн көрді. Желтоқсаншылар алдымен Қенес Одағының Батыры Сәду Шәкіровтың ескерткіші мен Қ. Рысқұлбековтың мемориалды тақтасына гүл шоктарын қойды. Содан кейін мектептің мұражайына беттеді. Бұл кезде мұражайды патриоттық тәрбие жөнінде сабак жүріп жатыр екен. Мектепті аралап болған соң, желтоқсаншылар осындағы оқушылар мен ұстаздар ұжымына желтоқсан көтерілісі жайлы және өдан кейінгі өз өмірлері мен тағдырлары жайлы әнгімелеп берді. Иә, олар сол нағыз желтоқсан көтерілісін (желтоқсан оқигасы емес) елдің тәбе шашын тік тұрғызыған қанды қыргын оқигалардың әнгімелерін өзек етті. Уш күнге созылған кездесуде қонақтар тұрғындармен 20 кездесу откізді. Атанай айтқанда Бірлік ауылындағы «Х. Дулати» атындағы, Қонаев ауылындағы Төле би атындағы орга мектебінде, аудандық кітапханада, аудандық мұражайды, сондай-ақ Әуезов атындағы, Бекмаханов атындағы, №10 қасіптік мектепте, Шу қаласындағы Алтынсарин атындағы, Баласатын атындағы, Белбасар ауылындағы Уалиханов атындағы

орта мектептерде кездесулер өтті. Әсіреле, Бірлікstem ауылындағы Мәдениет үйіндегі жергілікті тұрғындармен кездесу зор үйымшылдықпен өтті.- Алматыдағы алаңға барып, бейбітшілік мақсатымен митингіге қатысқандардың 10,5 мыңға жуығы әкімшілік және құқықтық жазаға тартылса, 101-і сотталды, оның 23-і арулар болатын. Екі адам жүйке ауруханасына жатқызылып, 11 адам Алматыдан 500 шақырым қашықтыққа жер аударылған. Бұл ресми дерек кана. Ал қаншама жазықсыз жандар опат болды. Ешқандай түсінік жұмыстарын жүргізбей, жастарды аты-жөні жоқ алаңнан қуды. Тек қуып қана қойған жоқ, аяусыз ұрып-соғып, қыздарды аюандықпен қорлаған жоқ на?! Сол бір қанды оқиға үстінде жаракат алып, тәсін жарапалған жандардың осы күнге дейін жүректері сыйздайды. Тұрлі ақпарларға қараганда қанша адам қамауга алынып, сотталғаны, қаншасының бақылық болғаны осы уақытқа дейін қупия сақталынуда. Ал патриот жастардың төгілген қаны үшін жауап беретін жан бар ма?...1996 жылы 9 желтоқсанда КР Президентінің Жарлығымен Қайрат Рысқұлбековке, өлген соң, “Халық қаһарманы” атағы беріліп, “Алтын Жұлдыз” ерекше белгісімен марапатталды. Иә, Қайрат, Ләzzat, Сэбира, Ерболдар елінің тәуелсіздігі жолында жандарын қиып, Желтоқсан көтерілісінің ұранына айналды. “Желтоқсан” қоғамдық бірлестігінің төрагасы К. Қамбаровтың өзі оқып, білім алған М. Өуезов атындағы орта мектептің шәкірттері концерттік бағдарлама дайындалып, Қайраттың тағдыры жайлыш сақналық қойылым көрсөтті. Ал бір кезде Кенжебай Отарбаев оқыған Баласагұны атындағы орта мектебінің шәкірттері де желтоқсандықтарды қарсы алуға өте жақсы дайындалыпты. Біз мектеп оқушылары, ауыл тұрғындарымен кездесуден кейін мектеп мұражайын араладық. Мұнда көне тарихымыздан мағлұмат беретін экспонаттар жетерлік екен. Себебі бұл ауыл көне қала Баласагұн қаласының іргесіне орналасқан ғой. Кездесудің соңғы күні аудан әкімдігінде мекеме, ұжым өкілдерімен кездесу өткізіліп, аудан әкімдігі қонақтарға кешкі қонақ асын берді. Сонымен бірге қонақтар Мәдениет үйінің әртістері дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалады. Оны басқарған аудан әкімінің орынбасары А. Нәметқұлов желтоқсаншыларға

аудан әкімінің Алғыс хатын тапсырды. Мұндай шара ауданымызда бірінші рет өтіп отыр, алайда кездесу оте жоғары деңгейде атқарылды десек артық айтқандық емес. Бұл істе К. Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қорының төрагасы М. Уақтегінің үлесі де аз емес. Бүгінгі жастарды еліміздің тарихы қатты қызықтырады, сондықтан да олар үлкендердің ойына келмеген сауалдарды қоя білді. Мәселен “Сіздер қамақтан бостандыққа шыққан соң өздерінізде азаптаған адамдардан кек алуды ойладыныздар ма? Қайрат Рысқұлбековтың өз өміріне қол жұмсағанына сенесіздер мे? Егерде ол тірі болғанда кім болар еді? Неге осы күнге дейін кейбір адамдар әлі акталмаған? Сіздерге Үкімет тарапынан қандай көмектер көрсетіліп келеді? Желтоқсан оқиғасына қандай мәртебе берілді?” деген сұрақтарға жауап беру үшін тарихқа жүгініп көрейік.

1986 жылы 16 желтоқсанда Оргалық Комитетінің Пленумы ғылыми-практикалық жылдар бойы елімізді басқарған Д.А. Қонаевты орнынан алып, оныша Қазақстанға белгісіз Колбинді тағайыннады. Сол кездегі республиканың өзге басшылары үлттық ерекшеліктің қағидалары өрескел бұзылғанын айтуга батылдары жетпей, Мәскеудің шешімін үнсіз қабылдады-ау деп ойлаймын.

Тәуелсіздік... былай айтқанда Желтоқсан көтерілісін көптен күткен тәуелсіздігіміздің түп қазығы деп айтуга болады. Ал оның бағасы қандай? Қаншама қан төгілді, қаншама тағдыры тәлкекке түсті? Содан бері табаны күректей 20 жыл өтті. Алайда, жастарға жазықсыз жала жапқандар арамызда алшаң басып әлі жүр. Тіпті мемлекеттік деңгейде ірі қызметте жүргендері де бар. Занды тындаған азаматтардың арасында біздің жастарымыз қалай “үлтшын, бұзақы, нашақор” ағанды? Жазықсыз жапа шегіп, соққы жеген жастарымыздың бәріне болмаса да кеңестік дәүірдің “тар жол – тайғақ кешуін” көрген 101 адамға неге “Халық қаһарманы” атағын бермеске? Солардың қажыр-қайраты менинде атамысының арқасында егеменді ел атанып, тәуелсіздіктің туын желбіретпелік пе? Әлде, әлде-кімдер бұл азаматтар осы атаққа лайық емес деп санай ма?

Алайда уақыт орнында тұрмайды, кешегі жастар бүгін

орта буын өкілі болып саналады. Енді оларды тірісінде қалірлемей, өлген соң, құрмет көрсеткеніміз кімге дәрі? Олардың орден- медалдары жоқ болғанымен бәрі де батыр. өкінішке орай, оларды қоңишилігіміз жылына бірақ рет -- жеттоқсандаға еске аламыз. Мен көтеріліске қатысадардың біразы әлі ақталмаса да өз әрекеттеріне өкінбейтіндігіне сенімдімін. Осы уақытта дейіп анықталмай келеді және Жеттоқсан көтерілісінің мәртебесіне де ресми баға берілмей отыр. Оқымыстылар мен тарихшылар Жеттоқсан оқиғасын «көтеріліс» деп атаудан қашқақтап келеді. Аз уақыт өткен соң, мүмкін, биыл-ақ көтеріліске он баға беріліп, оған қатысуышылар да құрметке ие болатын шығар.

*Айжан ӘУЕЛБЕКОВА  
«Шу өңірі» 29.11.2006.*

## **ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ КӨСЕМДЕРІ КІМДЕР?..**

*Атрушкевич Эркен Уақтан неге өлердей  
қорыққаны туралы*

1986-ның желтоқсан көтерілісінен соң, қараланып-кудаланып, сотталған, «қінәлі» деген ер-намысты азаматтардың аты-жөні жарияланғанда көптің арасынан Эркен УАҚқа ерекше назар аударғаным бар. Сонда, Әрекеңмен кедесsem, таныссам деген құштарлық бой көтерген еді...

Қайрат РЫСҚҰЛБЕКОВ атындағы қоғамдық қордың төрағасы лауазымымен сол кездегі астанамыз Алматыға жиілете ат басын бұратынмын. 1996 жылы 13-наурыз қарсаңында даңқты жерлесіміз – қыршын боздақ Қайрат Ноғайбайұлының 30 жасқа толу құрметіне өзі оқыған Сәулет-құрылыс академиясында студенттермен кездесу өткізуге талпынған едік. Алматыдағы «Төле би» қорының директоры Оралжан МАСАТБАЕВ пен Қайраттың қорғаушы-ұстазы Сейіткерім ҚОЖАНАЗАР, үшеуміз проректор Жанкелді ОТАРБАЕВқа жолыққан сәтімізде

ол жігіт маған: «Сіз ректор АТРУШКЕВИЧке көрінбей-ак қойыңыз. Оның атына хат жазғанда, тек О.Масағбаев пен С.Қожаназар гана жиын откізуге рұксат сураса. Ойткені, осы академияның доценті Әркен Уақов деген кісі Желтоксан көтерілісін үйымдастырышылардың бірі ретінде согтағын. Мәкен Уақов деген аты-жонізге қарап, сізді сол кісінің ең жақын туыстарының бірі деп ойланп, Атрушкаевич үзіндікесілді қарсы болары сөзсіз» деген-ді. Соған қарамастан ұлағатты кештің мерзімі жақындағанда кітапхананы келиншектер: «Бізге ҮҚҚ звондан, өтетін жиын не туралы? Оны үйымдастырып жүрген кімдер?» - деп сұрады деген үрейлерін жасырмады. Дегенмен де, Қайраттың 30 жасқа толатын күнін көлшілікпен атал отіп, кешікней білім ордасынан мұражай белмесін ашуға үйітқы болдық. Төрт бес жыл өткен соң, саулет-құрылыш академиясындағы алкалы бас қосуда Әркен ағамен танысадың сәті түсті. Көпшілік алдында Әркенің ак жүректен актарыла: «Желтоксан көтерілісінен соң, қанышезер тергеушілер мені Қайрат Рысқұлбековпен кездестіріп, мына адамды танисың ба. Оның кісі емес пе, сендерді алаңға шығындар деп үгіттеген?» - дегендес, Қайрат қаймықласты: «Бұл ағайды танымаймын. Алаңға өзіміз шықтық», - деп, мені ашық коргады. Егер, ол басқалай айтқанда, Қайрат емес, мен ату жазасына кесілетінім айдан анық еді», - деп көзіне жас алды...

Кейінірек Әркен Уақовпен «Азаттық» радиосында, т.б. жерлерде кездесіп тұрдық. Бірде Әркен ағамыз, Желтоксан жайлы кітап шыгарғаның, жол-жөнекей сол кітаптың жартысын ҮҚҚ өкілдері тәркілегенін ренжіп жеткізген еді. Ұзақ жылдар бойы Ресейдің Магаданында айдауда болған, жасы ұлғайған асылдың алқасындағы азамат денсаулығынан айырылып оралғанын өзі айтпаса да, сезуші едім. Желтоксандықтардың ар-намысты, ардақты ағасы Әркен Уақовтың қайтпас сапарға аттанғанында қоғам қайраткерлері Батырхан ДӘРІМБЕТ, Көлдейбек БОДЫБАЙмен жаназасына (Рәтбек қажы НЫСАНБАЙ оқыды) қатынасып, әруагына тағзым ете бас идік...

**Назарбаевтың көршісімен таныстым...**

Арада уақыт өте, қайтпас та қайсар күрескер Батырхан

Дәрімбетпен біршама уақыт қызметтес әрі серіктес, әрігес болғанымды мақтаныш тұғамын. 2004-жылдың көктемінде Батырхан: «Түргенде Назарбаевтың кершісі тұрады екен. Сол кісіге жолығып қайтсақ қайтеді?» - дегенде, қуана келіскениммен, ойланыңқырап қалдым... Оған себеп, 1993-жылы Желтоқсан көтерілісінің жеті жылдығына орай Алматыдағы Орталық концерт залында «Желтоқсан жұлдыздары» кеші үйімдастырылған болатын. Ен үлтжанды да, өнегелі қасиеттерімен көзге түскен қазақ жасына арнап Қ.Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қор тағайындаған «Қайрат атындағы» алғашқы сыйлық Омбы қаласындағы қазақтың «Мәлдір» мәдениет орталығының төрайымы Алтынай ЖҮНІСОВАға лайық деп шешкенбіз. Ұлағатты сыйлықты Алтынайға салтанатты түрде тапсыру рәсімінен соң, қонақ үйде Әлимұхамед ЗИЯДИН деген кісімен танысқанмын. Сонда, Әлекең Теміртау қаласында Назарбаевпен көрші тұрғанын, 1963-жылдары отбасымен аралас-құралас болғанын, өздері басқа жаққа қоныс аударғанда Сейфуллин көшесіндегі З бөлмелі пәтеріне Нұрекен Сара жеңгеймен көшіп келгенін айтқан болатын. Әлекең сол кездерде Александровка деген ауылда тұрагын... Мәңгілік Президентіміздің бұрынғы көршісінің Түргендегі үйін әркімнен сұрастырып әрең таптық. Әлимұхамед ақсақалды жазбай таныдым. Ол кісінің көңілін аландағатпайын деп, сабырлық сақтап, амандаусумен ғана шектелдім. Әлекенің күйзеле отырып: «Түгелдей дерлік орыс ұлты шоғырланған Теміртау қаласында «Момақан» атты ұлттық астыртын үйім құрдық. Ұлттық мұддемізді ту ете жүріп, 1959-жылы Теміртау көтерілісін үйімдастыруға мұрындық болдық. Зауыт жұмысшыларынан бастап, басшыларының дені көз көз ағайындар еді. Сондықтан да үйім мүшелері ақылдаса келе, арамыздан бір қазақ шықсыншы деп, жалындаған жас жігіт Нұрсұлтан Назарбаевты комсомол комитетінің хатшысына сайдадық. Үш әріп өкілдерінен қысым көргендіктен, қонысымды жиі ауыстырумен болдым... 1986-жыл Желтоқсан көтерілісінде алаңға ҚОНАЕВтың суретін көтеріп шықтым. Сол суретті әлі күнге дейін төрден түсірген жоқпын. Желтоксанның ызғарлы-аязды күндері, әбден таяқталып, қол-аяғым сүйретіліп, еңбектей жүре

жанашып азаматтардың арқасында аман қалдым. Қайтадан құғын-сүргінге душар болып, ары-бері сенделіл журін, еңбек кітапшам мен құжаттарымнан айырылып, 67-те аяқ басқаныммен, әлі күнге дейін зейнетакы ала алмай келе жатырымын. Тұрген қаласына қоныс аударғаным біраз уақыт болды. 1987 жылы үйленген жұбайым Гүлбүбіден перзен сүйіп атын азан шақырып Дінмұхамед қойдым. 9-сынында оқиды. Мені өте-мәте қынжылтатын жайт, 1960-жылдары Құдайы көрші ретінде сыйласып тұрган Сара-Нұрсұлтан Назарбаевтарға қаншама мәрте хабарласып, хат жазып кездесуге тырысқаныммен, жолым болмады», - деп өз сөзін ренішпен аяқтағаны әлі күнге дейін көз алдымда...

### **Көтеріліс құрбандары 168, әлде 4000...**

Кездескен сайын Әркен ага құрметті де киелі көтеріліс туралы нақты деректердің негізінде кітап жазып жүргенін құлаққағыс ететін. 2002 жылы жарық көреген «Геноцид» кітабы қолыма кешігінгіреп тиген-ді. Бұғанде осы өте қыңы дүниені Әрекеңнің козіндегі сақтап журмін. Орыс тілінде жарық көрген «Геноцидтің» 6-бетінде: «17-декабря тәуекке на Площади были убиты, и тайно захоронены 168 человек, а, 18-декабря там же убиты, и тайно захоронены на кладбище Западное четыре тысячи человек», - деп қара әріппермен баттиып тұрып жазған. Осыны растигын айғақтар беделді басылым «Жас Алаштың» 2008-жылғы 16-желтоқсаның даты санында жарық көрген «Қайдасың, қайсар ерлік рухы?!» топтамасында дәлелденгендей жарияланды. Нақпа-ниң коз жүгіртсек.

Мұхтар ШАХАНАОВ: «Жәке, (Жармахан ТҰЯҚБАЙ) сізден көптен бері сұрасам деп жүргенім бар еді. Желтоқсан комиссиясы жұмысын бітіруге аз күн қалғанда бір орыс офицері келіп, «таңгерлеңгі жиында басшылар бізге желтоқсан көтерілісінде 168 адам қаза болғанын айтты» деп түсіктеме берді. Және өз түсініктемесінде өлгендердің қандай бағытта тасымалданғанын да айтты. Тоғыз адам сол түсініктемені тыңдал күә болды. Кейінрек алға офицерді Мәскеу асырып жіберді. Бір рет үйінс қоңырау сокқанымда әйелі жыларман болып, қайта телефон соқпауымда өтінді. Мен алға жігіттің түсініктемесін комиссия құжатына кіргізіп, комиссия

мүшеслеріне қол қойғызып, осыны жаш-жакты тексеру керек, деген талаппен билікке бергіздім. Бірақ комиссия жабылды, билік тексеру жүргізбеді. Жәке, сізден сұрапым сол кезде билік басында болдыңыз гой, офицердің айтқаны жонінде не білесіз?» Жармахан Тұяқбай: «Жалпы алғанда, желтоқсанда қаза болғандардың саны сіз айтқаннан да көп болуы мүмкін. Біздің республикада хабар беретін бірде-бір ақпарат жоқ. Барлық деректі-құпиялы құжаттар Мәскеуде. Сол құжаттарда өлгең адамдар да жазылған», - деп жауап қайтарған. Керісінше Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Қазақстан» үлттық телеарнасында ұйымдастырылған хабарда: «Желтоқсан қоғамдық ұйымы жетекшісінің бірі Аманжол НӘЛИБАЕВ: «Желтоқсан көтерілісі құндері қайтыс болып, астырытын жерленген адамдар болған емес», - дейді.

Сонда қалай түсінуге болады?!

### **Мұражай ашу аудай қажет??**

...1996 жылы қарашада телефон желісімен Назарбаевқа Алматыда Желтоқсан көтерелісі құрбандарына мұражай ашу туралы айтқанмын. Ол кісі менің өзекті де ұлағатты ұсынысымды қолдаудың орнына, жақтырмай жалпылай данагойсіп, немікүрайлы жауап қайтарған болатын. Президенттің іздің осы жауабы жарияланған «Егемен Қазақстан» газеті әлі күнге дейін менде сақтаулы. Нұрекенің Желтоқсан көтерілісі десе, үрейлене-үркे қарайтыны кім-кімге болса да түсінікті. Мұражай ашу туралы Қ.Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қор көптен бері тұрақты түрде көтеріп келеді. Осы маңызды мәселені 2004 жылы маусымның мамыражай күнінің бірінде қоғам қайраткерлерінің бір тобымен Желтоқсан жүлдізы Ләzzат АСАНОВАның анасы АЛТЫНАЙдың отбасында бас қосқанда Мұхтар Шахановқа айтқанымда, Мұхан: «Жеделдете Алматыда мұражай ашамыз», деген. Бірақ, әзірше сиғтең өнген жоқ. Ашығын айтсақ, еліміздің ертеңі үшін өскелен ұрпақтарымызға мұражай аудай қажет. Өйткені, онда Желтоқсан көтерілісіне қатысты Кремль мұрагатында сақтаулы құжаттарды, Желтоқсан көтерілісінің шынайы корінісі дәлме-дәл түсіндіріліп, Қытай арқылы Еуропа елдеріне таратынған бейнетаспалар, т.б. құнды

деректерді толтастырап едік. Және де көтерілістің накты үйімдастырушыларын толық анықтауға мүмкіндік туатыны да ақиқат. Қазірде Желтоқсан көтерілісінде «мен өйткенін, мен бұйткенін» деген жалған қайраткерлер көбейіп келеді Сондай-ақ, кей лауазым иелерінің туыстары еш қазыны болмағанымен, желтоқсандықтарға арналған жесілдіктерді пайдаланып, пәтер иеленіп, көмектер алып жүргенін де естін жатырыз.

### **Желтоқсан көсемдері кімдер?**

1986-жылғы бүкілхалықтық наразы толқулар Алматыдан өзге қалаларда да орын алды емес пе?! Көшіліктің бас көтеруінің үйімдастырушылары болуы әбден мүмкін. Сондықтан «Желтоқсан көсемдері кімдер еді?» деген сауал өзінен өзі туындастыны айтпаса да түсінікті:

а) Қанышер де қанығезер қарабеттерді жазалатып, киселі көтерілістің мәртебесін көтерудің орнына «мың оліп, мың тірілген» халқымыздың ұлтжанлы рухын жаңын, бірге Қазақстандық ұлт жасауға құлышынып жүрген, Жаратқан ие сыйлаған қазба байлықтарды талан-таражға ұшыратып, көлденен қек аттылардың қисапсыз бауына жағдай жасаған мениң «ұлгі тұтар мәңгілік Президентім» лайықты деген пікірлер де баршылық.

ә) Көзі жұмылғанға дейін аңы шындықты шырқырата айтып, жазып, қалдырган Эркен Уақов Желтоқсан көсемдерінің бірі деушилдер де табылады.

б) Өткен ғасырдың 50-жылдары ұлттық қозғалыс құруға ат салысқан, желтоқсан көтерілісінің аңы де кермек домін татқан Әлимұхамед ЗИЯДИН көрия кімнен кем?!

в) «Жігіттер, үш күнге шыдайық! Үш күн ішінде біздің даусымыз Біріккен Ұлттар Ұйымына жетеді!» деп, алаңға жиналған жастарға үндеу тастаған Қайрат Рысқұлбековты танығанымыз жөн бе?!

Көп сөзді қорытындылай түйінделсек, Желтоқсан көтерілісінің құпиялы сырларының анықталуына, яғни, тәуелсіз еліміздің шынайы тарихын қалыптастыруға қоғамдық үйімдар болып, жекелеген ар-намысты азаматтар болып, бір кісідей ат салысұмызы аса қажет. Осы иісі қазақ

халқының мақсат-мұддесін жүзеге асыра алсақ, келешек ұрпағымыздың алдында бет-жүзіміз ашық та жарқын болмақ!

«Қазақстан», №48-49 (288-289),  
16.12.2009

## ҚАЙРАТ ЕЛ ЖҮРЕГІНДЕ

Өткен аптаның аяғында Шу қалалық «Локомотив» спорт кешенінде ауданымыздың 80 жылдығы, Шу қаласының 50 жылдығы, казақ хандығының құрылғанына 555 жыл толуына арналған және халық батыры Қайрат Рысқұлбеков атындағы жүлдені таэквондо күресі бойынша онынши рет сарапқа салған дәстүрлі Республикалық турнир етті. Өткен жылдардағыдан бұл жолы да бәсекелес командалар Қазақстанның әр-түрлі аймақтарынан жиналды. Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда облысы, Тараз қаласы, сондай-ақ, Жамбыл облысының Қордай, Шу аудандарынан келген спортшылар мен жанкүйерлер алдында аудан әкімінің орынбасары, «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының төрағасы А.Нәметқұлов, Мойынқұм ауданы әкімінің орынбасары Ермек Жантоков, Мойынқұм ауданы мәслихатының апарат жетекшісі Бақыт Сатыбалдиев, Қайраттың анасы Дәметкен Асанбаева сурып-салма ақын Аяз Бетпаев, ақын Бақыт Исаева және басқалар сөз сөйлеп, Төле би ауылы мешітінің имамы Аят Алмаханов халық батырының рухына дұға бағыштады.

Мұнда алматылық «Далина» клубының таэквандошулыры, Шу таэквондо мектебінен дәріс алған спортшылар өздерінің әбден жаттықкан шеберлістерін паш етіп, көрсеткен қимылдары да үйлесімділік тауып отырды. Ал Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің қыздары патриоттық әндерін орындағы.

Бұдан кейін екі кілемнің үстінде таңертең басталған күрескерлер арасындағы жекпе-жек қызып жүре берді. Төрт минуттық тайталас кезінде ұлдар мен қыздар жеңіс үшін өздерінің бар күш-жігерлерін салып, «Локомотив» кешенінің спорт залын ду-дуга бөледі. Жекпе-жекті қызыстаған

жанкүйерлер қатты дауыстарымен айқайлас, ысырып, ездеріне жақын адамдарды үздіксіз қолдан отырды. Айқаста ережені жиі бұзып, спорттық жекпе-жек көркін нәрсіз жәй төбелеске айналдыруға ұмтылған құрескерлерді төрешілер кілемнен ысырып таставады. Сейтіп, әділ төрешілер түпкі мәні бар құрестің қыр-сырына терең үніліп, жеңіл-желі кемшіліктеге көніл болмей, ойын ережесін өрескел бұзғандарға кешірім жасамады.

Келесі күні спортшылар арасынан жаттығуда шындаған нағыз жеңімпаздар анықталды. Әлсіз бәсекелестер құрес алаңынан шыбып, жартылай финал мен финалда құштілер ғана білектесіп, турнир жүлдесін сарапқа салды.

Бұл ретте аудан абырайын асқақтатқан 13 спортшыларымыз чемпиондық тұғырга көтеріліп, турнирдің кубогін жеңіп алды. Бұл жеңісте аудандық таэквондо федерациясының жетекшісі Марат Тілеуқұловтың жетекшілігімен қызмет етіл жүрген талантты жаттықтырушылар Максат Беріков, Ибрагим Рызғұлов, Мәжит Исаев, Шырын Нақысбековалардың енбегі зор.

Осындай келісті турнирді үйымдастырған Қайрат Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қордың президенті Мәкен Уақтегі халық батырының ерлігін мәңгі есте сактап, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге үлкен үлес қосты.

Шу және Мойынқұм аудандарының әкімдері Б.Қарашолақов пен М.Мұсаев, «Сауда сервис» ЖШС-ң бас директоры А.Қойшыбеков, аудандық қорғаныс ісі жөніндегі белім бастығы К.Ердосов, «Максат А» АҚ-ң президенті А.Нұсінқұлов, облыстық маслихат депутаты Т.Халық, локомотив депосының бастығы К.Молдабаев, жергілікті көсіпкерлер Ж.Әділбаев, С.Асатов, аудандық РЭС-тің бастығы А.Есіркенов, аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт белімінің бастығы С.Әбдіманапов, БТА банкі аудандық филиалының бастығы С.Көпбаев, мәдениет және тілдерді дамыту белімінің бастығы А.Есеналиев, № 30 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Г.Ванина, М.Х.Дулати атындағы орта мектептің директоры Т.Байқұлов, «Пульс и К» дәріханасының директоры К.Кеншілікқызы және басқалары демеушілік көрсетіп, осы турнирді жоғары деңгейде өткізуге күш салғандары үшін алғысымызды

айтамыз. Болашакта бұл турнирдің шеңбері ұлғайып, бізге талантты спортшылар көлтеп келетініне сенеміз.

Әкінішке орай, біздің ауданымызда мұндай құрескерлер мен жанқүйерлердің үлкен санын сыйғызытын ыңғайлы жабық түрдегі спорт құрылымы жоқ. Сондыктан, Қайрат Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қордың президенті Мәкен Уақтегі айтқандай, жанқүйерлер мен спортшылар үшін жақсы, қыстық спортық кешен тұргызу қажеттілігі баяғыда пісіп-жетілді. Аудан басшылары бұл мәселеге назар аударады деп ойлаймыз.

*Руслан ИСКАКОВ. Шу өңірі. 16.12.2009.*

## **ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ ШЫНДЫҚТАРЫ ҚАШАН АЙТЫЛАДЫ?!**

Біз құдіретті де киелі Желтоқсан көтерілісі – Тәуелсіздігіміздің алғашқы баспаңдағы деп қайталай беруден жалықпаудамыз. Шын мәніне келгенде осы қаһарлы да қаралы көтерілістің қадір-қасиетін орынды бағалап жүрміз бе? Эй, қайдам! 24 жылға толса да жоғарыдағы билік тарапынан осы уақытқа дейін ресми де саяси тұрғыдан да лайықты мәртебе берілмей келеді...

Біздің тұңғыш Президентіміз 1990 жылдардың басында жазған «Әділеттің ақ жолы» кітабында өзінің 1986 жылдың желтоқсанындағы наразылық шеруге шыққан жастардың алдыңғы салында жүргенін мақташыспен келтіреді. Нұрсұлтан ағамыз шын мәнісінде сол күндері жастардың алдында жүргенде ол кісі зардап шегушілерге жаны ашыған Мұрат Қалмагаев сияқты кудалауға түсін, ауған немесе Балқан тауы асып жазаланып аса мәртебелі Президенттік таққа жететін бе, әлде жетпейтін бе еді, оны бір Құдайым ғана білер еді... Қерісінше, Камелиденов, Мендібаев, Басаров сияқты қаракөз лауазымды басшылар Колбинге жарамсақтанып, екі жүзділік танытса, Орта Азия әскери округінің қолбасшы – орыс генералы Лобов: - Армия халқына қарсы согыспайды, - деп аланга әскер шығарудан бас тартқандықтан, жазалауышы күштерді сырттан алдырыды емес пе?!

«Апама жездем сай» көрімен желтоқсанның сол ызгарлы күндерінен кейін облыстық, аудандық партия, комсомол комитетінің басшылары жер-жерлерде жиын өткізіп, желтоқсаншыларды қаралауға көшкені белгілі. Осындай жиындар Мойынқұм ауданында да айрықша белсенділікпен өткізілді. Бір мекемеде Қайрат Рысқұлбековты қаралайтын қаулыны дайындалғанда жібермекші болғанда, катынасын отырған екі неміс әйелі: - Біз Қайратты танымаймыз, оның қандай қылмыс жасаганын да білмейміз, осы отырған барлығының да балаларының бар, сырттан қалай жамандап хаттама жібереміз, деп қарсы болған...

1988 жылы 21 мамырда Семей түрмесінде Қайраттың өміріне қастандық жасалынды. Элденеше рет әуре-сараңа түсіп, 1993 жылдың шілдесінің сонында бірнеше азаматтар ол қайтыс болған түрменің 21-камерасында таңға жуық Қайраттың мәйтін алғаш қараган дәрігер-сарапшы Болат Шалағановпен пікірлессе көле – қастандық жасалынған тоқтамына келгенбіз... Жас боздақты ақ-арулап жерлеуге оның туыстарын жібермеу мақсатында Мойынқұм ауданының сол кездегі басшылары мен үш әріп өкілдерінің мәжбүрлеуімен Кектерек совхозы комсомол ұйымының хатшысы М.Бегілдаев ата-анасының атынан: - Біздің Семейге баратын жағдайымыз жоқ. Қайратты жерлей беріңдер, деп хат жіберілті. Ол ол ма, М.Қ.К.-нің екі қызметкери (бірінің фамилиясы Ерімпашиев) Қайраттың туыстарын бақылауға алып, олардың дұрыстап шерін тарқатып, сүйекті перзенттің жоқтауға мүмкіншілік берудің орнына, таудан жұмыстарына күгізып, бір аптадай Бірлік ауыльнида жатын тың тыңдаумен уақыт өткізді...

Қайрат сегіз жыл өкілдан мектеп-интернат пен Бірлік ауыльнандағы Киров (қазір Қ.Рысқұлбеков) атындағы мектептің директорлары мен ұстаздары оның атын атаудан қашқақтады. Ал, Бірліктік ұстаз Сейіткерім Қожаназар 1987 жылғы Мойынқұм ауданы мұғалімдерінің тамыз мәслихатында: - ...Қайраттың ату жазасын жеңілдету жайын Жоғарыға ұсыныс жасайық, дегенде, Жамбыл облыстық партия комитетінің лауазымды өкілі Жандар Кәрібаев деген мырза: - Его выступление расчитано на дурачков, деп отырғандардың барлығын оған қарсы қояды. Сол кездегі

басшылардың барлығын қаралау әбестікке жатпас. 1988 жылы Мойынқұм аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына тағайындаған Нұлзия Рақышева сәлкейінірек:

- Қайраттың жанашыр жақындары жоқ па, деп болім менгерушісі Мұсахан Бейімбетов арқылы іздестіріп інісі Талғат Рысқұлбеков пен қорғаушы-ұстазы С. Қожаназарды Алматыда Желтоқсан көтерілісіне байланысты құрылған комиссияның төрагалары – М. Шаханов пен К. Мырзалиевке жібертеді...

1990 жылдардың басында АҚШ-та тұратын қоғам қайраткері әрі кәсілкер А.Естековпен «Алматы» қонақ үйінде кездесудің сәті түскен-ді. Сонда Алмас 1989 жылы КСРО Халық депутаттары съезі күндегі Рашид Тушуев екеуінің басқа халық қалаулыларынан қолдау таппай М. Шахановқа жолығып, құжаттар тапсырып, Мұхаңды жан-жақты үгіттеп, Желтоқсан көтерілісі жайлы «Әйгілі мәлімдемесін» жасауға көндіргенін айтқан болатын. Кейінгі келген сапарында «Каскад» газетін қалдырып, осы жайлы жазылған нақтылы деректерге көзімді жеткізген еді. А.Естековке алғаш жолықанымда:

- Желтоқсан көтерілісі Алматыда басталды гой. Жоғарғы оқу орындарының көбі осында. Сондықтан жастарға патриоттық тәрбие беруге, оларды ұлтжандылыққа баулуды қолға алушы Алғысқұлбековтың мәйітін Алматыдағы Райымбек бабаның кесенесінің маңына жерлеу мәселесін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көтерсөніздер. Егер яки қалың көпшілік пен қоғамдық үйімдар қолдаса, білікті мамандар тауып, саралтама жасаттырып, оның мәйітін жеткізіп жерлеу рәсімдерінің барлық шығындарын өзім көтеремін деген еді. Көп кешікпей «Алматы ақшамының» 1993 жылғы 18 наурызындағы санында «Қайратты Алматыға әкелу қажет пе?» атты мақалам жарық көрді. Сол жылдың шілдесінде КР Жоғарғы сотының шешімімен оның туыстарына «Қайраттың құны» ретінде «сабан ақшамен» 31,5 миллион сом қаражат төлеуге үкім шығарып, үкімет тарапынан болу керек, өлімінің құпиялышының жылы жауып қойғылары келген еді. Көп ұзамай бұл астарлы да бүркемелі әрекетті әшкөрелей Бірліктегі К. Рысқұлбеков атындағы орта мектептің ұжымы мен қоғамдық үйімдар

және мекемелердің атынан Президентке, Жоғарғы Қенеске, бұқаралық ақпарат құралдарына хат жібердік. Зиялыштың өкілдері мен желтоқсаншылардың қолдауымен 1996 жылдың желтоқсанында Қайрат Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағы берілді. «Алматы ақшамы» газетіне жарияланған мақала бойынша редакцияның басшыларына: - Қайратты Алматыга жерлеу мәселесін неге қозғайсындар, дегендегі қатаң қысым болды ма, сол кездегі редактор Е.Сагаттың маған деген көзқарасы күрт өзгерді...

Ұлы Абайдың үрпақтарының өтінішін ескере келе. Қайраттың туыстары мен жерлестері оның мәйітін Семей жерінен қозғамайық деп шешкен еді. Бірақ ел-жүрт болыны Алматыға алып келуге ниет етсе, қарсы емесіз деген. Өйткені Семейлік бауырларға дән ризамыз. Жас боздактың зиратының басына құлпытас қойып, ас бағыштап, ақындар айтысы мен спорттық жарыстар үйымдастырып, күмбез орнатып, көшеге ат беріп, қала орталығы маңынан ескерткіш тұрғызып, бір орта мектепке Қайраттың есімі сыйланды. Цей түрғанмен Қайраттың оліміне кінәлі лауазымды мырзашар әлі қүнгө дейін арамызда алшақ басып жур. Таңға жуық синь мәйітін Б.Шалағановпен бірге көрген ішкі істер органының қызметкері Даulet Әубекіров деген жігіт 1991 жылдың желтоқсанында сақтап жүрген пленканды (Қайраттың қайтыс болып жатқандағы) беремін деп уде еткен. Сол үнін Семейге арнайы келгенімде, ол басқа біреудікі еken деп алдады. Кейіннен сенімді жігіттен естідім, дәл сол тасна еken, сескенді ме, маган бергісі келменті. Кейіннен оның лауазымы өсіп, полковник шенін алышты...

Жалғыз Д. Әубекіров емес, қаншама жарамсак жаңдар 1986 жылдың желтоқсанынан соң бірін-бірі ұстап беріп, мәз-мейрам қалпында жақсы атанип, түрлі маралаттармен ұлықталып, лауазымдарының ескенін қайтеміз. Көтеріліс күндері Алматыда әскери қызметте болған қырғыз жігіті Таалайбек Ылаевтың: - Қанға келген грамотапы ала алмаймын, деп қайтарғаны көпшілікке мәлім. Ш. Айтматов пен М. Шахановтың бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» кітабының тұсауқесері, жаңылыспасам, 1997 жылдың қысында Бішкекте аталаң өткенде, Қайраттың анасы Дағметкен Асанбаевмен барып қатынасқанмын.

Қыргыз еліндегі соң бір айтулы да ұлағатты кеңіте Желтоқсан көтерілісінің қаһармандарының бел оргасында шат-шалымен, қоңылді күйде жүрген Таалайбек бауырыммен танысының, оған дән риза болғандықтан Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың төс белгісін тапсырғанмын...

Былай алып қарасақ, 24 жыл аз уақыт емес. 1986 жылы дүниеге келген сәби бүгінде үйленіп, 1-2 баланың әкесі атанғаны етірік не! Осы күнге дейін Желтоқсан көтерілісіне қатынасқан жастарды аяусыз ұрып, соғып, қандарын төткөне себепкер болған екі жұзді құнәшар-қарабеттердің бірде-бірсуінің жазаланбағанын қалай түсінуге болады?! Басында атап өткенімдей, мәртебелі «Ұлт көшбасшымыздың» 1990 жылдардың басында жазған «Әділеттің ақ жолы» кітабында өзінің 1986жылы желтоқсанда наразылық шеруге шыққан жастардың алдыңғы салында жүргенін мақтанышпен келтіргеніне таңым бар. Өзі айтқанында расында да солай болғанда қогамымызды Желтоқсан көтерілісіне деген, оған қатысушыларға деген козқарас өзгеше қалылтасып, әлдекашан аса құрметті мәртебеге ие болған болар еді ғой!

Әлде келелі де киелі Көтерілістің көсемінің бірінсі айналған, жаны жәннагатта шалқып жүрген шығар. Әркен Уак ағаның жазып қалдырган «Геноцид» кітабының 6 бетінде: 17-декабря только на Площади были убиты, и тайно захоронены 168 человек, а, 18-декабря там же убиты, и тайно захоронены на кладбище Западное четырестысячи человек деп тайға таңба басқандай қара әріптегермен баттитып келтіргені шыныңқа жанаңқан нақтылы деректерге айналғаны ма?!

Желтоқсан көтерілісі құндері бір орыс пен бір қазақ өлді деген Президенттіміздің сөзіне сенеміз бе, немесе Желтоқсаншылардың ағасы - Әрекенің деректеріне сенеміз бе! Болмаса, аңы шындықтың айқара ашылуын тағы да 20 жыл, яғни 2030 жылға дейін күтейік пе?!

23.11.2010

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында қаламыздағы Ә. Жалгелдин атындағы орта мектебінде жасоспірімдер арасында тоғызқұмалақтан Желтоқсан оқиғасы құрбандарын еске алуға арналған дәстүрлі республикалық турнир болып етті. Он үшінші рет өткізіліп отырған басекеге Қызылорда және ОҚ облыстарының аудандары мен қалаларынан 18 команда қатысып, құрамында 54 ұл, 36 қыз бала жекелей, командалық есепте сынға түсті.

Республикалық турнирдің ашилу рәсімінде мектен директоры М. Удерханов спорт ардагерлері А. Мыңбаев, Г. Болғанбаев тағы басқалар сез сөйлеп, жарысқа қатысуышыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, мектен өнерпаздары желтоқсан қаһармандарына арналған олеңдер оқып, сахналық қойылымдар көрсетті.

Екі күндік жарыс додасында “Жұзден жүйрік, мыңан тұлпар” дегендей, шеберлігі мықтыларға тоқтан озын келді. Командалық есепте 30,5 ұлаймен Бәйдібек ауданынан келген тоғызқұмалақшылар бірінші орынға табан тіреді. Екінші орынға сарыағаштықтар ие болса, үшінші орын шымкенттіктерге бүйірды. Ал, жекелей орындарға келер болсақ, бірінші тақтада – Б. Бостандықов (Қызылорда), екінші тақтада – Е. Ағабек (Бәйдібек), үшінші, төртінші және бесінші тақталарда С. Тұрганбаева (Арыс), Д. Бақытжанқызы, Г. Сопбек (екеуі де Кентаудан) бас жүлдені женип алды. Жарысқа жоғарғы ұлттық дәрежедегі төреши С. Катепов бастаған қазылар алқасы төрешілік етті.

- Мақсатымыз – Желтоқсан құрбандарын еске алып, тағым ете отырып өскелең ұрпақты отансуйғіншік, патриоттық рухта тәрбиелеу, жастардың ұлттық ойнымызға қызығушылықтарын ояту, - деді республикалық турнирдің бас демеушісі, “Желтоқсан құрбандарын еске алу” қоғамдық қорының президенті Т. Қарынбаев.

Осы күні желтоқсан құрбандарына арнап ас беріліп, олардың рухына құран бағышталды.

«Арыс ақиқаты» Т. Өмірбекұлы 01.01.2011.

## ҚАЙРАТ 45 ЖАСҚА ТОЛАТЫН ЕДІ...

Үстіміздегі жыл халқымыз үшін ерекше де елеулі кезең. Әйткені, бірнеше жұздеген жылдар бойы бабаларымыздың кокейкесті арманына айналған Тәуелсіздікке 20 жыл толғалы отыр. Ал, осы тәуелсіздігіміздің қайнар бұлагы іспеттес құдіретті де қастерлі Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығыны атап өтпекшіміз. 1986 жылы дүниеге келген сәби бүгіндегі отбасын құрган саналы азаматтың санатына жетті емес пе?

Бәріміз мақтан тұтатын Халық қаһарманы, данқты жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековтың есімін Алаш жүрті құрметтүттады. Арамызда аман-есен, сау-саламат жүргенінде Қайрат 13 наурызда 45 жасқа толатын еді. Бірнеше баланың әкесі ретінде Тауелсіз еліміздің өркендеуіне өзінің үлссін қосып жүрген салиқалы азаматтардың алдыңғы сапында жүрері созсіз, деп ашық айта аламын. Амал қанша, біз қырышын боздақты еске алып, оның рухын құрметтеуге байланысты іс-шаралардың бастамасы жолында Кеңестер Одағының ыдырамай тұрған шағында оның 1991 жылы 13 наурызда 25 жасқа толатын құнін тұган ауылышындағы Бірлік орталau мектебінде атап өттік. Желтоқсандықтармен де байланысқа шығып, сол жылдың соңына тамаш едәуір айтыстартысты қынышылықтардан кейін Қ.Рысқұлбековтың есімін Бірлік орталau мектебіне бергіздік. Коп ұзамай Бірлік пен Киров атындағы орга мектебі қосылған соң бірден-ақ халық қаһарманының есімін иеленді. Бұл ретте Қайраттың қорғаушы-ұстазы Сейіткерім Қожаназаровтың табандылық таныттып, Тасболат Інқарбековтей ақсақалдың, Мақсат Сейдалиев, Бекен Қадыков, Найманхан Нұпбаев, Қалибек Шайжандай азаматтардың қолдау көрсеткенін атап өтсем әбестікке жатпас.

5 жыл өткен соң, 1996 жылдың 13 наурызы қарсаңында Төле би қорының директоры Оралжан Масатбаев пен қорғаушы-ұстазы Сейіткерім Қожаназаров үшегіміз Алматыдағы сәулет-құрылымыс академиясы тәлімгерлерімен Қайраттың 30 жасқа толатын құнін атап өтуді жоспарладық. Проректор Жангелді Отарбаевқа жолығып, мән-жайды түсіндірген соң, ол мениң аты-жөнімді білгеннен-ақ: «Сіз ректор Атрушкевичке

көрінбей-ақ қойыныз, өйткені осы оку орнынан Желтоқсан көтерілісіне байланысты Эркен Уақов деген доцент соптаған еді. Сізді сол кісінің бауыры екен деп, кеш өткізуге қарсы болады»-деді. Сөйтіп, Оралжан мен Сәкең ректордан рұқсат алышп, білім ордасында ұлағатты шараны өткізгенбіз. Шудан ат арылтып Аяз Бетбаев пен Базарбай Асқаров қатынасып арнауларын арнады. Тәлім-тәрбиелік маңызы мол кешке Спорт және туризм министрі Гемірхан Досмағанбетов демеуішлік танытып, анасы Дәметкен Асанбаеваға Біріккен Араб әмірлігіне қыдырып қайтуға жолдама сыйлады. Қоң ұзамай білім ордасында мұражай болмесі ашылды.

Қайраттың қамал бұзар—40 жасқа толатын тұған күні де ескеруіз қалған жоқ. Осы жолдардың авторының (М.У.) ұйымдастыруымен аудандық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ә.Зәуірбеков пен Бақытжан Есеев, М. Халықова, Жолдасбек Сейдазымовтай ақ жүрек азаматтардың демеуішлігімен 2006 жылы 13 наурызда С.Шәкіров атындағы орта мектепте жас ақындардың мүшэйрасы айтарлықтай дәрежеде аталып өтілді. Ерекше көніл болерлік жайт, сол кездегі Шу ауданының әкімі Болат Рысмендиевке отінішті сұраныспен шығып мұражай болмесін ашқызып, 2001 жылы желтоқсанда мектептің қабырғасына тақтатас қойғызуға тікелей себепкер болған едім. Нәтижесінде келген қонақтар тақтатасқа гүл шоқтарын қойып, мұражай болмесімен танысады дәстүрге айналдырды.

Зымыраган уақыт та тоқтамайды, сырғып өтіп жатыр, әне-міне дегенише 13 наурыз да жақын қалды. Халқымыздың ар-намысы жолында құрбандықта барған жалындаған жас Қайрат Ногайбайұлы арамызда тірі жүргенде 45 жасқа толар еді. Осыған орай куанарлық жайтты айтпай кетуге болмас. Қыршын боздақтың мәйіті жерленген Семей қаласындағы Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектеп пен ол сегіз жыл оқыған С.Шәкіров атындағы мектептің арасында рухани тәлім-тәрбиелі байланыс орнату мақсатында Шу ауданының әкімі Қожахан Жабагиев мырза үлгі тұтарлықтай иғі шараны қолға алды. Яғни, С.Шәкіров атындағы орта мектептің ардагер-ұстазы Дәнен Бейсенбаева, мұғалімі Ләйла Сатыбалдиеваның озат та, үлгілі үші шәкіртімен және осы жолдардың авторын халқымыздың аяулы ұлына айналған

Қайраттың мәңгілік мекені–Семей шаһарына жол қаражатын қарастырып жібергелі отыр.

Құдай қолдан, сәтін салса Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мен Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығына ариалған кітабым жакын арада Алматыдағы беделді баспаның бірінен оқырмандар қауымына жол тартылақны. Көмек қолын созамын деушілерге алғыстан басқа айтарым жок.

Әттең-айлығы, небәрі 180-дей окушысы ғана тәлім алатын білім ошағында Кеңестер Одағының батыры Сәду Шәкіров пен Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың қосарлана айтылып келе жатқандығы. Бұл ретте, Сәду ағамыз көбіне коленқелі тасада қалып қалғандай көрінеді. Осы мәселені қолтеген бері қозғап келемін. Батыр ағамыз өзі ұзақ жылдар қызмет етіп жерленген Мойынқұм ауылында, Мойынқұм орта мектебі орналасқан. Шу ауданында Абай, Алтынсарин, Төле би, Әуезов, Жамбыл атындағы атауларды иеленген екі мектептерден бар. Шу қаласындағы №40 мектеп жақын арада жаңа гимаратқа көшпекін. Аудан басшылары ономастикалық комиссия жетекшілерімен ақылласып, Сәду Шәкіровтың туыстарымен кеңінен кенесіп, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын атап өтетін биылғы кезеңде осы аса маңызды да күрделі мәселенің түйінін тарқатса. Яғни қос батырды қосақталған шідерінен ажыратып, әрқайсынына жекелеген білім ордаларын тарту етсе еken деймін.

Бұл иғі шара өскелең ұрпағымызды отансүйгіш ұлтжандылыққа тәрбиелеудің бірден-бір таптырмас құралына айналар еді.

*Шу өңірі 02.03.2011*  
**СЕМЕЙ САПАРЫ**

Желтоқсан көтерілісіне 25 жыл, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерекесіне, Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың туылғанына 45 жыл толуына байланысты аудан әкімі

К.К. Жабагиевтың қолдауымен, әкімнің орынбасары

Д. Ч. Үскімбаевының, ішкі саясат бөлімінің үйымдастыруымен Шу ауданының құрметті азаматы белгілі кәсіпкер Нұрмаганбет Мадалиевтың және аудандық білім қызметкерлері кәсіподагының төрайымы Иманбаева

Қамажай Мырқашымқызының демеушілігімен үлгі тұтарлық, ұлагаты іс-шара атқарылды.

10 наурыз 2011 жылы Шу қаласы темір жол бекетінен «Желтоқсан» көтерілісін зерттеуши, Қайрат Рысқұлбеков қогамдық қорының тәрағасы Мәкен Уактегі, Қайраттың ұстазы Дәнен Бейсенбаева, С. Шәкіров атындағы орта мектептің оку озаттары, «Мирас» ұйымының мүшіндері, 8-сынып окушылары Даиррова Шайзат, Сейтшебетов Игнес, 9-сынып окушысы Құдайбергенов Даниел, осы мақаланың авторы, Семей қаласына Ұлы Абайдың туған жеріне, Халық қаһарманы Қайраттың мәңгілік мекеніне тағым етіп кайту мақсатында жолға пықтық.

11 наурыз күні таңертсендім сағат 9. 00 –да «Ескі Семей» темір жол бекетінен келіп жеттік. Перронда бізді Семейлік бір топ белгілі азаматтар мен ақ жауалықты әжелер шапу шашып, ақындар арнау айтып, ыстық ықыласпен қарсы алды. Іс сапар барысында халықаралық «Қазақ тілі» қогамының облыстық филиалының тәрағасы Орал Токтарұлы Шәрінбаев мырза, мұгедектер қогамының тәрағасы Дұтбаев Қабыл, Абай қорының Президенті Ұлы бабамыздың жиен немесе Ересалимов Балтабек Базілұлы мырза. «Ахай- Семей» салт-дәстүр орталығының төраймы Гүлжиған Эміргаликызы Жұматасева ханым «доғырық құшагы» ән-би ұлттық ансамблі оргалығының жетекшісі Еаделжан Азимов, орталығының мүшелері Мақліма Қараханова, Нұрахметолла Смагулонтар Қайраттың зиратына бірге барып, ол сегіз жыл білім аған мектеп ауласынан алынған топырагын құран бағылшылдумен тасталды. Одан кейін Қайрат Рысқұлбеков атындағы № 33 мектеп окушыларымен келелі кездесу өткізіліп Мәкен Уактегі, Дәнен Бейсенбаева, Қайрат және Желтоқсан көтерілісі туралы жан-жакты түсінікті естеліктерін айттып, интерактивті тақта арқылы Шу өнірі мен халық қаһарманы жайлы бейне фильм көрсетілді. Окушылар Қайрат туралы өлеңдер оқыды. Елден алғын барған ескерткіш сыйлықтар: Шу ауданы 80 жылдығы, Шу қаласына 50 жылдығына арнайы шығарылған «Шу өнірі» энциклопедиясын, Қайрат туралы буклет, деректі құжаттар мен Қайраттың үлксейтілген көркем суреті, төс белгісі мектеп мұражайына (мектеп директоры Серік Ғабдоллаұлы Жансұлтановқа) табыс етілді. Шу

ауданы мерей тойы құрметіне жасалынған медаль Шығыс Қазақстан облыстық «Қазақ тілі» қоғамының тәрағасы Орал Шәрінбаевқа тапсырылды. Естелікке суретке түсіріліп, түскі ас берілді. Ұлы Абай атамыздың мұражайымен танысып, Шу елінің тарихы кітабы мен Қайраттың хаттарының көшірмесі ескерткіш ретінде мұражайға сыйланды.

Сағат 15.00-де «Достық» үйінің алдындағы халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Достық үйінде қала жастары, оқушыларымен жоғарғы деңгейдегі ұйымшылдықпен кездесу барысында Мәкен Уактегі аудан әкімі К. К. Жабагиевтың

Семей қаласының әкімі Айбек Қорімовке арнаған бағалы сыйлығын Семей жұрттына алғыс айта отырып, қала әкімінің орынбасары Т.М. Мұсәпірбековке табыс етті. Кешке Қазақстан –Семей телеарнасынан кездесу туралы ақпарат көрсетілді.

14.03.2011

*С. Шәкіров атындағы орта мектептің мұғалімі Сатыбалдиева Л.К. Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың рухына байланысты жер-жерлерде откізіліп жүрген шараларга белсене атсалысып жүрген ұлагатты ұстаз.*

*Жамбыл облыстық Ономастикалық комиссия мен Шу ауданы әкімі К.К. Жабагиевтың назарына*

Тәуелсіздігіміздің 20, Желтоқсан көтерлісінің 25 жылдығы құрметіне даңқты жерлесіміз халық қаһарманы – Қайрат Рысқұлбековтың 13 наурызда арамызда аман-есен жүргенінде 45 жасқа толатын атаулы күніне орай өнегелі де өрелі- ұлағатты іс-шараның атқарылғанының қуәсі болып отырмыз.

Ұлы Абай бабамыздың ұрпақтары – Семейліктердің халқымыздың аяулы ұлына айналған жас боздактың зиратына еңсөлі құлпытас пен сәулетті күмбез іспеттес белгі тұрғызып, ескерткіш орнатқызып қаладағы № 33 орта мектепке Қ.Рысқұлбековтың есімін бергізіп т.б. иғі

шаралар атқарылғын келе жатқанына дәп ризашылығымызды білдіреміз!

Осыған байланысты біздің айтпағымыз:

Бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаган Тәуелсіздіктің алғашқы қарлығаштарының бірегейі – Қайраттың аудан орталығы Төле би ауылында балғын балалық шамын откізгенін ескере отырып Шу шаһарындагы жаңа ғимаратқа қоныс аударған №40 орта мектепке Халық қаһарманының есімін бергізсек нұр үстіне нұр болар еді. Жаңа білім ордасының алдына ескерткіш орнатып, мұражай бөлмесін ашып, кең де ауқымды спорт залында он жылдан астам уақыт жыл сайын шығыс жекпе – жегінен жастар арасында өткізуін келе жатқан Қ.Рысқұлбеков атындағы Республикалық турнирді үздікесін жалғастыруға жағдай жасасақ. Осы иті шара Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы қарсаңда жүзеге асса, ескелен ұрпақты Отан сүйгішті рухта тәрбиелен түруга айтарлықтай ұлагатты іс тындырыған болар едік.

*Қайрат Рысқұлбековтың 45 жасқа толуына орай С. Шәкіров атындағы орта мектепте откізілген жиынды Мәкен Ұақтегінің көшілік алдындағы осы көтерілген үндеуін жиналғандар қолдады.*

14.03.2011

*Жазылған жаидың жаңғырығына орай*

## **АҚИҚАТҚА АҚАУ ТҮСІРМЕЙК, АҒАЙЫН!**

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы көксеген көюжиекті арманы – Тәуелсіздігіміздің тұғырлы туын тұңғыш желбіреткен Желтоқсан көтерлілісіне биыл 25 жыл толғалы отыр. Киселі де қасіретті 1986 жылдың желтоқсанында дүниеге келген наресте бүгінде “ат жалын тарап” мінген, отбасын құрған атпалдай азамат болғаны бәрімізге де белгілі. Дүниені дүр сілкіндіріп қана қоймай, құдіреті күшті Кеңестер Одағы мен Социалистік лагердің ыдыраپ күйреуіне тікелей әсер еткен де Желтоқсан көтерлілісі екендігін кім жоққа шығара алар екен!?. Осы тарихи аса маңызы зор оқиғаны біз орынды ардақтай бағалаң жүрміз бе? Өзіме келсем 20 жылдан астам уақыт

бойы даңқты жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековтың тағдыры мен Желтоқсан көтерілісін түбегейлі зерттеумен айналысын келемін. Сонда байқағаным Тәуелсіздік мерекесі әрдайым Жаңа жыл шыршасының көлеңкесінен көрінбей тасада қалуда.

Мұрағатымда сақталған деректі құжаттардың арасындағы оте құнды дүниенің бірі – 1996 жылы 13 наурызда жарық көрген “Жас Алаш” газеті, дәл сол қундері Алматыдағы Сәулет-құрылым Академиясында Қайраттың 30 жасқа толғанына орай жастармен ғибратты кездесу өткізіп, кешікпей білім ордасында Мұражай белмесін анықзуға ықпал еткен едік. “Жас Алашта”: - ХХІ ғасырда Қазақ жері бүкіл азаматты таң қалдырып, дүниеге үлгі болады дең болжам айтқан Республикамызда ғарыштық ілімдерді насиҳаттап жүрген ғалым-эзотерист Валерий Антонович Запредельный Әділбек Кабаға берген сұхпатында: - Осыдан тоғыз жыл бұрын болып өткен қайғылы Желтоқсан оқиғасының эзотериялық құпия мағнасын айтайын: Қазақстанның болашагы үшін сол кездегі қызы мен жігіттер өздерін құрбандыққа шалды. Ғарышта құрбандық заңы бар. Олардың төгілген қаны – жай ғана қан емес. Қазақстанның мәндайына жазылып тұрған, төніп тұрған қауіп-қатер, қасіреттердің көпшілігін шайып әкетті. Сөйтіп бейбітшілік пен әділеттілік өмірге жол ашты. Басқа республикаларда қантөгіс болып жатқанда біз осы он жыл бойы бейбіт, бір қалынты өмір сүрдік дей келе, Қазақстанда енді ешқандай соғыс, қантөгіс болмайды. Кімде-кім бізге қол сүғуға әрекет жасаса үлкен қаһарға ұшырайды. Оны Желтоқсан оқиғасынан да көруге болады. Сол қундері жастарды жазалау үшін өскери контингенттер әкелінгелі белгілі. Оның құрамында орыс, тәжік, кавказ халықтарының т.б. өкілдері бар екен. Қоپ кешікпей-ақ Кавказ қанга боялды. Душанбе, Прибалтика, Мәскеудегі жағдайларды білесіз. Ал, Ресейде осы 10 жыл ішінде небір қасіретті, қактығыстар, төгілген жас-көбі қазақ жеріндегі Желтоқсан оқиғасында өктемшіліктердің салдары. Бұны тек соқыр адам ғана аңғармайды, деп иң қ сенім білдіреді. Қынжыларлығы сол Украина үлтты өкілінің шын жүректен риясыздықпен айтқан болжамдары қоғамымызда жүзеге асып жатқанымен Жогарыдағы мәртебелі лауазым иелері Желтоқсан көтерілісіне оңды қозқарас танытпай келеді.

Ашығын айтсам саяси түргыда лайыкты мәртебеге де не болған жоқ. Керісінше біз сол кездерде өйіткенбіз, сойіткенбіз деген “қайраткерлер” кобейіп келеді. Болашақта тарихымыздың алтын әріппен жазылатын Желтоқсан көтерлісі туралы “ақты-ақ, қараны-қара” деп айтатын мезгіл әлдекашан жеткен сияқты. Олай болмagan жағдайда ертеңгі үрпақтарымыздың алдында кешірілмес күнәда қалатынымыз аңы шындық...

“Ар-Айдың” откен жылғы 16-желтоқсандағы санындағы “Желтоқсан оқиғасы бізге не берді” айдарлы додадағы Абдолла Бақбергеновтың: - Ол кезде мен Жамбыл кірпін зауытының директорымын. Біз де жастарды көтеру жөнінде біраз жоспарлар жасадық. Жандар Кәрібаев бар арамызда. Біз бірнеше окуорындары жастарына жолығып, көтерліске шығу жөнінде айтып Алматыдағы жағдайды түсіндірдік деген жолдарды оқыған соң аң-таң күйде қайран қалдым. Жаңа жылдың алдында бас редактордың міндетін атқаруны Гүлнұр Ембердиевага телефон шалдым.

Жандар Кәрібаев мырза сол кездерде облыстық партия комитетіндегі үгіт-насихат бөлімін басқарған-ды. 1987 жылы Мойынқұм ауданы мұғалімдерінің тамыз мәслихатында оқіл ретінде қатысқаны көшилікке белгілі. Қайрат ол кезде жаған жаламен қамауда жатқан болатын. Ұстазы Қожаназаров Сейіткерім қолындағы Қ. Рысқұлбековтың хатымен мінберге шығып: - Қайрат біздің оқушымыз еді. Ол ату жазасына кесілді. Оған тағайындалған ауыр жазаны жецилдету жайлыш Жоғарыға аудан ұстаздарының атынан Өтініш хат жіберсек, деп сұранамың дегенде төрде отырган Жәкен (Ж. Кәрібаев): - Выступление С. Қожаназарова расчитано на дурачков! - деп, отыргандардың бәрін оған қарсы қояды. Бұған да мойынсұнбай, дауысқа салайық деген Сәкенде сейлеткізбей, көпшіліктің алдында сағын сындырады.

Осындай әрекеттеріне қарғанда Жандар Кәрібаев мырзаның Жамбыл жастарын көтерліске шығуга үгіттегені шындыққа сай келеді ме, деген дүдемалды ой туындаиды. Бәлкім сол бір ызғарлы күндерді еске ала отыра Жәкеңнің “алты ауыз айтарты” бар шығар. Менің келтірген деректерімді нақтылағыларының келсе. Алматыдағы Қожаназаров Сейіткерімге бай. Тел: 8-727 298-37-11, 8 705 984 35 88 Мойынқұмдағы 1987 жылғы тамыз мәслихатына қатынасқан

Тампылбай Молдакұловқа Шу өнірінің тілшісі 8 726 38 3 29  
24 хабарласуға болады.

Аса құрметті Оралхан Әбдірашұлы Жаңа қызметіңіз  
абыройлы болып, елигілігі мақсатындағы және жастарымызды  
отансүйгішті – ұлтжанды рухта тәрбиелеу жолындағы атқарап  
енбектеріңізге ересен де толағай табыс тілеймін!

19.01.2011. Өкініштісі, жарияланбады.

## ЖЕЛТОҚСАН ҚАҢАРМАНДАРЫНА СӨЗ БЕРСЕК!

### Қали Бұркітбайұлы Қамбаров

1963 жылдың 31 наурызында Жамбыл облысы, Шу ауданының Алға ауылында туған.

1969 жылды ауылдық Амангелді атындағы орта мектебінің бірінші сыныбына барып, 1979 жылды аудан орталығы – Төле би ауылында М. Әуезов атындағы қазақ орта мектебін үздік бітіреді.

1982-83 ж. ж. аралығында Кенес Армиясы қатарында әскери борышын отейді.

1986 жылды Алматы зооинженерлік – малдәргерлік институтының мал дәрігері факультетінің соңғы курсында оқып жүріп, Желтоқсан көтерілісіне қатысады. Көтерілістің бейбіт мақсатына қарамастан, ешкімді үрмай-сокпай, алаңға барғаны үшін айынталып, Қазақ КСР қылмыстық істер Кодексінің 65-бабы бойынша үш жылға бостандығынан айырылып, күшайтілген режимде жазасын отейді. Тергеуші В. Голдобиннің “жаптым жала, жактым күйесімен” 1987 жылды 14-16 сәуірдегі үш күнге созылған сот процесінде Алматы қалалық сотының судьясы Қайырбековтың “әділ” үкімімен Алматы, Қараганды, Целиноград түрмелерінің темір торларында жастығын сары етуге мәжбүр болып, ең соңында Екібастұздағы №53 күшайтілген режимдегі еңбекпен гүзеу колониясынан бірақ шыгады. Екі жыл азапты кезеңді бастан откеріп, оргага оралғанинан кейін де институт басшылары окуын жалғастыруға рұқсат бермей сарсанға салады. Туған ауылы Алғада жұмыс істеп, тек 1989 жылды

окуын жалғастыруға мүмкіндік алады. Окуын тәмәмдап, мамандығы бойынша жұмысқа орналасқаннан кейін де тергеу және бақылау шыргалаңы жалғасады.

1991-жылдың 12 желтоқсанында Елбасы Н. Назарбаевтың “1986 жылы 17-18 желтоқсанда Алматы қаласында болған Желтоқсан оқиғасына қатысып, жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы” Жарлығына сәйкес толығымен ақталады. Бірақ Отанға, халыққа адал еңбек етегін есіл үзкіт еш кетті. Қали Қамбаров 1990-1996 жылдар аралығында өзінің туған ауышы – Алға кеңшарында мал дәрігері болып еңбек етті.

Ал 1996 жылдың желтоқсанынан Алматы қаласында тұрады.

1997 жылдың қыркүйек айынан Желтоқсанда жазықсыз жапа шеккен азаматтардың бастамасымен құрылған “Желтоқсан” қоғамдық бірлестігінің қоғамдық негіздегі тәң терағасы міндетін атқарады.

2004 жылдың маусымынан Республикалық әдеби-коркем және әлеуметтік “Жалын” журналының жазылым және таралым бөлімінде редакторлық қызмет істеді.

2004 жылдан Қожа Ахмет Иессаудағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тараз қаласындағы бөлімшесінде сырттай оқиды.

Қали Қамбаров - өнегелі отбасы. Ұлдары Димаш пен Олжас Алматыдағы F. Мүсірепов атындағы №86 мектеп гимназиясында оқиды. Қызы Аружан үш жаста. Ондаган жылдары күгін-сүргінмен өтпегендеге Қазақстанның бір көл балалы, үлгілі жанұясы мен отағасы мемлекетімізге қазіргі дейінгіден де көп пайда келтірер ме еді?! Қоғамның темір қабыргаларына соғылып, тас тағдырға майырылған жастық қайрат-ай!

...Өткенге шегініс. 1986 жыл. 16 желтоқсан күні болған КОКП Пленумының шешімімен келіспеген халық келесі күні ертемен алаңға жиналғанда көпшіліктің алдыңғы легінде болған малдәрігерлік институтты студенттерінің бел ортасында жүрген Қали да барша қазақ жастары сияқты ұлт ар-оқжданы сыналар тұста бұғаудағы бодан-өмірдің ызырырыңында ұлттық нағызын шекпен етті. Көңілге қара дақ түсіргені - өзімен бірге оқыған курстасының

МҚК тыңбыларына ұстап бергені, институттегі біраз ұстаздарының сот барысында мейлінше қаралап бақсаны. Уақыт откесімен жан жарасы жазылған жоқ. “Туган жерің Шу екен, бәлкім, аланды анаша тартқандардың біреуі езің боларсың. Жогарғы курстың жалды студенті, екенсің, малдәрігерлік және ауышшаруашылығы институттарының белсенділерін аландың үйімдастырын алып шықкан сен. Кеңес Үкімстіне, мемлекеттік басқару билігіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгендің. Қогамдық қөліктерді көшеде тоқтатып, тәртіп бұзғандардың басы – сен!” т.б деп тегеуіндеген жалған айыптауларга бой алдырмаған, қындық-кедергілерге еш мойынған замандастырылған бүгінгі жеңімпаз келбет-қайратына жан сүйснерліктеі.

Тарихты қарапайым адамдар жасайды. Ұлт тарихын толықтыруда ауылдан түлеген перзенггердің үлесі зор екендігіне ешкім шұбә келтіре алмас. Солардың бірі – біздің кейіпкеріміз. Уақыт - әділ таразы, хақ төреші. Уақыт ете тарих бәрін өз орнына қоятынының бір мысалы осы.

### Кенжебай Отарбаев

...Қыздарды аяусыз тепкілеп көк мұзға отырғызған ешқандай жанаашырлықты білмейтін қаныпезер жендеғгердің – “өмір бақи перзент сүймендер”, - қазақтар бәрібір құмырсқадай көпсіндер деп айтқаны осы күнге дейін құлағымда жаңғырық болып қалып қойды.

Қанишама жастарымыз қыршынынан қылып, тағдыр тәлкегіне түсіп, солақай саясаттың кесірінен құрбан болды. 19-шы желтоқсан күні қолымның сынғанын көрсетуге ауруханаға барып, сол жерден милиция қызметкерлеріне қамауға алынды. Аудандық соттың шешімімен 10 тәулікке “спецпремникке” жабылды.

1987-ші жылдың 9-қантарында екінші рет қамауға алынды, Қазақ КСР Қылмыстық істер кодексінің 60-65-бабы бойынша сотталып 6-жылға бас бостандығынан айрылды.

Костанай облысы Құсмұрын станциясындағы №33 күштейтілген режимдегі еңбекпен түзеу колониясында

болып, 1989-шы жылды сәүір айының басында екі жыл үшін ай дегенде тұған – туыстарыммен қауыштым.

1991 жылды отбасын құрдым. Қазір әйелім үшін балам бар. Алматы қаласында тұрын жатырмыз.

Тәуелсіз еліміз Қазақстанның болашагы жарқын болып, тіліміз берініміз, салт әдет-ғұрынымыз көркейіп. Отансұйғаш ұл-қыздарымыздың мәртебесі биіктен коріне берсін демекпін!

## МЕНИҢ ӨМІРБАЯНЫМ

Мен Рахметов Қайрат Рахатұлы Жамбыл облысы Шу ауданы Қонаев ауылында 1964 жылы 19 тамызда шаруа отбасында дуниеге келдім. 1971 жылы Қонаев ауылындағы қазіргі Төлеби орта мектебіне окуға бардым. Одан 1977 жылы қазіргі Бірліккүстем мектебіне 7 сыныптан ауыстым. Оны 1981 жылы тамамдаған, Талгар қаласындағы қалалық көсіттік техникалықучилищесінде окуғаттұстім, оның бай оқынбірін. Алматыдағы АСУ “Казстальмонтажа” дәнекерші болып жұмысқа орналастым. 1982 жылы Совет Армиясы катарына алынып, Германияда 2 жыл әскери міндеттімді аткардым. 1984 жылы әскери міндеттімді аяқтап, өз жұмысыма кайта оралдым. Абыройлы жақсы еңбегім үшін жұмыс орны маган жоғарғы оку орнына жолдама берді., сөйтіп 1986 жылы Алматы Құрылыш-саулет институтының ПГС факультетінің студенті атандым. 1 курста оқын жүргендеп-ақ, групианың старостасы болып қогамдық жұмыстарға белсене араласа бастағанмын. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде сол нағызының шешімінде мені Алаңға жетеледі. Мен де Алаңға басқа студенттер сияқты 16 желтоқсандағы Пленумның шешімімен келіспейтіндігімді білдірейін деп. бейбіт мақсатта бардым, біреуді ұрайын-согайын дегенмен аулақ едім. Сөйті тұра мені 26-желтоқсанда жатаханада кезекшілікте тұрган жерімнен екі милиция қызметкерлері ұстап әкетіп тергеу изоляторына қамауға алады. Тергеу ісі төрт айға созылып, ақырында 1987 жылдың 19 наурызында Қазақ ССР Қылымыстық істер Кодексінің 65-66 бабымен Алматы қалалық сотында маган сол Желтоқсан оқиғасын үйімдастырын, бір милиция қызметкерін “өлімші” етіп

үрдүң дег айып тағып, мені 5 жыл бас бостандығымнан айырады. 1989 жылы қыркүйек айына дейін Жамбыл қаласындағы еңбекпен түзеу колониясында отырдым. Қыркүйек айында мені Ресейдегі Орынбор қаласына ауыстырды. Ал 1990 жылы сәуір айында М. Шаханов құрған комиссиясының әрекет етуімен ісімді қайта қарау үшін мені Алматыға ауыстырды. Одан мен 1990 жылдың қыркүйек айында босатылдым.

Содан 1996 жылы біржола толығымен ақталдым. Сонымен окуымды аяқтауға бірнеше жылдар өтіп кеткен соң, мүмкіншілігім болмады.

1996 жылдан бастап Алматы қаласында тұрамын. Әйелім және екі қызым бар. Екі қызым да мектепте үздік оқиды. Әйелім – дәрігер. Өзім жеке касіпкерлікпен айналысамын. “Желтоқсан” ұйымының белсенді мүшесімін.

## ШЫНДАЛҒАН МАХАББАТ

- 1986 жылы мен мединституттың VI курсының студенті едім. “Желтоқсан оқиғасы” болғанда қаладағы 9 емханада практиканан өтіп жүргенмін. Пленумда Қонаевты алғып тастаңты. Россиядан Колбин деген біреуді отырғызыпты дегенді естіп наразылық білдірдік. Ол кезде жатаханада тұрамын.

17-і күні практиканан кеш қайттым, жатаханаға келсем, мұғалімдер қаптап жүр, ешкімді жатаханадан шығармайды, рұқсатсыз ешкімді кіргізбейді. Алаңда көтеріліс болып жатқанын сонда естідім.

Ол кезде Раҳметов Қайрат екеуміз кездесіп жүргенбіз. Ол ААСИ-дің 1 курсында оқытын, группасының старостасы еді. Болып жатқан көтерілісті естіп олар группасымен алаңға 18-і күні барады, сол жерде бір-бірінен ажырасып қалады. Кешкісін Қайрат менің жатаханама келді. Алаңдағы болып жатқан оқиғалар туралы естіп денеме қорқыныш үялады. Содан екеуміз оның жатаханасына келсек, бөлмесіндегі Кәрімжан деген жолдасының үсті-басы қан-жоса.

Қайратты 26 желтоқсанда жатаханасында вахтада кезекшіліктे отырған жерінен алғып кетіп КПЗ-га қамайды. Содан тергеу басталады, Савицкийдің өлімін жабады,

мойнына алмаган соң үрүп-сөгүп, тісін сындырады. Ақырынан Маметназов деген милиционерді үрүп, басына жарақат жасадың деген жалған айтып тағады.

КПД-да Кожевников деген тергеуші менен де жауап алды, Қайраттін кездестірді.

Бірақ мен сонда жазықсыз адамды соттап жібереді деп, еш ойламадым. 10 шакты күннен соң босанар деп ойладым. Сөйтіп тергеу 4 айга созылды. 19 сәуірде Алматы қалашык сотынан 5 жыл бас бостандығынан айырылып сотталады. Сондағанда мен өмірде өкімет тараптынан сондай әділеттілік болатынына көзім жетті.

Содан ол Жамбылдың зонасына жіберіліп, сол жерде 1988 жылдың қыркүйегіне дейін жазасын өтеді. Сол аралықта мен де институт бітіріп Жамбылға интернатура өтсуге аттандым. Жамбылда мен “зона”-га барып тұрдым, қысқа мерзімді кездесуге кірдім. Халық үшін, ел үшін қырнын өмірлерін зобалаңға салған Қайрат сияқты азаматтың жанынан табылғаным азізді бақытты санадым. Қандай жағдайда қасында болдым.

Сөйтіп оны 1988 жылдың қазан айларында Россияның Орынбор қаласына қалған жазасын отеуге спецкомендатурага жөнелтті. 1989 жылды мамыр айында ол демалыс айын, екеуміз 5 мамырда үйленіп Орынборға келдік. Орынбордан 1990 жылдың сәуірде Қайраттың Алматыға ісін қайта қарауға шақыртты. Содан оны Алматыдағы спец комендатурада қыркүйек айына дейін үстады. 1990 жылдың қыркүйекте ол босатылды. 1996 жылды толығымен аяқталды.

Қазір 2 қызын өсіріп отырған бақытты жанұямыз бар. Махаббатымыз осы желтоқсан оқиғасымен шындалды деп ойлаймын.

*Гулжанат Нүриева*

## ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН ЖАНАС

Арымбеков Жанас Куатбекұлы 1961 жылды 5-тамызда Жамбыл обл, Сарысу ауданы “Комсомол” ауылы (казіргі “Үйым ауылы) 4 балалы отбасында дүниеге келген. Әкесі Куатбек мұғалім, анасы Құлайша аспазшы болып жұмыс атқарған. 1969 жылды (1 сынып бітіріп) Мойынқұм ауд, “кіші

Қамқалы” ауылyna қоныс аударған. Орта мектепті 1978 ж. бітіргеннен кейін, ауылда 2 жыл механизатор болып жұмыс істеген. 1980-82 ж. ГДР-де Әскери борышын өтеп, 1982 ж Алматы қаласындағы “Поршень” зауытына жұмысқа орналасады. Зауытта (токарь) жұмыс істеп жүріп, 1987 ж 10 қантарда “ Желтоқсан” оқиғасына қатысқаны үшін тұтқындалып, 5 жылға бас бостандығынан айырута үкім шығарылады 2 жыл 6 ай Карлагта жазасын өтеп шықты.

## ЖЕЛТОҚСАН ҰЗҒАРЫ ӘЛІ СОҒЫШ ТҮР

1986 жылдың 18 желтоқсанында сағат кешкі 11 шамасында шақырып жатыр дегеннен кейін мен және жолдасым Исмаилов Нұрпейіс екеуміз жатахананың астынғы қабатына түстік. Ол кезде мен Жезқазған политехникалық институты жатаханасының студенттер кеңесінің төрағасы, ал жолдасым Нұрпейіс ОКД командирі болатын. Сөйтіп екеуміз астына түскенде бізді бір қыз бен екі жігіт күтіп тұр екен. Сөйлесе келе олар бізге Алматыда болып жатқан жағдайды айтты. Ақылдасып біз өзіміздің жатақхана тұрғындары мен политехниститутының студенттерін таңертеңгі сағат 9-да қалалық орталық аланға апаратын болып келістік. Келген адамдарды шығарып салғаннан кейін әр қабаттың старосталарына тұрғындарды астына түсіруін сұрадық. Студенттер жиналғаннан кейін оларға мән-жайды жеткіздік. Студенттер өз ақыл-кеңестерін айта бастады. Ақылдаса келе Абай және басқа ақын-ғалымдарымыздың нақыл сөздерінен ұран транспаранттар жазып және әр студент таңертеңгісін өз групаластарын жинайтын боп келістік. Ұран транспаранттар жиналыс бітісімен жазылып қойылды.

Таңертенгісін келіскеңімізше әр студент өз групаластарын жинағ алаңға ұмтылдық. Алаңмен бара жатып, пединститут студенттерімен біріктік. Біріккеннен кейін маршрутымыз күрт өзгеріп шыға келді. Ленин даңғылы – Некрасов көшесімен жүріп, өз қатарымызға техникум және училище студенттерін қоспақшы болдық. Бара жатып Некрасов-Абай килемінің жеткенімізде бізді милиция және әскери киім киген адамдардың күтіп тұрғандарын байқадық. Сөйтіп эй-

шәйсіз дубинка, ағаш және т.б. заттармен қаруланғандардың дүмпуіне тап болдық. Оз жағымыздан қарусыз біз тек қана корғана бастадық. Айтып-айтпай не керек, өз басым есімді жиғанды УАЗ машинасының ішінде отырғанымды байқадым. Не істеймін деп қынжылып отырғанымда машинаға бет-аузы қан тағы бір студентті алып келді. Соны отыргызайын деп милиционер жерге түскенде әлгі екеуміз тұра қаныш құтылып кеттік.

Жатаханада басымыз сағат екілер шамасында бірікті. Бәрінің киімдері жыртылған, бет-ауыздары көгерген. Солардан милицияның бірнеше студентті ұрып-согып, автобуспен алып кеткендерін білдім. Тамақтанып, есімізді жиып, сағат төрттер шамасында қайтадан орталық алапқа беттедік. Сөйтіп өз талантарымызды қоя бастадық. Осы жерде бізге тараңдар деп үгіттеуіш адамдар да пайда болды. Оның үстінеге сақалды басымызben келіп тұрмыз ғой деп қазақтың шалдары келе бергеннен кейін жәйлап тарай бастадық. Кешкепе жатаханаға келгенімізде КГБ қызметкерлерінің жүргеніп көрдік. Содан бастап студенттерді тергеу басталды. Тергей келе Нұрпейіс екеумізді кінәлі деп тапты. Сейтіп желтоқсан айның аяғында комсомолдан шығарды. Ал 1987 жылы 4 қантарда Нұрпейіс екеумізді директорлық советке салып, оқудан шығарды. Жатахананы бір тәулік ішінде босатындар деген талап қойылды. Оқудан шыққаннан кейін пәтерге шығып, жұмыс іздей бастадық. Желтоқсан көтерілісіне қатысқансындар, алмаймыз деп қайтара берді. Содан не керек, “Трансагентствоға” слесарълер керек дегенді есітіп, таласа-тармаса, жұмысқа түрділік. Екеуміздің қалада қалғанымызды есітіп, білгеннен кейін қалалық комсомол комитетінің хатшысы (ұмытпасам, Сүлейменов қой деймін) студенттермен кездесіп, Ақжігітов пен Исмаилов халық жауы, олармен сөйлесіп араласпаңдар деп үгіт-насихат жүргізді.

Ал екеумізді оқуға қайта алмын деген өтініш обкомының бірінші хатшысы Давыдовқа группа атынан барып түскен. Халық жауын қолдаушы және ұйымдастырушы деп сол кездегі AT-85-2 групласының старостасы Нұржан және профкомы Раҳима (фамилияларын ұмытып қалыптын) оқудан шығарылды.

Екеуміздің басты мақсатымыз оқу болғандықтан, кайтадан оқуға қабылдануға тырыстық. Сөйтіп екеуміз тамыз айында директорлық советтен кейін мынадай мінездемемен – “Работает с 13 января по сегодняшний день” - әреп дегенде оқудың кешкі бөліміне қабылдандық.

Жұмыс істеп жүріп және оқи жүріп бас ауруын жайғана шаршағандық деп елемей жүре берінін. Содан нағыз ауру екенімді 1992 жылы жығылғандағана білдім. Міне жеті жыл бойы аурудан айығамын деп, емделудемін. Қазір жұмыс істей де алмаймын, себебі бас ауру жиілеп, ауыр түрінде өтуде. Кезінде, ягни 1993, 1994 және 1996 жж. Мүгедек ретінде пенсия алғанмын. Қазір ол да жоқ, ал бас ауырып, құлап қалмау үшін финлипсин деген дәріге байланып отырмын.

Қазіргі уақытқа дейін ақғалғанымды, не ақталмағанымды білмеймін.

*Марат Ақжісігіт «Жас Түркістан» №5. 2001*

## ТЕРГЕУДЕ ЖҮРГЕНДЕ ҮЙЛЕНДІК

Тергеуде жүргендеге үйлендік,- дейді желтоқсандық Нұрғали мен Базарқұл

Нұрғали мен Кенжебай Ақсу ауылының (қазіргі Баласағұн) балалары. Осында туып, осында балалық шағын өткізген. Мектепті бітіргеннен кейін алғаш Нұрғали Алматы қаласына барып, осындағы электріктер даярлайтын курсты аяқтап, электрик мамандығымен “СМУ-22” өнеркәсіп құрылыш басқармасында еңбек жолын бастайды. Кейіннен ауылдасты Кенжебайды да осында құрылышты ретінде жұмысқа орналастырады.

Бұл мекеменің жастарға қолайлысы сол сырттан келгендеге жатақхана беріледі екен. Сонда тұрғын жатқандарына да төрт – бес жылдай болған. 1986 жылдың соңғы айы. Бейбіт еңбек пен шұғылданың жатқан жас жігіттер мен қыздар үшін бұл мезет астаң-кестен қезеңге айналады деп кім ойлаған. Жас жігіттердің армандары – жұмыс істеп жүрген құрылыш ұйымы басшылары мен осындағы кәсіподак комитетінің пәтер беру жөніндегі комиссияның шешімімен жатақхананы тастанап, пәтерге шығу, ол үшін отбасын құрап, отау тігу қажет болатын.

- Желтоқсаның 17-і. Әдегегідей үйқыдан ерте тұрып, жуынып-шайынып, тамақтарымызды ішіп болып енді жұмысқа барғалы жатқанда: “Жігіттер үйлесінде шеңбердегі отырсындар?! Аланға, аланға шығындар!” – деген дауыстар естілді. “Не болды? Аланы несі? Қайда не үшін?”. Бәріміз де аспаннан жәй түскендей абдырап қалдық”, - дейді сол күнді есіне алған Нұргали. – Үйреншікті аялдамага жетіп, автобусқа отырып жұмысқа барайық десек біреуі тоқтамайды. Қайсысын қарасанда іші толы адамдар. Аялдамага жиналғандардың әрқайсысы әртүрлі әнгіме айтады. Бір кездे жастар бар, ұлкендер бар, лек-легімізбен орталық аланға қарай бет түзең жаяулап жүре бердік.

Нұргали мен Кенжебайдың сол күнгі көрген-білгені – үкіметтің алаңға шыққандарға қарсы қүш қолдануы, халықтың ашу-ызасы мен толқуы, қарулы әскерлердің жиналған қауымды ұрып-соғып, аланнан қуып шығуга әрекеттенгені. Солардың ішінде қыздарды, әйелдерді сойылға жыққаны жандарына қатты батады. Қыздарды қорғаймын деп жүріп өздері де қалайша қолға түскендерін білмей қалды. Үсті-басында сау жері жоқ, түрлі жаракаттарымен қаладагы Совет ауданының түрмесінде үш күн жатады. Сол жерде жаракаты ауырлар ауруханага жөнелтіледі. Осында 12 күндей емделеді. Желтоқсан оқиғасына қатысқан жігіттер мен қыздарды кездестіріп, танысады.

- Ауруханадан шыққаннан кейін бұл жағдай басылған шығар десем одан бетер күшейіп кетті.- дейді Нұргали. – Жұмыс істеуге мүмкіндік бермеді. Қайта-қайта тергеуге шақыртады. Тергеушінің алдында кезек күтіп тұрган жастардың ішінен бір қызben таныстым. Есімі Базарқұл, құрылыш техникумында кітапханаши болып істейді екен. Алғаш әңгімеміз желтоқсан оқиғасынан басталып, кейін маҳаббатқа қалай ойысқаның өзіміз де сезбей қалдық. Жаңа, 1987 жылғы қаңтар айының ортасында үйлендік. Совет ауданының ішкі істер бөліміне тергеушілер ендігі жерде екеумізді де шақыртатын болды.

Нұргалиды құрылыш ұйымының басшылары жұмыстан шығарып, тек сәуір айында қайта қабылданғы. Қазір бұл отбасы екі баласымен Төлеби ауылында тұрады. Ұлы Аманғали М. Мақатаев атындағы орта мектептің

10-сыныбында, қызы Фариза 8-сынынта оқиды, оку үлгерімдері, тәрбиесі жақсы.

Бұл отбасы үшін биылғы желтоқсан ерекше. Еліміздің тәуелсіздігін, желтоқсан оқиғасының 20 жылдығын бүкіл халықымызбен бірге атап отпек. Ал 2007 жылдың қаңтар айында үйленіп, отау құрғандарына 20 жыл толуын мерекелемек. Отбасына амандық, ынтымақ пен береке тілейміз.

«Шу оңірі» 16.12.2006.  
Умэлс Асатұлы

## ГДЕ ВЫ, ТОВАРИЩИ КАЙРАТА?

Ни дня кого сегодня не является секретом то, что пламя знаменитых декабрьских событий в городе Алматы, ставших предвестниками нашей Независимости, о которой веками мечтали наши предки, дошло до республик Прибалтики и Кавказа. Представители старшего поколения должны помнить о том, что в 1989 году последний вождь Советского Союза М. Горбачев посетил с официальным визитом Китай, и эта поездка вызвала тогда массовые студенческие волнения, в которых приняли участие около 10 тысяч человек. Тогда мы узнали про это из телевидения сразу после поспешного возвращения Горбачева в Москву. Из независимых изданий стало известно, что пекинская площадь Тяньаньмынь стала красной от крови. Подробности этих кровавых событий до сих пор держатся в тайне.

Имя яркой звезды Декабрьского восстания, нашего известного земляка, удостоившегося высокого звания Халық Қаһарманы, Кайрата Рысқулбекова стало известно не только в нашей стране, но и всему миру. Начиная с 1990 года, во всех уголках нашей необъятной страны – городах Шымкенте, Жетысае, Кентау, Зайсане, Семее, Алматы – стали проходить различные мероприятия, призванные возвеличить дух молодых борцов за свободу народа и воспитывать молодежь в духе патриотизма и любви к Отчизне. В родных местах Кайрата Рысқулбекова – в селах Берлик и Мойынкум, а также в городах Зайсан, Шымкент, Алматы, Тараз, Семей

установлены памятники и мемориальные доски, школе имени Кирова, которую он окончил, и одной из школ города Семея присвоено его имя. Кроме того, в школе имени С.Шакирова села Толе би, где Кайрат учился на протяжении 8 лет, и где прошло его детство, а также в Казахской государственной архитектурно-строительной академии были открыты музеи имени его имени.

Начиная с 1999 года, в нашем районе проходит традиционный республиканский турнир по таэквондо среди детей и подростков на приз Народного героя Кайрата Рыскулбекова. И эти благие дела находят свое продолжение в городах Тараз и Алматы. Инициатором многих таких начинаний является фонд имени К.Рыскулбекова, который был создан в марте 1991 года, о чем писали многие печатные издания. И об этом молчать нельзя по следующим причинам. В 1973-1981 годах Кайрат обучался в школе-интернате Шуского района, в 1981-1983 годах – в Берлинской школе имени Кирова, а в 1986 году по армейскому направлению собственными силами поступил в Алматинский архитектурно-строительный институт.

К сожалению, сегодня мы утратили связь со многими одноклассниками и однокурсниками Кайрата, которые обучались с ним в школе и в ВУЗе. Лишь только Айнаш Омарова из села Бирлик и библиотекарь поселка Мириный Салима Исаева в 1999 году опубликовали в издании «Жалын» «Ер намысы – ел намысы» свои воспоминания о Кайрате, которые затем вошли в книгу «Кайрат и Декабрьское восстание». Было бы неплохо, если бы его одноклассники, сокурсники и друзья поделились бы оставшимися у них фотографиями и другими документами.

В следующем, 2011 году мы отметим 20-летие нашей Независимости, 25-летие Декабрьских событий в городе Алматы. Поэтому всем нам нужно достойно встретить эти знаменательные даты и внести вклад в дело воспитания подрастающего поколения в духе преданности своей стране и любви к родному краю.

Телефоны для связи: 8(726 38) 3-26-39, 8 701 140 93 31.

«Шуская долина» 6.11.2010

## АЙТЫЛМАҒАН СЫР ЕДІ

*Анаңды күте білсең – бақ,  
Атаңды сыймай білсең – тақ.*

Қазан айы болатын. Алматы сәулет-құрылыс институтының №1 жатаханасында тұратынбыз. Кешкі асымызды ішіп, үй тапсырмасын орындауға кіріскеңбіз. Есікті арғы жағынан бір жігіт тоқылдатып: «Қыздар, кешіріңіздер, үш шығарғыш табыла ма?», деп табалдырықтан аттамай тұрып қалды. Кейіннен ол жігітті ас дайындастын бөлмеде, институтқа баратып жолда, кітапханада көріп жүрдім. Бойынан ерекше сабырлық, адамгершілік рухы мен имандылық белгісі байқалды. Қымыл-қозғалысының ақылга конымдылығын, өз күшіне толық сенімділігін сезінгендей болдым. Қарапайым қазақтың қара баласы Мойынқұм ауданынан, ал мен Шу ауданынан арман арқалап келгеннен кейін сәлеміміз жарасым тапты. Оны көргенде өзімнің туған бауырымды көргендегі шаттанып жүрдім. Бір факультетте оқысақ та, мамандықтарымыз болек болды (Қайрат – ПГС-те, мен – ЭиОС-те дәріс алдық). Сабак барысында кездесе бермейтінбіз.

Алматыдағы Желтоқсан оқиғасынан кейін Қайрат туралы айтылған теріс ой-пікірлерге өз басым сенген емесімін. Өйткені, меніңжадымда Қайраттың қайсарбейнесі, танымдық жан қуаттары қалыптасқан. Өмірден өнеге түйген, біреуді ардақ тұтып қастерлей алатын, екінші адамға сүйіспеншілігі мен сыйластығын шынайы жеткізетін, ұстанымдылық пен батырлықты ұштастыра білген, табандылық пен борыш сезімін, ерік-жігерін биікке көтерген тұлға деп тәу етемін.

«...Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», деп Абай атамыз айтпақшы, қолыма қалам алған себебім, Тәуелсіздік күні қарсаңында келешегі кемел, өркенистті мемлекетіміздің өскелен ұрпагы Қайрат Рысқұлбековтың бейнесі мен ерлігі жаңғыра берсе деймін. Қайраттың талғамы жоғары, өмірлік ұстанымы мықты, білімге деген құштарлығы асқақ еді. Қарапайымдылық пен ұлылықты ұштастыра білгендігі қайран қалдыратын.

Осы күнге дейін тіс жармауымның себебі, өзімді

Қайраттың қатар-құрбысына, жора-жолдасына жатқыза алмадым. Бір курста оқысақта екі-үш жас айырмашылығымыз болды. Қайрат жайлы осы бір сәтті еске түсіруді жөн көрлім. Бәлкім, жас келе бір күннің өткеніне өкінетін жағдайға жеткендеғанда өмірдің қадірін сезіне бастайсың деген рас болар, сірә.

Г.ТҮРСЫНБАЕВА.

Алматы сәулет-құрлық институтының  
1986-1991 оқу жылдарының түзесі.  
«Шу оңірі» 11.12.2010.

## КЕЗДЕСІППІН ҚАЙРАТПЕН ЕКІ МӘРТЕ!

Тарихтың тылсым тереңіне кеткен сол айтулы 86-шы жылдары мен де студент едім. Ол жылдары балауса кеудемізде арман алауы жаңған біз сол кездегі С.М.Киров атындагы ҚазМУ-дің журналистика факультетінің соңы курсантада оқып жүрдік. Дәл сол уақытта Алматының екінші штабиде орналасқан ААСИ – де /Алматы архитектура – құрлық институты/ немере қарындасты Сәуле де білім алғып жатты. Ұмытпасам, сол 86-шы жылғы қараша айының орта түсінің алдеқандай шаруамен елгі оқу ордасының жатаханасына қарындастымды іздеп бардым. Жатын орнын дәл тапқаныммен, қарындастымның өзі белмесінде болмады, астыңғы қабаттагы кіре беріс дәлізде отыратын кезекші кемлірдің қасында біраз күтүге тұра келді. Бірі кіріп, бірі шығып жатқан студенттер. Кенет қос жанары үшіңиң шашқан, адамның бетіне тайсалмай тұра қарайтын шымыр денелі жас жігіт қасыма келіп отырып, жөн сұрастық.. Осыдан сәл ғана уақыт бүрін мұлдем бейтаныс болып келген жігіт сәл – пәл пікірлесе келе тұған бауырымдай жақын тартып кетті. Оның үстіне жерлесім болып шыққанын, өзі Мойынқұм ауданының болғанымен, мен туып - ескен ауылдағы мектеп – интернатта оқығанын қайтерсіз? Тағы бір байқағаным сөзге шеберлігі әрі әңгіме айтқанда адамды озіне магнитше тартып, ұйытып алатындығы еді. Біз сол жолы Қайрат екеуіміз бір сағаттай отырып, әңгіме – дүкен құрдық. Сұрастыра келс екеуміздің

сол кездегі аудан орталығы – Новотроицк селосында да ортақ таныстарымыз көп болып шығып, мұның өзі біздерді туған бауырдай тіпті жақындастырып жіберді. Әңгіме арасында ол осы институтқа әскери жолдамамен, оз күшімен түскенін, Бірлік атты ауылда қаралайым отбасынан шыққанын, енді бар күш – жігерін тек оқуға гана жұмсайтынын да айтып өтті. Сол кезде қарындастым келіп қалып, біз қоштастық.

...Көп ұзамай желтоксан айының ортасында ауа бере қытымыр қыстың ызғарымен ілесе, тыныш жатқан елдің үйқы-түйқысын шығарған аласапыранды күндер басталды да кетті. Көптің ортасында әлімізге қарамай біз де жүрдік. Әлі есімде, 18 желтоқсан күні түстен кейін алаңға жиналған жастардың сол кездегі биліктің солақай, озбырлық саясатына деген наразылығы үдей түсіп, шегіне жетті. Жастар үнін басып – жаншуга қарсы шыққап озбыр күштің итаршы – әскерилері де сақадай – сай қаруланып, анық құреске шықты. «Өзім ұрып – соғып, азаңтап – қинап жатқан бұл жастар да өз отандастарым гой» бұлар да өз бауырларым – жерлестерім гой деген жанашырлық, бауырмалдық сезімдер желге ұшып, қанды қырғын басталды да кетті. Сол дүрбелеңнің ортасында қалт – құлт етіп жүрген мен аласапыранның екінші күні Қайртты көрдім. Дәлірек айтқанда, сол қақтығыстың бел ортасында жүрген мені Қайраттың озі алдымен көріп, құшактай алды. Құшактап тұрып, былай дегені дәл күні бүгінге дейін әлі есімде: - Ага, еіз бұл жерде жүрменіз, ініңіздің тілін алсаңыз, тезірек үйіңізге кайтыңыз. Иә, тезірек қайтыңыз, ага. Ал енді қон болыңыз, жаң ағам менің, - деп қеудесіне катты қысып, арқамнан жұбата қағып, қасындағы екі – үш жолдасына мені шеткөрек шығарып салуларын тапсырып жатқаны әлі есімде....

Содан бері де арада сандаған жылдар өтті. Көп нәрсе өзгерді, ең бастысы қоғам түбегейлі өзгерді. Еліміздің көгінде тәуелсіздігіміздің көк байрагы желбіреп, отаршыл биліктің дәуірі өтіп, құрдымға кетті. Бір өкінетініміз сол ұstem империя құзғындары тегін кетпей өздерімен бірге Қайрат секілді талай асылдарымызды ала кетті. Сол гой қинайтыны.

Иә, арада көп жылдар өтті. Бірақ әлі күнге дейін менің коз алдыман жалындаған жас Қайрат бауырының асыл бейнесі кетпейді. Бәріміз де пендеміз гой, кей – кездері

мына желтоқсан айының дененде тоңазытар сүйк күндерінде денем тітіркеніп, жаурагандай болсам, сол Қайраттың ыстық құшағын ансағандай болам. Сондайда оның: - Ал енді қоң болыңыз, жан ағам менің... - деген курсініс пен налага, ашыну мен ызага толы даусын естігендей боламын. Оның сол қоштасу сөздері талай түн тәтті үйқымнаи боліп, беймаза қүйге түсірді. Денем тітіркене отырып, сондай кездері ойга қалам: есіл ер неге ғана айтты екен сол создерді? Әлде Құдай аузына салды ма екен? Әлде қандайда бір ішкі түйсікней болашағын болжап білді ме екен?

.... Сол желтоқсанның ызғарлы аязында қос аяқтан еткен сүйктың зардабын әлі күнге тартып келе жатқан бейбактың мен бүгінде. Эйтеуір құр кеудемізде шыбын жанымыз қалып, жер басып, тірі жүргеніміз ғана көңілге медет. Ал санамшы Қайраттың: қоң болыңыз, жан ағам менің, - деген даусы кетпейді. Кетпейтін де шығар...

Қарсыбек КӨЛЖАСАРОВ.  
«ШУ ӨҢІРІ» 6.01.2011

## ҚЫЗЫЛ ДИПЛОММЕН ҚОШТАСТЫМ

Мен, Есболғанова Фалия Көшкінбайқызы, 1965 жылы, Шу ауданы, Абай ауылында, көпбалалы, қарапайым отбасында дүниеге келгенмін.

1972-1982 жылдар аралығында Абай ауылында (ол кезде совхоз) онжылдық орта мектепте оқыдым.

1982-1983 жылдары Жамбылда ПГУ-43 жинақ кассасының кассир-операторлық курсында оқыдым.

1983-1985 жылдары аудандық статистика орталығында оператор болып жұмыс істедім.

1985 жылы Алматы есеп-кредит техникумының «бухгалтерлік есеп және кредит» бөліміне оқуға түскен едім.

1986 жылы желтоқсан көтерілісінің алдыңғы қатарында жүріп, сол кездегі небір оқиғалардың күесі болдым.

Желтоқсанның 16-да Қонаевқа қара күйе жағызыны, Колбиннің билікке келуіне наразылығын білдірген халықпен бірге жүріп, жатаханага кеш қайттық. Жатаханада түнімен «Әр үлттың басында ез өкілі отыруы туіс. В.И.Ленин.»,

«Колбин кестең» ... деген тақырыптарда түрлі лозунглар дайындалған ертесіне алаңға қайта келдік.....

18 күні таңтерең мені жатаханада жатқан жерімнен алып кетіп, «ұйымдастырушы» ретінде қамап қойды. Билік басындағыларға қажет болды ма, техникумның атын шығармау мақсатында мені қудалаудан құтқарып, ары қарай оқуымды жалғастыруға мұрсат берді, бірақ оқуымды үздік оқып жүрген маған «ұлтшыл» деген айып тағылыштың қызыл дипломмен қоштасуға тұра келді.

1987 жылы оқуымды аман-есен тәмамдап, қазіргі кезде 20 жылдық мемлекеттік еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметкермін. Отбасылымын, үш балам бар. Бақыттымын. Ештеңеге өкінбеймін.

Мен, Наурызбаева (қазір Шоқаева) Анар Амангелдіқызы 1985-1987 жылдары сол Алматы есеп-кредит техникумында Фалиямен бірге оқыған едім. 17 желтоқсан күні бірен-сараны квартирада, өз үйінде жататын студенттер ғана сабакқа келіппіз. Мұғалімдер абыр-сабыр. Ботаникалық-бульвар көшесінде орналасқан 9-этаждық жатаханадағы техникумның бүкіл студенттерін Фалия үтітеп алаңға алып кетіпті. Соның салдарынан Фалияны жатахананың подвалына қамап қойды. Кейіннен оған қызыл дипломмен қоштасуға тұра келді, абырой болғанда оқудан күшілған жоқ.

*Шу аудандық қазнашылық  
басқармасы бастығының орынбасары  
А.А.Шоқаева*

## ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ ҮЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ КІМ?!

Исатай-Махамбет көтерілісінің көсемдерінің бірі – Махамбет жысырарын жаттағасken үрпақөкілремтіде жеңе патриоттық тәрбие мәселесімен айналысып жүрген үстаз болғандықтан “желтоқсан көтерілісінің үйымдастырушысы кім?!” деген ой қолыма қалам алғызыды.

Мен 1986 жылы желтоқсан көтерілісі басталғанда Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының 3 курс студенті болатынмын. 16 желтоқсан күні кешінде жатаханамызда пікірталас басталған-ды. Орталықтың озбырлығына ойлы жігіттер іштей қарсылық білдіріп жатты. “Бару керек” “Айту керек” деген тоқтамға келген болатынбыз. Ертесіне 7.30-да үйқымыздан тәлімгеріміз Мәриям Әбуқызы ояты. Бізді түгелдеп жүр екен. Бірер жігіт жатаханада болмай шықса керек. Оку секторы-мені және мәдениет секторы – Құдабаев Нұржанды ертіп, үшеуіміз жоқ жігіттерді тауып келу мақсатында алаңға бардық. Алаң милиция қоршауында екен. Әлгінде КазГУ жактан келгендердің тас-талқанын шығарыш, қуып жіберді, бұлар басынды – деген қырықтардың мол ішіндегі костюм-шалбарлы, галстук таққан кісі: “Фурманов көшесі жағынан келмесендер ете алмайсындар” – деді. Әлгі сөздерге ұстазымыздың есі шықты. Жатаханаға қайта келдік. Жатаханада барымызды үйымдастырып сабакқа өзі кіргізіп кетті. Екінші парга кіргеніміз сол, И.Щебалков деген механизациядан дәріс беретін мұғаліміміз сабақты саясаттан бастады, біз өре түрегелдік. Содан алаңға қайта келдік. Арамызда құрстасымыз Колокольцев Вовка да бар. Алаңды қоршап тұрған шелті де бұзып өттік. Алаңда ауылдастарым Қали Қамбаровты (кейіннен 5 жылға бас бостандығынан айрылды), Жексен Ошановты кездестірдім. Бір-бірімізді “декабристер” деп, талаң – тілегіміздің дүрыс екендігін тағы бір пысықтап алдық. Шама келсе мінберге шыгу керек деп шештік. Мінберге шыгу көптеген қындық туғызды. Бір кезде қырықтардағы эйел сөз алды-ау, әйттеуір. Оның сөздерінен есімде қалғаны: “Біз 1937 жылдың қайталануына жол бермейміз”. Ол әйелді мінберден зорлап түсірді. Біз

де қам жасадық. Комсомол басшысы С. Әбдірахмановтан рұқсат алып, группаласымыз торғайлық Ақшығанақты (тегін ұмыттыптың) мінберге қарай өткізген болатынбыз. Ол мінберге көтерілмеді. “Кім сойлайдың хабарлауымыз керек” деп аты-жөнін жазып алып, кері кайтарыпты. Қоңыр ұзамай, қайран дос, комсомол мүшелігінен де, оқудан да шығарылды.

“Жігіттер, декан студенттерді түгелдеп жатыр” дегенді естіп жатаханаға оралдық. Мұнда аты-жөнімізді жазып алып, аланды жарапланғандарды жатаханаға жеткізуі міндет қылыш жүктеді. Жатаханамыз алғанан 300 м шамасында болатын, бірінші қабаттан жасырын медициналық бөлме ашып қойыпты. Жарапланғандар, есіресе, 18 желтоқсан күні көп болды. Сол күні институтымыз бокс жарысын үйымдастырыды. Достарым, Оразбаев Ахмет пен Камитжанов Талғат бокстасатын болғандықтан сонда барғам. Қайтар жолда әскерилердің соққысына тап болдық. Екі жолдасымыз тұнді темір торда өткізіп қайтты.

“Өнер адамдары мінберден соз сейлейді” дегенді естіп, алғанға қайта келдік. Өрт сөндіргіш машиналар судың астына алсын кеп. Судан қашып, құлагандарымыз құлап, қалғанымыз машина аралығына сап түзеңген әскерилерге тап беріп, болмаған соң Госагропром гимаратының жанындағы бетон ернеуден секірдік. Алаң жағы жарты метрдей ернеудің арты 3-4 метрлік ылди екен. Су-су болып, бір-біріміздің үстімізге опыр-топыр жығылдық. Құлаган көпшілік жанжакқа қаша тарқастық.

Жаңа жыл қарсаңында мұғалімдер үйге қайтуымызды талап етті. Біз, 7 жігіт өзгеде есеміз кеткендей күй кешіп, онғустіктің көрнекті шаһары Шымкентте талап тілегімізді білдіруді жөн деп тауып, жолға шықтық. Жаңа 1987 жылды Шымкенттен қарсы алдық. Бұл қаладағы алаң да қызылжағалыларға лық толы еді. Талап – тілек жайына қалып, келген ізімізben кері қайтуға тұра келді. Пойызга билет жоқ. Жеке-жеке жолсеріктерімен келісіп, әупірімен жайғастық. Мен СВ вагонға ішіндім. Күпеге кіргенім сол, қырықтағы жігіт агасы мені сұраққа алды: “Желтоқсандағы дурбеленгे қатыстың ба” деп сұрады. Тәлімгеріміздің құлаққа құйғаны бойынша “жоқ” деп жауап бердім. Әлгі

кісі “Біз мұнда қызылкенірдектесіп жүрсек сен” деп мені қылқындыра бастады. Аман қалуыма күпедегі аралық үстел септігін тигізді.

1987 жылы оқу басталысымен курс жетекшілерін үш әрін екілдері шақыруды жиілестті. Сейтсек, алаңнан түсірілген фотосуреттерден танитындарын сұрайды екен. Мениң группамның старостасы Марат Сәтбаев деген жігіт еді. Оның бір барып келгеннінде “мен бармын ба?” деп сұратам, оларға “жоқ” дедім, саған да соны айтамын деп, қысқа қайырды.

Бұл күнде мен ұстаздық ететін С. Шәкіров атындағы мектеп-интернатта 8 жыл оқып-тәрбиеленген, Алматы архитектуралық құрылым-институтының студенті Қайрат Рысқұлбековтың ату жазасына бүйірылуы, ату жазасының 20 жылға бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы, қастандықпен өлтірілуі өз алдына ұзак әңгіме. Мениң айтпагым, бұл күнде окушылардың “Еркек тоқты – құрбандық” – деп қыршынынан қыйылған Кайрагтың өлеңдерін жаттағ, көрініс қоюға пайдалануы дәтке куат.

Кенжебек ИБРАИМОВ.

С. Шәкіров ат.орта мектемтің  
алғашқы әскери даярлық жетекшісі.

**ЖАН ЖУРЕКТЕН ЖАЛЫНДАҒАН ЖЫРЛАР**  
Төрт жыл кешіккен шындық  
немесе бұрынғы Брежиев, қазіргі Республика  
алаңында оқылған өлең

Әр дәүірдің еркіне сай наркы өзгерген алтынның,  
Айналайын алтын әнім, жас өркені халқымның.  
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп  
шарқ ұрдың,

Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың,  
Кеуденде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның.  
Айналайын, айналайын, жас өркені халқымның!

Ерте айтылды, сондыктан да келте айтылды бұл әнін,  
Уақытыңын талабына дөп келсе де ұраның.  
Уақытыңың әділетсіз соққысынан құладың,  
“Нашақор” деп, “маскүнem” деп айыталдың, ұланым.  
Саган жапқан сол жаланы естіп үнсіз тұрғанша,  
Керең болып қалмады екен неге менін құлағым.  
Айналайын, айналайын, жас кайратым, қыраным!

Темір қолдар қуатты еді, алқымыңды қаусырған,  
Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.  
Жасып қалған шақтарымда жігер алдым бойыма,  
Тұрме торын жарып шықкан сениң қайсар даусындан.

Жә, не деген нүктесі көп, бұқпесі көп өмір ең...  
Төрт жыл өтті шындық құліп шыққаныңша көгінен.  
Оқ бойы озып тұрыпсың-ау сол аумалы кезде-ак,  
Пышаққа сап бола алмайтын әкімдердің көбінен.

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы.  
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің,  
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

*M. Шаханов.*

## **ЗОБАЛАҢ**

(поэмадан үзінді)

...Құлағымда тұншыққандай көмескі үн,  
Жүрмін әлі қыр сонында елестің.  
Біраз жылдар етсе дагы арада,  
Сол суретті ұмыта алар емесін.

Лаулап жанып, өртке оранған ой арман,  
Күнді көріп қызыл қанға боялған.  
“Құтқарындар, казақ қызын!” – деп жатып,  
Мен түсімнен талай шошып оянғам.

Ел басына түскен солай ЗОБАЛАҢ,  
Қайран елім! Сен қашанда аман бол!  
Қырышын кеткен қарындастың дауысы,  
Естілгендей “Батыстағы моладан”...

Айналайын қарындасым, қайдасың?  
(Сұрағыма білем жауап алмасым).  
Қорғамаган кешір момын халқынды,  
Жырмен жазам ғұмырыңың жалғасын.

Көрдің, халқым, не құқайын ғайбаттың,  
Иығыма түсті ауыр салмақтың.  
Сонғы сөзі құлағыма жеткендей,  
**РЫСҚҰЛЬБЕКОВ ҚАЙРАТТЫҢ!**...

Шаханов болып шындық қайта естілді,  
Төгілген қан жібермейді ешкімді!  
Желтоқсанның зобалаңы жасаған,  
Ақиқатты халқым, әттен, кеш білді!

*Жұмаш Кенелбаев*

## **БАТЫР ҚАЙРАТ** *(әні бар)*

Қазағымның ұлдары мен қыздары,  
Арпалысты желтоқсанда ызгарлы.  
Әділдіктің жолын күған жастардың,  
Батыр Қайрат намыстарын шындағы.

*Қайырмасы:*  
Батыр Қайрат мақтаным,  
Көңілімді баспа мұн.  
Тағы да бұлт торламай,  
Ашық болсын аспаным.

“Елім!” –деген сөзің қалды артында,  
Сол үшін де болып кетті жан пида.  
Арамызда жүре береді ән сағым,  
Қайрат! – деген, бағыдай қалпында.

*Қайырмасы*  
Тірі болсан, жарқырап-ақ өтер ен,  
Болмас еді-ау жүгің женіл көтерер.  
Рухың сенің әлі дағы дем беріп,  
Болашақты талай белге жетелер

*Қайырмасы*

*Болатбек Әбішев*

## **КӨК БАЙРАҚ МӘҢГІ БАҚИ ЖЕЛБІРЕСІН** “Желтоқсан жұлдыздары” кешінде айтылған толегі

Қазағым өзін-өзі жігерлейді,  
Ешкімге жаманышылық тілемейді.  
Қан қылған желтоқсанда қарақшылар,  
Халық қарғысы оларды жібермейді!

Төзбекен қиянат пен қаталдыққа,  
Қайраткер еліне жүр атапып та.  
Қаймықпай Желтоқсанды жария еткен,  
Ризамыз батыр ақын Шахановқа.

Әлі де бостандық деп атар тандар,  
Ұшқынын бар әлемге апарғандар,  
Қайрат, Ләzzат, Ербол мен Сәбирадар,  
Осылар – Желтоқсанда қаһармандар!

Халықтың қабырғасы сөгілмесін,  
Аналар ұлын жоқтап егілмесін.  
Алладан ақ ниетпен тілейік біз,  
Жазықсыз жаннның қаны төгілмесін!

Қазағым мөлдір судай тазалансын,  
Есіне Қайрат сынды қазаны алсын.  
Ел болып, халық болып қолға алайық,  
Сол кезде кінәлілер жазалансын!

Ызгары желтоқсанның өтті емес пе,  
Ер Қайрат шейіт болып кетті емес пе,  
Ағайын, ағайынды ұстап беріп,  
Түбіңе алауыздық жетті емес пе!

Осындаи еркіндікті ел тілесін,  
Бақыт құсы бағымызға еркін келсін.  
Ал, енді Тәуелсіздік құтты болып,  
Көк байрақ мәңгі – бақи желбіресін!

Намысты от-жалынга шыңдайық біз,  
Қайраттың ерлігіне ылайықпыш  
Жеті жыл толған екен Желтоқсанға,  
Әумин, қабыл болсын құдайымыз!

Аяз Бетбаев.  
Әниші-ақын-сазгер.  
Қ.Р.еңбек сіңірген мәдениет қызыметкери.

### БАҚЫТТЫ ӨМІР БАСТАУЫ

Тәуелсіздік тірлігімнің айғағы,  
Кей пенденің жетпей кеткен арманы.  
Ал, еліміз кеңге жайған құшағын,  
Жарқырайды әр-түрлі ұлт маңдайы.

Елін сүйген ұлы дара тұлғалар.  
Елдік үшін азапқа да шырмалар.  
Ұрпағының бақыты үшін күрескен,  
Алыптардың еңбегі бар жырланар.

Жанын қиған ара түсіп ұлтына,  
Бейбіт өмір тілеген бар жұртына.  
Қайрат пенен Ләzzат сынды жастардың,  
Үлкен парыз тағзым ету рухына.

Тәуелсіздік ұлылардың женісі,  
Қазіргі өмір сол женістің жемісі.  
Бірлігінің арқасында елімнің,  
Қанат жайып, өркендеуде өрісі.

Тәуелсіздік бақытты өмір бастауы,  
Көп қой әлі жазылмаған дастаны.  
Желбіреген көк байрактың астында,  
Елім аман, ашық болсын аспаны.

Динара  
Батырханова «Шу оңірі» 16.12.2009

## **ЖЕЛТОҚСАН ЖЫРЫ**

Бостандықтың шуагы бұл – Желтоқсан.  
Тәуелсіздік ұраны бұл – Желтоқсан.  
Орындалған бабалардың арманы,  
Жас үрпақтың жыры-әні бұл – Желтоқсан!

Бар қазақтың ашуы бұл – Желтоқсан,  
Кемерінен намыстың тасуы бұл – Желтоқсан!  
Кеудедегі сезімдерді оятып,  
Селт еткізген жасыным бұл – Желтоқсан.

Ізғарынан қаймығып ер шөкнеген Желтоқсан,  
Мызғымаған кеңесті бөлшектеген Желтоқсан.  
Қазактарды он бес елге одақтас,  
Қайсар етіп көрсеткенде Желтоқсан!

Ер намысын жалаулатқан Желтоқсан,  
Ақ таңымды алаулатқан Желтоқсан.  
Ізғарынан дүр сілкініп дүние,  
Айналыпты далам баққа Желтоқсан!

Мерекеміз бүгінгі құтты болсын Желтоқсан,  
Қазақ елі дүбірлі мықты болсын Желтоқсан.  
Егемен елдің еңесін биіктеткен Желтоқсан,  
Абыройым туспесін биік көктен Желтоқсан!

*Тамылбай Молдақұлов  
Шу өңірі. 16.12.2009*

## **АРНАУ**

Сакталар мәңгі бақи жүргегімде,  
Әрқашан еске алып жүрремін де.  
Ассалаумагалейкум, сәлем бердім,  
Қасиетті туып-өскен Шу еліме.

Арайлап талай таңдар ага берді,  
Сарғайып талай күндер бата берді.

Жылжыған жылдардың ағысында,  
Мінскеу үш мереке қатар келді.

Қазақтың ықпал еткен барлығына,  
Біртұтас мойынсұнған жарлығына.  
Бес жұз елу бес жыл толғалы тұр,  
Жәнібек пен Керейдің хандығына.

Арнаған өмірлерін елі үшін,  
Жұрген жол өткен дәуір еске түссін.  
Тарихи әділеттік орнамай ма,  
Тұрғызысақ Шу жерінде ескерткішін.

Құлпырған гүл бәйшешек тау маңында,  
Жайылған төрт түлік мал аумағында.  
Сексен жыл деп уақыт есік қақты.  
Өскелен осынау Шу ауданына.

Елу жылда ел жана деген екен,  
Ел көңілін еңбекке бөлген екен.  
Жарты ғасыр өтіпті содан бері,  
Шу қаласы елуге келген екен.

Мерг болған желтоқсанда батыр жаны,  
Жырлайды бостандықты ақындары.  
Бұл жарыс оныншы рет өткелі тұр,  
Қаһарман Қайрат ердің атындағы.

Мұстафа Өзтүріктей куресуге,  
Таэквондодан күш сынап тіресуге.  
Күш атасын танымас жеңіп алсын,  
Қаһарман Қайрат батыр жүлдесін де.

Еленіп еңбегін де ұнатып көп,  
Әкімнің сөзбен ісі тұрақты деп.  
Жарыстың етуіне қамқор болған,  
Қарашиболақов Бағланға раҳмет.

Құдайым бір өзіңе қуат берді  
Сондықтан жүргегіңе шуақ та енді.  
Осының барлығына ұйытқы болған,  
Ризамыз сізге Мәкен Үақтегі.

Спорғтың қырын-сырын біле турып,  
Кірісken сол жұмысқа білек түріп.  
Жастарды тәрбиелеп шынықтырған,  
Еңбегің жансын Марат Тілеуқұлов.

Осылай домбырамды тарта келдім,  
Үмітімді жастарға арта келдім.  
Ал енді мықтылардың бағы жансын,  
Ата дәстүр салтымен бата бердім!

*Аяз Бетбаев. Қ.Р. еңбек сіңірген  
мәдениет қызметкери, әшіi-ақын-сазгер.  
Шу оңтірі 16.12.2009.*

## ҚАЙРАТЫМ

Бойыңа ұлт рухының наәрін жиып,  
Елдік үшін жанын қыып.  
Жігеріне жаныған айбыны мен қайратын,  
Елім деген арыс едің.  
Бар қазақтың намысы едің.  
Өр ғасырдың дауысы едің Қайратым,  
Кеудесіне ұялатқан арыстанның айбатын.

Ер ең өжет сенімің де айнымайтын тұра алған,  
Сын сағатта алаштың ұл мен қызы сыналған.  
Нәубет шақта жасымадың,  
Жарқын шығып асыл әнің,  
Намыс туын желбіретіп халқымның,  
Желтоксанда, шаршы аланда шарқ ұрдың.  
Сан ғасырлық әз арман азаттықтың,  
Салтын құруға кең даланда талпындың.

Сатқындықты, азғындықты, арсыздықты көп көрдің,  
Тығырыққа тіредінде жиегін таппай өткелдің.  
“Қылмыскер де” атанып өз ортаңнан шеттелдің,  
Дегенмен сен ұлы істер өлмесіне сенімді ең.  
Ертең елдік орнарына зор үмітпен бек сендің,

Жендеттерден тайсалмадың,  
Кеңдік ізден жайсаң жаның.  
Бар арманың тендік боп,  
Еркіндікке батыр қадам жасадың,  
Ерлік жок жерде елдік жок,  
Мына ісің бағаланған жанқиярлық ерлік боп,

“Қайрат - деген атым бар,  
Қазақ – деген затым бар.  
“Еркек токты құрбандық”,  
Атам десен атындар”....

Деген даусың тар қапастан естіліп бір тұргандай,  
Тор көздің арғы жағында да бостандық  
сейіл құргандай....

*Габит Көкеев, Төлеби ауылы, Шу ауданы.*

*2007 жылы Астанада өткен халықаралық шығармашыл  
жастардың “Шабыт” фестивалінің лауреаты (дипломмен  
маралатталған)*

## МӘҢГІЛІК ОТ – ЖАС ҚАЙРАТ

*Сөзі мен әні Бақыт Исаеванікі*

Қаһарман ұл, жас Қайрат,  
Мақтанышы елімнің.  
Тұған жерге ту тіккен,  
Кек байрағы көгімнің.

*Қайырмасы:*  
Ерліктері ұрпақтың,  
Болашаққа бастайды.  
Мәңгілік от – жас Қайрат,  
Жүректерде маздайды.

“Тәуелсіз ел болсақ” – деп,  
Сан боздақтар жер құшты.  
Қызғалдақ гүл армандар,-  
Желтоқсанда желге үшты.

*Қайырмасы:*  
Ерліктері ұрпақты,  
Болашаққа бастайды.  
Мәңгілік от – жас Қайрат,  
Жүректерде маздайды.

Қаһарман ұл – жас Қайрат,  
Қазағымның ұланы.  
Аты аңызға айналған,  
Ұлт намысы – ұраны!

*Қайырмасы:*  
Ерліктері ұрпақты,  
Болашаққа бастайды.  
Мәңгілік от – жас Қайрат,  
Жүректерде маздайды.

*Шу өңірі 12.01.2010.*

## ЖЕЛТОҚСАНДЫҚТАР

Әні мен сөзін жазған:  
Әділбек Төлегенұлы Нысанбай

Арман-жырынды, еркін айта алмай,  
Ақ қар көк мұзда, тұрдың тайсалмай.  
Тәуелсіздіктің – қарлығаштары,  
Желтоқсандықтар, қайтпас қайсарлар!

*Қ-сы:*

Желтоқсандықтар, ар-намысы елдің,  
Бабаларымның – арманы сенсің.  
Егемен елдің – ертеңі сенсің,  
Тәуелсіз елдің – таңдауы сенсің!

Желтоқсандықтар, аптақ арымсың,  
Қаһарлы қыста жанған жалынсың.  
Аталарымнан қалған әнімсің,  
Бабаларымның, ақ арманысың.

*Қ-сы.*

Желтоқсандықтар, қайсар өрендер,  
Ұмытпай ұрпақ айтар өлеңдер.  
Батыр бабамның, қалған көзісің,  
Даналярымның өткен кеменгер.

*Қ-сы.*

Желтоқсандықтар, ғасыр – түлегім,  
Рухың биік, асыл сүйегің  
Құлпытасыңа, гүл шоғын қойып,  
Ерліктеріңе, басымды иемін!

*Қ-сы.*

**ҚАҢАРМАН ҚАЙРАТ**  
1996 жылды 9-желтоқсанда ҚР Президенттің  
Жарлығымен Қайрат Рысқұлбековке  
«Халық қаңарманы» атагы берілді.

Әні: Е.Азаматовтікі  
Сөзі: Б. Асқаровтікі

Өмірінен намысы биік тұрған,  
Әрқашанда Қайратжан биік тұлғаң.  
Аямай қасық қаның халқың үшін,  
Жалынды жас шағында болған құрбан.

Үндеп тұрған ерлікке,  
Ынтымаққа, бірлікке.  
Желтоқсанның қыраны,  
Қаңарманы, ұланы,  
Тәуелсіздік шырағы Қайрат.

Ауыртпалық туғанда халқыма шын,  
Сарқып берген бойдағы бұла күшін.  
Қорғаған ел намысын, қыз намысын,  
Қазақтың батыр ұлы мақтанышым.

Қасиетті танытып елдігінді,  
Бар әлемге паш еткен тендігінді.  
Қаңарман батыр қазақ мәңгі тірі,  
Ел Қайрат мойындартақан ерлігінді.

*Шу өңірі 9.12.2009.*

## АМАН БОЛ, АГА МҰХТАРЫМ!

Алматым – әсем астана,  
Қазағыма бас қала.  
Өзгеден аз қазағың,  
Кімдерге болдың баспана?  
Өзгелер төстеп елімді,  
Келімсек басты төрімді,  
Қойнауын билеп қазыналы,  
Талауға салды жерімді,  
Дәлірек айтсам сезімді-  
Ел, едік неткен тезімді!?  
Кім болса соған сенем деп,  
Жагаңнан алды өзінді,  
Намыс буып жастарды,  
Сын сағаты басталды,  
Бейқам келген оларды,  
Қарулы әскер бас салды.  
Опасыз Колбинымымен,  
Итпенен жendet қарсы алды,  
Қыздарын сүйреп шашынан  
Арына, халқым, дақ салды.  
Аждаһарлар ойнақ сап,  
Талайды кетті ойрандап,  
Қолданғандар жendetті,  
Қалай жүр еken тайрандап?  
Қиянатын жастар көрдіндер,  
Азабына да көндіндер,  
Желбіретіп туын жеңістің  
Бәрі бір сендер жендіндер!  
Өмір пида ар үшін –  
Кеуденде болса намысың,  
Тірі өлік болып жүргеннен,  
Арқалап елдің қарғысын.  
Ұмытпа, халқым, бұл құнді  
Танып алғын «тұлқінді».  
Тамағыңа тойған соң  
Табағыңа түкірді.  
Ақ боялып қарамен,

Әркімдер кетті жаламен,  
Шырылдап іздер шындықты,  
Не деген қылыш заман ең.  
Қатерлі жаудан ықпадың,  
Бойынды қорғап бұқпадың,  
Пердесін жұлған «заманың»  
Сен едің аға Мұхтарым!  
Жаралған жансың ел үшін, Жаудырған саган алғысын,  
Тасқындаپ жігер – қуатың Өрге бассын әр ісің!

*Базарбай Асқарпегі*



## ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕР

• *Қайрат Рысқұлбеков қорының төрагасы  
Мәкен Уақтегі мырзага*

### АРНАУ

Сөйлейін тіршілігім бар уақытта,  
Замана астаң-кестең тар уақытта.  
Мәкен бауырым, өзінді жырға қостым,  
Қызмет еткен қыршын жас – әруаққа.

Бұл өмір қын-қыстау өткел еді,  
Еңбегің ел алдында өтеледі.  
Қайраттың ерлігіне бас исеңіз,  
Оның да рухы биікке көтереді.

Бостандық сүйген ерді құрметтейік,  
Жарасар азаматқа бірбеткейлік.  
Намысын қазағымның туғып ұстал,  
Келешек ұрпақтармен бір көктейік.

1995ж. 9 шілде  
Ляз Бетбаев

*Қазақстан Республикасының еңбек  
сіңірген мәдениет қызметкери, ақын-  
жыриши, сазгер.*

**Бәрекелді! «Ер намысы – ел намысы» атты «Халық  
қаһарманы» Қайрат Рысқұлбеков туралы жаңа  
жинақ жарық көрді**

Бірлік ауылдындағы Рысқұлбеков орта мектебінде ерекше бір салтанат болды. Ерекше деп отырғанымыз, ол «Халық қаһарманы» Қайрат Рысқұлбеков туралы жаңа кітапты таныстыру рәсіміне яғни, тұсau кесеріне ариалған еді.

Откен жылдың аяғында Алматыдағы «Жалын» баспасынан «Ер намысы – ел намысы» атты кітап жарық көріпті. Ол жинаққа Қайрат Рысқұлбековтың өмірі мен Желтоқсан

оқиғасына қатысты іс-әрекеттері жайында әжазылған құжаттар, мақалалар, очерк, әңгіме, олендер тоқтастырылған. Сондай-ақ, Қайраттың өз шыгармалары да енгізілген. Кітапты қурастырылған, Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың төрағасы, жерлесіміз Мәкен Уақтегі.

...Мектеп заңпен көп адам жиналған. Қабыргаларда Қайрагтың суреті, оның омірі жайлы мағлұматтар. Өлеңдерінен үзінділер ілінген. Кітапты таныстыру рәсімін мектеп директоры Мейрамқұл Жұмаханова ашты, Мұнан кейін ортаға салғанатты түрде Қайрат туы әкелинді. Жиналғандар түгел қосылып, еліміздің Әнұраның айтты. Сондай-ақ, Желтоқсан оқиғасы, Қайрат жайында окушылар әдеби-музыкалық монтаж қойды, оның өлеңдерін оқыды.

Бұдан соң алғашқы сез М. Уақтегіне берілді.

- Құрметті ағайын! – деді ол.

- Бүгінде халқымыздың қаһарман ұлы Қайраттың есімі әлемге әйгілі. Біз оның жерлесіміз екенін үнемі мағтан етеміз. 1991 жылы наурызда, өздерің білесіздер, Қайрат қоры құрылды. Содан бері қор біргелай жұмыс атқарды. Енді, міне, салмақты жинақ шығарып отырмыз.

Мұнан кейін ол Қайрат туралы кітаптың бір данасын салтанатқа қатысын отырған оның әкпесі Гүлнарга сыйлады.

- Кезінде Қайратты ақтауға және қордың жұмысына көптеген азаматтар атсалысты, - деді одан әрі қор төрағасы,

- Оларды түгел тізін шығу уақытты алар, дегенмен, біразын атай кетейін. Мәселен, Үмітқұл Бекбаев, Сейілхан Ақылбеков, Ермұрат Асанбаев, Сейіткерім Қожаназаров, Аяз Бетбаев және т.б. Сондай-ақ, казіргі облыстық телерадио компаниясының төрағасы Әлмұхан Исақов мектеп алдындағы Қайратқа қойылған белгіасты тегін жасатып бергізді. Міне, тағы бір үлкен жұмыс біткендей, яғни, талмай ізденіп жүріп осы кітапты шығарды.

Бұдан соң белгілі жырышы-термеші Аяз Бетбаев Желтоқсан оқиғасы мен Қайрат туралы термесін айтты. Соғыс және еңбек ардагері Дүйсен Асанбаев, Қайраттың әкпесі Гүлнэр, аудан әкімшілігінің бөлім меңгерушісі Шәкізат Экімов сөйлем, ізгі тілектерін білдірді. Музыка мектебінің директоры Қалибек Шайжанов арнау өлеңін оқыды.

Соңынан салтанатқа қатысушылар түгел—қосылып хормен Шәмишің «Мениң Қазақстаным» әнін шырқады.

Іа. Желтоқсан көтерілісінің батыры, «Халық қаһарманы», даңқты жерлесіміз Қайрат Рыскұлбековтың рухын қастерлеуғе арналған иғілікті іс жүзеге асты. Ол арине «Ер намысы – ел намысы» деген осы кітаптың дүниеге келуі. Бұл арқылы Қайратқа біз тағы бір әдемі ескерткіш орнаттық.

Сөз соңында Қайрат қорының төрағасы Мәкен Уақтегі туралы да айтқымыз келеді. Жалпы, оның қаһарман жерлесіміздің актаудағы, оның рухын қастерлеудегі еңбегі өте зор. Дау жоқ, мына басылым да соның үлкен күш салуының нәтижесінде шығып отыр. Ерінбейтін, жалықпайтын осы жігіт бұл кіталқа көп материал жинақтапты. Кез майын тауысып еңбек еткені көрініп тұр.

Рахмет, Мәке, Қайраттың рухы да, ел де саған риза!

*Мойынқұм таңы. 6.03.99*

*Б. Әбсаматұлы  
Бірлік ауылы*

## **ҚАЙРАТТЫ ТАНЫТҚАН ҚАЙРАТКЕР**

Мемлекет тарапынан қолдау тауыл отырған күрделі салалардың бірі – білім, оның ішінде, өзекті де негізгі бағыт – патриоттық тәрбие. Бұл ұстаздар қауымының күнделікті атқарып жүрген қызметінің құрамдас белігі екені мәлім. Ал, осы иғі іспен ұстаз емес адамның айналысусы некен-саяқ, яғни, жоқтың қасы. Сол сирек жандардың қатарында Шу, Мойынқұм өніріне, қала берді егемен елімізге белгілі азамат, қарапайым қоғам қайраткері – Мәкен Уақтегін айрықша атап өтсек ешкім сөге қоймас. Мәкеннің еңбек жолы өз қатарыларынан еш айырмасы жоқ. Айырмашылығы – тұрашылдығы, батылдығы, табандылығы және қаламының ұшқырлығы. Мәкен Уақтегі 1948 жылы 16 қарашада Шу ауданы, Бәйдібек ауылында дүниеге келген. Білімі орта. 1966 жылы Төле би ауылындағы, жуырда 80 жылдығы абырайлы атап өткен, М.Әуезов атындағы қазак-орта мектебін бітірген. Ауыл шаруашылығының түрлі салаларында көлтеген жыл жүргізуі болып іstedі. 1990 жылдардың басында «Азат» қозғалысының

Мойынқұм ауданында үйлестірушісі, «Қазақ тілі» қоғамы басқармасының жауапты хатшысы қызметтерін атқарады. Сондай-ақ Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековке қатысты теріс түсініктерге қарсы өнікті жұмыстар жүргізді. Менің бұл кісімен таныстығым да осы жылдарда басталады. Марқұм ағам, ғалым-агроном Найманхан Нұпбайұлы екеуінің Бірлік ауылында, орталықта Қайрат Рысқұлбековтың ескерткішін орнатысып, мәдениет үйінің мандайшасына «Желтоксан» жазуын өз қаржы-көліктөрін пайдалана отырып, қыстың көзі қырауда Алматыдан жеткізгендері көз алдымда.. Төле биге келіп, ұстаздар қауымымен кездесу өткізуі де осы түс.

Мәкен Жұмаділұлы 1991 жылы Қайраттың қорғаушы-ұстазы Сейіткерім Қожаназардың табандалығының арқасында, Наурыз мерекесі кезінде, Қайрат Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қор құрып, оның төрағалығына салынды. Қордың атқарған жұмыстарына зер салсақ, кейіпкеріміз тұлғалана түспек: 1. «Халық қаһарманы» Қайрат Рысқұлбековтың тұган ауылы Бірліктері Киров атындағы орта мектепке Қ.Рысқұлбеков есімі беріліп, алдына белгітас қойылды. 2. Тұган ауылындағы Гагарин көшесі мен Алматыдағы Обручев көшесі Қайрат есімімен аталады. 3. Ұлтжанды, өнегелі қасиеттерімен көзге түсken қазақ жастарына Қайрат атындағы сыйлық тағайындалып, лайықты иелеріне тапсырылды. 4. Қөптеген өуре-сараңнан соң, Қ. Рысқұлбеков жатқан Семейдегі түрменің 21-камерасына 1993 жылдың шілдесінде бірнеше азаматпен кіріп, Қайраттың мәйітін алғаш қараган дәрігер-сарашы Болат Шалағановпен пікірлесе келе, оның өміріне қастандық жасалғанын анықтаған. 5. Семей, Тараз, Алматы қалалары мен Мойынқұм, Шу аудандарында өткізілген ақындар айтысы мен спорттық жарыстарға Қайрат атындағы жүлделер белгіленіп, жеңімпаздарға тапсырылған. 6. Алматыдағы Сәулест-құрылыс академиясында мұражай бөлмесін ашқызыуга, Семей қаласындағы Қайрат атындағы мектепте ол туралы деректі құжаттар жинастырып, топтастыруға атсалысқан. 7. 1999 жылдан бері, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында, жастар мен жасөспірімдер арасында Шу ауданында таэквондодан дәстүрлі Қайрат Рысқұлбеков атындағы республикалық турнирінің өтуіне, аудандық таэквондо федерациясының президенті Марат Тілеуқұловпен бірге, қажымай-талмай еңбектенуде.

Мұнымен қатар, Мәкен Уақтегі Шу ауданындағы осы жолдардың авторы ұстаздық ететін, «Халық қаһарманы» Қ.Рысқұлбеков 8 жыл оқып-тәрбиелеген С.Шәкіров атындағы орта мектеппен 1998 жылдан шығармашылық тұғыз байланыста. Мектепте, ұстаздар қауымының көмегімен және қор тәрагасының ат салысумен, 1998 жылы желтоқсанда мұражай ашылып, 2001 жылы «Халық қаһарманы» Қ.Рысқұлбековке тақтатас орнатылды, түрлі деңгейдегі спорттық жарыстар мен сыйнып сағаттары, театрланған көріністер әдетке айналған. Қайрат Рысқұлбековтың 2006 жылы 3 наурызда 40 жасқа толу құрметіне аудандық жас ақындар мүшәйрасы өткізілді.

Тәуелсіздігіміздің 15 жылдығы мен Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығына байланысты Мәкен Уақтегінің ұйымдастырып, аудан әкімі Б.Қарашолақовтың қолдауымен, Желтоқсан құрбандары Қали Қамбаров, Кенжебай Отарбаев, Қайрат Раҳметов және Қ. Рысқұлбековтың қорғаушы-ұстазы Сейіткерім Қожанаровпен кездесулер аудан мектептерінде нәтижелі өтті. Мақаламыздың басында айтқан патриоттық тәрбие мәселе сіне қайта оралсақ, жоғарыда атқарылған шаралардың мақсаты айқындала түспек. Жас ұрпақты кітап арқылы да тәрбиелеу ұтымды тәсіл екенін де Мәкен Уақтегі естен шығармайды. 1999 жылы Алматыда «Жалын» баспасынан 3000 тарапалымен «Ер намысы – ел намысы» жинағын құрастырып шығарды. Бұл кітаптың оқушыларды отансүйгіштікке баулудағы ролінің зор екенін байланысада, бүтінде тарихшылардың таппай зар болып жүргенін өз көзімізben көрдік.

Мәкен енді осымен бәрін тындырдық деп тоқмейілсіп отырған жоқ. Қайрат Рысқұлбеков оқыған Алматыдағы Сәулет-құрылым академиясына, С.Шәкіров атындағы мектепке Қайраттың есімін бергізіп, Алматыда Желтоқсан құрбандарына мұражай ашқызуға әрекеттегенүде. Мәкен Уақтегі «Қайрат және Желтоқсан көтерілісі», «Қайрат танытқан қайраткерлер», «Халықтың Қайнары», «Балық басынан...» кітаптарының авторы. Облыстық «Арай», аудандық «Шу өңірі», «Мойынқұм таңы» газеттерінде жарияланған «Қайрат және Желтоқсан көтерілісі» пьесасы мектеп сахналарында қойылып жүр.

Жоғары білімі жоқ кісінің жас үрпакты үлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу мәселесінде көп жаңнан бінкүрген анық. Асыл ағамызға: «Алпыс жасқа толып отыреңз, осы асқаралы асудан қажымай-талмай асып, ұзақ ғұмыр жасаңыз!» демекпіз. Ағамыздың ауданың ардақты да құрметті азаматы екені даусыз.

Кеңжебек ИБРАИМОВ,  
С.Шәкіров атындағы орта  
мектептің әскери жетекшісі,  
Қ.Рысқұлбеков атындағы  
қогамдық қордың басқарма мүшесі

## «РУХЫ ҚҰРМЕТТЕЛЕ БЕРЕДІ»

- дейді батыр атындағы қордың төрағасы Мәкен Уақтегі

Ата-бабамыз аңсал өткен тәуелсіздігімізді алғып, өз алдымызыға бөлек мемлекет болғанымызыға 20 жылға жуық уақыт болып қалды. Бұл жылдар аралығында еліміздің экономикасы артып, бүгінде дамыған ірі мемлекеттермен қай салада болмасын, ишк тәңестіре бастадық. Ал осы тәуелсіздігіміздің қайнар көзі – дүниені дур сілкіндірген сонау 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан бастау алады. Сол оқиғаның басты кейіпкері, «Халық қаһарманы», марқұм Қайрат Рысқұлбеков тірі болғанда 13 наурыз күні 43 жасқа толар еді. Жерлестері оның туған күнін биыл 21-рет өзінсіз атап өткелі отыр. Қайраттың туған күні қарсаңында Қайрат Рысқұлбеков атындағы қогамдық қордың төрағасы Мәкен Уақтегіге жолығып, сұхбаттасқан едім.

- Мәкен аға, Қайратты қашаннан танитын едіңіз? Қайрат атындағы қор қалай, қашан, қандай мақсатта құрылды?

- Мен, Мойынқұм ауданының «Көктерек» совхозында сүт таситын автомашина айдадым. Сол кезде Қайраттың әкесі Ноғайбай – бақташы, ал анасы Дәметкен сауыншы болатын. Шу ауданында мектеп-интернатта оқитын. Қайрат ауылға келгенде, малдагы ата-анасына көбінесе менің көлігімен қатынайтын. Әлі есімде, 1988 жылдың жазында малиш ауылына барып, Дәметкен апайға баласының өліміне байланысты көзіл айтқанмын. Сонда аузыма Құдай салды ма

«әмбіл-ак Қайраттар ақталып, оларға батыр атақтарын береді» деген едім.

Ал, қорға келсек, 1991 жылы 13 наурызда Қайраттың 25 жасқа толуына орай Бірлік орталau мектебінде жиын өткізіп, осы мектепке оның атын әперу әңгіме болы. Осы қүннен бастан Қайраттың қорғаушы ұстазды Сейіткерім Қожаназаров екеуміз мұғалімдермен, оқушылармен тығыз байланыс орнаттық. Дегенмен, ол кезде ұстаздар қауымы Қайрат туралы әңгімеге үркे қарайтын. Сол жылы Бірлік, Биназар, Жасұлан ауылдары Наурыз мерекесін бірлесе тойлан жатқанда, Қайрат атындағы қордың ашылғанын көпшілікке жария етіп жібердік. Осы шарага Қайрагпен бірге соттаған Қайыргелді Күзенбаев та келіп қатысты. Сейіткерім екеуміз Қайраттың ата-анасына қордың ашылғаны жайлы жеткізіп, оның мақсаты туралы айтып бердік. Анасы Әметкен алғыс білдірді.

- Қордың мақсаты не? Қандай жұмыстар атқарылғаны жайлы да айта кетсеңіз?

- Оның мақсаты – халық арасында Қайраттың ерлігін көнінен насиҳаттау. Қайраттың жақсы өнегесі арқылы бүгінгі жас ұриаққа Отанын, елін, жерін, сүйстін, нағыз патриот етіп тәрбиелеуге үлес қосу, шындыққа коз жеткізу. Оның есімін тарихта қалдыру. Бұл жөнінде қоңтеген жұмыстар атқарылды. Атқарыла береді де. Өзі туып-өскен Бірлік ауылдағы бұрынғы Киров атындағы орта мектепке есімі беріліп, алдына белгітас орнатылды. Мектептен мұражай ашылып, үздік оқушыларға Қайрат атындағы сыйлық тағайындалды. Кинотеатр алдында бірінші топтағы мүгедек Мамырбек Эбдірахмановтың демеуінілік көмегімен ескерткіш орнатылып, ақын-сазгер, жырышы Аяз Бетбаевтың қайырымдылық концертінен түскеи қаржыға оның төңірегі ретке келтірілді. Бұрынғы Гагарин көшесіне есімі берілді. Ал, Мойынқұм ауданының орталығындағы саябаққа бюсті орнатылып, мұражайдан бұрын ашылып, бір көше батыр есімімен аталағын болды. Аудандық, облыстық деңгейде ақындар айтысы, мүшәйра, спорттық жарыстар үйімдастырылды. Өзі оқыған Шу ауданындағы орта мектебінде де мұражай ашылып, мектеп қабырғасына тақтатас орнатылды. Қайратқа байланысты 1999 жылы «Ер намысы – ел намысы», 2001 жылы «Қайрат және желтоқсан көтерілісі» атты кітаптарым жарық корді.

Қайраттың туган күні мен желтоқсан оқығасына байланысты әр түрлі шаралар аудал мектептерінде етіл жатады.

- Облысымыздан басқа тыңқары жерлермен қандай байланыстарының бар? Ондағы шараларға қатысын тұрасындар ма?

- Біз тек өз облысымызға емес, басқа жерлерде де Қайратқа байланысты іс-шаралардың өтуіне ықпал жасап келдік. Мәселен, Қайраттың 30 жылдығы қарсаңында, 1996 жылы ол оқыған Алматыдағы Сәулет-құрылым академиясында жиын өткізіп, нәтижесінде, оку орнынан мұражай ашуға көмек көрсеттік. Қайраттың өлімінің себептерін анықтау мақсатында бірнеше мәрте Семей жеріне баруға тұра келді. Ондағы зиратына құлпытаас қойылып, ас беруіне де қатыстық. Алматыдағы – Обручев көшесіне, Қайраттың есімін бергізуде жұмыс жасадық. Сондай-ақ, Зайсан қаласындағы ескерткішін қамқорлыққа алу жопінде аудандық мәслихат хатшысымен келісімге келдік. Қайраттың үлкен портретін суретші журналист Сейсенхан Махабетов деген азаматқа салдырытты. ата-анасына тарту еттік. Семей қаласындағы Қайрат атындағы мектепке деректі құжаттар жинастырып бердік. Ең бастысы – Қайратқа «Халық қаһарманы» атағын беру туралы да біз қозғау салып, тиісті органдарға хат жолдағанбыз. Біздің хатынызға сол 1993 жылдың қыркүйек айында Министрлер кабинетінің Мемлекетті наградалар бөлімінің менгерушісінің орынбасары К. Дүйсеевтен ұсынысымыздың қаралатыны жөнінде жіберген жауап хаты келгенде қатты қуандық. Сол хат менде әлі сактаулы тұр.

- Аталған қор бүгінде қандай жұмыстар атқарып жатыр? Алда қандай жоспар бар?

- Кейінгі жылдары корга қаржылай көмек қолын созатындар саны азайып барады. Соған қарамастан, демеушілерді іздестіре жүріп, жұмыстар атқарып жатқан жайымыз бар. Мен Шу ауданынына қоныс аударғаннан соң осындағы Қайрат оқыған С. Шәкіров атындағы мектеппен тығыз байланыс орнаттым. Қайраттың 40 жасқа толу құрметіне 2006 жылы аудандық жас ақындар мүшәйрасы өтті. Бұған аудандығы Б. Ессеев, Ә. Зәуірбеков, М. Халықова, Ж. Сейдәзімов тәрізді азаматтар көмек қолын созды. Сол жылғы тауелсіздігіміздің – 15, Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығына орай Қайратпен тар

қапаста бірге болған желтоқсаншылармен аудан мектептерінде кездесілер отті. Шу аудандық таэквондо федерациясының президенті Марат Тілеуқұловтың қолдауымен 1999 жылдан бері таэквондодан жастар арасында Қайрат Рысқұлбеков атындағы дәстүрлі республикалық турнир тұрақты өтіп келеді. Қайрат оқыған Алматыдағы сәулет-құрылышы академиясына оның атын бергізу туралы мәселемен де айналысып келеміз. Алматы қаласынан желтоқсан оқигасына қатысуышылар құрметіне мұражай ашқызып, Астана, Алматы қалаларынан ескерткіш орнатылуына ықпал етпекпіз. Мақсатымыз – Қайрат сынды боздақтарымыздың әруагын құрметтеп қана қоймай, жастарымызды адамгершілік пен үлтжандылық рухта тәрбиелеуге үлес қосу.

Амандақ болса алда да Қайрат бауырымыздың руҳын қастерлеуге байланысты осындай иғілікті істер өзінің жалғасын таба беретін болады.

- Әңгіменізге раҳмет. Алдағы жұмыстарыныңға табыс тілейміз.

Сундемула ӘБІЛОВ,  
Ақ жол, 11.03.2009,

## ҚАЙРАТТЫҢ ЖОҚТАУШЫСЫ

Азамат.

Қайрат Рысқұлбеков туралы Республикалық, облыстық басылымдарда журналистер алғаш өткен ғасырдың тоқсанының жылдары жаза бастаса, мойынқұмдық Мәкен Уақтегінің жазғандары – сексенінші жылдардың соңынан басталады. Демек, ол – Қайрат туралы тақырып тыңына ең алғаш болып түрән түсіргендердің бірі. Тоқсанының жылдарға дейін Қайрат туралы жазу үлкен ерлік пара-пар болатын. Сүт таситын автомашинаның жүргізушісі ретінде сиырлы ауылда көл болатындықтан Қайрат Мәкеценің көз алдында есті. Ал кейін К. Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қор жетекшісі бола жүріп, желтоқсан көтерілісіне, Қайратқа қатысты құжаттармен көбірек танысты, талай жерді аралады.

Қазір Шу ауданының орталығы Төле би ауылъында тұрады. Ол келгеніше Шу ауданындағы Қайратқа қатысты іс-

шаралардың жүзеге асырылуы көнжелен тұрған. Мәкен қеле салып Қ. Рысқұлбеков қоғамдық қорының төрағасы ретінде қыруар шаруа тындырыды.

1990 жылдары Қайраттың туған ауылы Бірліктегі мектепке Қайраттың есімін берейік, оған ескерткіш орнатайық деп, С. Қожаназар мен М. Уактегі бастама котергенде бұл азаматтарға біраз ағайындар құле қараи: «Осы екеуінің естері дүрыс емес», - деп те күлген. Оған дейін де, одан кейін де әр қылыш көртартпала қыншылықтарға қарамастан, Сейіткерімін табандылығымен, Мәкен жетекшілік ететін Қайрат қорының үйіткі болуымен ақыры туған ауылы Бірліктегі Киров атындағы мектепке Қайрат Рысқұлбеков есімі беріліп, алдына белгі тас қойылды. Кіндік қаны тамған сол ауылда ескерткіш орнатылды, көше аты берілді. Алматында Обручев конесі Қайрат есімімен аталады.

Көптеген әуре-сараңсан соң, Қ. Рысқұлбеков жатқан Семейдегі түрменің 21-камерасына 1993 жылы шілденің соңында Мәкен бірнеше азаматиен бірге кіріп, Қайраттың мәйітін алғаш қараган дәрігер-сарапшы Болат Шалағановмен пікірлесе келе оның өміріне қастандық жасалғанының анықталуына үлес қосты.

Сондай-ақ Алматындағы саулет-құрылым академиясында мұражай бөлмесін аныуга ат салысын, жәдігерлер сыйлады.

Сол кездегі Шу ауданы әкімі Б.Рысмендиевті қайта-қайта мазалай жүріп, Қайрат оқыған С. Шәкіров атындағы мектепке 2001 жылдың желтоқсанында тақтатас орнатқызды.

Қайрат жайлар «Ер намысы – ел намысы» кітабын құрастырып, «Желтоқсан көтерілісі және Қайрат» кітабы мен осы аттас пьесаны жарыққа шығарды.

- Ендігі жердегі біздің қордың ең басты мақсаты Алматы саулет-құрылым академиясына халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың есімін бергізуге ат салысу. Сондай-ақ, Желтоқсан боздақтарына Алматы мен Астана қалаларынан ескерткіш орнатылуына ықпал ету. Сол арқылы Қайрат сынды боздақтардың әруағын құрметтеп қана қоймай, жастарымызды адамгершілік пен ұлтжандылық рухта тәрбиелеу жолында айттарлықтай іс тындыру, - дейді Мәкен.

*Бақыт МАРҚАБАЕВ,  
«Ар-Ай», 14.12.2006*

## 2-БӨЛІМ

### ӘМІР ӘРНЕКТЕРІ

#### БИНАЗАР БАТЫР

Қазак қазақ болғалы не бір аласапыранды қым-куыт қынышылық пен тауқыметтерді басынан еткізді емес пе!? XVIII ғасырда жонғар шапқыншылығы ұзақ уақытқа созылып, халқымыздың тоз-тозын шығарып ежелгі жібек жолы бойындағы мәдениеті жан-жақты өркендең дамыған көптеген қалаларымыздың тас талқанын шығарып, жермен-жексөн етті.

Абылай хан үш жүздің басын біріктіріп, жұмылдыруының арқасында 1750 жылдары жонғарларды ойсырата жеңіп, атамекенімізді жаудан тазарта алды. Енді-енді есін жия бастиған еліміздің шұрайлы, қойнауы қазба байлыққа толы жеріне XIX ғасырда оңтүстіктері Қоқан хандығы - өте-мөте қызыға көз алартып өктын-өктын қарақшылық шабуыл ұйымдастырумен болды.

Бірде қоқандықтардың кезекті шабуылында меркілік Сыпатай батыр Дулаттың Сиқым, Ботпай, Шымыр, Жаныс ұлдары үрпақтарының басын қосып қарсы тұрады. Сол кездегі ұрыс салты бойынша екі жақтың батырлары жекпе-жеккесі шығып күш сыйнастыны белгілі.

Қоқандық дүлей күштің иесіне қазақтан бірінен соң бірі шыққан екі-үш батыр төтеп бере алмайды. Амалсыздан Сыпатай батырдың өзі қоқандыққа қарсы жекпе-жеккесі шықпақшы болғанда кеңесші қария - Сыпатай, қолбасшы тек қолбасшымен ғана жекпе-жеккесі шығутиіс, - дегенде ұрысқа бірінші кіргелі тұрған жас батыр Биназар: -Ақсақал, мені бұрын-соңды көрмеген соң қомсынып тұрған шығарсыз, батаңызды беріңіз, халқымың җолында құрбан болсам арманым жок. Бірақ мен жекпе-жеккесі жеңілем деп емес, жеңем деп шығып бара жатырмын, - деді ағынан жарыла.

- Балам, кейінде қарасам батырлығың басым сияқты. Бірақ астындағы атың мен өнбойындағы қаруыңмен тұлпарға мініп, бақайшығына дейін қаруланған қоқан батырына төтеп бере алар ма екенсін?

- Астымдагы атам мен қолымдагы жағыз пайзамды қомсынарыңызды сезіп, манадан бері ыңғайсызданды түр едім. Жеңіске жетсем анау тұрган жауымның сауыт-саймалы, қару-жарағы да менікі емес не,-дең жас батыр сенімді жауап қайтарады. Жас батырдың сеніммен айтқан алғі сөзі қарияны селт еткізбей қоймаса керек, қолын жайлы, ақ батасын берді.

Сол сәттегі Биназар Қоқан батырына қарсы шапты. Козі қанға толған қоқандық келесі құрбандығын менсінбеген сыңаймен қарсы алады. Бірақ бірінші сокқының озиңен кейін ақ мына жас батырдың тегін емес екеніне коз жеткізді. Әруағы тасыған жас жігіт шыдатпай барады. Қоқанның батыры ендігі жерде шындаған сасайын деді. Біразға дейін бір-біріне беріспей жүрді. Ақыры Биназардың күші басым түсіп, Қоқанның батырын атынан аударып түсірді.

Әлгінде гана қабагынан қар жауын, қазактарды менсінбей тұрган батырың қас иен көздің арасында бейшара күйге түсті. Биназар коз ілесепс жылдамдықпен көк сұнғаш оның көкірегіне бірақ қалады. Одан әрі өй-шайга қарамай, қоқандықтардың қолына қарай қарсы шапты. (Болат Оңғарбай, «Биназар батыр» кітабы, 9-10 бет.).

Қоқандықтарды ойсырата женуге тікелей әсер еткен осы жекпе-жектен кейін атагы жер жарған Биназар батыр Дулаттың бел баласы Шымырдың алты ұлының кенжесі Шынқожадан тарайтын Көкірек (Анда) руынан еді. Сейтіп, Биназар от жүректі ерлігімен елінің ұранына айналды.

Көкіректің байырғы мекені Оңтүстік Қазақстан облысының Тұлкібас ауданының жері болған. Алдында мыңғырған малы жоқ елдің кебі кедейшілікпен қалт-құлт өмір сүрген. Біразы тіршілік қамымен жан-жаққа кіші бастаған.

Биназар көп ойланып-толғанып, тарыдай шашыла бастаған ағайындарының басын қосып, іргелі ел етсем деген мақсатпен жерлестерін Алатауға бөктерлей көшіріп, Алматының маңын жағаларап келген. Өкінішке орай, таулы-тасты аймақ тоган қазуға, егін егуге қолайсыз болған. Ағайындарымен кеңінен ақылдаса келе, халқына қолайты қоныс іздел арнайы жолға шығады. Шұдың бойын жағаларап, бірнеше күннен кейін Мойынқұмның ұшы-қырысыз ен даласына жетеді.

Арнасы кең, сұы мол озен, ит тұмсығы өтпейтін қалың ну тогай, әр сексеуілдің түбі бір асым ет-жүгірген қоян, ан-құс қисапсыз көп екендігін көзімен көрген Биназар баба Мойынқұмнан қолайлыштың қоныс табылмайтынын түсініп, көп ұзамай ағайындарын түгелдей дерлік Шу бойына көшіріп әкеледі. Жайғасып етек-жеңін жинаған соң, ақсақалдармен ақылдастып, азын-аулақ малға айырбастап Ташкеннен күреккетпен, сайман әкеледі. Ерте коктемде жұртшылықты жұмылдырып, канал қаздырып, жогарыдан Шу өзенінің қалта тұсын бөгеп елге су жеткізіп, егін ектіреді. Бірер жылда-ақ елдің тұрмыс деңгейі едәуір көтеріледі.

Көкірек руы әу баста сәмбет болысының құрамына енеді. Кершілес екі рұлы ел ынтымақта тату-тәтті өмір сұрген. Сәмбет пен Көкірек Шымырдың Шынқожасынан тарайтын ағайындар еді. Бірақ мейманасы тасыған болыс алым-салықты тым көбейтіп Көкірекке қырын қарайды. Биназар болыстың әділетсіздігін оның бетіне ашық айтады. Көзіне шел бітіп, әбден менменсіген болыс оны тындаламайды.

Биназардың Дуана атты ұлы козі ашық, көкірегі ояу азамат болып өседі. Дуана елді арапал, санақ жүргізіп, қол жинап құжаттарымен Верныйдағы ояздың қабылдауына кіреді.

Бұдан хабардар болыс та артыныш-тартынып, ояздың аузын алмақшы болады. Орыс тілін жетік менгерген Дуана болыстың алдын орап, оязға мән-жайды толық түсіндіріп, жеке болыстыққа болінуге рұқсат алады. Ояздан беті қайтқан болыс Дуананы ұлықтың қолдап кеткенін көре алмай қызғанышпен оны өзіне таныс байдың үйіне тамаққа шақыртып, атының үзенгісінің бауына у жақтырады. Іші тарлығына «құрық бойламайтын» болыс қараниеттікпен көкірек еліне болыс болып сайланады деп отырған жапжас азамат Дуананың өміріне қастандық жасап өлтіртеді. Биназар сүйікті ұлының қазасының қалай болғанын, неден болғанын жүргегі анық сезсе де құн даулап жауласудан екі елдің татулығы мен ынтымагын жогары қояды. Көкірек елінің тізгініне ие болып басқаруға лайықты азамат деп Верный қаласындағы губерниялық кеңсе бастығының қызметінде жүрген Ибраһим деген жас жігітті тауып, өз келісімімен болып сайлануына тікелей ықпал етеді.

Жас болыс елге өте жайлы да әділ қызмет көрсетеді. Сондықтан да оның азан шақырылып қойған Ибраһим аты ұмытылып, көпшілік оны Жайлыбек деп атайды. Ол ә дегеннен елді отырықшылықта үйретіп, саман кірпіштен үйлер салдыруды қолға алады. Егіншилікпен қатар үйлерінің жанына бау-бақша отырғыздырады. Осындай қызметі үшін Жайлыбекке халқы да дән риза болады.

Кезі ашық, санасты ояу Биназар батыр балаларды оқытуға ерекше көніл бөлген.. Арабша хат танитын Қасыбай Қондыбайұлы деген молдаға мектеп аштырып, ауыл балаларын оқытқызыған.

Биназар шуыртпалы Ағыбай батыр мен ысты Белтірік шешенмен айттарлықтай сыйластықты қарым-қатынаста өмір кешкен.

Тұлабойын қызғаныштың оты тұтастай құрсаулаған іргелес елдің болысы не істерін білмей аласұрады. Ары ойланып, бері ойланып, «қызғаныш ауруының» емін тапқандай қуанады.

Шілденің аптап ыстығында Хантауының ең көрікті Сұңқар биігіндегі өзекте қысқа дайындық қамымен көпшілікке бас-көз болып шөп шауып жүрген Биназар мен Жайлыбекті болыс ерулікке шақыртып, шабарманын жібереді.

Жайлыбек: -Би аға, осы жолы бармай ақ қойсақ қайтеді, мен білсем ол тектен-текке шақырып отырған жоқ, жамандықты жүрегім сезетін сияқты, дейді.

- Ол бұрынғы қателіктерін түсініп, бізден кешірім сұрағалы ниетпен шақырып отырған шығар, астан үлкен емесспіз ғой, барғанымыз жөн, - деп ақкөңіл де аңғал батыр кесіп айтады.

Қонақтарды болыс асты-үстіне түсіп қарсы алып, ақ киіз үйдің төріне шығарады. Лезде табақ та тартыла бастайды. Бас пен жамбасты батырдың алдына қойғын да, мына сүбелі табақты Жайлыбекке тарт дейді. Да羞ы да бұйрықты қаз қалпында орындаі қояды. Сол сәтте Биназарға күдік пайда болып, өні өзгеріп сала береді де:

-Жайлыбек жас болса да ел ағасы ғой, бас пен жамбасты соган тартайық. Ал мына сүбелі табақты мен алайын,- деп Жайлыбектің алдындағы сыбағаны өзіне ысырады. Табақтағы сүbenі алып жей бастағанда өзгелер де оргадағы

сыбагаларына қол салады. Цем алысы ауырлап бара жатқан соң, Биназар ауылға тезірек жетейік, - деп сыртта тұрган аттарына беттейді.

Сұнкардың өзегіне жеткеніше сыр білдірмей келген Биназар ата ауылға жақындағанда қатты қиналып аттантуғе мәжбүр болады. Халі тым нашарлаған батыр: - Шырагым, Жайлұбек, алдыңа қойған табакты өз алдыма алған себебім, ол табакқа салынған у бар екенін сездім. Болыстың арам ойы іске аспады. «Имансыздың арты даулы» деген, бір адамның иттік әрекеті үшін екі ел айттысып – тартысып жауласпасын. Мениң кегімді құыш, қол көтерме. Сүйегімді Сұнқардың сайына қойындар. Мениң жатқан жерім екі рудың шекарасы болсын. Еліңе ие бол, қайыр қош, - деп көз жұмады.

Батырдың ұрпактары ак, жауып, арулап көмеді. Оған өте көп адам жиналады. Оның оміріне жауыздықпен қара ниетті қастандық жасалғандықтан қандары қарайып, тұла бойларын ашу-ыза кернесе де Биназардың актық тілегін қабыл алыш, ағайындары екі ел арасындағы тыныштықты бұзбайды.

Жамбыл облысының жартысына жуық, ұлан-байтақ жерге орналасқан Мойынқұм ауданы халқының тұрақтанып, есіп-өркендеуіне Биназар атанаң сінірген еңбегі ерен. Кезінде өзі қаздырган канал мен Комингерн аулына батыр бабаның есімі берілген. Мойынқұм өнірі ақын Жамбыл Жабаев, Шопан-Ата атанин екі мәрте Еңбек Ері Жазылбек Куанышбаев пен 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің жүлдізы, Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың кіндік қаны тамған қасиетті мекені. Мойынқұм ауданында сондай-ақ елімізге танымал көптеген ғалымдар мен ақын-жазушылар дүниеге келген.

1994 жылы Мойынқұм ауданының сол кездегі әкімі Қарашолақов Бағлан Жиенәліұлының ұйымдастыруымен Биназар Ақеділұлының Сұнқар сайындағы зиратында кесене тұргызылды.

Ақбақай акционерлік қоғамының директоры Төлеухан Оспанбеков батырдың басына қонақ үй салдырыды. Алматылық медицина ғылыминың кандидаты Болат Тасболатовтың ұйымдастыруымен Бітімбай Ысқақов, Лиза Қажы Мешітбаева, Болат Оңгарбай, Серік Тұйтебаев, Үрза

Иманбекова, Сайлау Ділімбетов, Аманжол Копбасев, Смагұл Садырқұлов, тараздық-Әбділдә Бақтыымбетов, Әлімхан Тайлақбаев, шымкенттік-Елтай Мырзайұлы, астаналық-Мырзакелді Әбдірайымов, қарагандылық-Шаймұрат Отарбаев, мойынқұмдық-Оңдасын Жиенқұлов, Бекен Қадықов, Есенаман Ошақбаев, Ермұрат Асанбаев, Ерболат Тұңғышбайұлы т.б. белсene атсалысуымен откен жылдың желтоқсанында Мойынқұм ауданының Бірлік ауылында Биназар батырдың көрікті де зәулім ескерткіші бой көтерді.

2005 жылы Биназар бабаның туғанына 200 жыл толу мерекесінің құрметіне кесенесі мен қонақ үйі тұрғызылған Сұнқар шынының шатқалында үлкен ас беріліп, еліміздің түкпір-түкпірінен батырдың мындаған ұрпақтары бас қосты. Ақындар айтысы, қазақша күрес, ат бәйгесі басқа да мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Сәби сүюге зар болған аналар мен түрлі ауру-сырқауға ұшырап ем қонбай жүрген науқастар атаның зираты басына зиярат етіп түнеген соң, көп ұзамай сәби сүйіп, ауруларынан қулан-таза айығып кетуде.

Кенес дәүірінде кей шаруашылықтың отардағы қойларына жаппай індеп тиіп, қырылуға шақ қалғанында Биназар атаның басына айдан келіп, қона жатып қайтқан соң, малдары да ауруларынан жазылғандарын қазірде екінің бірі айтуда.

Ертеректе Шу ауданының Жидебай ауылының тұмасы Сәндігүл атты жас қыз аяқастынан сырқаттанип, көзі көрмей су қараңғы болып қалады. Дорігерден дәрігер, емшіден емші қоймай аралап, олардан еш комек те, шипа да көре алмайды.

Сәндігүлдің туыстары оны Биназар бабаның басына апарып, үш-төрт күн түнетеді. Көп кешікпей-ақ батырдың әруағы жебеп, Сәндігүлдің козі шырақтай жанып, өмірге қайта оралғандай қуанышты шаттыққа бөленеді. Сәндігүл бүгінде елтаныған халықемшісі, оған республиканың түкпір-түкпірінен бір шыбын жандарына шипа ізден келушілер көптеп саналады. Құдай қосқан қосағы Бекмырзамен түтін түтетіп, балалы-шағалы, Шу қаласында тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Биназар бабаның сүйікті ұлымен өзінің өмірінс жасалынған өте ауыр қылмысты қастандықты кек

сақтамай, елді алаламай, руға-жұзге бөлмей, жүртшылықты ынтымақты бірлікке үндеп жаразтыруы кім-кімге де болса үлгі-өнеге емес пе. Осы иғі дәстурді Биназар батыр атаның үрпактары әлі күнге дейін теріс қадамға бармай, бабаның салып кеткен сара жолымен жалғастыруда.

AZAT 8.12.2005

## ӘРУАҚТЫ БАБАЛАРДЫ АРДАҚТАҒАН АЯЗ АҚЫН

Ұмытпасақ, 1975-1976 жылдары республикалық радио толқындарынан құлаққа жагымды да өзгеше сазды, тың сарынды мақаммен шырқала бастаған Аяз Бетбаевтың әнжырларын онерсүйер қалың жүртшылық елгізи қабылдай бастаған еді. Аяз ақынның жүректі ерекше бауран алатын сол шығармаларын мениң өзім құмарта да қызыға тындаитынмын. Бірақ, көршілес Шу ауданында қызмет ететін Аяқеңмен жолығудың сәті түспей жүретін-ді. Тек бүрнағы жылы, әйгілі Желтоқсан оқиғасына 7 жыл толуына орай астанада өткізілген «Желтоқсан жұлдыздары» кеші жақындағанда ғана екеуіміз жете танысып, кеңінен ақылдаса, кеңесе отыра қаһарман жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековтың рухына бағыштай «Көк байрақ мәңгі-баки желбіресін» жыр-толғауын шығарып, оны сол кештің бет ашарында көрермендер жылы қабыл алды.

Аяз Бетбаев 1942 жылғы ақпанайында Жамбыл облысының Шу ауданындағы «Алға» совхозында дүниеге келіпті. Қаһарлы согыстың ызғарлы қысында іңгеләп жарық дүние табалдырығын аттаған сәбидің есімін Аяз қойған Бекетай нәрестесі бір айға толар-толмастан майданға аттанады. Ел ағасы ретінде ірі қызметтер атқарған азамат 1943 жылы 34 жасында соғыс даласында ерлікпен қаза табады. Он бес жастағы Сарногай мен уыздай жас сәби – Аязды құшақтап, жесір қалған Дәнебала құдай қосқан қосагының ошағын өшірмей екі жетімді де жетілдіреді.

Аяз шерлі анасы Дәнебаланың сүйікті жарын жоқтай жырлаған қайғылы да зарлы әндерін тындаған, ержеткендіктен бе, жастайынан-ақ көркемонерпаздар үйірмесіне белсене

араласып ән айта бастайды. Бірте-бірге аудан, облыс сахналарына жолы түсті... Ал сол соқпақ бүгін оны республика жұртшылығымен таныстырыды.

1960 жылы Шу ауданындағы Әуезов орта мектебін бітіргей соң әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын ойдағыдай отеп ауылға оралған соң көп ұзамай, аудандық Мәдениет боліміне автоклуб менгерушісі болып қызметке орналасады. Міне, осыдан бері тапжылым сібеск сүйер ауыл тұрғындарына қызмет етіп келеді. Жастайынан Жамбыл, Кенен, Жидебай, Сауытбектердің әндерін ұнатқандықтан жалақтай жаттап өсті. Ауылына арнайы ат басын бұра келген Кенекеңнің алдынан кетпей, таң атқанша оның өлеңдерін тындайтын. 1972 жылы Кенен ақынның батасын алып, мерейі көтерілді, бойына шабыт құсы қонды.

- Кененнің 90 жылдық торқалы тойының қарсаңы болатын, - дейді ол, - түсімде ақсақалды қария маган домбыра ұсынады, алмаймын десем, оған қарамай, зорлағандай күшпен қолыма ұстатаады. Ала салысымен бірден Қызы Жібек кинофильміндегі «Ақ жайықты» шырқап қоя бердім. Әнді нәшине келтіре, аяқтап болған соң, жан-жағыма қарасам, қария көз алдыннан ғайып болылты. Ояна қалсам, таң атын қалған екен. Сол күннен бастап, домбыра менің серігіме айналып, бірте-бірте жыр-толғауларым туда бастады. Әрқашанда, өнер кештерінде болсын, басқа да басқосуларда болсын мен алдымен ата-баба рухына бас ием, - деді ол «Ата-бабаларды еске алу» толғау-жырын жорғалата жөнелді:

Әруақты бабалар,  
Аталар қайда өлмесе.  
Ақ сүгін беріп өсірген,  
Аналар қайда өлмесе?  
Өмірдің мәні бола ма,  
Біреу кетіп, біреу келмесе,  
Ақ бата қабыл болар ма,  
Откен ата-бабаны,  
Есіне алып жүрмесе...  
Ұрпақтарға табысқан,  
Артында аңыз сөз қалған,  
Ажалдан хабар келмесе,  
Төле би қайда өлмесе?

Қаз дауысты Қазыбек,  
Халыққа еткен қызмет  
Тәуке ханның тұсында  
Халқы болған уысында.  
Даусы қыздай сыйылған,  
Думанды тоғты қыздырған.  
Кеудеден ұшып шыбын жан,  
Ажалдан хабар келмесе.  
Қаз дауысты Қазбек,  
Бабаң қайда өлмесе?  
Теренцнен сөзді аршыған  
Асығы түсіп алышыдан.  
Қасиетті Әйткем,  
Киелі сөзге малшынған.  
Артыңнан аңыз сез қалған,  
Ажалдан хабар келмесе.  
Әйтке қайда өлмесе?  
Арынды ой, өсиеті мол  
әуендей тыңдай бергің, тыңдай бергің келеді...  
Жамбыл мен Сарыбастан алған бата,  
Ассалау мағалейкум Кенен ата!  
Арыны басылмаған албырт едім,  
Сөзімде кешірің болса қате,  
Арнайы ат арылтып сонау Шудан,  
Кеп тұрмыз тойыңыздың дәмін тата.  
Жидебай, Сауытбектің жолын құдым,  
Өнерге жүрген жаспын үміт арта.  
Мен едім Бетбайұлы Аяз атым,  
Өлеңге жастайымнан болдым жақын.  
Шамамның келгенінше жеткізейін,  
Жүректің сізге деген махаббатын,  
Үстінде тойыңыздың кезім келді,  
Қасиетті алдыңыздан бата алатын.  
Ізетпен сізге сөлем беріп тұрмын.  
Ұмытпай бабалардың дәстүр-салтын,  
90 жылдық мерекең құтты болсын,  
Тойлайды тойыңызды барша халқың,  
Бізге де бір кезегі жетеді деп,  
Осында күтіл отыр өңшен ақын.

Колға алып домбырамды соз бастайын,  
Келтіріп тойыңыздың салтанатын...

Осы тойда жыр дүлдүлі ұлнина тагы ақ батасын береді. Аяздың, өзі шығарған толғауларын парактап көрсек ол шопандар атасы атанған Жазылбек Куанышбаев, батыр Бауыржан Момышұлы, Сыпатай бабаларымызға да жыр арнапты. Бегбаев шығармаларының тақырыптары да сан алуан. Әділеттілік, шындық, имандылық... Қай тақырыпты сөз етсе де жүректі қозгар, дүниеге құштарлығы байқалады. Кезінде айтыскер ақын ретінде танылған Аяз шәкіртеіз де емес. Қалың жүртшылыққа танымал Әзімбек Жанқұлиев, Алтынқұл Қасымбекова, Әділ Мұртазаев, Бейбіт Шошабаев. Базарбай Аскаров сынды айттыс ақындарын тәрбиелен шығарғанының өзі бір мақтаныш емес пе. Шу ауданының орталығы Төле би ауылындагы жас термешілер мектебінің іргесін қалаған да осы сегіз қырлы, бір сырлы Аяз ақын.

Өнер иесі қонған ақын жігіт Әулиеата өнірінде өтегін жиын-тойдың ғана емес, республика көлемінде атальып жатқан айтулы мерекелер мен бабалар асының да құрметті қонағы, төгілер әп-жырлардың коркіне айналған бастады.

Төле би, Ұлы Абай, Бауыржандай дана да батыр бабаларымыздың рухтарына бағышталған өнер кештеріне қатыссын, ойдағыдай отуіне ат салысты. Халқымыздың мақтанышына айналған Қайрат Рысқұлбектегінің қайтыс болғанына 7 жыл толу қарсаңында қайырымдылық концертін ұйымдастырып, одан түскен қаржының біразын жас боздақ ескерткішінің айналасын дұрыстап жөндөтіруге жұмсады.

Аяз Бетбаев төрсөң си құшағына шома, ұнсіз қалғанда, көкейімде жүрген бірді-екілі сауалдарымды да әңгімелеге арқау еткенді жөн көргем.

- Аяке, «Қызыл империяның» қылышынан қан тамып тұрған 1970 жылдардан бері, қаймықпай, жүрексінбей халқымызды үлтжанды-имандылық бағытпен рухани жаңарап жолына тусуіне бір кісідей-ақ тер төге еңбектендіңіз. Оны бүкіл халық, әсіресе, өнерсүйер қалың көпшілік біледі десем қателеспейтін шығармын. Сіз, осыдан мың жыл бұрын өмір сүрген ғұлама ақын Омар һаямның рубайларын халыққа ең алғашқылардың қатарына жеткізе бастап едіңіз ғой. Кейінгі кезеңдерде ол жағынан үнсіздік орын алған сияқты.

- Иә, мен ертеректе Куандық Шаңғытбаевтың аудармаларынан Омар Һаямның жыр толғауларын орындаپ жүргенмін. Халық өтсө жылы қабыл алған болатын. Бірақ та, оншақты шумак шығармаларды еш өзгеріссіз қайта-қайта қайталай берген соң, халықтың жалықтырып қана қоймай, сондай-ақ аса құнды дүниелердің де қадыр-қасиетіне келеңке түсіріп алудан қауіптене, Омар һаям бабамыздың сол санаулы рубайларын дем алдыра тұруды жөн деп шешікен едім...

Жақында Әулиеаталық әдебиетші-жазушы Арғынбай Бекбосынұлының өте құнды да шынайы аударылған 200-ден астам рубайлары «Мерей» шағын баспа кәсіпорынынан кітап болып жарыққа шыққалы тұр. Ареkeң қажымай-талмай еңбектене жүре, 1992 жылы «Жалын» баспасынан ортағасырлық Шығыстың жеті жүлдіздарының бірі 1043-1131 жылдары өмір сүрген дана, ұлы математик, философ, астроном Омар һаямның 100 рубайлары жарық көрген еді. Мен осы аудармалардың арасынан бірнешеуін ірікеп репертуарыма, жыр-толғауларыма енгізуге дайындық үстіндемін. Жақын араларда өнерді пір тұтатын көпшілік қауымның назарына ұсынатын шығармыз. Тандаған шумақтарынды жазып алуыңа да болады.

... Сөгеді һаямды жұрт сауығы үшін,

Шалқыған бірер сәттің дәуірі үшін.

Күнәнің бәрі

осылай көзге түссе, таплас ең сол қырттардың тәуір ісін.

... Өздерін көрсететін етіп ізгі,

Имансыз діндарлар көп екіжүзді.

Зиянды кәпірден де сол сұмдардан,

О Тәнірі, аулақ қылышы бетімізді...

Осы ой-толғамдар ондаған ғасырлар бұрын айтылса да, қазіргідей өтпелі ауыр кезеңді өмір ағымдарында да ара-тұра кездесіп қалып жүр емес пе?!

- Аяз Бекетайұлы, бүгінгідей өтпелі қыын-қыстау дағдарысты кезеңде, халық игілігі жолында ерінбей еңбек етіп журген Сіздерге де оңай соқпасы белгілі. Сонда да, тығырықтан жол тауып, өнерлеріңізді өрістете беруге мүмкіндікті жағдайлар жайы қалай болар екен?!

- Оныз да, мардымсыз жалақымен күн көріп, оның

өзін 2-3 ай кешіктіріп, әрең алып отырған мәдениет қызметкерлерінің едауір белгін қаржы тапшылығы мен қыншылықтарға байланысты қысқарту науқаны күтіп тұр. Меніңше, бұл үлкен ағаттық, керісінше, өте ауыр халдеңі ауыл жұртшылығы үшін қызмет етіп жүрген өнер адамдарына мемлекеттік бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, оларға қамқорлық көмек жасалуы кажет те өте-мете керек.

Мына жайды да ескере кетсем деп едім, астанамыздың жылма-жыл «Азия даусы» дүркірей думандатыла, Алла Пугачева сияқты шет жұрттық «жұлдыздарға» жайылып жастық, иіліл төсек бола, тіптен оларға демеушілер де көптен табыла, үлкен мерекелерден кем түспей, ойдағыдан өткізіліп жатады. Бұндай даңғазалы шаралар біздің ұлттық өнерімізді жандандыруға кедергі келтіріп қана қоймай, тамырына балта шабатында жаулық жасайды десе де болады. Осындай бей-берекет тірліктерге қамқорлық танытып жүрген қалғалы «мырзалар» біздерге неге комектерін ұсынбайды?!

Мәселен, жақында Омбы қаласында өткізілген Абай күндеріне қатынасуга Қайрат атындағы қор басқармасының жетекшілерімен бірге мен де шақырту алғанмын, бірақ, демеушілер табылмай, қаржының жоқтығынан бара алмадық емес пе?! – Ол тағы да ой құшағына енді. Не ойлағанын қайдам, десек те оның жүргегін, жанын халық арасында кең етек алып келе жатқан рухани аштықтың, ерісі тарылып келе жатқан өмір мен мәдениеттің жағдайы толғантқаны сөзсіз еді.

...Иә, үлкен өнер иесінің реніштері орынды сияқты. Ата-бабалар рухтарын құрметтеп, жыр-толғауларына арқау етіп қана қоймай, халқымызды, оның ішінде адамгершілік-ұлтжандылықты, жастарымыздың бойларына сіңіре отыра имандылық тәрбиелерге уағыздау жөнінде ширек ғасырдан астам ерінбей, қажымай, талмай ерен енбек үлгілерін көрсетіп жүрген Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, ақын-сазгер-термеші Аяз Бетбаев бейнеттерінің зейнетін әлі күнге дейін өз дәрежесінде көре алмай жүрген сыңайлы. Ашығын айтқанда, жоғарыдағы атақ – Аяқенің денесіне толыктай сыймай тұрган жас балалардың жейдесі іспеттес халде екендігі де көпшілікке аян.

Колда бар алтынның мызды ардақтап ұстап, орынды

багалауды әлі күнге дейін үйрене алмай келе жатқан қазақпрыз гой біз. Кеше ғана арамызды жүрген Халық Батыры атанған Бауыржан атамыз, Қайрат Рысқұлбеков, Мұқағали Мақатаев, Шәмші Қалдаяқов, Жұматай Жақынбасөв, тағы басқа да асыл ағаларымыз бұл фәниден, о дүниеге риза ниеттерімен аттанды ма екен?! Әй, қайдам! Шаңырағымыз жеке, тұтініміз болек тәуелсіз ел болдық десек, алтынның сыйнығындаи Аяз Бетбаев сынды өнер тарландарына лайықты баға берер кезге жеткен сияқтымыз. Аяз сынды онерлі жігіттерімізге «Халық ақыны» деген атақ берсек, бізге ешкім қой демес-ау. Тек, бір-бірімізді бағалауға келгенде ұстап қалар сараптығымыз болмаса...

*Алматы ақшамы, 04.09.1995*

## ШУ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ ТОЛҚҰЖАТЫ АНЫҚТАЛДЫ

Бабаларымыздың ақ тілдекті арманы - Тәуелсіздіктің таңы атқан соң өшкеніміз жаңын, өлгеніміз тіріліп, үрпағымыздың ертеңі үшін көптеген ізгілікті істер аткарылды. Бір қатар елді мекендеріміз байырғы тарихи атауларын қайтара алды. Дегенмен, Шу ауданының дәл қай уақытта қай кезде, қандай қаулы-қарарлар негізінде құрылғандығы көмескі күйінде қалып келді. Жұртшылық арасында бұл тұрғыда әр түрлі пікір қалыптасып, қызу дау-дамайлы айтыс-тартыс туындал жатты.

Осымен байланысты маған аудан әкімі Бағлан Қарашибаев мұның анық-қанығын нақтылауды, осы мақсатта Алматы облыстық мемлекеттік мұрағатынан деректі құжаттар іздестіруді тапсырған-ды.

Мұрағат директоры Айжан Қызырқызы бізді жылды шыраймен қарсы алғып, танысқан соң екі- үш күннің ішінде қажетті құжаттарымды тауып та берді. Осы мұрағат берген анықтамадан білгеніміз мынандай. ВЦИК \Бүкілреспейлік Орталық Атқару Комитеті\ Президумының қаулысымен Алматы облысы құрылыш, оның құрамына Шу ауданы қосылған. Орталығы- Шу станасы. Аудан құрамына 19 ауылдық-16 қазак, 2 аралас, бір поселкелік советтер енген.

Ауданының жер колемі -36500 шаршы шақырым. (Қазіргі Шу ауданының жер көлемі 12000 шаршы шақырым екендігін ескерсек, сол кездегі аудан құрамына Мойынқұм ауданының едәуір бөлігі қосылған болып шығады). Әлгі құжатта, сондай ақ, аудан халқы 54566, оның ішінде қазақтар- 48674, орыстар- 3761, ұйғырлар-903, өзбектер-397, татар-797, дүнген-77 екендігі нақпа-нақ келтірілген.

Келесі күні менімен бірге барған Аксулық ұстаз Торекұл Әлханұлымен Абай данғылындағы мемлекеттік мұрағатқа келгенімізде ғимарат үстіміздегі жылдың наурызына дейін құрделі жөндеуде екен. Мұрағат директорының орынбасары Николай Петровичке хатымызды тапсырсақ, ол кісі-бәрі жабық, енді қайттік, деп қапаланып, абыржы бастиады. Бағымызға орай, дәл сол мезетте мұрағаттың жауапты қызметкері Гүлнэр Миронқызы келе қап- мен де Шу ауданының түлегімін, әкем Мирон Қаратасев көптеген жылдар сол өнірде лауазымды қызметтер атқарған. Қазір Алматыда тұрады. Құрметті демалыста. Абыржымай-ақ қойыңыздар. Шуга катысты құжаттарды тауып беремін,-деп айтқанын орындады.

Ал, мемлекеттік мұрағаттан алынған анықтамаға жүгінsec.

Шу ауданы 1921-24 жылдар аралығында Түркістан Автономиялық Қеңестік Социалистік республикасына қарасты Сырдария облысы, Әулие ата уезінің құрамына кірген Шу болыстығы ретінде аталыпты. 1924 жылы Орталық Азия мемлекеттері территориясын межелсу жұмыстары нәтижесінде Қазақстан құрамына откен уездер мен болыстықтар негізінде 1924 жылы Жетісу губерниясы құрылады.

1925 жылы осы губерния құрамында Георгисская, Зачуйская\кейін Қектөбе\ және Қарақоныз болыстықтарынан тұратын Шу ауданы құрылады. Бұл жаңа құрылым Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 1926 жылдың 13 наурызында шыққан қаулысымен бекітілген. Анығына келсек, бұл Шу ауданының Кордай ауданы ауылдарының негізінде құрылғандығында дау жоқ.

«Справочник по историей административно-территориального деления Алма-Атинской области»

кітабының 14-бетінде: - Джетысуйская губерния состояла из 4 уездов, 3 июня 1925 г, из волостей, «переданных при нацразмежеваний из Пишлекского уезда был образован Чуйский район на правах уезда центром в.с. Георгиевское» деп анық көрсетілген. Осы өзіміздегі аудандық мұрағаттағы құжаттардан байқағаным. Новотроицк қазіргі Төле би ауылдық советі өткен ғасырдың 22-27 жылдары Аспара болыстығына бағынып, орталығы Меркі ауылы болған екен.

Мемлекеттік мұрағатанықтамасына одан ары көз жүгіртсек

- Бұқілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 1928 жылдың 3 қыркүйегінде шыққан қаулысы негізінде Алматы округі құрылған. Округтің құрамында орталығы Георгиевское селосы, Благовещенское, Георгиевское, Караконузское және Майтюбинское болыстарынан тұратын Шу ауданы да бар.

Бұқілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Президиумының 1930 жылдың 23 шілдесіндегі қаулысы негізінде округтер таратылып, оның орнына аудандық әкімшілік аумақтық бақылау үйімдастырылады. Осы қаулымен жаңа құрылған 121 аудан қатарына Шу ауданы да еніпті. Орталығы- Шу селосы.

ВЦИК Президиумының 1932 жылдың 10 наурызында өткен мәжілісінде Қазақ Орталық Атқару Комитетінің Қазақстан территориясында жаңадан 6 облыс құру туралы шешімін бекітеді. Онда да «Жаңадан құрылған Алматы облысының құрамында Шу ауданы құрылады. Орталығы- Шу селосы» деп анық жазылған.

Сондай-ақ, қызығушылығымыз бой бермей, Ұлттық кітапханаға да соғып, сирек кездесетін қордан 1930 жылы 22 желтоқсанда жарық көрген «Советская степь» (Казахстанская правда) газетінің тігіндісін тауып алғып, оқып таныстық. Онда да сол жылғы -1930 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақ АКСР Орталық Комитетінің, Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысының күшімен бұрынғы Алматы округінің жерінде Шоқпар ауданы 2, 6, 7 ,9, 10 советтерінсіз мен Мойынқұм ауданының және Вознесенскі (Қонаев ауылының бұрынғы аты) ауылының негізінде Шу ауданы құрылғандығын тізім бойынша жариялапты. Мұны да қойын кітапшама көшіріп жазып алдым. Өкініштісі, онда ксерокөшірмеге рұқсат етілмейді екен.

Тоқ етерінے келсем, өткен жылдардан бергі зерттеулерімді зерделеп, мемлекеттік мұрагат құжаттарына сүйеніл, кіндік қаным тамған, өсіп-өнген ата- мекенім- Шу ауданының жеке шаңырақ қотерген уақыты-1930 жыл дең ның сеніммен айта аламын!

«Ақ жыл» 26.07.2007

## АЙМАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ОЗАТ ШОПАНЫ

Ибраимов Нұпбай 1889 жылы дүниеге келген. Еңбекке жастайынан араласқан. Атасы Құдайбергеннің болыстық жолын жалғастырмagan экесі Ахметке тартқан иі жұмсақ, момын кісі болған.

Жеке адамның тарихтагы ізі аудан тарихымен стена десек, Қазақстан тарихына да көз жүгірткен абзal. Ермұhamет Ертісбаевтың «Казахстан и Назарбаев: логика перемен» кітабының 22 бетін оқысақ, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың экесі туралы қызықты дерек бар. «Он (Әбіш – М.У.) определился батраком в зажиточную русскую семью Никифоровых. До революции в Семиречье было много переселенцев из России и Украины». Бұл ақиқат Шу ауданын да айналып етпеген. Нұпбайдың қоныс аударып келген орыстардан Шодыр (Фелор) деген орыс досы болған. Сондықтан болар бір кісідей орысша сауатты еді.

Шу ауданы орталығы Новотроицкі селосындағы «Түрксіб» ұжымшарына бірінші мүше болған шопан Ибраимов Нұпбай еді. Қой бағудың қызығы мен қыындығы мол кәсіп екенін ескерсек, көмекші-сақпаншылардың да еңбегі зор болған. Нұпбайға сақпаншы болғандардың бірі - Эшір Медетбеков бұл күнде ауыл ақсақалы.

Ибраимов Нұпбай енбегінің арқасында 1939 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық ауылшаруашылығының бірінші көрмесіне қатынасқан. Мәскеуге апарған қойларының тірідей салмағы 180 кг тартқан.

Ұлы Отан соғысы басталар жылы, яғни 1941 жылы екінші мәрте Мәскеуде өткен бүкілодақтың ауылшаруашылық көрмесіне қазақы қойлар апарып, ауданының мерейін қотерген.

Бертін келе Алматы зооветинститутының М.А.Ермеков,

Ю.А.Скоробогатов бастаган ғалымдары жөніл өнеркәсіпке қажетті биязылау жүнді қой тұқымын шыгарумен налысып, етті қойлар жойылған.

Нұйбай ақсақал үлкен отбасының иесі еді.

2008 жыл.

## АШЫҚҚАН ЕЛГЕ АРАША ТҮСКЕН НҰРМАН БИ

Кеңестік тоталитарлық жүйенің өткен ғасырдың 30-шы жылдары қастандықпен қолдан ұйымдастырылған ашаршылығы қазақ халқына орасан нәубет әкелді. Қазақ елі қынадай қырылды, тоз-тоз болып, тарыдай шашырап кетті. Аштықтан қырылып жатқан халқына қанатымен су сепкен қарлығаштай ара түсіп, қаһарынан қаймықпай Сталиннің өзіне ашық хат жазған Тұрар Рысқұловтай асыл ағаларымыздың жанайқайы тарих қатпарынан белгілі. Дәл сол аласапыран, қаралы кезеңде ауылдастарын аштықтан құтқарып қалған, көптеген отбасы тұтінің өшпеуіне септігін тигізген, қамқорлық танытқан азаматтардың жер-жерде болғанын конекөз қариялар еске алып отырады. Киелі Шу оніріндегі ашаршылықтан қынадай қырылған елге қолынан келгенше көмек көрсеткен, жаны жомарт сондай азаматтың бірі-Әділбайұлы Нұрман би.

-Жиырмасынышы жылдары Момын деген бақуатты өзбек мыңғырган малымен біраз елге жұмыс тауып беріп, ас-суымен қарайласып көмектескен,-деп еске алады Толе би ауылының тұрғыны, еңбек және соғыс ардагері Орынтай Ұстаев ақсақал. Нұрман би сол Момының іс басқарушысы қызметінде жүріп, жемшөп дайындаған, сатылатын малдарын Пішпек, Қарбалта базарларына шығарып, ауылдастарын қажетті киім-кешек, азық-тұлікпен қамтамасыз етіп отырған.

Кеңес өкіметі орныққан соң, Момын бай қойлары мен ірі қараларын ұжымға өткізіп, Сталин колхозына мүше болысымен басқармалыққа сайланады. Нұрман інісі Шатырқұлмен осы ұжымға алғашқылардың қатарында отеді. Кейінірек 1928-29 жылдары Момын байдың малдары тәркіленіп, өзі бас сауғалап Тәжікістанға өтіп кетеді. Бірак,

Нұрманмен қарым-қатынасын үзбей, хабарласып тұрган. Қазірде Шу ауданында оның үрпактары есін-өніп жатыр.

Сол тәркіленген 3-4 мыңдай қой мен ірі қаранды Нұрманиң өзі бас-көз болып, бақташылармен бағуды қолға алады. Ашаршылық кезеңінде ел жан саугалап көршілес Қырғызстан мен Өзбекстанға қарай жосылының көше бастағанда Нұрекең бақташыларымен құмның ішіндегі «Қызқашқан» деген жерде тапжылмай отырады. Ағайын-туыстары, ауылдастары қой бағып, еңбекпен күпін көріп, қиямет қыншылыққа мойын ұсынбайды. Сондай-ақ, бір тамағының қамы үшін жан саугалап босып жүрген жолаушылар үшін қой-ешкі, сиырларын, бие- түйелерін түнделетіп сауып, коян, қырғауыл аулап, коже дайындағы ыстық ас ұйымдастыруды қолға алады. Нұрманиң осындағы жақсылығын көре алмаган кейір ағайынсымақтары колхоздың малын сауып, оз бас пайдасына жаратып отыр деп жоғарыға арыз жазғанын қайтерсің. Обалы не керек, тексерушілер жан-жакты зерттеп, мән-жайға қаңықкан соң, Нұрман ақсақалға «мұның қалай» дей алмаған.

Едәүір ертеректе, 1906 жылы болу керек, Нұрман бидің інісі Шатырқұл жолдасымен бір әпкемізді-Шымыр еліндегі Шынәлі байдың немере қызын алғып қашып келіпті. Шатырқұл қой аузынан шөн алмайтын оте момын екен, өзі ұнатып қалған қыздың қайрауына қарсы тұра алмай қалса керек. Қыздың артынаи қырып-жоярдай қамшы үйіріп, әзірейілдей қуып келгендерге Нұрман «құлдық-құлдық» дей беріпті. Сонда күгіншылардың бірі: Әй жігіттер, Нұрманиң құлдық-құлдық дегені, казактың ата салты емесе. «Ұсынған басты қылыш та кеспейтінін білесіңдер, ашуларыңды тежеңдер» деген екен. Күгіншылар аптығын басып аттарынан тұсуге мәжбүр болады. Шәй үстінде Шінәлі бай:

- Нұрман, сенің бауырың біздің ауылға келіп, бұзықшылық істеп кетіпті. Осы жөн бе қарағым-дегендес, Нұрекең Құп тақсыр, қазір деп, сыртқа шығып кетеді де, дір-дір етіп қорқып тұрган Шатырқұлды жағасынан сүйреп әкеледі. Сіздің ауылға «тентектік» жасаған осы бала. Бұған адам емес, бөтен ит байлаپ берсе де, қауып алмас момынның момыны екенін көріп тұрсыз. Осы бұзықшылық бізден емес, сіздің

немереніздің өзінен болды-ау, дегенде Шәкен: «Апымай, солай ма еді,» деп сөзден тосылыпты...

Шінәлі бай да жомарттығымен танылған кісі болған, жоқ-жетім, жетім-жесір, жақыбайларға қарайласып отырған. Ауылының маңынан өтіп бара жатқан жолауцылар ат басын бұрмайтын болса, оларды алдына алдырып: «Сендер неге сәлемдесіп, қонақасын жеп, қона жатпайсындар?»-деп малын сойдырып, тамақ астыртып, қолына қамшы ұстап отырады екен. Қонақтар қамшыдан қорықканынын етті тауысып жеуге тырысатын болған...

Бірде байдың немересі жүгіріп келіп, өзінен басқа ешкімнің тақымы тимеген боз жорғасын бұрын есігінде жүрген, кейіп ауыл белсендісіне айналған әпербақан Шәпеттің ертеге мініп, шауып жүргенің жеткізгенде:

- Оған еш нарсе демендер, жаман Шәпет боз жорғаны не қылсын, оны мінгізіп, шаштырған Құдірст қой! Құдіретке қарсы келмендер,-деген екен жарықтық Шінәлі.

Шәпет сияқты ұрда-жық белсенділер халыққа қарайласып қамқоршысы болған Шынәлідей бақуатты мырзаларды құдалауға ұшыратып көпшіліктің жан азығы-малдарын тәркілетіп жүрдай қылғаны ацы шындық. Соны қаралы нәубетке ұласып, қазақ халқының үштен екісіне жуығын «қара шыбындай қырған» зұлматты ашаршылыққа ұрыптырды. Осындай «шашалдесебасалатын» әңгүдіктердің қармағына іліккен Шінәлі бай мал-мұлқінен айырылып, Шу станасынан «отарбамен» итжеккенге айдаларда Құдай қосқан құдасы Нұрман бір түйесін арнайы сойып, үйітілген басын сыбағасымен қоса апарып беріп, шығарып салады. Қылышынан қан тамған қызыл бәлшебектерден сескенбей, «халық жауын» шығарып салуға баруының өзі улкен ерлік еді. Сондықтан да Шінәлі көзіне жас ала тұрып: - Нұреке, пейіліңе рахмет, әбден ризамын! Жаратқанның шапағатына бөлен, ұрпағынмен мың жаса! Біз енді бұл жалған өмірде кездесе алмаспыз, жолығатын жеріміз пейіштің төрі болсын-деп аттанған екен.

- Баяғыда Тұлкібастан қоныс аударғанымызда осы мандагы «Қызқашқан» құмын мекен еткенбіз. Ол біздің ата-қонысымыз саналады,-дейді Төлеби ауылының қадірменді қарияларының бірі Жарқынбек Құлжанысов,-Нұрманың

менің әкемнен бір жас үлкендігі бар еді. Денесі шағындау болғандықтан келіндері «кішкене би жәкем» дейтін. Зерделілігімен, шежірешілігімен ерекшеленетін. Осы өнірдегі елдің бала-шагасына дейін бәрін жіктеп, сарапал беретін. Сонымен бірге ел арасындағы келіспеушілік пен пен дау-дамайды әділдікпен шешіп отыратын. Оның әсіресе, ашаршылық жылдары елге жасаған жақсылығы ерессен. Әкем айтып отырушы еді, бірде елге танымал Атай атты молда боранды күні жолға шығып кетеді. Әл-дәрмені құрын, бір сексеуілдің көлеңкесінде дамылдан жатқанында Нұрман би үстінен түсіп қалыпты. Ассалау мағалейкүм, молдеке, сырқаттанып жатырысқа ба?» деп есендік сұрағанда енді аман қалатының сезген Атекен: - «Қарагым Нұрман, сениң келетінінді біліп едім» деп күлімсіреп қоя берген көрінеді. Нұрекен әлсіреген Атай молданы сүйемелден атына мінгізіп, үйіне әкеліп қонақ ретінде бағып-қаққан екен.

Нұрекенің Тойлыбай деген үлкен баласы екі жүздей түйе багатын. Түйенің шұбаты ем, бір жағы тамак, өте қою болады. Нұрман бай аштықтан щұбырған елдің өз үйіне бір соқпай кетпейтінін білгендейкітен, түйелерін уақтылы сауып, шұбатын дайындан отырады екен. Шұбат ішіп, көкеге тойып, тынығып, әл жинап алғандарга жол азығы-құрт-ірімшік беріп жолға шыгарып салып, келесі жолаушыларды күтетін болған.

Нұрман бидің осындағы жомарттығы, нарасаттылығымен қатар көріпкел, әулиелігі де болған көрінеді. Оған Абай ауылдының тұрғыны Амантай Бекмолдаұлының мына бір естелігі күэ.

-1968 жылы Луговойдағы мал-дәрігерлік техникумда оқитынмын,-деп еске алады Амантай. -Жазғы каникулда Нұрман биге жолығып қалдым. Жөн сұрасқаннан кейін әңгіме ауаны ауа райына ауысты. Сонда ол: «Он алты жастагы бала болсам да әлі ұмыта қойған жоқлын. 1896 мешін жылы ала-жаздай жаңбыр жаумай, аңызак жел тұрды. Қыста қар ерте әрі бірден қалып түсіп, аяз қысты. Соны жұтқа ұласып, мал қырылыш, ел-жұртқа оте ауыр тиген еді. Мен көре алмаспын, өздерінің қоздерің жетеді. Дәл биылғы мешіннің көктемі мен осы жаз да сол 72жыл бұрынғы жұтқа өте сәйкес келіп тұр. Аман болсаңдар көресіндер, түйенің қара санынан

асатындаі қар жауып, қақаған аязымен елге айтарлықтай ауыршашилық өкеледі» - деді. Мен іштей сене қоймадым. Бірақ, Нұрекен аулие екен. Өзі алдың-ала айтқанында, көп кешікпей 1968 жылдың тамызында, 88 жасында Нұрман ата дүниеден озды. Ал, 1968-1969 жылдың қысының қандай болғаны қалың қөшпілікке белгілі.

Нұрман бидің халқына, еліне жасаған жақсылығы жетерлік. Ондаған жылда қой санын 3-4 мыңдан 60 мыңға жеткізген. Жасы ұлғайған шағында түйе бағып, түлік төресінің көбеюіне тікелей атсалысқан. Мал санын көбейтіп қана қоймай, халқының кәдесіне жаратқан. Ағайын туыс, құда жекекаттарының арасында ғана емес, ел жүртына айрықша сыйлы болғандықтан Нұрман биді бүгіндегі Төле би, Абай, Мойынқұм, Ақтөбе, Жиенбет ауылдарының жасы ұлғайған қартарамы аса бір ризалық сезіммен еске алғып отырады.

Қалың жүртшылықтың, Шінелі құдасының ұрпағынмен мың жаса деген батасын періштерлер қабыл алған болу керек, бүгіндегі Нұрман бидің 80-нен астам бала-шага, немере шөберелері өсіп өніп, оның армандаған, бірақ аяқтай алмай кеткен иғі істерін жалғастыруда.

«Ақ жол» 31.05.2008.

## ҚАЛАМЫН СЕРИК ЕТКЕН

*Бақытжан Мұқатайұлының рухымен сырласу*

Аудандардың тыныс-тіршілігімен газет оқырмандарындер кезінде хабардар етіп отыру үшін қағаз, қаламын сайлап алғып, елдің ортасында жүретін меншікті тілшінің тынымсыз тірлігіне жиырма жылға жуық ғұмырын арнаған Бақытжан Мұқатайұлы Текебайдың өмірден өткеніне де жыл толғалы отыр. Облыстық басылымға жоғары оку орнын бітірген соң шаруашылықта, құрылым мекемесінде істеп, ауылдық кеңесті басқарып ысылып, өмір көріп келген ол «Ақ жол» газетінің елге танымал қаламгерлерінің біріне айналды, Шу және Мойынқұм аудандарының небір жақсы жаңаңылғартары, жетістіктерімен қатар кемшіліктері оның мақала, хабарларының алтын арқауы болды. Бірнеше рет

Шу аудандық, Шу қалалық мәслихаттарына депутат болып сайланды. Шу қаласының күрметті азаматы атағын алды. Медальдармен марапатталды.

Әріптесіміз мазасыз меншікті тілшілікте жемісті шығармашылық қызметпен ұштастыра білді. Республикалық «Тоганай-Т», «Өркениет», «Мерей», «Қазақ университеті» баспааларынан «Арман», «Өзіме де обал жоқ», «Луыл арасы», «Кісікік», «Азап», деген кітаптары шықты. Шығармаларынан, әсіресе, ғұмырбаяндық сипаттағы әңгімелерінен Бақытжан-қаламгердің, Бақытжан-азаматтың адамдарға жақсылық жасап өтсем деген бөлекше болмысы айқын аңғарылады.

Біз бұғін арамыздан ерте кеткен қаламдастырылған жарқын бейнесін еске ала отырып, туған ауданынан келген хаттардың бірін жарияладап отырмыз.

### **Ақжолдықтар.**

#### **Бауырым, Бақытжап, соңша неге асықтың!!**

Есінде болар, өткен жылы маусымында 10- на таман телефонмен хабарласып, Шу қалалық ауруханасынан емделіп шыққаныңды, қызмет бабымен аудап орталығына барғаныңды жеткізген едін... Бір-екі күн өтпей-ақ қүйеу балам Мырзағали кенеттеген қайтыс болып кеткенінді айтқанда төбемнен жай түскендей есенгіреп қалдым.

Өткен жылы қантардың бел ортасында оңтүстік астанадағы Отан соғысы ардагерлерінің санаторийінде емделіп жатқанында аксулық Терекұл Әлханұлын ертіп барып өзіне арнайы жолыққанымызда жас балаща қуанып, бөлмелес көршілеріңе бізді қайта-қайта таныстырумен болғаның әлі көз алдымда. Бұрында да айтып жүргеніңдей аяғының жылымайтынын, аурудың себеп-салдарын әлі тексеріп жатқанын сөз өткен едің. Жүргегінің ауыратынын біз тұрмақ сүйікті жарын Гүлдана мен бала-шаға, ағайын-туыстарының да үрейленіп-уайымдамасын деп жасырып жүріпсің фой.

Жүргегінің ауыратынындағы себептерінің бар екендігін несіне жасырайын. Өйткені, ағайын-туыс емес, айдаладағы біреу, бейтаныс жандар үшін' шыр-пыр етіп, беймаза күй кешетінсің. Аудандық мәслихаттың депутаты ретінде ұстаздар қауымының кокейтесті мәселелерін көтерумен

болдың. Мойынқұм ауданындағы Бірлік ауылындағы бірінші топтағы мүгедек Оңласын Аргынбаевтың хал-ахуалын жеткізуде де аз еңбектенген жоқсын.

Бұрындары өзінді сырттай ғана танитынмын. 1998 жылы Бірлік ауылынан Төлебиге қоныс аударғанин соң-ақ жете танысып, қарым-қатынассымыз рухани достыққа айналған. Бізді етене жақындастырған жәйт, Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың рухын қастерлеуге байланысты өткізілетін түрлі деңгейдегі спорттық жарыстардың жандануына рухани демеу көрсетіп жанымыздан табылып жүрдін.

Әсіресе, Жалын баспасынан «Ер намысы-ел намысы» жинағын құрастырып жарыққа шығарғанымда ерекше шаттанып, 1999 жылдың ақпанында Қайрат Рысқұлбековтың кіші отаны-Бірлік ауылындағы мектебінде өткен тұсауқесер жиынына досын Петр Норкинмен ат арылтып келгенің де көпшіліктің көкейінде. Сол кітаптың тұсауқесерлері сал кейінірек Шу қаласындағы Төле би орта мектебі мен Алматыдағы Әл-Фараби атындағы ұлттық университетінде де өткен еді.

Бақытжан бауырым, он екі де бір гүлі ашылмай қыршинынан қылған Қайраттың өлімі туралы әрдайым қиналышп-қапаланатыныңды ешқашанда ұмытпаймын.

Бақытжан, есінде болар, соңғы жылдары: -Мәке, Қайраттың рухы Сейіткерім Қожаназарекеуіне дән риза шығар, 20 жылдың көлемінде өте ауқымды шаралар атқардыңдар. Бірнеше кітаптарың да жарық көрді. Енді Қайрат жайлы пьеса жазсаң қайтеді-дегенсің. Осыған орай, «Қайрат және Желтоқсан көтерілісі» атты бес перделі, бес көріністі пьесаны жазуыма тұрткі болып, 2006 жылдың қазан-қарашасында ол «Ар-Ай», «Шу өнірі», «Мойынқұм таңы» газеттерінде жарияланды.

Бәке, басқаларға қарағанда айрықша қасиетің өзтеге дегенде өзегінді суырып беруге әзір едің. Кей сәттерде қаражаттан қысылғанымда қарайласып, қол ұшын беруге даяр тұратынсың. Керісінше, өзіңе келгенде мерейтой-қуаныштар сияқты даңғазалық қошеметтерді жаңың сүймейтін. 2002 жылдың мамырында қоғам қайраткери Батырхан Дәрімбетпен Алматыдағы «Өркениет» баспасынан таралымы 1000 данамен жарық көрген «Өзіме де обал жоқ» атты кітабынды алып келгенімізде Балуан Шолақ ауылындағы өзінді үлкен

Әмірге тұлетіп ұшырган М.Ғабдуллин атындағы мектептің ұстаздарымен ғана қарапайым кездесу өткізгенің әлі күнге есімде.

Бақытжан, бұл жалған фәниден, яғни арамыздан бір жаққа асыққандай тым ерте, ойламаған жерден кеттің. Өте қымбатты, қимас затымды жоғалтқандай жалғызырап жүргендеймін. Өткен жылы маусымның 13-інде өзінді кіндік қаның тамған ауылың Балуан Шолактағы ата-анаң жатқан зираттар қорымындағы қара жердің қойнына тапсырдық. Жаназана ағайын-туыстарыңмен қатар жора-жолдастарың мен облыстық «Ақ жол», аудандық «Шу өнірі» газетіндегі қызметтес қаламдастарың да қайғырып, қапалана қатынасын, бір уыс топырағын қинала салды.

Қырық күндігінде құдай қосқан құдан Ерсін мен Астанадан ат арылтып келген студенттік досын Жанайдармен зиратыңын басында өзіне құран багыштаттық. Несін жасырайын, жиі-жі үтсіме енесің. Ара- тұра отбасыңа соғып билетін құран сүрелерін бағыштап тұрамын. Періштедей саф таза Абзал, Таирдай сүйікті немерелерің пәк та патша көңілмен шапқылап ойнап жүргеніне қуана тәубе деймін.

Ертелі-кеш бәріміздің де аттанар жеріміз-мәңгілік мекенге ертерек жетіп жайғасқаның да жылға таяп қалыпты.

Бәке, жаңың жәннатта, топырағың торқа, алдың пейіш, артың кеңіш болсын! Артындағы отбасың, ұрпақтарың, ағайын-туыс, бауырларыңа, елің-жұрттың амандық пен бак-береке тілеймін.

«Ақ жол» 15.05.2008.

## ҰСТА, ЗЕРГЕР, ЕМШ...

Өткен ғасырдың алғашқы жартысында «мың өліл, мың тірілген», халқымыздың басына түскен зұлматты ауыртпалықтар киелі Шу өнірі жүртшылығын да айналыш өтпелі. Әсіресе, 30- жылдардағы ашаршылық пен екінші жаһан соғысы халыққа өте-мөте ауыр соқты. Сол бір қын-қыстау кезеңдерде жақсылық шарапатын тигізіп, ағайын-туыс, жерлестеріне кол ұшын берген азаматтар болғанын бүгінде көне көз қариялар әрдайым еске алып отырады.

Он саусагынан өнері тамған сондай азаматтардың қатарында 1900 жылы дүниеге келген Нұржаубек Кәшекұлы ұста ерекше агалады. 1930-40 жылдары Қәктерек ауданының Қызыл Октябрь ауылында тұрған Нұржаубек ақсақалдың Комингерн, Кенес, Аманкелді, Көркей, Қөлтабан, Бірлік колхоздары еңбекшілеріне жасаған жақсылығы орасан. Аштан қырылмас үшін сары тышқан аулап, күн көре бастаған елге жаны ашып, мылтық, қақпан жасап, Самалдық атты аңшымен киік, қоян, қыргауыл атып, көпшілікке жәрдемдескен. Ең алдымен жетім-жессір, коп балалы үйлерге көмектесіпті. Ол кісінің сол кездерде жасаған ат арба, соқа, тырма, кетпен, күрек, балта, диірмен, келі-келсап сияқты заттары осы күнге дейін Шу өнірі тұрғындарында көптең кездеседі. Бір участекелік инспектор тапаншасын жогалтып алғып, ұстаға: - Құтқара көрініз, сottгалатын болым-деп жылап барыпты. Оны мұсіркесен Нұржакен тапанша істел береді. Бірақ ол көп ұзамай құқық қорғау орындары тарапынан қудалауға ұшырап, зардан шегеді.

Мойынқұм ауданындағы Бірлік ауылының тұрғыны Темір Сейтімбетов ақсақал:

- Нұржаубек ұста қандай машина, трактор, комбайн болмасын, бір көргеннен-ақ қажетті бөлшектерін әп-сәтте жасай қоятын. Бірде ол кісінің 20 келілік қол таразыны істегені есімде. Тері-терсек қабылдайтын Бояубай деген кісі пайдаланып жүрген. Бір күні Жамбыл қаласынан арнайы мамандар келіп, сол таразыны жан-жақты тексеріп, кереметтей таңқалып, «қолдануга жарамды» деп сабына корғасын құйып, мөр басып береді,- деп еске алады.

Осы ауылдың тұрғыны Қарі Байжанов қария,

- Қәктерек, Шу аудандарының колхоздары ірілендіріліп, совхоздар құрыла бастағанда аупартком басшыларының үйіаруымен Нұржакенді Яшқа деген немістің полуторкасымен Тоқташ ауылына көшіреді. Өйткені, егін егетін шаруашылықтар сол манга шоғырланған еді. Экем Байжан Нұржаубек ұстамен жақсы қарым-қатынаста болатын. Қөшерінде ұстаның өзі жасаған мылтығына бытыра қүйдірып алдық. Ол кісінің өзгеше қасиеті қай затты да қолға алмастан бұрын қолданатын күміс, темір, мыс, ағаштың сапасына аса мән беріп, өте білгірлікпен

тандайтын. Соңдай-ақ, қыздырып, балқытып, суарып шындауды да шебер менгерген. Соңдықтан да, Нұржабек Кәшекұлы жасаған бүйімдар оте сапалы болатын. Ол кісінің қолынаң шыққан ер-тұрман әбзелдер, кісен, шот, бүрге отбасымызда көнениң козіндегі сактаулы, - десе. Шу ауданы, Аксу ауылының тұрғыны, ардагер ұстаз Мәми Әбдіқұлұлы:

-Нұржабек 1950-60 жылдары бізге көрші ауыл-Тоқтанаға тұрды. Ұстасың жасаған ат әбзелдері ете көркем, етте сапалы. Жаңа Шуда тұратын ауыл белсенділеріне, көнілі жақын адамдарға Нұржабек ұста ертоқым тартулатын. Өнердің қадірін білетін кейбір көңілі ашық, көкірегі ояу адамдарға ұста жасаған дүниесін сыйға беретін болған. Менің әкем Әбдіқұлға да ол бір ертоқым тарту еткен еken. Экеден қалған мұра ретінде оны біз төрге ілін қойдық. Қатты ағаштап шабылған ертоқым кошмен қанталған, тоқымы қалың өгіз терісінен қынаға қызылға боялып, төрт бұрышына қазакы ою-өрнек бастырылған. Ертоқымның желдігі де теріден жасалып, жұқа қара былгарымен қанталған. Шоқтыңы бйік, атқа жайлы ертоқымды ілгері-кейін жібермейтін өмілдірік-құйысқаны да әдемі өрнектелген. дәл оргасына алакандай қара тсмірді киіз үйге ұқсас дөңестеу етіп қондырган, оны күміспен аптаған, алыстан ерекше көзге түседі. Электрмен дәнекерлеуді білмейтін кезде жігін білдірмесстен қиуластырғанына таңғаласын, - деп ағынан жарылды.

Нұржабек ұстасың аса шеберлікпен жасаған білэзік, сақина, шашбау-шолны, тағы басқа зергерлік бүйімдары ел арасында жетерлік. Олардың бір сыйырасы облыстық тарихи өлкетану мұражайының Шу аудандық бөліміне қойылған. Бір гасырға жуық тарихты еншілеген жәдігерлерінің негізінде осы мұражайда таяу күндері Нұржабек Кәшекұлына арнайы киіз үй болмесі ашылмақшы.

Ерекше атап өтерлік жәйт, Нұржакең айтулы ұста, шебер зергер болуымен қатар, смешлікпен де айналысқан еken. Мойынқұм ауданындағы Биназар ауылының тұрғыны, байырғы майталман шопан Социалистік Еңбек Ері Шоман Шәріпбаев ақсақал:

-Анамныңайтқанында, өткен гасырдың 1939-40 жылдары есімді білмейтін 2-3 жастағы сәби кезім еken. Қостұма (казіргі Хайтаяу станисасы) елді мекенінде жайбарақат мал

багып отырыптыз. Бір күндері ісініп кеткен басымды көтере алмай қатты ауырып жатып қалыптын. Ата-анам менен күдер үзіп, енді о дүниеге аттанатын шыгар деп күйзеліп, қайғыра бастапты. Багыма орай Қектеректен Нұржабек ұста атпен келіп, аң аулауга өзі жасаған қақпандарын құрып қойып, біздің үйге соғады. Ол кісі Шәріпбай атаммен көніл жықпас қарым-қатынаста екен. Маған көзі түсіп: «Мына бала айттарлықтай сырқаттаныпты гой, ертең келемін», - деп жеделдете атымен қайтып кетеді. Айтқанындай-ақ, ертеңіне қандауырын алып келіпті. Отқа қыздырылған қандауырмен шекемдегі тамырды тіліп жіберіп, қоп-қою қара қанды атқылатыпты. Үлкен тостаган тола қан аққан екен. Көп ұзамай-ақ айырып, шапқыланп ойнат кетіппін. Нұржабек ұстаның мені ажалдан алып қалған сол тыртығы шекемде әлі күнге дейін айқын білінеді,-деп еске алып отырады.

-Жездеміз Әкіннің 1954 жылы алқымына «құлғана» жарасы жайылып, Қектеректегі аудандық ауруханадан Адам болмайды деп, шыгарылып тасталған інісі жасөспірім Сауранды қантар-акпан айында соғым етінің сорпасын өзі даярлаған дәрілер қосласымен 40 күндей ішкізіп, емдең күлан-таза жазғанын өз көзіммен көрдім,-дейді ұстаның келіні Мәрия апай.

-Жанды жарагаларды алмас, керпеш (тас сияқты), қызыл жүйрік, тотияйынмен емдең жазған. Басы ауырып, сақинасы ұстап келгендерден қандауырмен қан алып, оларға сиырдың сүті мен құйрық майды араластырып, кейде науат қосып ішкізетін. Тамағы ауыргандарды ерменімен емдейтін,-дейді ұстаның қызы Зейнекыз.

Нұржекен өнерден де құр алақан емес, домбыра тартып, сырнайды да жақсы ойнапты. Ол кісі үш әйел алған екен. Алғашқысынан бала болмаған, кейінгілерінен өсіп-өрбіген үрпақтары бүгінде бір үйдің баласында тату-тәтті тұрады. Шу, Мойынқұм аудандарымен қоса Меркінің көршілес ауылдары тұрғындарына аса ауқымды қызмет еткен Нұржабек ұста өзінің қайтыс болатынын аян арқылы алдын-ала біліп, 1963 жылдың жазында туған өнірі Бірлік ауыльна көшеді. Көп ұзамай өмірден озады. Көпті көрген қариялардың айтудынша, Байбарақ тоганының Шу өзенінен бастау алатын маңына жерленген Нұржабек ұстаның

зиратында 1970 жылдарға дейін түнде шырақ жанып тұрған деседі.

Зерделеп қарасақ, Нұржабек қария бірнеше кәсіпті оте шебер итерген керемет ұста екен. Нұржекең қолдан тері илеудің технологиясын терең менгерген теріші, орімші, ағаш ұстасы, сақина, білезік жасайтын он саусағынан өнері тамған, әрі елге шилалы емшілік қасиетімен қамқорлық танытқан ерекше жап екеніне таң қалмасқа шараң жоқ.

«Ақ Жол» 17.05.2008.

## АУЫЗЫ ДУАЛЫ АТАЙ МОЛДА

Тогыз жолдың торабы аталатын киелі Шу өнірінде өмір сүрген Атай деген молда жөнінде ел ішінде айтылып жүрген аныз әңгіме көп. Ол кісінің ұлы, Жамбыл облысына белгілі ардагер-журналист Бердібек Атайұлы әкесінің көзі тірісінде жасаған тылсым кереметтері туралы бізге әңгімелеп берген еді.

Атай молда 1870жылды туылғандықтан замандастары оны Ленинмен құрдас деп қалжындан өткен көрінеді. Ал оның діни сауаты өте күшті, әрі көріпкелдік қасиеті де болған.

«Шу өніріне танымал Смайл көлпе әкейдің зерделі білімділігін танып, оны өзінің қызына үйлендіріпті, - дейді Бердібек. – Алайда ол әйелі дүниеден ерте өткен екен. Сонын кәлпенің өзі төрт жылдан кейін қырықтың қырқасынан асқан күйеу баласына Күнту слінде тұратын Тазабек деген кісінің 13 жасар қызы Құлсінді құда түсіп алғып беріпті. Ал көнекөз карттардыңайтуына қараганда, қайнатасы салдырганменшілтеге шырақшы болып жүргенде-ақ әкемнің емшілік қасиеті күшті болған көрінеді. Ол өзімен бірге тағы жеті молдамен бірігін, небір жын ұрған, аузынан ақ көбігі ағып келген науқастарды кезектесіп оқыған деседі. Соның арқасында әлгі аурулар дертінен айығып кетіп отырған. Әрине, сауығып кеткен адамдар атаған малдарын ризашылықпен әкеме сыйлайды. Ал ол кісі әлгі малдарды ешкімге жетектетпей үйіне қарай айдал жібере салады екен. Сонда олардың біздің үйді дәл тауып өздері келетіні жүргіттың жағасын ұстаратқан көрінеді. Кейін әкеміз сол малдарды бала-шағасы көп отбасылар мен тұрмысы төмен ағайын-туыстарына таратып беретін».

Бердібек ақсақал әкесі Атай молданың боранды күні айдалада адасып қалған қезін де айттып берді. Молда жолға шыққан күні қенет боран басталып кетеді. Дәл сол кезде ымырт үйіріліп, айнала қарандыланып қалған шақ екен. Жүре берсе адасатының білген ол кісі есегін бір дүзгеннің түбіне байлаң, осы маңға Шу өніріне аты мәлім Нұрман би келеді деген сеніммен ықтап отыра береді. Расында да көп ұзамай-ақ түйеге мінген Нұрман би келіпті. Ол кісі: «Молдеке, айдалада неғып отырысыз?» - десе Атай молда: «Сіздің келетіңізді біліп, күтіп отырмын», - деп күле жауап берген екен.

### Ұлды боларын аяи арқылы білген

«Әкемді Кенес үкіметі қудалап, НКВД жандайшаңтары оны Шу ауданының оргалығы Новотроицк (қазіргі Төле би) ауылшындарды абақтыға қамайды. Ол жердегілер әкемді қинап, мешіттің қожасы екенсін, аспанда Құдай бар дейсіндер де жерге табынасындар деп тізесі мен басынан әбден ұрады. Әкем болса: «Мешіттің қожасы жоқ, ол – Алланың үйі, жолаушылар тоқтап, құран оқып кетеді», - десе де түрмедегі есер-соқтар оны аямапты. Сөйтіп жүргенде әкем есебін тауып қашып шығады да, Мерке ауданының Сұрат ауылында тұратын әкпесі Кебенің үйінс паналайды. Сосын ашаршылық басталғанда, Сұратта көп тұрақтамай Қырғызстанның Аламедин деген ауылына қоныс аударыпты. Кейін ел тынышталған кезде Абай ауылында тұратын немере інісі әрі шәкірті, айтулы ақын Жақсыбай Жантөбетов әке-шешемді ауылына көшіріп әкелген екен», - дейді Бердібек ақсақал.

Бекенің дүниеге келуі де ерекше болыпты. Айтуына қарағанда, ол кісінің ата-анасы, яғни Атай молда жасы етде тартқанша перзентсіз болыпты. Күндердің күнінде жұмыс істеп жүрген анасына бір әйел: «Сен қубассың!» - деп айтып салса керек. Соған ренжіген әйелі үйіне келіп жатып қалыпты. Кейіннен еріне бір бала асырап алайық деп жалынған да екен. Сонда Атай молда: «Құдай беретін болса, өзі береді», - деп қысқа қайырыпты. Көп ұзамай ол кісі түс көріп, түсінде асық ойнап жүрген бір топ баланы көріпті. Сол балалардың қасынан етіп бара жатса олардың біреуі: «Қарандаршы әне, Бердібектің атасы кетіп барады», -

дейді. Аргынша бір ерсектеу бала тұрып: «Журе беріңіз, сіз енді Бердібектін атасы болдыңыз» депті. Осы аяннан кейін Атай молда Жаратқанның озінің тілегін қабыл еткеніне риза болып, ақсарбас шалын, құдайы тамақ таратқан.

«Мен дүниеге келгенинен кейін көп ұзамай авамды қубассың деп ренжіткен әйелдің отбасынан береке кетіп, балалары бірінен кейін бірі шетінеп, тіпті күйесі де кесітен дүние салып, соқа басы гана қалған көрінеді, - дейді Ісекен. – Ал Атай молданың ет жақын туыстарының борі де молда болған. Досай молда, Жақсыбай молда, әкемнің немере ағасы Жоламан кәлпе әруақты да құдіретті кісілер болыпты. Елдің айтуыша, ол кісі өмірден өтіп, жерленген кезде бір апта бойы қабірінен құңғір-құңғір дауыстар толассыз естілін тұрган көрінеді. Сосын жұрт жиылып қабірді аписа, мұрде жоқ болып шығады. Көп ұзамай әкеме аян беріліп, Жоламан ағасы оған: «Мені жерден іздемендер, көкке ұштым. Бір жеті жерде жатып қалдым, онда жатпас едім әйелімнің шайпау мінезі кесіріп тигізді» депті. Сол Жоламан кәлпенің ұлы Көшерәлі молда да әкесі секілді жұрттың козінің сәлдесі желбіреп көкке ұшып гайып болған деседі. Бұз 1900-ші жылдары болған оқиға екен. Сондай-ақ әкем Ұлы Отан соғысының да ұзаққа созылатынын, соңы жеңіспен аяқталатынын соғыс басталған кездे-ақ болжаган. Ол тіпті өмірден өтерден біраз уакыт бұрын бес жасқа келген мені алдына ала отырып, араб әріптері мен төте жазуды үйрететін. Тіпті анама: «Мына балага оқу керек, ол келешекте кітап ұстайтын ғұлама болады, көресіңдер алі, тұбіндес Ислам діні жанданады», - деп те айтып отыратын. Айта берсем ол кісінің кереметтері өте көп. Тіпті өзінің дүниеден өтерін алдын-ала біліп жатқан ол кісі жаназасын шығаратын кім екенін алдын ала жариялап қойған. Кейін айтқанында, өзінің шәкіргі Кияс молда әкемнің жаназасын шығарып еді».

### Анасының қолы да алтын болған

Атай молданың кемпірі де қолының шипасы бар кісі болыпты. Құлсін әже ауқатты отбасынан шыққан екен. Кейіннен әкесінің орасан көп байлығы тәркіленіп, өзін большевиктер атып тастаған.

Құлсін әже науқасқа шалдыққандарды сынап, тотияйып,

адыраспап, дермене, иманжапырақ сөкілді табиғи дәрілік шөптермен ем жасайтын болған. Сол арқылы бедеу әйелдерді емдең, перзентке зар болып жүргендеге бақыт сыйлаған.

«Әкемнің де, анамның да елі мен ағайын-туыстарына тигізген шарапаттары жетерлік, - дейді Бердібек ақсақал. – Кезінде жастықтың әсерінен бұған онша мән бермей, есте сақтамаппын. Тек осы күндері оқінемін, эттең, Құран кітабын қолыма алып, қасиетті Ислам дініне біржола бет бұрганымда, ата-анамның ұлағатты жолын жалғастырып қана қоймай, көз жанарымнан да айырылмай, сау-саламат жүрер едім-ау, амал қанша?»

Асылдың сынығы, кереметі көп Атай молданың тұяғы болған Бердібек ақсақалдың жасы бүгінде 70-тен асты. Ол кісі әкесінің небір гажап ерекшіліктерін үнемі төбірене еске алып, кейінгі үрпағына үлгі етіп отырады. Атабабаларымыздан қалған сондай асыл қасиеттері мен үлгі-өнегесін бүгінгі үрпағына жеткізер ақсақалдарымыз әрқашан аман болсын!

*Тылсым дүниe. Желтоқсан, 2010*

## ЖОЛБАРЫСТЫ САУЫТБЕК

Жақында Шу ауданы Жиенбет ауылының тұрғыны Мәдімарұлы Сауытбек ақсақалмен кездесудің сәті түсті. Қаршадайынан қым-куыт өмірдің кермек дәмін татып өскен қарияның басынан еткен сырлы оқиғалар мені қатты қызықтырды. Ол кісінің аузынан естігендерімді айна-қатесіз оқырмандардың назарына ұсынуды жөн көрдім.

### Балалық шақпен ерте қоштастым

1930 жылдардың ашаршылығында халық тоз-тоз болып, шыбын жандарын аман алып калу үшін беті ауган жаққа жөнкіле бастаған кез. Шу ауданы Сталин колхозының басшылығы қофам малын сақташ қалу мақсатымен үйді-үйге 2-3 ұсақ малдарды таратып береді. Ашыққан жұрт әлігі малды сатып немесе ас-ауқат етіп қояды. Әкем Мәдімар болса, колхоз малын жеке тұяқтарымен бірге көздің қарашығындай бағып, бірер жылда бірнеше жеткізеді.

Еңбекқорлығымен қоса, жетім-жесірге, жоқ-жітімге, коп балалы үйлерге қол ұшын беріп, жомарттығымен де ел аузына ілінеді.

Мен ата-анамның сағынып көрген алғашқы перзенті екенмін. Жарық дүниеге келерден бір жыл бұрын «Ұл туасын, ұлыңның атын Сауытбек кой» деп, ақсақалды қария аян беріпті. Сөйтіп, әкемнің елу бір, анамның жиырма алты жасында дүниеге келіппі. Бұл 1940 жылдың 1 қазаны екен.

Ата-анамның көптен күткен алғашқы перзенті болғандықтан ба, тым еркес болып естім. Оқта-тексте колхоз орталығына барғанда бакуатты отбасының баласы дей ме немесе әкем қадірлі кісі болғандықтан ба, әйтсеір басқармадан бастап, қарапайым кісілер мен бала-шагана дейін айтқанымды істеп, еркелететін көрінеді. Соған бола әкеме «колхозға көштейікші» деп қиғылыш салады екенмін.

Бірақ, балдай тәтті балалық дәуренім ұзаққа бармады. Бес жастан алтыға шыққанымда, 1945 жылдың жазында Бала Жайсан жайланауда ертелең кой бағып кеткен әкемнің кешкісін отары шұбырып қайтты. Өзі жоқ. Қос қолымен бетін аяусыз тырнағ, қызыл-дала етіп жыртқан анам атты адамға жеткізбестен безіп, жан-жарын іздеп кетті. Корни-қолаң да атқа қонды... Әкемнің мәйітін жеткізді.

Әкейді жерлеген соң, санақ жүргізгенде мал кем шыққан. Осыған қараганда, өрісте қой жайып жүрген әкеме біреулердің қастандық жасаганы анық. Балалықты қайтесін, әкемнің қазасынан соң мен ауылға көшетін болдық деп қуаныппын. Есейгенде сол айтқандарым есіме түссе. Елердей ұялатынмын.

Осы қайғылы оқига мені балалық бал дәуренмен ертерек қоштастырды.

Әкемнің адал еңбегі, маңдай терімен жинаған жүздеген ұсақ малдары мен ірі қаралары артында қалған бала-шагасына бұйырмай Үмбетқұл деген ферма бастығының жем-сауында кетті.

Мейманасы асып-тасып, жарылардай ісінген Үмбетқұлдың қияннатты істері біздей жетім-жесірлерге ғана емес, дүйім ауылдас ағайындардың қабырғасына аяздай батты. Өйткені, маскунем ферма бастығының талан-таражға салған біриеше жүздеген малың қарапайым көпшілік

ағайынгершілікпен жабылып төлең отырған еді. Мұнымен қоймай, көзіне шел біткен Үмбетқұл жесір келіншектерге де күн көрсетпей ойна келгенін істейтін.

Көнтің наласы жіберсін бе, өмірінің соңында ол жалғыз қалып, қайыршылықта күй кешіп, ит өліммен бақылышқа аттанды...

Жастайымнан өмірдің ацы кермек дәмін тата өскендіктен жарытып білім ала алмадым. Тиін-қашып жүріп жеті сынынты әупірімдеп бітірдім. Есесіне, еңбекке өрте араластым.

### **Бақ-дәулетті котере алмадым**

1959 жылы желтоқсанында көршілес Мойынқұм ауданы Бірлік ауылының біртуар сыйлы азаматы болған Нарынбек Шоңбаев деген кісінің Зәбира атты қызымен көніліміз жарасын, шаңырақ көтердік.

Көп кешікпей Жамбыл қаласындағы кооператив училищесін тәмамдадым. Аудан орталығы Новотроицк (казіргі Төле би ауылы) селосындағы шағын дүкенді қабылдадым. 1962 жылдың 2 қарашасында Мейрамбек деген ұлымыз дүниеге келді. Ұзамай Коммунизм совхозындағы азық-түлік дүкенін қабылдан алдық. Бұл ретте Жаратқан иеміз жарастырған Зәбираның көмегі коп болды. Өз ісіне тиянақты, берік, міnezі ете тік, откір. Бетің бар, жүзің бар демейді, кімге де болса ақиқатын алдына жайып салып отырады. Керісінше, менің міnezім жесілtek, ұшып-қонып жүретінмін. «Семіздікті тек қойғана көтереді» деген рас екен. Тұрмысымыз түзеленкіреп, киіміміз бүтінделіп, ашқұрсақ қарнымыз тойынқараған соң қызығушылықпен ішімдікке әуестене бастадым. Онымен қоймай, сол кезеңдің «модасына» айналған карта ойыны – преферанс пен кингіге құмартады.

Бар жұмысты Зәбирага артып қойып, күніне ертеңден кешке дейін 3-4 шишианы босату үйреншікті әдетке айналғанын несіне жасырайын.

Күнде кешке қарай қызара бөртіп, масайып келіп төсеккө құлаймын...

## **Жолбарыстың айбаты**

1963 жылдың жазы болатын. Ес-түсімді шала-шарпылау билетінмін. Тау қопарғандай демалып үйқылы-ояу жатса, үлкен бір жолбарыс бас салады. Шошып оянып, сіріңке жағып, үйдің іші-сыртын, күйес-куысты тініттім. Жаңа гана көрінген жолбарыс еш жерде жоқ. Түсім дейін десем, тұра өңімдегідей.

Жарты айдай уақыт өтпестен тағы да дәл сол жолбарыс бас жағымда отыр. Оянып кеттім. Енді бірде, түсімде бір топ адам біздің үйге келіп, есіктің алдында шуылдасып тұр. «Мына Сауытбектің жолбарысын қарашы, көнтен бері осының үйінде жүр. Өнс-міне» деп бір-біріне көрсетеді. Шынында да, жолбарыс үйіміздің он босағасынан ін қазып алғып жатыр екен.

Бұл түске де ешқандай мән берген жоқтын. Тіптен үрейленуді қойып, жолбарысқа бойым үйреніп те кетті. Күнде ішегінім – ішімдік, ойнайтынным – кингі, преферанс. Ал жолбарыс түсімнен шықпайтын болды. 1964 жылдың қыркүйегінде Гаял деген қызымыз дүниеге келді. Осындај жақсылықтарға қарамастан арактың арқасында даңққұмарлыққа, корсекізарлыққа салындым. 1966-1970 жылдар аралығында Зәбираға көрсетпегенім жоқ. «Жынды суға» тоя мас болған соң, еш кінәсіз келіншегіме тисетінмін. Бір үйдің жұмысы екеумізге ортақ болса да, жас сәбилі Зәбира су әкеледі, отын жарады, сиыр саудады, дүженді ашып сауда жасайды, келімді-кетімді меймандар соның мойнында. Ұсақ-түйек тіршілігі қаншама десенізші. Жан-жарыма қол ұшын бермей арақ ішіп, картага ойнап, қала берді, қыдыруым, оны жәбірлеуім нағыз надандық, нақұрыстық екенін кеш ұқыттым. Кейінгі уақыттарда түсімे жиілеп енетін жолбарысты үйден қуып шығармақшы боламын, бірақ ол маған айбат етіп жатып алады.

## **Сүлеймен нағашым тұра жолға бағыттады**

Анамның агасы Сүлеймен жылына бірер мәрте қонақ болып 5-6 қүн жатып, аунап-кунап кететін. Кейінгі келгенінде үйреншікті түсім тағы да қайталанды. Ертеңіне түсім туралы

нагашыма бастан-аяқ айтып бердім. Ол кісі біраз ойланып отырып, маған ренжіп:

- Сауытбек, жолбарыс - ете киелі аң. Көрінген адамның түсіне кіре бермейді. Бұл жолбарыс – саған қонған бақ. Бақ деген – сенің өмір сүрген әділетті дәуірің. Біз құсап, ала-сапыранда туылмай, мынадай заманда өмірге келген сендерде арман жоқ. Қонған бақты бағаламай ішкенің арақ, ойнағаның карта, қалай болса солай жүресің. Зәбирага да тыныштық бермейсің. Келіннен айналайын, ол осы босағаны аттағалы жаман болған жоқ, - деп ұрыса жөнелді. Жөне де мынадай ғажайып түсті кез келген адамға айта бермеуімді қатаң ескергіті. Нагашымның дәлме-дәл жоруы әрі жаныма батыра айтқаны едәуір ой сала бастады. Дей тұрғанмен, арақпен біржола қоштаса қоймағанмын. Бір күні көрші малишының үйінде таң атқашша «жынды суды» ұрттаймын деп, әжептеуір масайдым. Бір құрдасыммен сөз жарыстырып, дауысым қатты-қатты шығып кетсе керек.

- Эй, Сауытбек, саған не болды? – деген Әбілдә ақсақалға тілім тиіп кетіпті. Ертеңінә оразамды ашпастан қонақта бірге болған Ошан кәрияның үйінен барып:

- Аракты қоюға ант берейін, сіз маған бата беріңіз, - дедім.

- Екеуміз құдай қосқан көршіміз. Саған ішімдік жақпайды, мұлдем қой деп талай айтқан жоқпын ба? Әлі де болса кеш емес, ішімдікті таста. Сен аракты қоямын деп ант берме. Онсыз да мен саған бата бермеймін. Аракты ант беріп қойып, бата алмай-ақ қой. Бұл екеуі де келешегіңе жайсыз, - деді Ошан ақсақал.

- Онда ішімдікті антсыз біржолата қойдым, - дедім. Сол күні өрісте қой жайып жүрген Әбілдә кәриядан аттан түсіп, қолымды кусырып, кешірім сұрадым. Бұл 1970 жылдың қаңтар айы болатын.

Аракты қойған күннен бастап, отбасыма қыдыр дарып, береке ұлады. Аяулы жарыммен Жаратқанның сыйлаған сегіз ұл-қызымызды ойдағыдай тәрбислеп, білім алуына жағдайжасадық. Жеткілікті білім алмасамда, шығармашылық шабыттым оянып, 1983 жылы «Жалын» баспасынан «Жыр бесік», 1994 жылы «Мерей» баспасынан «Аша елі», 2008 жылы акпанды «Раритет» баспасынан «Тұсімдегі жолбарыс» деген кітаптарымды жарыққа шығардым.

Жолбарыс соңғы кездері түсімде сирек көрінеді. Тек қысылып қиналғанымдағағана енеді. Кейде ойланамын, осы жолбарыс болып, мені теріс әрекеттерден арылтқан экем – Мәдімар емес пе екен деп...

“Жас алаң”  
№4 сәуір М.Б.М. 2008 ж.

## НАР ТҮЛГА ЕДІҢ, НАЙМАНХАН

Откен ғасырдың 60 жылдары көрікті Новотроицк ауылындағы қазақ орта мектебінде оқып жүрген кездерімізде көптеген оқушылар домбыра мен би үйірмесіне үйірсектен, бокс-күрес залдарын айналсақтайтын. Ал баз бірі барабан, сырнай т.б. аспантармен әуестеніп, түрлі мерекелік шаралардың ойдағыздай өтуіне атсалысатын.

Сондай өзгеше топ құрған Сағаділда Хасенов, Жайсанбек Әділгерев, Жұмабек Айнақұловтардың катарында Новотроицк ауылының түлегі, орга бойлы, қара торы бала Найманхан Нұпбаевты жиі байқайтынмын. 1966 жылы 11 мен 10-шы кластың оқушылары қатар бітіріп, жоғарғы оку орындарына түсү қыындаған кеткен еді. Осындағы қыыншылықтарға мойынсұнбай жалындаған жастық жігермен Найманхан Нұпбаев откен жылдарығана өмірден озған, аудандық мәслихаттың хатшысы Болат Жақыпбаевиен Ресейдің Саратов қаласындағы ауыл шаруашылығы институтының бірінші курсына өз күшімен оқуға қабылданады. ҚР Парламенті Мәжілісі тарағасының орынбасары Жәнібек Қерібжанов та сол жылдары Найманханмен бірге оқынты.

Жоғары біліммен оралған соң Найманхан Нұпбайұлы 5-6 жылдай Жамбыл су шаруашылығы мамандарын даярлайтын институтта оқытушы қызметін атқарады. Киелі Шу өңірінде туып-осіп, топырағына аунап-кунаң ержеткен Найманханның аңсары атамекенге ауып, 1970 жылдардың соңында Қектерек совхозына агрономдық қызметке орналасады. Сол кездерде Мойынқұм ауданындағы ең іргелі шаруашылықтардың санатындағы Қектеректе табан аудармастан 20 жылдан аса қызмет еткен Н. Нұпбаев білімді

де білікті маман екендігін жете танытып, дала аруы- жүгері, бидай, бау-бақша т.б. ауылшаруашылығы дақылдарынан жогары өнім алуга қол жеткізе алды.

Тәуелсіздік туы желбіреп, сркіндік алғаннан кейін совхоздар бет-бетімен тараап жатқанда Найманхан Нұйбайұлы Бірлік ауылында Т.Бокин атындағы шағын кесіпорның ашты да, бау-бақша егіп, ел игілігі жолындағы сәбебін жаңа қырынан жалғастыруға көшкентүғын.

Қарапайым да дархан жанды Найманханның ізгі қасиеттегерінің бірі таланттың қаламгерлікпен ұштастырып, түрлі деңгейдегі басылымдарда кокейкесті, толғамды ой қозғаган мақалаларын жарыққа шығарды. Творчествоның шығармашылыққа жаңы жақын оның Тәкен Әлімқұлов, Әлімқұл Бұркітбаев, Мұса Рахманбердиевтей елімізге танымал жазушы-қоғам қайраткерлерімен етене жақындастып, араласып-құраласып жүргенін жиі көретінмін.

Әсіресе, Найманханды ата-анасымен көрші тұрғандықтан да шығар, қыршын боздақ-Қайрат Рысқұлбековтің тағдыры ерекше толғандыратын.

1991 жылы жамбылдық тележурналист Серік Абасовтың шынайы жасаған шығармасы «Желтоқсан жаңғырығы» көрсетілімінде Найманхан Нұббаев Қайраттың еліміне қатысты еш жалтақтамай өз ойын батыл да ашық айтқанымен қалың жұртшылықтың есінде қалғаны анық. Найманхан аңы шындықты шырқырата айтып қана қоймай, Қ.Рысқұлбековтің қорына өз отбасынан қаржы аударып, аса зәру іс-шаралар туындағанда анасы Дәметкен мен осы жолдардың авторын сол кездердегі ару астана-Алматыға өз көлігімен бірнеше мәрте тасымалдағанын қайтерсін.

- 1993жылдың қысында қарсы алдында Қайраттың ескерткіші орналасқан Мәдениет үйіне ілінетін «Желтоқсан» жазуын Қ.Рысқұлбековтің қорының атынан Алматыда жасаттырғанымызда аязды қар, көк мұзда 400 шақырым шалғайдағы Бірлікке Мәскеуішімен жеткізген үлтжанды-қамқорлығы әлі күнге дейін жадымда сактаулы.

Ең өкініштің әттен, Найманхан 1995 жылдың қыркүйегінің басында күтіп-баптап өсірген өнімін өткіземін деп, тыным таптай жүріп, Наусібір аймағында жол апатынан мерт болмаганда екеуіміз қол ұстасып, әлі де небір

ұлағатты істерді тындырған болар ма едік. Дегенмен де тәубе етемін. Ат тұяғын тай басар демекші, болекше ұнататын інісі Қенжебек Халық қаһарманы-Қайрат Рысұлбековтің рухын.. құрметтеу мақсатындағы іс-шараларға бір кісідей қолғабысын тиғізіп келеді. Сондай-ақ ага-інілері мен құйсу балалары Шашархан, Шашарбек, Нұрахан, Қылышбек, Алтынбек, Ерғазы, Нұрландар өзінді жоқтатпай, менимен туған бауырларымдай сыйласып тұрады.

Айрықша атап өтерлік жайт, өзің етene еміреіп, мәселеп, әспеттеген кенжең, Сымбат Найманханқызы еке жолын күшпі, Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік университеттің З курсында журналистік мамандығы бойынша дөріс-алуда. Ара-тұра Қазақстан Ұлттық телеарнасында хабар үйымдастырып жүр.

Қадірлі дос, Найманхан, арамызда аман-есен жүргеніңде 2009 жылдың 3 мамырында адамзаттың асқаралы асуы-60 жасқа толатын мерейтойынды бірге атап өтетін едік. Өкінгенмен амал қанша. Жақында темір жол саласында қызмет ететін ізбасар ұлың Ержан, келінің Сағыныш пен немерең Шалигат Тараздан арнайы келіп, мәңгілікке жайгасқан мекенінде рухына құран бағыштатты. Аталарымыздың «Орнында бар оцалар» дегені осы да. Жатқан жерің жәннэттә, топырағың торқа, алдың пейіш, артың кеңіш болып, Жаратқан Тәнірі өзің жасамаған жасынды, көре алмаған қызықтарынды сүйікті жарын Қымбат пен үрпақтарыңа, бауырларың мен ағайын-туистарыңа бұйырғысын деп тілеймін!

«Шу өтірі» 25.04.2009.

## ҚАСИЕТТИ ҚАРА ҚОБЫЗ...

Бірде «Асаян Сахаба» кесенесінің шыракшысы Бейшен Алашибайұлына жолықанымда Ақтөбе ауылындағы ертеде марқұм болған Жаппархан деген кісінің қара шаңырағында коненің көзі қара қобыз бар екенін сендіре айтқан еді.

Көне қобыз қатты қызықтырып мен ертеніне-ақ Бейшенге колқа салып, сол ауылға барып келуін өтіндім. Телефонмен

алдын-ала хабарласқанымда қобыз иелері көне жәдігермен жан-жақты танысуымызға болагындығын айтқан...

Бізді отағасы Мырзакұлұлы Қыпшақ пен жұбайы Салтанат Бөгенбайқызы жылы шыраймен қарсы алды. Қара қобызды қастерлеп, ақ матага орап, қонақ бөлменің төріне жайғастырыпты. Алашбайұлы Байшен құран օқыған соң, қобызды қолға алыш, жете танысуымызға мүмкіндік туды.

Біздің сауалымызға Қыпшақ Мырзакұлұлы: Ертеректе Шудан да тыс аймаққа аса танымал аты шыққан Жайнақ бақсы болған. Ол кісіні Шу өнірінде тұратын қартан қариялар ете жақсы біледі.

1904 жылы өмірге келген Жайнақ атаға бақсылық 16 жасында қоныпты. Ол 18 жасқа келгенде жасы 90- га жақындаған атақты бір бақсы, өкініштісі аты-жөні есімде жоқ, осы қобызды атаға сыйлагты.

Жайнақтың Үрім, Керім деген қарындастары болған. Керімнен бала болмапты. Мен Үрімнің баласымын, ягни Жайнақ атаниң жиенімін. Бүтінде Қазақстан Республикасы ҰҚҚ- де лауазымды қызметтегі генерал Қозыкөрлеу什 Кәрбозов, атаниң жалғыз қызы Шәмшәгүлден туған. Өзім жастайымнан Жайнақтың төрбиесінде ержеттім.

Алғашында осы маңдагы Жаңалық ауылында тұрып, 1956 жылы Абай ауылына коштік. Есім кіргелі білетінім, атаға көбіне жын ұрған, ақыл-есінен ауысқан кіслерді жазда арбаға, қыста шанага байлаап әкелетін. Науқасты 10-15 адам жабылып байлағанымен бір-екі-ақ адам алыш келетін. Есік алдында аурудың қол аяғын шешуге жүрексініп, қорқатын, сонда нагашым қобызын алыш шығып: «арқаннан босатып жіберіндер» деп, бұйыратын.

Сол кезде 10-15 адамға бой бермейтін «батырың» қара қобыздың алдында «Мұрындық таққан тайлақтай» момақан күйге түсіп, бақсының бұйрығын орындағайтын

Атаниң ерекше қасиеті, аурулардың келе жатқанын алдын-ала біліп, кемпірі Сұлуушашқа: «шайынды қоя бер» дейтін. «Қонақтардың» келе жатқанын сезіп, Шәмшәгүл әпке екеуміз сексеуіл жагып, орақ пен балтаны шоққа әбден қыздыратынбыз. Атамыз қобызын ойнатып, зікір салатын шақта әбден қызарған орақты қолына ұстаратынмын. Ақ көбік шашыраған аузымен қып-қызыл шоқтай орақты

тістегенде аласұрып, жанталасып жатқан ауру бірте-бірте тынышталады.

Қандай да науқас болмасын 3-4 күнде құлап-таза айығын: катарга қосылатын. Жайнақ атамызды арнайы іздеғен жоһаушылар болсын, ауру-сирқаулар болсын шартаралтап, тіпті көршілес қырғыз елінен де ағылып жататын...

Ата өзінің өмірден отетінін бір ай бұрын біліп, Сұлушаш апама айтқан екен. Дегеніндей 1970 жылы 66 жасында ол кісі түйеден құлап, кенеттен қайтыс болды... Кейіннен Сұлушаш апа жасы келген соң қызының қолына көшпекші болып, Абай ауылышындағы үйін әктең-сырлап Қытай Халық Республикасынан келген оралман Смайыл атты үйғыр кісіге 1986 жылдары сатпақшы болады. Көршілер: «Көшіп келмей тұрып, әйеліңмен осы үйте бір түнеп шық, әруақ сендерге рұқсат етеді ме, алдымен соны білгендерің жөн» дейді. Түнде әруақтар оларға наразылық танытқан болуы керек, ертесіне бір қойын сойып, құдайы тамақ беріп, Смайыл басқа үй сатып алды. Содан бері ол үйде адам тұрмайды.

Бақшасында алма агаши көп еді. Көрші үйлерінің балалары алма жегілері келіп, баққа кіргенде, ақ киімді қария көздеріне елестер, оларды куалайды екен. Содан шошынған балалар бау-бақиага жоламай кеткен. Қоптеген жыл дүниелерімен қоса қара қобыз да сол иесіз үйде тұрған. Ешкім тиіспеген. Кейіннен дүниелерді әкеткен соң қара қобыз 3-4 жылдай жалғыз тұрған.

1992 жылы Шәмшәгүл әпкеміз қобызды Ақтөбе ауылышындағы осы үйге алып келді.

Бірде екі адам үйге келіп: «Бізге қобызды алыңдар деген аян түсті» деп, айтқан соң, ауырып жатқан Шәмшәгүл әпке: - Қобыз төргі бөлмеде тұрғой, барып алыңдар дейді. Әлгілер қуана ұмтылғанда қобызға жетпей біреуі еттептінен, екіншісі шалқасынан құлап, естерінен таныш қалады...

Кейде ағайын-туыс, жора-жолдастар жол-жөнекей жынды судан ұрттап алып қонаға келетін жайттар да болады. Эрине, оларды даға жатқызбаймыз ғой. Қонақты «Құдайдай» сыйлаған қазақ емеспіз бе. Барынша күтіп, торге тесек салып береміз. Таңқалатынымыз «ақаңнан» ауыз тиген азаматтар таң атқанша көз ілмей үрейленіп шығады. Өйткені, оларды ақ киімді қария әрдайым мазалап, тыныштық бермейді екен.

Қара қобыздың айтарлықтай артықшылығы, ақ пейілмен алыстан арнағы ат арылтын жолауши келе жатса басындағы сылдырмақтары сылдырлап бізге белгі береді...

Токстер түйінінде Қыпшақ Мырзакұлұлы:

- 1947 жылы туылғанмын. Мал шаруашылығы маманы-вегтехникпін. Қазір жұмыссызбын. Құдайдың берген нәсібесін теріп жеп отырмын. Тылсым құдіреті ерекше осы «қара қобызды бірнеше миillion теңге береміз, сат», - деп келген мырзалар да кездесті.

Әрағы қасиетті Жайнақ атадан қалған асыл мұрағой, қалайша көзіміз қылп, бір құлқынның қамы үшін саудаласпақпын. Өзім ойнай алмасам да қараусыз қалдырмай, жылқының майымен қара қобызды майлап, көздің қарашығындаи сактап келемін, - деп нық сеніммен қорытындылады.

Іә, қасиетті Шу аймағы кезінде Асан Қайғы бабамыз өз бағасын берген 1456 жылы Шу өңіріндегі Хантауының Сұнкар шыны маңындағы Қозыбасыда Қазақ хандығының іргетасы қаланып, Керей Сұлтан ақ киізбен көтеріліп, хан тағына отырды. Кезінде түркі халықтарының өркениетті мәдени орталықтарының біріне айналған Баласағұн қаласының орны қасиетті Шу топырағынан табылғаны жайдан- жай болмаса керек. Атакты би-қолбасылар Төле би, Ескендір Зұлқарнайының, Келесары Наурызбайдың, Ағыбай батырдың, Қойайдар би мен Биназар батырдың, құш атасы-Қажымұқан палуаның, Балуан Шолақ, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллиннің табандары тиген жерлері. Елімізге танымал сал-серілер, галым, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлерін дүниеге әкелген киелі мекен.

Осыған орай айтпағым, Ақтөбе ауылындағы Қыпшақ Мырзакұлұлы мен Салтанат Бөгенбайқызының отбасындағы қара қобыз халқымыздың байырғы замандағы әдет-ғұрпынан сыр шертетін көне жәдігерлердің бірегейі деп бағалауымыз жөн.

«Шу өңірі» 26.07.2006.

## АҚ ОРДАНЫҢ АВТОРЫ АҚТӨБЕЛІК ЖІГІТТЕР

Ел астанасын Ақмолага көшіру жайлы 1994 жылдың көктемінде тұнғыш Президентіміз бастама көтеріп, жаз айларында Жоғарғы Қеңес депутаттары қызуқаңды айтыс-тартысқанымен соңыра қолдан, онды шешім шығарған болатын. Сол кездердегі дағдарысты- қынышылықты кезеңдерге байланысты халық арасында Астананы Сарыарқа төсіне көшіруге қарсыластар көтеп табылып жатты.

Ашығын айтқанымызда осы уақытқа дейін Елбасымыздың кей әрекеттеріне сынни козқараспен қарайтыным жасырын емес. Сол бір қын қыстай уақыттарда қалыптаса бастаған саяси хал ахуалға орай, елорданы Ақмолага тездете көшіру туралы Президенттің бастамасын алғашқылардың қатарында қолдадым. Кей сәттерде көпшілікке түсінік жұмыстарымен де айналыстым. Оның айғағы ретінде Жас алаштың 30 тамыз 1994 жылғы санында «Сарыуайымшыл Солженициннің сандырағы жүзеге аспасын десек», атты мақалам жарық көрді.

Халықтық игі бастаманы жаратқан Тәңіріміз де қолдаған шығар, 3-4 жыл өтпей сайын дала Сарыарқага ұлы көш сап түзеді...

Көп ұзамай данқты жерлесіміз, Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков жайлы Алматыдағы Жалын баспасынан Ер намысы- ел намысы жинағын құрастырып, З мың данамен жарыққа шығардым., Кітаптар Тараз, Қарағанды, Жезқазған қалаларының жоғарғы оқу орындарының студенттеріне таратылды. Осы мақсатпен 2000-жылдың желтоқсанында Астана атауын жаңадан иеленген ару қалаға атбасын тіреді...

Қонақ үйден орын жалдауға қалта таяз. Төлебилік Базарқұл атты қарындастың көмегімен жездесі Байғұттының жалдан отырған екі бөлмелік пәтеріне жайғасуға тұра келді. Қайран қазакемнің дархан кең пейілділігіне не жетсін! Шиеттей бала-шаға мен ерлі-зайыпты жұрағаттары тағы бар, мені танымаса да сүйікті жары Фалия (Базарқұлдің әпкесі) екеуі құрап ұша күтті.

«Ер намысы-ел намысы» кітабына өте- мөте қызығып, інісі Арапбайды шақырып, менімен таныстыруды. ҚР ҰҚҚ нің лауазымды қызметкері Қозы Көрпеш Кәрібозовқа да жолығуға жәрдемдесті. Қоналқада, аядай екі бөлмелі пәтерде

иін тірессе демалып жатқанымызда Байғұтты таң атқанша коз ілмей комъютерде қадалып отыратын. Үш торт күндей Астанада аялдаганымызда оның аса жауалты да күрделі жобамен еңбектеніп жүргенін байқағанмын.

Алматыдағы саулет- құрылым академиясының түлегі Байғұтты кейінірек арнағы тапсырысмен өркениетті шет елдердің бірінде қызмет үлгісін көрсеткенін естідім. Астанадагы көптеген ғимараттар осы аталып отырған жерлес сәулетшіміздің қол туындылары.

Ағайынды Байғұтты, Арапбай Тортаевтар Шу ауданының Ақтөбе ауылында туып- өскен, қазақтың қара домалақ балалары. Арапбай Баласагұн атындағы орта мектептің директоры Бірлікбай Жантасеттың тай- құлындай тебісіп өскен жан досы екен. Осы уақытқа дейін бір бірімен сыйласып тұратынын естіп те, біліп те жүрмін.

Жақында «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Астананың он кереметі» бағдарламасында тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев атын атап, үкі таққан Ақордамен жан жакты танысып, таң тамаша күй кештік. Әлемде тенденсі жоқ, десе де дегендей осы ерекше сәулетті ғимараттың «өкіл әкелері» өзіміздің жерлестеріміз, ағайынды Байғұтты, Арапбай екенін естігенімде баяғыда өмірден өткен әке- шешем тіріліп келгендей қуандым.

Мұны қаншама уақыт қажымай- талмай, ерінбей күндіз- тұні тынымсыз тер төккен Тортаевтардың немесе Нұрсұлтан Эбішшұлының ғана емес, бүкіл еліміздің, иісі қазақ жұртының мәртебелі жетістігі деп түсінемін.

Жарайсындар, Байғұтты, Арапбай! Еңбектерің жемісті болың, ару қыздай күннен күнге құлпырып, өсіп келе жатқан Астанаға алдағы уақытта да қомақты үлестерінді қосып, бұдан бійк белестерден көріне берініздер дәмеклін.

«Шу өңірі» 19.07.2008.

## ӨМІРДЕН ЕРТЕ КЕТКЕНИМЕН...

Бұл жалған фәнидің кім-кімге де болмасын мәңгілік емес екендігі бүкпесіз шындық. Жаратқанның жазуымен біреу ерте кетеді, біреу кеш кетеді. Бұл бұлтартпас өмір заңдылығы.

Қайсыбіреулердің ұзақ 90 жас немесе 100 жасағанымен еліне, жұртына, халқына бәлендей көмегі болмаса шапанаты тиіпті дегендей титімдей де іс тындыра алмай, бәріміз де ертелі-кеш баратын бақылық мекенге үрпақтары аз да болса үлгі тұтарлықтай ізгілікті сүрлеулі соқпақ қалдыруға өрелері де өнегелері жетінкіремей аттануда.

Өкіншітің сол, бүгінгі дәл қазіргі қоғамымызда 30-40 жастағы соқтауылдай азаматтар еліміздің келешегі. Ел иғілігі жолында еңбектенудің, ата-ана, ағайын-туыстарына көмектесіп, қол ұшып берудің орына әлі де жассыз деп, олардың болмаши зейнетакыларына жармасып, азын-аулақ мал-жанын бәтуасыз тірлікпен ту-талақай шашып қалай болса солай жүруде. Осындай әумессерлердің кесірі де өз септігін тигізіп, тәуелсіздік алғанымызға 17 жылға аяқ басса да қыруар қазба байлықтың үстінде отырғанымызben осы уақытқа дейін қолымыз аузымызға жетпей «жетім қыздың» күйін кешудеміз.

Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай, Әлихан Бекейханов, Міржақып Дулатов, Магжан Жұмабаевтай ардақты да асыл ағаларымыз қылышылдаган қыршын жастарынан-ақ халқының жарқын болашагы үшін жап аямай арпалысып, өз омірлерін, шыбын жандарын қиды емес пе?!

1986 жылғы желтоқсанда он мындаған казақ жастары сақылдаған сары аязды қоқ мұзда Республика алаңына не себептен шықты? Олар да қазақ халқының ар-намысының аяққа тапталып Кремль көсемдерінің ұлттық мұддесімен санаспай қайдағы бір «шүрегейді» ел басқаруға әкеleгені «отқа май құйғандай» әсер еткен жоқ па?!

Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың зымиянды-астарлы жалалармен шығарылған сот үкімінен қаймықпай:

...21-де жасым бар,  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар.  
Аламын десең алындар!  
Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар

«Еркек тоқты құрбандық» -

Атамын десен атындар!

деген жан даусы шартарапқа жетіп, өркениетті елдердің зияллылары сол кездегі Қеңес Одағының басшыларына Қ. Рысқұлбековке тағылған айыптың дүрыс емес екендігін, оның жазасын жеңілдету туралы жеделхаттар жолдан жатты...

Қайраттың ату жазасы 20 жылға өзгертілгенімен екі жүзді, жарамсақ Үкімет басшылары оның өміріне қастандық жасатып тынды.

Жас боздақтың қыршын ғұмырын, өнегелі өмірін жастарымызға кеңінен насиҳаттан, оларды ұлтжанды, отансүйгіштікке тәрбиелеу жолдарында 1991 жылдың наурыз мерекесінде Қайрат Рысқұлбеков атындағы қоғамдық кор құрылыш, осы уақытқа дейін ауқымды істер атқара алды.

Ұлағатты шаралардың негізінде 2000 жылдың желтоқсанынан Шу ауданында жасоспірім мен жастар арасында шығыс жекпе-жегінен Қ. Рысқұлбеков атындағы турнир өткізіліп келеді. Данқты жерлесіміз, Халық қаһарманы атындағы дүбірлі дода республикалық деңгейде өтетіндей дәрежеге көтерілді. Бұл ретте аудандық таэквондо федерациясының президенті тәжірибелі бапкер Тілеуқұлов Марат Жайлауұлының сінірген енбегі ерен.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсімі сәттерінің бірінде орта бойлы, толықтау қара торы жас жігіт Желтоқсан көтерілісі мен Қайратқа арнап жазған жыр шумақтарын оқығысы келетінін өтінді. Турнир Төле би ауылшының Ж. Жабаев атындағы мәдениет үйінде өтіп жатқан. Қуана келісіп, оны сахна төріне шығардық. Ақын жігітіміз аудандық «Шу өнірі» газетіне өлеңдері жарияланып тұратын Габит Кекеев екен. Нагашысы, анасы Бейсенқұлдің ағасы Жұмабек Чекаев таэквондошы-спортшылардың ата-аналар комитеті төрағасы ретінде кеп қолғабыс тигізетінін айта кеткеніміз жөн шығар.

Таныстығымыз бірте-бірте рухани қарым-қатынасқа үласып Габит Дәүлетұлы маған жиілете жолыбып, мәдениет пен өнер, саяси қоғамымыз жайлы кеңінен пікірлесіп кеңесетін. Әсіресе оны еліміздің бүгінгі тыныс-тіршілігі мен ертеңгі хал-ахуалы ерекше толғандыратын. Габит өзіндік бағыт-бағдары бар ұлтжанды да қайсар азамат екендігін 3-4

жылдай бұрынырақтағы Парламенттік, Президенттік сайлау науқанында анық байқатты. «Түйенің танығаны жантаса» демекші Шу өңірінде бірден-бір қалыптасқан реесмиліктен басқа бағыттарғы тәуелсіз қаламгер болғандықтан, Алматы, Астана, Тараздан ат арылтып келетін оппозиция өкілдері алдымен маган жолығуға тырысатын. Сенімді көмекшіме айналған Ғабит інім Батырхан Дәрімбет, Асылбек Қожахмет, Болат Атабаев, Әлібек Жұмабаев, Рақым Ауганбаев, т.б., қайраткерлермен танысып, саясат сахнасына шығуға құшына бет бұрды.

Сәл ертеректе әскерде азаматтық борышын өтеп жүргенінде басынан алған ауыр жаракаты ашығын айтқанда оған көп кедергі келтіріп, кей күндері ауруханаға да жатып қалып та жүрді. Соған қарамастан Ғабиттің жүрек жарды жыр-туындылары түрлі деңгейдегі басылымдардан жарық көріп, менімен қатынасын ұзбей, қоғамдық-саяси жұмысын тоқтатпады. Жоғарыдағы демократияшыл бағыттарғы қоғам қайраткерлерімен кездесу өткізгенімізде Ғабит бауырым тыным таппай шапқылан бар жан-тәнімен көмектесетін.

Шындығына келгенде, 1990 жылдардың басында тұңғыш Президенттіміздің ел ордасын Ақмолаға көшіру бастамасын қолдағанымды, бірақ Нұрекенің кей әрекеттерімен келіспейтінімді айтатынмын. Сондай-ақ оппозиция өкілдерінің де көптеген пікірін қолдағаныммен, базбір бағыттарымен көзқарасым қабыса қоймайтын. Сондықтан да, мені үш әріп өкілдері – ҰҚҚ өкілдері күндіз-түні андып, телефоным тындалатын. Осы күнге дейін жалғасып келеді. Оларға көп ретте мойынсұнбайтынмын.

Рухани әрі сырлас жақын досым, ірі қоғам қайраткері Батырхан Дәрімбет 2005 жылдың маусымының басында жол апатынан қайтыс болғаннан кейін-ақ маган ауыр тиіп, жүрегім сыр бере бастады. Соғы сапарында Батырханды Ғабит екеуміз күтіп алып, 3-4 жерде халықлен келелі кездесулер өткізген едік...

Көп ұзамай Ғабит аудандық әскери комисариатта қызмет ететін анасы Бейсенкүлге үш әріп өкілдері қысым жасай бастағанын, әке-шешесінің тыныш жүр деп ренжігендерін жеткізді. Өзімнің де жүрегім ауырып, мазам кетіп жүргенімді айта келе оған:

- Ғабит, сен әлі жассың, келешегің алдыда. Жоғарғы оқуорнына журналистік мамандық бойынша оқуға түс. «Жас Алашта» Захардин Қыстаубай (бұтінде «Айғақ» газетінің бас редакторы) деген жолдасым бар, сол кісіге жолынып газетпен байланысқа шық деп ақылымды айтқанмын.

Ғабитің өзі де білімін жетілдіргісі келген болу керек, ата-ана, ағайын-туысқандарының демеуімен Алматы мемелекеттік университетінің журналистер даярлайтын факультетіне оқуға қабылданғанын маган арнайы соғып, қуанышпен жеткізді. «Жас Алаштан», «Қазақ әдебиеті», т.б. басылымдардан Ғабит Әзделетұлының тың серпінді жыр туындылары жариялана бастады.

Біршама уақыт өте келе Ғабит інімің «Жас Алаштың» «Студент», «Ыңғақ» қосымшаларында арнайы бет үйімдастырыны, елімізге танымал тұлғалармен пікірлескен сұхбат-мақалалары да жарыққа шығып, қалың оқырмандар жүргегіне жол тапты.

Ара-тұра туған Отанына оралғанда арсаландаپ үйге соғып сәлемдесіп, асығыс күйде жүргенінде телефонмен хабарласып тұратын. Оның ерекше қасиеті ішімдік атаулыға жоламай, әр кезде сергектік танытатын. Өткен жылдың күзінде Тараз қаласынан ат арылтып жеткен ақын-жыршы-сазгер Аяз Бетбаевпен ақ дастархан үстінде Ғабит Аяқенен «Жас Алашқа» арнайы сұхбат алатынын ескертіп, соңыра хабарласатынын айтқан.

Өкініштісі, сүйікті інім, дегенине жете алмады... Өткен жылы желтоқсанның соңындағы аязды күндердің бірінде нағашысы Жұмабек кездейсоқ жолығып қалып Ғабиттің қаскунем-қанішерлер қолынан қаза тапқанын есірткенде есім ауып, есендіреп әрі-сәрі күй кешкенмін.

Не деген қатыгездік, не деген қаныпезерлік десендерші! Небәрі 24 жастан жаңа ғана асқан, екінші мүшелі ширек жасқа жетпеген Ғабит бауырым кімнің бақшасына түсіп, кімнің ғұлін жұлды?!...

Аңқылдаған ақ жүректі, ақын жанды, қайран қазағым деп, тұла бойындағы қан атойлаған қыршын жас сез жоқ Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Тұтар Рысқұлов, Әлихан Бекейханов, Мағжан Жұмабаев аталары мен Қайрат Рысқұлбеков агаларының өзіндей болмағанымен

солардың аңсаган армандарының орындалуы жолында қажымай-талмай күресе алатын халқымыздың бетке үстар қайраткерлерінің бірі болатынын нық сеніммен айтамын.

Амал иешік, қатыгез тағдырдың ісіне қарсы тұрар шара бар ма?! Ғабит інім, жатқан жерің жайлы, алдың пейін, артың кеніш болсын демекпін.

23.08.2008

## ҚАР САТЫП ПАЙДА ТАБУ

Алматы облысы, Қызылағаш ауылында болған апаттан айтарлықтай адам шығыны болып, мындаған отбасы баспанасыз қалды. «Жығылған үстіне жұдырық» көрімен іле-шала Шығыс Қазақстанның басым бөлігінде де тілсіз жау су тасқыны орын алды. Әулие казақ «судың да сұрауы бар» депті. Иә, әр нәрсенің екі дүниеде сұрауы болары хақ. Мемлекеттік нысандар, яғни, Қызылағаш су коймасы не үшін жекешеленіп кетті? Орине, пайда үшін және оңай пайда үшін. Бөгетті көтеріп, еңбек стіп, шығын шығармай, Құдайдың қарының есебінен пайда табуды ойлаған пысықайлардың пиғылын ақыры Құдайдың құдіреті әшкере етті. Бар кінәнің себеп-салдары осында жатыр. 1990 жылдардың басында: «тәуелсіздікке қолымыз жетті, еркіндік тиді» деп, ауыл шаруашылығының тоз-тозын шығардық. Халық игілігі талан-таражға ұшырап, тірнектеп жинаған байлық ту-таларапайға түсті.

Осыны малданған экім-қаралар ойларына келгенін істеп, ауыл шаруашылығы техникалары мен құнарлы жерлерді, оған қоса арық-тоган, көл-көпшілтерге дейін ашқоздене қол салды. Алайда, ішінара болса да олардың ішінде халық игілігі үшін тер төккен ниеті түзу азаматтар да болды.

Мәселен, біздің Шу ауданының бұрынғы экімі Б.Қарашолақов аудан қолеміндегі «Тасөткел» КМК-нің директоры Н.Ибраимовтың өтінішін ескеріп, ондаған жылдар бойы жөндеу жұмыстарын көрмеген он мен сол жақ күре каналдарын тазартуга да айрықша мән беріп, облыстық, аудандық бюджеттерден каржы қарастырып, көзін тапты.

Ең өзекті жайт, 1974 жылы пайдалануға берілген «Тасөткел» су қоймасы қырық жыныға жуық күрделі жондеу

жұмыстарын көрмей, алқа-салқасы шығып, ете апатты жағдайда тұрған болатын. Сейтіп, көршілес жатқан Шу-Мойынқұм аудан тұрғындарын сүмен қамтамасыз ететін, келемі 620 млн. текше метрге дейін су жинайтын «Тасөткөл» су қоймасына 2008-2009 жылдары республикалық бюджеттен 660 млн. теңге бөлініп, «Бином» ЖШС-нің құрылышсыздарымен құрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құдай бетін аулақ қылсын, дегенмен осындай сақтық керек. Бұл шынында да айтып келмес апаттың алдын алатын ауқымды жұмыстар еді. Және бұл етінде 150 мындаидай Шу, Мойынқұм аудандарының халқы тұратын елді-мекендерге жасалған сақтық болатын. «Тасөткөл» су қоймасынан 15 есе кіші, шағын Қызылағаш су бөгенінің қаншама адам өмірін қып, үйлерін ағызып, халыққа орасан зор ауыртпалық әкелгенін ойласақ, мұндай істің қадір-қасиеті одан сайын бедерлене түседі.

Дегенмен, Шу ауданында бәрі де ойдағыдан деп айтуга әлі ерте сияқты. Қырғыз Республикасымен іргелес жатқан су жинау сыйымдылығы 5,2 млн текше метр, 1984 жылы пайдалануға берілген «Ақсу» су қоймасының ахуалы бақылауды, тексеруді қажет етеді. «Шарго» су бөгенінің де жағдайы жайлы осылай деуге болады.

Жұырда Шу мен Меркі ауданының шекарасындағы «Қайынды» су қоймасы жауын-шашынның мөлшеріден тыс жауғандығынан Тараз-Шу автожолы мен теміржол ернеуіне айтарлықтай қауіп төндірді. Алайда, аудан әкімі К.Жабагиевтың басшылығымен жедел құрылған штаб әрекеттің көмегімен техникалар мен жұртшылықты дер кезінде ұйымдастырып, Қайынды езені бойындағы қойма жағалауын бекітіп, нығайту жұмыстарын толық аяқтап, апатты жағдайдың алдын алды.

Шу ауданындағы «Ақсу», «Шарго», «Қайынды» су қоймалары баяғыда-ақ жекешелендірілген. Олардың қожайындарының құрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндіктері де, жағдайлары да келмейді. 1970 жылдардың соңында пайдалануға берілген, ұзындығы 52,7 шақырымдық бетондалған «Тасөткөл» күре каналы Белбасар, Бірлікүстем, Қонаев, Қектөбе, Даңдақайнар ауылдары тұрғындарының етін, бау-бақшаларын ағын сүмен қамтамасыз етеді. Таң

каларлығы сол, магистральды канал Меркі ауданындағы бір акционерлік қоғамның бастығы Д. Садыров мырзаның теңгерімінде.

Шу мен Мойынқұм ауданының Кеңес ауылының тұрғындарын ағын сумен жабдықтайтын «Тасөткел» КМК мекемесі мемлекет қарамағындағы «Тасөткел» су коймасынан суды сатып алып, «Тасөткел» қүре каналын пайдаланғаны үшін Д. Садыров мырзага жалдама ақы төлейді. Сондай-ақ, бұл мекеме сол жақ қүре каналын тазартып, гидрокүрылымдарын жаңартумен де айналысада.

Меніңше, ағын су жүйесіне мемлекет тараپынаи айрықша оң көзқарас қажет. Қүре каналдардан бастап көл, бөгөн, су қоймаларының барлығы да мемлекеттің қарамағында болуы шарт. Сондай-ақ, бет-бетімен бытыраған су шаруашылығының бірегей жүйесін тездете құру – бұғынгі өмірдің өзекті талабы.

*Ар-Ай, 15.04.2010*

## ӘЛДІГЕ ЕСЕ БЕРМЕГЕН

Уақов Жұмаділ Отарбайұлы 1921 жылы дүниеге келген. Отызыншы жылдардың ашаршылығында ата - анасынан, Элия, Мәрия атты бауырларынан айырылып, тұлдай жетім қалып, Шу ауданы Новотроицкі ауылындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Ержеткен соң ағайыны Семеев Асқардың қамқорлығында тәлім алады.

Ұлы Отан соғысы басталысымен Солтүстік Кавказ майданындағы барлау бөлімшесінде қызмет етеді. Жаудың әуе күштерінің құпия белгілерін алдын ала біліп, оларды алдап қондырып алып, ұшқыштарын тұтқындал, ұшақтарының крест белгісін өшіріп, орнына бес жұлдыз салып, Кеңес әскері құрамына өткізіп отырған.

Жұмаділ Отарбайұлы сол сұрапыл жылдары ерлігімен көзге түсіп, бірнеше орден медальдармен марапатталған. Соғыс аяқталған соң майдандас достарының қалауымен 1947 жылға дейін Грузин елінде мэртебелі қонақ ретінде сый-сияптағ көреді.

Елге оралған соң Төлепбекқызы Жамаілмен отау құрып, Шу ауданының Киров совхозында ұзак жылдар товарлысұт фермасында, қызылиша- егін саласында есепші қызметін атқарады. 1967 жылы Мойынқұм ауданының Бірлік ауылына қоныс аударған соң да еңбектен қол үзген емес.

Замандастарының айтуыша ол әлсіздер мен жазықсыз жапа шеккендерге шамасы жеткенде жәрдемдесіп жүруді дәстүрге айналдырған екен. Бірлікауылның тұрғыны болған Серкебай ақсақал: «Новотроицкідегі балалар үйінде мен де тәрбиеленген едім. Жасым кішілеу болатын. Аты-жөні есімде жок, енгезердей орыс жігіті әлімжеттік жасап, балалардың наны мен тамагын тартып жеттін. Одан бәрі жасқанатын. Жұмаділ әбден ашынған болу керек, бір күні әлгіні жекпек-жекке шақырды. Менменсіген дәу шағын денелі Жұмакенді менсінбей, мыжый саламын деген оймен жайбарақат ұстаса кеткенде, көс аяты аспаннан келіп, шалқасынан тұсті. Сол сәттен бастап, зорлықшыл мырза тәубесіне келіп, балаларға құш көрсетуді догарды» - деп еске алатын.

1985 жылдың қарашасында Ж.Отарбайұлы ауыр науқастан қайтыс болды. Жұмаділ Уақовтың Мәкен, Әтіркүл, Шәйтүл, Айкүл, Жұмакүл, Шәкен, Әшіркүл атты ұл-қыздарынан жиырма шақты немересі мен отызға жуық шәбересі өсіп -өніп, тәуелсіз мемлекетіміздің көркейіп, гүлденуіне өз үлестерін қосуда.

Тамылбай Молдақұлов.  
«Шу өңірі» 21.04.2010.

## МЕРЕЙТОЙҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗУ БАСТАЛДЫ...

Осыдан 3-4 жылдай бұрынырақ 2007 жылдың қантарында көптен белгісіз болып келген Шу ауданының қай кездे құрылғанын анықтау мақсатымен онтүстік астанаға сапар шегін, Мемлекеттік мұрағаттан дәйекті деректер алып кайтқан едім.

Дей тұрганмен, мұрағат анықтамасын бүрмалагысы келіп, кей мырзасымақтар жанын сала әрекеттенгенімен осы жолдардың авторын қолданғ, ардагер ақсақал Әбжапар Жақыбаев пен Сәрсебай Қалисев, Тұнғышбек Байқұлов сынды

азаматтар табандылық таңытын, елімізге белгілі тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиев те қуаттап киелі Шу ауданының 1930 жылы құрылғанын нақтылай аныктаганбыз.

80 жылдық мерейтойды жоғарғы деңгейде атап оттуғе Шу ауданының әкімі Қ.Жабагисев мырзаның бейсөнсө ат салысусымен аринайы қор құрылғын, сонымен қатар Шуның қала мәртебесіне ие болғанына 50 жыл толғанына ораї көптеген ауқымды шаралар қолға алынып жатыр. Мекемеслер мен жекелеген азаматтар қаржылай көмектер ұсынуда. Ал жекелеген мердігерлер қомақты қаржы қарастырып, халық иғілігіне, өскелен үрпаққа пайда келтіретін істерді бағтаи та кетті. Атап айтсақ, Ұлы Отан соғысында жанқиярлық ерлігімен көзге түсken Шу өнірінен шықкан бірден-бір Кеңестер Одағының Батыры Саттар Естемесовтың ескерткішін Шу шаһарының батысындағы «Женіс» саябағында орнату жұмыстары жедел қолға алынды.

Ондаған жылдар арық-атыздары тазаланбай көмініп, талдары қурай бастаған баққа «Жол картасымен» б мини-тенге бөлініп, аудандық мәслихаттың депутаты Н.Ибраимов жетекшілік ететін Тасөткел КМК мекемесінің қызметкерлері аз уақыттың ішінде ағын су жеткізді.

Сондай ақ сәулетті темір қакла арқа жасалынып, су бүркігіштер орнатылып, бұлдіршіндерге ойын-сауық кешендері салынып, карттар демалатын орындықтар қойылмақшы. Жақын арада Шу шаһарындағы айналма күре жолдың жағасына жайғасқан жасыл желек қала тұрғындарының ғана емес, аудан қонақтарымен қатар алыс жол жүргіншілерінің демалатын сүйікті орнына айналатыны анық.

«Шу өңірі» 3.07.2010.

## АТЫМТАЙ ЖОМАРТ

Өзім киелі де шоқтығы биік Шу өнірінде туып өскендіктен болар ардақты да аяулы атамекенниң тыныс-тіршілігі әрқашанда жан-дуниеме етene жақын. Қай өлкеде, қай қырда жүрсем де кіндік қаным тамған торқалы топырағыма жеткенше асығамын.

Бабаларымыз сан ғасырлар бойы армандаған

Тәуелсіздіктің ақ таңы атқан соң көп үзамай бей-берекетсіздіктердің кесірінен кеңшарлар тараған, жап-жақсы жұмыс істеп тұрган мекемелер мен зауыттардың тозтозы шығып мындаған адамдар қам-қаракетсіз, ашып айтқанда сенделіп қалды емес пе!? Осы келенсіздіктер менің ғана емес дүйім жүртттың көніліне кіrbін түсіргенін қайтерсін.

Дегенменен қуанарлығы ауырталықтар да артта қалып бірте-бірте ел есін жиып мал өсіріп, бау-бақша мен егін салып тиімді тірліктермен айналыса бастағандай еді. Қынжыларлығы сол Үкімет тараҧынан ауыл шаруашылығына жете мән берілмегендіктен су қоймалары мен күре каналдар көлденең көк аттылардың сауырында кетіп тіршілік көзінің бірден-бірі іспеттес ағын су ауылдағы ағайын-туғандарға түгел жетпей көпшіліктің ашу-ызасын туғыза бастағанын несие жасырайын.

«Жыртық үйдің де құдайы бар» екені рас екен. Соңғы 5-6 жылдың көлемінде Шу ауданында халықтың игілігі жолында ауқымды іс-шаралар қолға алына бастады. Бұл ретте айтулы азамат Алтынбек Садырбаевтың еңбегі ерекше де ерен. Енді Тараздық Алтынбек Жұмабекұлының өнегелі өмір жолына қысқаша тоқтала кетсем артық болмас. «Әке көрғен оқ жонар...» деген аталы сөз осы әулетке бағытталғандай. 1925 жылы Жамбыл қаласында дүниеге келген экесі Жұмабек Садырбаевтың ұзақ жылдар Аққөл, Бесағаш, Аса, Гродиково ауылдық кеңестердің төрагасы т.б. басшылық қызметтерде адал да жемісті еңбектеніп іскерлігі мен қарашайымдылығының арқасында жүртшылықтың ыстық ілтишатына бөленгені бір арқау әнгіме.

Сондай-ақ ынтымағы жарасқан үлкен от басында тәрбиеленгендіктен көпшіл болып өсken Алтынбек 1952 жылы 12 қарашада Жамбыл ауданының Бесағаш ауылында дүние есігін ашқан. Орта мектепті үздік бітіргеннен соң Қырғыз мемлекеттік университетінің Заң факультетін ойдағыдай тәмамдап ұзақ жылдар Жамбыл облыстық ішкі -істер органдарында қылмысты істерді тергеу саласында абыройлы қызмет атқарды.

Зейнеткерлікке шыққан Алтынбек Садырбаев қол

кусырып қарал жатпай кәсіпкерлікке көшіп: «Сенім» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрып біртіндеп облыс, республика аумағында ауқымды жұмыстармен айналысада, Алтекең 2002 жылдан бері «Сенім» корпорациясының бас директоры.

Атап-атап айтсам, 2002 жылы Құланда айтарлыктай жер сілкінісі орын алғып көптеген үйлер құлап халыққа ауыртпалық түскенде оның Шу өніріндегі қайын жүртynан Нұпбайұлы Қылышбек басқаратын құрылыс бригадасы:

- Айтман-Шойтман - Ашок т.б. жігіттер зілзаладан зардап шеккен 72 түрғын үйді құрделі жөндеуден өткізіп көпшіліктің ыстық алғыс сезіміне бөледі.

5-6 жылдай бұрыннырақ Меркі ауданының жерінде республикалық маңызды ие қуре-тас жолдағы үлкен көпірді су шайып кеткенде оны тез арада өз қалпына келтіре алды.

Өткен жылдары айыр қалпақты Қырғыз тауарынан бастау алатын асау ағынды Шу өзенінің аудан орталығы Төле би ауылы мен Шу қаласы іргесіндегі ернеулерін (республикалық бюджеттегі қомакты қаржы қарастырып бұл ретте ауданың сол кездегі әкімі Бағлан Қарашолақовтың елеулі еңбегін де ескерген жөн шығар) нығайтып-мықтылаш жүздеген мың тұрғындарға төтеннен келер қауілті сейілті.

Сондай-ақ бірнеше ондаған жылдар бойы қараусыз қалып көптеген қожалықтар мен ауылдар тұрғындарының үй іргесіндегі бау-бақшалары мен егіндіктеріне ағын су жеткізу қындығынан құтқарып Сол жағалау қуре каналын тазартып, гидрокұрылымдарын жаңартып он мындаған тұрғындардың алғысын иеленді.

Тазалыққа, өнірдің көркейіне тыным таппай еңбектеніп жүрген Шу ауданының әкімі Қ.Жабағиевтың жұмыс жоспарына сәйкес Алтекең техникалары және адам күшімен тұрақты түрде көмектесіп келеді.

Айрықша атап өтерлік жайт: кезінде өзім (осы жолдардың авторы) онтүстік астанадағы мемлекеттік мұрағаттардан жеткізген деректі құжаттардың негізінде анықталуының аркасында өткен жылдың қазанында мерейтой жоғары деңгейде өткізілді. Яғни,

Шу ауданының құрылғанына 80 жыл, Шудың қала мәртебесін иеленгеніне 50 жыл толу мерекесі қарсаңында «Жеңіс» саябағын түгелдей (1400 м) ондаған миллион теңге қарастырып шындалған темірмен қоршаттырып, Алтынбек Жұмабекұлы дархан жанды жомарттық танытты

Жұздеген жұмыссыз азаматтарды от басын асырарай айналысатын қам-қаракетпен қамтамасыз ете отыра осындай халық иғілігі жолында ауқымды-ауқымды іс-шаралар атқарып жүрген атпалдай атымтай азамат Алтынбекке киелі де қасиетті Шу елінің, жұрттының ризалылығы шексіз.

30.04.2011 жыл «Ақ жол»

## ОРАЙЫ КЕЛГЕН СПОРТТЫҢ САРАЙЫ ЖОҚ

Облыс басшысы Қанат Бозымбаев түрлі спорт сарайлары мен кешендерінің құрылышын қолға алғып, аула клубтары мен спорттық клубтардың жұмысының жандануына, жас спортшыларды қолдау жөнінде жаңа бастамаларды қолға алғып жатқанын БАҚ беттерінен қызып-біліп отырмыз. Бұл тек облыс көлемінде емес, аудан, ауылдарда қолға алынса, оған аудан әкімдері, аудан, облыс көлеміндегі спорт басшылары қолдаушы болса дейміз. Бұлай деуіміздің де біз үшін өзіндік себептері болып тұр.

Сонау 1990 жылдан бері, яғни, аттай 20 жыл бойы жерлесіміз – Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков қорының төрағасы ретінде жастарды отансуғіштікке, адамгершілікке баулу үшін түрлі іс-шаралар өткізуге бір кісідей ат салысып келемін. 2000 жылдан бері Шу аудандық таэквондо федерациясының президенті – М. Тілеуқұловпен тізе қосып, жастар мен жасөспірімдер арасында шығыс жекпе-жегінен халық қаһарманы Қ. Рысқұлбеков атындағы республикалық турнир өткізіп келеміз.

Жыл сайын Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында өтетін дәстүрге айналған осынау дүбірлі додадан еліміздің әр аймағынан 250-300-ге жуық спортшылар бас қосады. Бұл ауқымды іс-шара ауданымыздың, қала берді облысымыздың мәртебесін көтеруге үлес қосып отырғаны ақиқат. Алайда, бұл турнирді

ойдағыдай өткізуге лайықты орын таба алмай әурегे салатыны өкінішті-ақ. Бұрынғы жылдары пайдалануға берілген жеке иеліктегі Балуан-Шолақ спорт сарайы ауқымды жарыстар өткізуғе арнайы ойластырылып жабдықталмаған. Аудандық мәдениет үйінің сахнасы тарлық етсе, баяғыда-ақ жекешеленіп кеткен Шу қаласындағы «Синема Парктын» қожайындары бізден ат-тонын ала қашады. Осы жарыста соңғы жылдары Шудағы «Локомотив» стадионындағы спорт мектебінің аядаі залдарында өткізуге тұра келіп жүр.

Бұл жерде арнайы шақырылған құрметті қонактар мен жанкүйерлерге отырар орын таба алмай қысылатын жайымыз бар. Сондай-ақ, бокстан жыл сайын тұракты өткізіліп келе жатқан дәстүрлі Натан Қақпанбаев атындағы республикалық турнирді де қысылтаяң тар жерде тамашалаймыз. Ауданда бұлардан басқа еркін күрес, қазақша күрес түрі мен кіні футбол, волейбол тағы басқа жарыстар ұйымдастырылады. Ендеше, жастарымызды салауатты өмір салтына насиҳаттан, патриоттыққа тәрбиелеу үшін Төле би ауылы мен Шу қаласының бірінен арнайы спорт сарайын салатын мезгіл жеткен сияқты.

Аяулы жерлесіміз Қайрат Рысқұлбеков те футбол ойнап, самбо күресімен айналысқан. Облыс қөлеміндегі тиісті басшылар осы сұранысымызға бастамашы болады деп сенеміз. Егер осындай салтанатты сарай салына қалған жағдайда спорт гимаратына Халық Қаһарманы Қ.Рысқұлбековтың есімін беріп, ішінен мұражай бөлмесін ашып, еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған жасөспірімдерге қаһарман жерлесімізді жан-жакты таныстырып, оның ерлігін дәрілтеп отырсақ, қандай ганибет болар еді?!

*Ар-Ай, 13.05.2010*

## **ТАҒДЫР ҚЫНЫШЫЛЫҒЫНА МОЙЫМАҒАН БОЛАТ**

Батыс Еуропа мемлекеттерінің бірнешеуі сиын кетегін, Бетпақдала шөлі арқылы Сарыарқа өнірімен шектесіп, Жамбыл облысының 40 пайыздан астам жерін қамтыған Мойынқұм ауданы бірегей батыр бабаларымызды, елімізге танымал қайраткер тұлғаларды дүниеге экелген қасиетті мекен.

19-ғасырдың ортасында қоқандықтардың шапқыншылығынан Ақжолтай Ағыбай, Сыпратай, Бөлтірік батырлармен тізе қосысып елін қорғаған. Жұртшылықтың басын біркітіріп, Мойынқұм ауданына қоныстандырып, елді егіншілікпен айналысуга жұмылдырған Биназар атаның туғанына жақында 200 жыл толмақшы.

Қасиетті Биназар батырдың кезінде бас болып ұйымдастырған ондаған елді мекеннің бірегейі Бірлік ауылы. Осы ауыл – малшылардың маршалы екі мәрте еңбек ері Жазылбек Куанышбаевпен Тәуелсіздік жолында он екіде бір гүлі ашылмай қыршынынан қылған халық қаһарманы – Қайрат Рысқұлбековтың кіндік қаны тамған қасиетті қара шаңырақ.

Сондай-ақ, Бірлік елімізге танымал Қапан, Рахия Мақашевтар, Мәтқалық Қайрақбаев, Сабыров Горький, Рахман Алшанов т.б. ғалымдарды дүниеге әкелген құтты мекен.

Тіpten, мұхиттың аргы бетінде жүріп отанына қайтып ораларында ресейліктерге жақпақ ниетте 5 облысымызға ауыз сала үндеу тастап екі жұзділік танытқан А.И. Солженицин де 2-3 жылдай осы Қөктеректің нанын жеп суын ішкен.

Елімізге танымал қайраткер тұлғалармен қатар Бірлікте халыққа парасатты да байсалды ақыл-көңестерімен ұлағатты істер атқара алған ардақты қариялар да бой көрсетті.

Сондай ақсақалдардың бірден-бірі 40 жылдан астам ұстаздық қызмет атқарған 14 ұл-қызы тәрбиелеп өсірген Тасболат Іңқәрбеков көрия еді.

«Қазақ тілі» қоғамдық қызметінде Бірлік ауылында «Ақсақалдар кеңесін» құрмақшы болып сыйлы да тәрбиелі деген ағалардың үй-үйлерін аралап үтіт-насихат жүргізе бастағанымда Тасболат Іңқәрбеков ақсақал жан-жақты ақыл кеңесімен айрықша шарапатты көмек көрсетті.

1990 жылы қыркүйектің 17- інші жүлдізында ауыл тұрғындарының жалпы жиналышында құрылған. «Ақсақалдар кеңесінің» төрағалығына көпшіліктің қолдауымен Тасболат ага сайланып, құрамында 11 мүшесі бар кеңестің хатшылығына ұйымдастырушысы болғандықтан мені (осы жолдардың авторын) сайлады.

Көп ұзамай-ақ, қазанның 3-4 күндері Бірлікте күрді ағайындар мен жергілікті жастар өкілдері арасында

жанжакал туып соңы бүкіл облысты шулатқан айтарлықтай наразылық ереуіліне ұласты. Облыс, аудан мен құқық қорғау ұйымының лауазымды басшылары және сақадай сай қаруланған ОМОН жасақшылары сабасына түсірін, тарқата алмаған наразы көпшілікті «Ақсақалдар кеңесінің» төрағасы Тасболат Іңкәрбеков нарасатты даналықпен, салиқалы сабырлықпен жүртіштырылғын жүргегіне жол таба білсе, оның орынбасарлары Тұрар Айдынбеков, Тәжібай Сүйкімбековтер айрықша ақылдылықты арқау ете, халықты ың-шыңсыз бейбіт жолмен таратуға тікелей ат салысты...

«Ақсақалдар кеңесін ауылда белең алған ұрлық-қарлық, тұрғындар арасындағы келістіреушілік басқа да әлеуметтік шешімін таптаған келелі мәселелермен белсене айналысады қолға алды...

Осындай игі шарадан тағылым алған облыс басшылары жер жерлерде «Ағалар алқасын» құрғыза бастады. Өкініштісі халықтың ынта-ықыласымен емес, жоғарыдан мәжбүрлеп құрылған алқалардың жұмыстары бірте-бірте саябырып, қожырап, сайдасаны, күмда-ізі қалмады.

Әшімұлы Тасболат ақсақал 80 ге келген шағында 1999 жылы қайтыс болды. Ұл-қыздарының көбі дерлік жоғары білімді, сан-салалы қызметтерде.

Откен жылдары жерлестері Тәкенніңел игілігі жолындағы елеулі еңбектерін ескеріп, Бірлік ауылының бір көшесіне Тасболат Іңкәрбековтың есімін айрықша атап өтерліктей салтанатты құрметпен берген болатын.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дег, аталарымыз бекер айтпаған еken. Тасболат Іңкәрбековтың үшінші ұлы Болат Тасболатовтың тағдырдың жазуымен ауыр кеселге душар болып, жүру мүмкіндігінен айырылып, төсекке танылып қалуын жан жақты суреттеп жазуды газет бетіне сиғызу мүмкін емес, дегенмен оның ғибратты да өнегелі өмір жолдарымен қысқаша таныстырысам артық болмас.

Болат 1947- жылы Бірлік ауылында дүниеге келген. К.Рысқұлбеков (бұрынғы С.М. Киров) атындағы мектепте оқып жүргендеге ақ комсомол ұйымының хатшысы ретінде қоғамдық жұмыспен айналысқан. Спортпен шұғылданған.

Орта мектепті алтын медальмен бітірген Болат

Тасболатұлы 1971-жылы Алматыдағы медициналық институтты өте озық үлгіде- қызыл дипломмен тамамдайды. Үстаздарының аспирантурада қалдырылары келіп, жантәнімеп үгіттеулеріне мойын бұрмай, озінің жүрек қалауымен Тараз қаласындағы жедел-жәрдем аурұханасына хирург болып қызметкес орналасады.

Жас маман қажымай-талмай ізденіп, тәжірибесін ұштастыра отырып екі мыңдай ауруға операция жасап, олардың жарқын өмірге қайта оралып, сауығын кетуіне тікелей ықпал еті білді. Осындай қауырт жұмыстарына қарамастан аурұхананың комсомол комитетінің мүшесі болып сайланды.

Облыстық денсаулық сактау басқармасының басшылары Болаттың қарсылығына қарамай, қоярда-қоймай оны 1977-жылы Шу аудандық аурұханасының бас дәрігерінің орынбасарлығына тағайындалды. Ойткени, сол кезде Шу ауданындағы балалар өлімі облыстық денгейдегіден екі есе көп екен. Бір жыл өтпей, Бекең Шу аудандық аурұханасының бас дәрігерлігіне тағайындалды.

Тозығы жеткен ескі аурұхана, білімді мамандардың жетіслеушілігі, еңбек тәртібінің нашарлығы алғашында Болат Тасболатұлына көп кедергі келтірді. Облыс басшыларын жиежкі мазалап, тыным таптай жүріп, Толе би ауылында 600 орындық жаңа аудандық аурұханасын күрылышын бастауды қолғаалады. Жоғарғы білімді, білікті мамандарды толастырып, еңбек тәртібін қатаң түрде жолға қояды. Болаттан тәлім-тәрбие алған Ө.Байдарбеков бүгінде облыстық денсаулық сактау басқармасы бастығының бірінші орынбасары, В.В.ЦОЙ облыстық инфекциялық аурұханасының бас дәрігері. Т. Айнакұлов Меркі аудандық аурұханасының бас дәрігері.

Нәтижесінде 1980-жылы аудан бойынша балалар өлімі екі есеге төмендеп, облыс көлемінде ең төменгі көрсеткішті иеленді.

Бас дәрігердің жарғақ құлағы жастыққа тимей мазасыздытынымыздығының арқасында 1981-жылы Шу аудандық 600 тәсектік З қабатты аурұхана пайдалануға беріліп, қосымша жүйке ауруы, урология, перзентхана бөлімдері ашылып, көршілес Мойынқұм ауданының тұрғындарына да қызмет көрсетіле бастады.

Аудандық аурұхана ұжымы екі жыл қатарынан Жамбыл

облыстық атқару комитетінің Қызыл туын женіп алды. Қүндік күн демей, тұнды-тұн демей, демалысты-демалыс демей Болат әрқашанда операция столынан табылып жас әріптестерінің тәжірибелерін жетілдіріп ұштай алды.

Қажырлы еңбегінің нәтижесінде Болат Тасболатұлы 1981-жылы Енбек қызыл Ту орденімен марапатталды. Аудандық ауруханада облыстық, республикалық конференциялар мен тәжірибе алмасу іспеттес алқалы бас қосулар тұрақты түрде өткізу үшін дәстүрге айналды. Тіптен, 1983-жылы гигиеналық саладағы дәрігерлердің бүкіл Одақтық кеңесі Шу ауданында өтеді...

Тағдырың қазуына карсы тұrap шара барма!?. 1984-жылы іс сапарында Болат жол апатына ұрынып 1-топ мүгедегі ретінде жүру мүмкіндігінен бір жола айырылады. Алматының білікті де білімді деген нейрохирургтері оған операция жасайды. Новосибирскі, Мәскеудің жоғарғы дәрежедегі дәрігерлеріне дейін қаралады. Дикулге де барып бірнеше жыл оның тренажінде жаттығады...

Қайнап жатқан омірден шет қалыс қалмай қоғамға өзінің хал-қадірінше қол ұшын беру мақсатымен 1988-жылы бала-шагасымен Алматыға қоныс аударады. Бекен «Республикалық ерікті мүгедектер қоғамын» ұйымдастырушылардың бірі ретінде өмір ағымына араласып комекке зәру деген контеген жаңға нақтылай қол ұшын бере бастайды. Мүгедектерге ақыл-кеңес беріп, олардың демалу-сауықтыру орындарына жолдама алуларына жәрдемдеседі, осы уақытқа дейін жәрдемдесуде.

Қайсарлы табандылығымен ол Шу ауданында қолға алған медицинағының кандидаттығы диссертациясы еңбегін 1991-жылы ойдағыдай коргайды.

«Республикалық ерікті мүгедектер қоғамын басқара жүре» Болат Тасболатұлы 1996- жылы бір топ әріптестерімен ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қабылдауында болып Алматы мен облыс орталықтарында тағдыр тауқіметімен мүгедек болып қалған жандарға нақтылай көмек көрсету орталықтарын ашу жөнінде өткір де өзекті талап қояды.

Бұл талапты Елбасы қолдайды. Б.Тасболатовқа 1996-жылы Президенттің «Құрмет грамотасы» тарту етіліп, 1997-жылы оған «Қ.Р. Денсаулық сақтау саласының үздігі» атағы берілді.

Бекенің құдай қосқан қосағы Роза Шайымқызы Алматы

қаласындағы № 14 мектептің жоғарғы салатты ұстазы. 1996-жылы ол «Қ.Р Білім ағарту саласының үздігі» белгісімен марарапталды.

Өкініштісі, үлкен ұлы Бактияр бұрнағы жылдары қылмыскердің қолынан қаза тапты. Самат Болатұлы әке жолын таңдады. Жоғарғы білімді дәрігер. Алматыдағы беделді ауруханада қызмет етеді. Қыздары Эсель жоғарғы оку орнын үздік тәмамдағы аспирантурада білімін жетілдіруде.

Болат Тасболатұлының өмірлік қағидасы көмекке зәру жандарға «қарлығаштың қанатымен су сепкендей» болса да жәрдемдесу.

Киын-қыстау шақтарда жерлестерін де ұмытпай, 1999-жылы Бірлік ауылшының тұрғындарына «Республикалық қызыл крес қоғамы» арқылы гуманитарлық көмек көрсетуге тікелей мұрындық болды. Бекеңің тағдырдың жазуымен басына түсken ауыртпашылықты қайсарлықпен өмірге деген құштарлықпен жене білуі, жоғарғыдай ұлағатты шаралармен айналысуы кім-кімге де болса үлгі-өнеге, ғибрат!!..

10.05.2005.

## **БАЛУАН ШОЛАҚТЫҢ «ҚОРҚУЫ» мен «ЖЫҒЫЛУЫ»**

Киелі Шу топырағында кіндік қаны тамған Нұрмағанбет (Балуан Шолақтың азан шақырып қойған аты) Кекше өнірінен Сәмбет ауылшындағы ағайындарына ат арылтып келіп тұруды ұмытпаңты. Құдайдың тұмсыынан жаратқан таңғажайып балуандығы мен сал-серілігінің арқасында Нұрмағанбет атамыздың атақ даңқы Алашқа кеңінен мәлім. Сондай ақ Балуан Шолақтың тұла бойында көпшілік біле бермейтіндей дархан жүректі мәрттігі де жетерлікте болған екен. Бірде Төлебилік Жұнісбекұлы Пернебай құрдасымнан шежірелі кәриялардан тындаған естелігін: -Ертеректе іргелес жатқан көршілес рудың бір жігітін Сәмбет аулының тентек есерсоқтары ондырмай сабап тастапты. Қанға қан, жанға жан «дегендей ар намыстың туы желбіреген заман емес не?» Таяқ жеген жігіттің он-он бес жерлес ағайындары атқа қонып күтпеген жерден атойладап Сәмбет аулына басып кіріп, көпшілігін таяққа жығады. Сол сәтте ағайындарына қыдырып

келген Балуан Шолақ жасырынып тығылып қалыпты. Кек алушылар мақсаттарына жетіл, абыр-сабыр басылған соң туистарының бірі:

- Балуан аға-ая, бұныңыз қалай! Он шақты бозекпе жігіттерден қорқып бүғын қалғаныңыз, депті. Сонда Балуан Шолақ; - мен олардан сескенген жоқпын, өз күшімен қорықтым, жасырынбаганда «көздеріне қаш толған» жігіттер маған да қол көтеретін еді. Ал, менің ашуым қозса дүлей күшпен олардың екі үшеуін өлтіріп қоюым ғажап емес еді. Қайғылы оқиға орын алса, дау-дамай, айтыс тартыс басталып, құн төлең әуре-сарсанға түсетін едік қой! Бұндай келенсіздік орын алса, маған ренжімегенде кімге кінә артар едіндер. депті, жарықтық Балуан атамыз, дегенді естіп таң-тамаша қалғанмын...

«Тылсым дүние» газетінің 2006 жылғы маусымның 12-санындағы «Балуан Шолақтың марттігі» атты мақалада: ...Жетіқоңырда жер-жерге ат шаптырылып хабар берілген үлкен жиын өтіпті. Осы жиынға Жетіқоңырдың атақты палуаны Найымбаймен күресуге Балуан Шолақ келіпті деген дақпырт ел-елді кезіп кеткен. Жетіқоңырлық Найымбай палуан аса кірпияз, күресер алдында оңаша отырып пал ашып алатын болған. Сосын барып, сірә палы «қарсыласынды жығасың» деген ыңғай көрсеткенде ғана күреске түсетін болуы керек. Ал енді өзі «мен бұл күреске шықпаймын» деп безірейіп отырып алса, бай-багланың да, Батыр баяның да, ел жақсыларың да өлердегі сөзін айтып көндіре алмайтын болса керек... Осы Жетіқоңырда отетін күреске де Найымбай палуан оқыс мінез көрсетеді. Күреске шықнайтынын жарыска бір күн қалғанда малімдейді. Жан- жаққа сауын айттылып, ел жиналыш қойған. Әлде Найымбай атағы жер жарып, қазақ даласынан асып, сонау Ресейдің Омбысы мен Томына , Шелебісіне жетіп жатқан Балуан Шолақтың атақ-даңқынан сескенді ме, әйтеуір күреске шықпай қояды. -Найымбай күреске шықпаса шықпасын, Балуан Шолақтың өзі ортага шығып, бой көрсетсін –дейді Найымбайға ренжіген халық.

-Халайық, шуламаңыздар, ортага Балуан Шолақ шығады, -деп хабарлайды тойды басқарып жүрген жігіт ат үстінен. Сол заматта шапанын үстінен желбегей жамылған төртбақ, дембеліше келген Балуан Шолақ ортага шыға келіп, он қолын

котеріп, екінші қолымен кеудесін басып, басын иді де ортадан кетіп бара жатыр еді, тойды басқарып жүрген жігіт айқайлади; -Нұреке, шамалы күте тұрыңыз. ел іші ғой. Мүмкін таудай талабы бар жастар табылын қалар! Жас та болса, сіздің атақты, жауырыны жерге тимеген палуаниң белін ұстап көрудің өзі де мәртебе ғой, -дейді. Кәне, ортаға шығатын кім бар? Кім жықса, соған сәйгүлік жегілген пәуеске бар!-қане, кім шығады.

- Ой, Балуан Шолаққа қарсы кім шығады! Жықпақ түгілі оған қарсы келетін жігіттің жүргегінің түгі бар шығар? Жыылған жұрт осылайша дабырласын, теңіздей толқып бір сәт тұрып қапты. Сонда коп ішінен балағын түрініп, екі бүйірін таянып, Бисары шыға келінті. -Жығылсам, жер котереді. Қайта осындаидә Балуан Шолақ ағамның белін ұстап қалайын, деп анадай жерде жымның тұрган Балуан Шолаққа жақындаидай береді. Ортаға шыққан адам топ жарып шығатындаидай палуан кісі емес, шағын денелі, басқадан өзгеше бітімі жоқ жан болатын.

- Ей, мына Бисарыға не жоқ? Қабырғасы күйреп, өлейін деп жүрген болар!--Ешкім шықпаган соң қайтсін? Жаңа жығылсам жер котереді, деп айтқан жоқ па! Ел намысы үшін шығып отыр ғой, -деп иөпір көп дабырласын кетті. Тек, Балуан Шолақ қолын котергенде гана, не айтар екен деп құлаққа ұрган таңадай болып тез тынышталған, Балуан Шолақ қолын котерген қалпы, «қарсыласына» жақындан келіп, орнынан тік котеріп алып, арқасынан қағып; -Ниетіңе рахмет, бауырым! Сен жықтың, мен жығылдым! Бас бәйге сенікі,-деп жүрт қоршауына сіңіп кетіпті. Жүрт алғашқы кездे түсінбей аңтаң болған, бұған аңтарылатын ешиэрсе жоқ. Бисарының жүректілігіне атақты палуаның көрсеткен мәрттігі. Атасына рахмет!-дейді сонда ел жақсылары.

## **БЕЛАРУС АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ АКАДЕМИЯСЫН АЛҒАШҚЫ БІТІРГЕН ҚАЗАҚ**

Көп балалы отбасында 1953 жылы 18 шілдеде дүниеге келген Ибраимов Нұрахан сол кездегі Шу ауданының орталығы Новотоцкідегі іргелі білім ұяларының бірі М.Горький атындағы орыс мектебін озаттар қатарында тәмамдайды.

Жастайынан ата-анасы мен бауырларына қолғабысын тигізіп, үй іргесіндегі бау- бақшаны күтіп-баптап, суару жұмыстарымен айналысқан Нұрахан Нұпбайұлы 17 жасында кезінде Ресейдің азулы патшасы Петр іргетасын қалаган Беларуссияның Горки қаласындағы Қазан революциясы. Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылық академиясының гидротехник-инженерлік мамандығына 1971жылы окуға түседі. Қазақ ССР інен окуга қабылданған он адамның біреуі ғана қазақ еді. Ол Ибраимов Нұрахан Нұпбайұлы болатын.

Сол кездері Нұраханның суретін Академияның құрмет тақтасына іліп, «Первый казах-студент» деп, жазып кояды екен. Ерекше таңғаларлық жайт, сол кездерде дәл сол Академияда Беларус елінің қазіргі Президенті А.Лукашенко Нұраханмен қатар оқыған. Бірақ бірін-бірі танымаган.

Н.Ибраимов 1976 жылы жоғарғы оку орнын үздік бітірген соң туып-өсken ата-мекені - киелі Шу өңіріне қызмет етуге бел шеше кіріседі. Еңбек жолын 1976 жылы скі-ақ жыл бұрын ел үгілігіне берілген Тасоткел су қоймасын пайдалану мекемесінің инженерлігінен бастайды. Содан бермен 30 жылдан астам уақыт шалғайдагы Беларус елінде алған білімін сарқа пайдаланып, аға инженер, болім бастығы, бас инженер, басқарма басшысы сияқты қызмет баспалдақтарынан қарапайымдылығының арқасында сатыладап өтіп, соңғы жылдары «Тасоткел» коммуналдық мемлекеттік қасіпорнының директоры қызметін атқарып келеді.

1990 жылдың басынан осы уақытқа дейін созылған киыншылықты дағдарыс кезеңінде жасыратыны жоқ контеген ғалымдар, ұстаз дәрігерлер мен өз ісін жетік білетін мамандар тіршілік тауқыметінс төзе алмай, басқалай пайда көздерін іздең, өзге қасіптерге ауысып жатқанда Нұрахан Нұпбайұлы бар ауыртпашылықтарға төтеп беріп, бөтен саладағы жоғары қызметтерге шақырылғанымен лауазымды шенеуніктік шенді хош көрмегендіктен тапжылмастан сүйікті мамандығынан қол үзбеуде.

Сонымен қатар қаржы тапшылығы өз әсерін тигізбей қоймады. Бірнеше ондаған жылдар бойы тазалау, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмесгендіктен Шу мен Мойынқұм аудандарының бірқатар елді мекендерін ағын сумен қамтамасыз ететін оң және сол жағалау күре каналдарының

жағдайлары өте нашарлап, Тасөткел су қоймасы да қауіпті жағдайда қалған еді.

Н.Ибраимовтың жан төнімен шырылдап, тыным таппай қиналғанын назарға алып, аудан әкімі Б.Қарашолақов пен Жамбыл облысының әкімі Б.Жекеңбин қалың жұртшылыққа жана шырлық танытып, 2007 жылы оң жағалау күре каналын аршип, тазалатуға республикалық бюджеттен 26 миллион теңге қарастырып, халықтың ризашылығына бөленді. Өткен жылды Тасөткел су қоймасын күрделі жондеуге қомақты қаржы болініп, атқарылар жұмыстар ойдағыдан аяқталып келеді.

Көптен қараусыз қалған «Қарабас» каналын «Тасөткел» КМК өз қармағына алып, күрделі жондеуге 17,2 млн.тенге бөлініп, Абай ауылының тұргындары жақын уақыттарда куанышқа кенелегін болды. Облыс әкімі Б.Жекеңбиннің тікелей көмегімен өте ауқымды жұмыстар атқарылып жуық арада Бірлікүстем ауылы тұргындарының үй іргесіндегі жерлері мен бау-бақшаларына да ағын су осы көктемде жеткізіледі.

Шу өзенінің жағасына орналасқан Тогай мөлтек ауданы, Шу қаласы мен Төле би ауылының маңындағы қауіпті деген ернеулерін биқтетіп, күрделі жондеуге республикалық бюджеттен 645 миллион теңге қарастырылып үстіміздегі жылды атқарылар жұмыстарға 50 миллион теңге бөлініп отыр.

Әлі де шешімін таппаған қыруар жұмыстар күтіп тұрғандықтан «Тасөткел» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Ибраимов Нұрахан тұн үйқысын төрт боліп, сол жағалау күре каналын тазалатып, қалыңқа келтіріп, Ақтобе ауылы тұргындарын ағын сумен тұрақты қамтамасыз етуге Қорагаты өзеніне бөгет (плотина) салуға жоба жасаттырып, оны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 9,6 млн. теңге қарастырылып, Еңбек ауылына да ағын су жеткізуға тыным таппай әрекеттенуде.

Бұл ретте аудан әкімі Б.Қарашолақовтың ауыз толтырып айттарлықтай қомақты үлес қосқанын ескерген ләзім. Бағлан Жиенәліұлы республикалық су ресурстары комитетінің бағшысын қайта-қайта мазалай жүре сол жағалау күре каналын күрделі жондеу жұмыстарына ел бюджеттен 246 миллион теңге бөлгіздіріп, оның 20 миллион теңгесін үстіміздегі жылды игеруге қадам жасалынып, Нұрахан

Нұпбайұлының басшылығымен Мойынқұм аулынан жоғары қарай аршу, тазалау жұмыстары арнағы техникалардың күшімен басталып та кетті дегенмен кейін қосу керек. Әрине, халық муддесі жолындағы осындай ауқымды жұмыстарды аткару жалғыз адамның қолынан әсте келмейді. Тіптен мүмкін де емес. Бірнеше ондаған жылдар бойы өтпелі кезеңнің қынышылықтарына төтеп беріп тіптен ай-айлап ақысыз-жалақысыз уақыттарды бағдарынан өткерсе де Нұраханның жанынан табылған қызметтес әріптері: Аманбай Шәуенов, Ибраимов Қылышбек, Гасанов Агабала, Ақшабаев Геннадий, Топашева Гүлжана, Қадірбекова Бағдагұл, Керімқұлов Нұрманқұл, Ниязалиев Миат, Толымбеков Қойшыбай, Қайназаров Серікхан, Баҳриева Наташалардың еңбектері ерең.

Су тіршілік көзі екендігі баршага аян. Жогарғыдай ел игілігі жолындағы ауқымды іс шаралармен қажымай талмай, тер төге еңбектеніп жүрген Нұрахан Ибраимов № Қорагаты сайлау округінен Шу аудандық мәслихатына депутат болып сайланды. Ендігі таңда Нұраханның қоғамдық негіздегі атқарап қызметтерінің ауқымы кеңейіп, күрделене түсті.

2009 ж. 30 наурыз

## ШАРАПАТЫ МОЛ ШӘЙМЕРДЕН МЫРЗА!

Бірнеше жылдан бері Шу ауданындағы «Отан» қоғамдық бірлестігінің Төле би автокөлік мектебінің төрагасы Шәймерден Құстұтінұлы жастар мен жасөспірімдерді отансүйгіштік пен ұлтжанды рухта тәрбиелеуге белсене атсалысып келеді.

Атап-атап айтсақ; Ұлы наурыз мерекесінде тоғызқұмалак, шахмат пен дойбыдан өткізілетін жарыстарға демеушілік танытса, соғыс және еңбек ардагерлерін ұлықтау, атақты тұлғаларды еске алу іспеттес іс- шаралардың бел оргасында бой көрсетіп келеді. Жыл сайынғы дәстүрге айналған 7 мамырда аудан мектептері арсында өтетін «сапта жүріп ән айту» байқауына қатынасып орын иеленген жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттап отырады.

2009 ж. Ауган соғысынан Кеңес әскерлерінің

шығарылғанына 20 жыл атты кеш откізіліп, үлкен дастархан жасалынып, ардагерлерге сый-сиялат жасалынды.

2010 жылдың желтоқсанында «Алмас» колледжінде Желтоқсан көтерілісіне қатысушылармен ғибратты кездесу откізуғе мұрындық болып, мәртебелі қонақтарға бағалы сыйлықтар тапсырып, үлтжандылықтың жарқын үлгісін көрсетті.

Жылда 15-16 желтоқсанда Тәуелсіздік мерекесіне ариап спорттық шаралар ұйымдастырып, Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың тақта-тасына ғул шоктарын қоюды да ұмытпауда. Сондай-ақ әрдайым әскер қатарына шақырылған жастарды шығарып салып, оларға бағалы сыйлықтар табыс етуді дәстүрге айналдырған. Тагы басқа да иғі шаралармен белсene атсалысып келе жатқан Құстутінов Шәймерден мырза жетекшілік ететін «Отан» қогамдық бірлестігінің Төле би автокөлік мектебі ұжымының ұлағатты істері кім- кімге болса да үлгі-өнеге емес пе!

25.12.2010

## ӘКІМДЕРДІҢ ӨНЕГЕЛІ ІС - ӘРЕКЕТТЕРИ

Даңқты жерлесіміз – Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың рухын құрметтеуге байланысты іс-шараларға демеушілік танытқан азаматтардың қатарындағы қазіргі Мойынқұм ауданының әкімі Болат Рысмендиев менің сұраныстың- отінішімді ескере отырып, жас боздақ 8 жыл оқыған С.Шекіров атындағы орта мектепте мұражай бөлмесін ашқызып, 2001 жылдың желтоқсанда білім ордасының қабырғасына Тақта тас орнатқызыды.

2001 жылды Мойынқұм ауданының сол кездеңі әкімі Оңдасын Жиенқұлов аудан орталығында Халық Қаһарманына сәулетті ескерткіш жасаттырды.

Жуалы ауданының қазіргі әкімі Баглан Қарашибаев Бірлік ауылдары Қайрат Рысқұлбековтың ескерткішінің жан-жағын жөндөттіруге қаржылай көмектесті. 2000 жылдан дәстүрге айналған Қ.Рысқұлбеков атындағы республикалық турнирге қамқорлық танытып, 2006 жылды Желтоқсан қаһармандарымен Шу ауданы мектептерінде тәрбиелі-

тағымды кездесулер үйімдастыруға қолдау көрсетті. 2004 жылы Шу ауданына әкім болып тағайындала салысымен аудан орталығы мен Шу қаласындағы даңғыл қошелерді жарықтандырып, орталық аландарды күрделі жөндеуден өткізді. Тұрар Рысқұлов, Ә.Қонаев, саяси құгын- сүргіндеріне ескерткіш тұргызып, Төле би ауылында Тәуелсіздік монументін, жаздық сахна, Бәйтерек орнаттырып, тағы басқа ұлағатты істерді атқара алды.

Ал, 2010 жылы ақпан айында Шу ауданына әкім болып тағайындалған Қожахан Көкірекбайұлы Жабагиев ауданың құрылғанына 80 жыл мен Шудың қала мәртебесін иеленгеніне 50 жыл толатын торқалы мерекесін жүйелі түрде жогары деңгейде өткізіп, көптеген қошелерді асфальттатып жөндettірді. Кенестер Одагының батыры Саттар Естемесовке. Балуан Шолаққа, Домалақ анаға, алғашқы паравозга ескерткіштер орнатылып, ат бәйгесі, ақындар айтысы мен ғылыми конференция, т.б. иігі шаралар өткізіп, аудан орталығы мен Шу қаласының ажары көріктеніп, жақсара тусты. Бұл ретте «Шуақты Шуым – ардақты атамекенім!» қорының төрагасы, аудандық мәслихаттың депутаты Ерболат Досымбаев ини басқа да азаматтардың қажырлы еңбегін ескерген де жөн шығар.

Сондай-ақ Қожахан Көкірекбайұлының Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мен Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығына орай қыршын боздак- Қайрат Рысқұлбековты еске түсіріп жас жеткіншектерді ұлтжанды- адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында ауқымды іс-шараларды қолға алғалы отырганы көңілге куаныш ұялатады.

15.02.2011.

## Ш БӨЛІМ

### САЯСАТПЕН САНАСПАСАҚ...

#### АЛТЫН БАЛЫҚ ПЕН ГОРБАЧЕВ

Бірде халық депутаттарының жиынтында болған үлкен дау-дамайдан кейін, жүйкесі әбден шаршаған М.С.Горбачев миын тынықтыру мақсатымен балық аулауга барынты. Қаладан шеткерірек, Мәскеу өзенінің жағасында қармағын суға тастап, елдің болашагын ойланып отырады. Шамалы уақыттан соң қалтқысы суға бата бастағаннан қармағын суырып алса, жалт-жұлт еткен алтын балық ілініпті. Ол салған жерден Михайлға қарап, адамша сөйлей бастапты:

- Білемін. Жағдайыңыз ауыр. Ельцин де қоятын емес. Мені суға қайтып жіберсеніз, сізді бұрыныракта өткен мемлекет қайраткерлерімен кездестіремін. Мүмкін солар ақыл айтар. Көмектесетін – депті.

Горбачев ойланып: «Мен бұл балықты не істеймін. Онан да мұны суға жіберейін, менен бұрынғы ел басқарған басшылар қазіргідей қыын-қыстау уақытта ақылын айтса, кім біліпті, тығырықтан шығып та кетерміз,- деп, алтын балықтын өтінішін канагаттандырады.

Көп ұзамай-ақ судан I Петр шығып, Михаил Сергеевичке дүрсе қоя беріпті: - Мен баяғыда Ресейге шетелден картөшкенің тұқымын әкеп, халықты жер жыртуға үйрете бастап едім, сейтіп, бүкіл орыстарға тамақ тауып беріп, молшылық орнатып кетsem, енді сенің мынау тіршіліктерінді қалай түсінуге болады? Ел ашаршылыққа ұшырай бастапты ғой. Бұйткен тірлігің құрсын,- деп, бұрқан-талқан ашуланып, суға қайтып сұңғып кетіпти.

Бұдан кейінгі кезекте II Екатерина шыға салысымен:

- Мен баяғы заманда, патшалық құрып тұрғанда, жезөкшеліктердің бәрін өзімнің сарайымның ішіндеған жасататын едім. Енді қазір қараши, жезөкшелік Ресей тұрмақ, басқа жерлеріне де тарап кетіпти, соны жөнге салмай, не бітіріп жүрсін?- деп, жоқ болыпты.

Горбачев көзін ашып-жұмғанша, судан В.И.Ленин шыға келіпті:

- Мен, қанауышы тап өкілдері: патшалардан, байлардан, көпестерден тенденкті еңбекші кедей-шаруаға тартып әпердім. Бірнеше жылдай азып-тозып, күгінде жүріп, соңда да мойымай, қыры революция жасадым. Совет үкіметін орнаттым. Ал, енді не істеп жатырсың, сол Совет үкіметін ыдыратып, елдің тоз-тозын шығарып, қайтадан байсаудагерлер мен қанауышларды көбейтіп жатырсың. Осы іс болып па?- деп, Михаилдың жер-жебіріне жетіп, көзден лезде гайып болды.

Содан кейін көп ұзамай, судан И.В. Сталин шығып:

- Сендер қолдарыңа билік тисе, дереу мені жамандайсындар, 5 жыл соғысып неміс басқыншыларын жеңіп шығуға көп еңбек сініріп, генералисимус атаңдым. Шалажансар жыландай етіп, Герман жерін екіге бөліп тастап едім, оны қайта қостың. Сондай қын кезеңдерде 30 жылдай халықты жып-жинақы басқаруыммен дәл қазіргідей елді қайырышлық халге жеткізген жоқ едім. Сен не істеп жатырсың? Шет елдерге жағамын деп, екі герман елін біріктіріп жібердің, ылғи да соғыстың сол жақтан шығатынын ұмыттың ба?... 6-ақ жылдың ішінде абырайдан жүрдай болып, қолындағы биліктен айырыла бастадың,- деп, ызгарланып, мұрты едірейіп, суға сұңғіп кетіпти.

Михаил Сергеевич есі ауысыңқырап отырып қалады. Осы кезде судан Леонид Ильич Брежневтің өзі шыға келіпти:

- Мишка, гүлдей жайнатып кеткен Отанымды қандай халге жеткізгенсің, халық небір ауыр-ауыр тауқыметтерді бастиарынан кешірді ғой, сол себептен халыққа еркіндік беріп, елді кеңшіліктеге ұстап едім, ал, сен, тоқырау заманы деп, мені кінәлап, орнатып кеткен «коммунизмді» небәрі 5-6 жылда-ақ құрдымға жіберіп, шетелдік басшылардың қолпаشتауына семіріп, қалың бұқара халықты ұмыттып кеттің. Ең бірінші жіберген қателігің – «арак» мәселесі, оны жоямын деп, босқа әуре болдың. Халықтың ахуалын өте нашарлатып, алыштарлар мен арамтамақтарды қаптатып жібердің. әкіры бәрін қымбаттатып тындын.

Совет Одағының қазіргі халі өте мүшкіл, келешекте не боларын бір құдайым білсін...

Енді саған айтатын ақылым, қазір осы жерден тезірек кетпесен, менен кейін шығуға Ю.В.Андропов дайындарып

жатыр: «Дереу сені орынан алып, істерінді зан орындарына тапсырып, билікті қайтадан өзім алсам ба?!»- деп отыр...

Ілекең осы сөзді айтты да, жоқ болып кетті...

«Азат». 1991 ж. 15-30 сәуір.

## ХИМИЯНЫ ҚАСТЕРЛЕЙМІЗ ДЕП НЕ ҮҚТЫҚ?

Өзімді футбол жанкүйерлері қауымының беделді мүшелерінің бірімін деп мақтанышпен айта аламын. Себебі есімді білгелі футбол десе ішken асымды жерге қоятынмын. Доп қуалау да екінің бірінің қолынан келе бермейді.

1965-1970 жылдары Шу ауданында футбол өнері шарықтал дамып еді. «Далақайнар» совхозының командасы республикалық жарыстарда женімназ атағын иеленіп те жүрді. Бірақ, Шу өнірінде сонғы жылдарда футболға деген құлшының төмендеп кеткен секілді. Оған қазіргі жастар кінәлі ме, әлде, ауыл басшылары құлықсыз ба, ол жагы маган түсініксіз. Ауылды жерлерде футбол дамымаса, ага командалар өздеріне ізбасарларды қайдан тапсын? Республикамыздың бетке ұстар «Қайратымыздан» бастап, екінші топта ойнайтын командаларымыздың бәрі дерлік алақұла, суренсіз ойын көрсетумен жанкүйерлерін өкпелетіп жүргені (олардың қатарында біздің «Химик те» бар) жергілікті ұлт өкілдерінің, яғни қазақтардың аздығы деп ойлаймын.

«Химикте» де қазақ жастары аз. Марат Сыздыков, Асқар Көшекбаевтардан басқа бір-екі-ақ қазақ баласы өнер көрсетеді. Сонда қалай, бір миллионға жуық халқы бар Әулиеата жерінде тенбілі доитың хас щебері аталатын, ағайынды Байшақовтар сынды, он шақты қазақ жастарының табылмағаны ма??

Енді команда атына келсек, менің білуімше ертеректе команда көп уақыт «Металлист», одан біраз уақыт «Алатау» аталып, алсоңғы жылдары «Химик» атауын мықтап иеленіпті. Біздің химия өндірісі бойынша да, соның зардап-залалдарын тарту жөнінен де еліміздің алдыңғы орындарының бірінде екенімізді кім теріске шығара алады. Ендеше «Химик» атын

өзгертуғе болмас па?.. біз неге «Мелиораторды» «Қайсаға» айырбастаған қызылордалықтардан үлгі алмаймыз?

Қазіргідей, қазақ тілін өмірімізге, тіршілігімізге еркін енгізе бастаған заманда, осы жөнінде ойлансақ қайтеді, ағайындар?!

Меніңше, «Алатауға» қайта оралып, сол атпен атасақ, содан кейін облыс ағаларынан бастан, қатардағы азаматтарға дейін сүйікті командамызды талантты қазақ жастарымен толықтыруға белсene ат салыссак, облыс намысын қорғап жүрген бетке ұстар командамызға көп көмек болмас па еді!..

*Ақ жол. 5 қазан 1990ж.*

## **1001 ПКІР**

Демократия, жариялышың деп жар салып жатырмыз. Депутаттарымыз «біздің елімізде бірде-бір адам сыннаң тыыс түрмаяға тиіс» дейді. Дұрыс. Бірақ, бұл принцип қоғамның барлық мүшелеріне бірдей қолданылып отырған жоқ. Осыған байланысты журнал оқырмандарымен өз көзқарасымды бөліскім келеді:

1. Дамыған шет елдерде мемлекет басшыларын бүкіл халық дауысқа салып сайлайды. Ал, біздің елімізде бұл мәселені СССР халық депутаттарының съезі ғана шешкені қалай?!

2. Астанамыз Москвада үкімет басшылары парадтарды В.И.Ленин жатқан мавзолейдің үстінде тұрып тамашалайды. Мұны өз басым ұлы көсеміздің әруағын аяқ асты ету деп білемін!

3. М.С.Горбачев жолдастың жалақысы 1200 сом («Аргументы и факты», 1989, №20) көлемінде екен. Ал, бұл біздің совхоздың оншақты жұмысшысының бір айлық енбекақысы! Сонда әлеуметтік теңдік қайда?!

*Арай. 5 мамыр 1990ж.*

## ӨЗ ҚЫЗМЕТИН ФАНА АТҚАРСЫН

СССР Халық депутаттарының үшінші съезі біздің қоғамымызға бұрын-соңды болмаған жаңалық енгізді. Бұл бұған дейін социализмге, халық өкіметіне кіріге бермейді деп есептеліп келген Президент қызметі еді. Республикалық Заң жобасына байланысты кейбір ойларымды ортаға салғым келеді.

Бұкіл билікті өз қолына алған Президент керек. Бірақ біз бұған дайындықсыз кіріскең сияқтымыз. Президент сайлауын бірнеше халық-демократиялық сипаттағы партия құрылып, көппартиялық жүйе орныққаннан кейін енгізу керек еді. Содан әр партия өз лайықтысын президенттікке ұсынып, халық өз тандауын жасауына мүмкіндік туатын.

Тағы бір айтарым – Президент тек президенттік қызметтің атқарғаны жөн. Бір адамның қолына бірнеше қызметті ұстатьып, билікті шоғырландыру дұрыс емес деп есептеймін.

*Социалистік Қазқастан.  
№92. 1990ж. 19 сәуір.*

## ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ ҚАРСЫМЫЗ

Қазақстан бойынша әлеуметтік-экономикалық даму жағынан ең артта қалған 30 ауданың бірінен саналатын, жер көлеміне Еуропаның кішігірім мемлекеттері сыйып кететін, Жамбыл облысының жартысына жуығын алғып жатқан Мойынқұмауданындағы Мирный, Ақсүйек қала шықтарының маңында қөптеген жылдар бойы уран кен орындарының жұмыс істеп келгені жариялыштықтың арқасындаған мәлім болды. Бірақ құпия түрдегі өндіріс орындарының табиғат а남ағынан қоршаған ортаға, ауа қабаттарына қандай, қанша мәлшерде залалы мен зиянын тигізіп келгені әлі күнге дейін белгісіз. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, жақын арада Қыргызстан Республикасындағы Қарабалта қыстағындағы түсірілмекші болған Жезқазған облысынан келген он мың тонна көлеміндегі радиоактивті қалдықтар, қыргыз агайындардың қатты қарсылығына ұшырап, қайтара әкелініп, жергілікті халық өкілдері жиі шоғырланған,

аудан өлкесінің желкесіне орналасқан Қияқтың теміржол станциясына түсірілді.

Бұл жағдайдан аудан халқы бейхабар, ягни ол баяғыша жоғарыдан түскен әкімшілдік-әміршілдік бүйрекпен жүзеге асырылып отырған жөнсіз іс-әрекеттің жергілікті халыққа, әсіресе, ұрпақтарымыздың келешегіне үлкен қасірет әкелетіні ақиқат.

«Ақсақалдар кеңесінің» мүшесі, соғыс және еңбек ардагері Тәжібай Сүйкімбеков осы туралы «Алматы ақшамы» «Тағы да радиоактивті қалдық па?» - деген мақалага орай, аудандық «Мойынқұм таңының» мамырдың 28-жүлдызындағы санында «Біз бұл әрекетке қарсымыз» атты мақала жариялатқанын, Мойынқұм аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Сейдалиев, екінші хатшысы И.Кәметов, аудандық табиғат қорғау қоғамының төрағасы Ш. Қалтаевтармен сөйлескенін, олардың комиссия жіберіп анықтайды деп анықтайды деп жауаптарын айтты. Сонымен бірге ол КСРО халық депутаты Т. Арыстанбековтің белсенділіктерін көрсететін мезгілі жеткенін ескертіл, көмек күтетінін білдірді.

Оте маңызды мәселе көтерген жиналыс Бірлік ауылышында жұмыс істеп жатқан «Ақсақалдар кеңесінің» төрағасы Т. Іңқәрбеков, мүшелері: Т. Сүйкімбеков, Т. Айдынбеков, З. Бекеғұлова, Р. Иманбекова, А. Смайлов, К. Қыдыров облыс пен республика басшыларынан жорықсыз жағдайларды тездетіп тоқтатуды, келешекте мұндай істің қайталанбауын Бірлік ауылышында барша халқының атынан сұрау туралы қаулы қабылдады. Мойынқұм топтырағының – зиянды қалдықтардың сақталу қоймасына айналуына үзілді-кесілді қарсымыз.

*Алматы ақшамы. 1991ж. 19-қыркүйек.*

## **БОЛЖАУШЫ НЕ ДЕЙДІ?**

Соңғы кездерде орталық басылымдардан «1993-1994 жылдарда үлкен ашаршылық болады», - деп оқып жүрміз. Онсыз да берекесі кеткен елдің бұлдыры болашағын үрейлене

күтпегенде несі қалды? Оның үстіне Мәскеудегі үкімет басшылары нарықтық экономикаға көшу жолында азық-түлік пен қунделікті тұтынатын тауарларды қымбаттату арқылы халықты тағы да әбігерге түсіріп қойды. Қым-куыт тірлік адамдар жүйекесін күннен-күнге жүқартуда. Бұғанде ұрылар мен алып-сатарларға кең де қолайлы мүмкіндіктер тудырылды. Қазіргі саясат толқындарына қарап, ашаршылықтың да ауылы ұзақта емес пе деп қобалжудамыз.

Жақында біздің «Көктерек» совхозында белгілі болжағыш-ғалым Назарбек Қожамсейітов болып, көршілес шаруашылықтардың мамандарымен кездесу өткізді. Сонда жиналғандар Назекенден алдымен ашаршылық туралы сұрады:

- Жай дақпырт сөз. Елді дүрліктіретін сол мақалалар туралы «дұрыс емес», - деп, Мәскеуге 3-4 жерге хат та жібердім, - деді бізге Назарбек, - «кейін пайдаланатын шығармыз», - деген «Правдадан» гана жауап хат алдым. Басқа жақтар үнсіз. «Бір тоқшылықтың ашаршылығы, бір ашаршылықтың тоқшылығы болады» - дегендей, біз астамшылыққа бой ұрып, қасиетті нанды табанымызға таптап жүрміз. «Ашаршылық келіп қалды», деп қазірде қап-қап ұн, қорап-қорап азық-түліктерді көптеп алып, оларды сақтай алмай рәсүа етіп, қоқыстарға тастаудамыз. Бәріне сабырмен қару керек. Алғашында 2-3 жыл ауырлау тиіп, қиналғанымызбен кейін кеңшілікке, жақсылыққа мойын бұрамыз.

Әйтсе де біз, жердегі адамдар, бір-бірімізге мейірімсізбіз. Ауыр қылмыстар жасаймыз, бір-бірімізді зорлаймыз, өлтіруге дейін барамыз. Қай мемлекеттің болсын басты мақсаты – қарулануға ұмтылу, көршісіне қарағанда күшінің басым болуын ойлау. Қазір жер шарында атомдық, нейтрондық, қарулар жеткілікті. Сол себептен басқа беймәлім ғаламдардан келетін «ұшатын табақшалар» өкілдері біздің адамдардың арам пигылдарын – біліп қашқақтап, еркін қатынас жасай алмай жүр.

Ауа райына келсек, биыл оңтүстік өңірлерде қыс жылы өтеді. Тек сәуір айы шаруашылықтарға жайсыздау. Қар аралас жауын-шашын да өтеді.

Назарбек Қожамсейітов сол сияқты былтыр Америкада



Қайраттың 6-класта оқып жүрген кезі.



Әскер катарында.



Семейдегі зирағы.



Бірліктегі 2ескерткіші.



Семейдегі ескерткіші.



Абай баба ұрпақтарымен.



Қайраттың 40 жасқа толу күрметіне өткізілген  
Шу ауданындағы жас ақындар мүшәйрасы.



Омбыдағы қазақтың Мәдени Орталығының төрайымы  
Алтынай Жұнісовамен.



Сәулет күрылыш Академиясының жатақханасына  
орнатылған тақта тастың ашылу рәсімінде.



С. Шәкіров орта мектебіндегі Қайраттың  
мұражай бөлмесінде.



Н. Мадалиевке төс белгі тапсыру сәті.




Желтоксан қаһармандары Қайрат мұражайында.



Арынбеков Жанас Қуатбекұлы



Есболғанова Галия  
Көшкенбайқызы



Марат Ақжігітов



Кенжебек Ибраимов.




Желтоқсан қаһармандарымен жүздесу.



Респубикалық турнирдің салтанатты ашылуы.



М. Тілеуқұлов пен М. Беріков республика бірлестігі  
женімпаздары М. Әшірбекова, Д. Әділбаевамен.



Жаттықтыруышылар: Темірхан Әлібеков (сол жақта)  
пен Алтынбек Мусимов.



М. Уақтегі мен Т. Әлібеков оныншы мәрте өткізілген  
К. Рыскұлбеков атындағы республикалық турнир женімпаздарымен.

## Демеушілер мен қолдаушылар



Мамырбек Эбдірахманов  
Бірліктегі Қайрат ескерткішінің  
демеушісі



Нұрахан Ибраимов.  
Аудан мәслихаттың депутаты.



Әзімхан Есіркенов  
Аудандық мәслихат депутаты



Аяз Бетбаев.  
Ақын-жыршы, сазгер.



Найманхан Нұпбаев.  
Қайраттың жанашыр -  
көрші ағасы.



Ердосов Күмісбек.  
Әскери комиссар.



Бағлан Қарашибаев  
Жуалы ауданының әкімі



Болат Рысмендиев  
Мойынқұм ауданының әкімі



Қожахан Жабагиев  
Шу ауданының әкімі



Аманбек Қойшыбеков  
Шу «Сауда Сервис»  
ЖШС-ның бас директоры



Асан Нұсіпқұлов  
«Мақсат» А.К. бас директоры



Бақытжан Текебай  
ҚР Журналистер Одағының  
мүшесі



Тынышхан Жаңабаев  
Мектеп директоры



Мадалиев Нұрмаганбет  
Шу ауданының  
«Құрметті азаматы»



Шәймерден Құстұтін



Серік Асатов  
Кәсіпкер



Алтынбек Садырбаев  
Сабактау



Сәрсенбай Бақтыймбетов  
Батагөй аксақал



Гүлмира Ибраимжанова  
Ұстаз



Тасболат Іңкәрбеков




Ғабит Көкөев



«Женіс саябағы». Шу қаласы.



Нұрман би



Нұржайыбек ұста



Ата-анам Жұмәділ Отарбайұлы мен Жамал Төлепбекқызы.



Б. Момышұлы ёскерткіші. Тараз қаласы.



Айсұлу немерем жақын әпкесімен.



Халықаралық конференция.



Жиенім Серікпен



Мерей-Зиякүл.



Ерденнің үйлену тойында.



Сауытбек пен Зәбира Мәдімаровтар.



Әсемкүл, Қымбат, Нұраханмен.



Көршілердің қуанышын бөліскенге не жетсін



Қызметтес әріптестеріммен.



Жиендерім Анар мен Меруерт.



Серік, Амантай, Арман.



үлкен су тасқынын және Армениядағы жер сілкіністерін де кезінде бір күн бұрын хабарлаганын айтты. Сол сияқты Ресейде ірі-ірі екі поезд соғысатынын, Кемерово қаласында завод жарыллатынын алдын-ала ескерткен екен.

- 1990 жылғы қарашаның 12-інде Алматыда жер сілкінетінін Қазақ ССР халық депутаттарына біраз уақыт бұрын хабарладым, - деп еске алды болжаушы, - тағы басқа да көптеген болжамдарым дәл келуде. Дегенмен, менің хабарларыма тиісті орындар құрақ аспай, өздері зардан шегуде. Мысалы, Америкада болған су тасқыны 8 миллиард доллардай зиян шектіріпті. Егер олар менің болжауымен алдын-ала сақтану шараларын жүргізіп, кететін шығының бір процентін ғана маган жіберсе, өздеріне де көп пайда емес-пе еді?!

Сонымен бірге адам организмімен мұхиттар тұңғиыры құрамының өте үқсастығынан ай мен жердің тым жақын келу сәттерінде кейбір адамдардың өзіне-өзі қол салатын құпиясын аштым. Менің халыққа пайдалы еңбектерімді ез республикамыздың басшылары да елемей, немісрайды қарауда. Тіпті, қарапайым көмектерін де көрсетпейді. Бұлай жалғаса берсе бойымдағы қасиетімді дамытуға септігін тигізетін шет елдердің біріне кетіп қаламын ба деп те ойлаймын, - деген реніш білдірді Назарбек.

Қазақ атамыздың жауырынышлық қасиеті мен аспан жұлдыздары ғылымын байланыстырган беймәлім ғылыми дүниенің есігін ашып отырган Назарбек Қожамсейітовке дәл қазір көмек ауадай қажет. Назекең теледидар, радио, баспасөзде де халыққа ақыл-кеңес беріп, бағыт-бағдар сілтесе нұр үсті нұр емес пе?!

Алматы ақшамы. 1991ж. 4-наурыз.

Көп кешікпей Н. Қожамсейітовке Алматы қаласынан  
нәтер берілді.

## АҚСАҚАЛДАРМЕҢ АҚЫЛДАССА

Қазіргідей қыын-қыстау кезеңдерде қай жерде болмасын өрістеп жатқан ұлттық қақтығыстар исі мұсылман халықтарының қай-қайсысын болмасын бей-жай қалдыра алмайды. Кішкентай өрттің өзі қаулаң, бой бермей кететіндей, оймақтай ғана Таулы Карабах жанжалы бүкіл дүниежүзілік кесапатты алатқа айналмауына кім кепіл бола алады?

Жастайынан озырылыш, қыыншылықтар мен әділетсіздікті басынан өткөрген Хасен Қожахметов бастаған замандастарым негізінен алғанда өте орынды бастама көтерді. Тек, әттеген-айы, «халқым, елім, жұрттым» деп жар құлағы жастыққа тимей жүрген осындағы азаматтарға ғасырлар бойы ұйықтаған келген, марғау, жайбасар, қаракөз бауырларымыз немқұрайдылық танытуда.

Хасен Қожахметов құрған жасақшылар Таулы Карабахта болып қайтты. Бірақ, өзгерген не бар?

Осы орайда, ауылымызда болған мына оқиғаны айта кетсем бе деп едім. 1990 жылғы қазан айында алты мыңдай халқы бар «Бірлік» ауылында жергілікті ұлт өкілдері мен күрді халқының жастарының арасында ұлкен жанжал туды. Облыс, аудан басшылары және сақадай қаруланған заң органдарының өкілдері екі күн бойы таратада алмаған наразы көпшілікті сол ауылда небәрі жарты ай ғана бұрын құрылған «Ақасақалдар кеңесінің» мүшелері: Т. Іңкәрбеков, Т. Сүйкімбеков, Б. Арғынбаев сияқты ақсқақалдар мен Т. Айдынбеков, С. Қожаназаров іспеттес ауыл ағалары ақылмен, сабырмен ың-шыңыз екі халық өкілдерін таттуластырып, таратуға айттарлықтай ықпал етті. Ата-бабалырымыздың осындағы ізгі қасиеттерін мойындағы білген облыс басшылары басқа аудандарда да «Ақасақалдар кеңесін» құрғыздыра бастады.

Меніңше, әзіrbайжан мен армян халықтарының арасындағы қақтығыстарда екі елдің ақсақалдарын өкімет басшылары тиімді пайдалана алмай, ұмыт қалдырып отырған сиңайы бар. Қай халық, қай ел болмасын ата-бабаларын құрметтеп сыйлай білген. Сол себептен «желтоқсандықтар» бізден құрылатын жасақшылардың құрамына бетке ұстар батагөй, данагөй ақсақалдарды тартып, олармен кеңінен

ақылдастып, асықпай толыққанды казақстандық топтаси шыққандары өте-мөте дұрыс болар еді. Керек жағдайда құрамдарына қосымша екі ұлт өкілдерінен қарияларды қосып алса, түркі тұқымдас әзіrbайжан бауырларымыз бен көршілестерінің бостан-босқа қандарының төгілетін мақсатсыз қактығыстарды тоқтатуға дәнекер болмай ма? Әрі бүкіл әлем алдында абыройға боленіп, казақ халқының мейірбандылығын және имандылығын танытар еді рой.

*Алматы ақшамы.  
6-мамыр 1992ж.  
Ойтұрткі*

## ҚАЗАҚСТАНҒА КОСМОДРОМ ҚАЖЕТ ПЕ?

Ата-бабаларымыз бізге мирас етіп қалдырып кеткен ұлан-ғайыр жеріміздің көркі Швейцариядан бірде-бір кем емес. Бурабайлы Көкше, Альпілерден артық болмаса, осал емес Алатау, Тарбағатай таулары, жер жаннаты Жетісу, керек болса Бетпақдаладай шөлді аймақты Мойынқұм, Қызылқұмдар бар, әрі қойнаулары Менделеев кестесіндегі элементтерді түгел қамтыған, казба байлыктары бар үшін-қыры шексіз жерімізді қалайша мақтан етпейміз.

Бар тізгінді «ұлы орыс» ағайындарға беріп қойып, кешегі Кеңес Одағы заманында арқамыздан қағып, қолпаштаудың арқасында 40 жылдай Абай бабамыздың Отаны – Семей өнірін ядролық атом қарууларын сынау аймагына айналдырдық. Ақын ағамызы Олжас Сүлейменов 1990 жылғы 3-қазанда «Известие» газетіндегі мақаласында:

- О шеті мен бұшетіне кез жетпейтін қазақ елінің жазира даласында 1989 жылғы желтоқсанның 31-жүлдезізына дейін 642 атомдық және термоядролық сынаулар жасалды, - дейді де, - әр сынаққа 25-30 миллион сом ақша кетіп отырады екен. Осыдан кейін біз қайдан оналамыз? Қайдан экономикамыз көтеріледі? Мұның барлығы экономикалық дағдарысқа әкеп соғып отыр, - деп тұжырымдайды.

Ең алдымен осыған қосып айтарты, қашшама мындаған жандар денсаулықтарынан айырылып, көз жұмған жоқ па? 60-жылдан бергі дерекке сүйенсек, тек Сарыжал ауылшында

113 адам ректан, ақ қан дөртінен қайтыс болыпты. Бұған қосымша, Қазақстанда осы уақытқа дейін қаншама жерде құпиялың түрде атом шахтылары – уран кен орындары жұмыс істеп келді.

Мәселең, 30 жылданай уақыт Мойынқұм ауданындағы Ақеүіек, Мирный қалашықтары маңдарындағы ондіріліп келген уран шахтылары – аудан халқының әл-ауқатын жақсарту жолында көк тиын пайда келгірмей, қайта мал жайылымдары мен жер асты суларының азайып, тартылуына әсер етті.

Көз алдымызды Арап теңізі халықтың қасіретіне айналып, Балқаш көлі де тартылып, балықтары ауруға ұшырай бастаган жоқ па?

Былай алыш қарасақ, өзіміз, ел-жүргіт болып, табиғат-анамызғанемкүрайдықарал жана шырылыштанытпауымыздың арқасында жеріміз бен сұымыздың тозып, құруына тікелей кінеліміз бе деп те ойлаймын.

Сондай-ақ «Кеңес Одағының» бізге қалдырган ең қымбат «сыйы» - Байқоңыр космодромы, 30 жылдан астам уақытта Байқоңырдан қаншама гарыш кемелері мен гарышкерлер аспан әлеміне сапар шекті. Ал, солардан біздің халқымыздың әлеуметтік тұрмыс-тіршіліктерін арттыру мақсаттарында мысқалдай пайда болды ма? Семейдегі әр сынаққа 25-30 миллион сом көлемінде шығын жұмсалған болса, әр гарыш кемесін ұшыруға қаншама миллион ысырап етілді?

Әрине, лауазымды қайраткерлер мен галымдар ауа райы мен жердің қыртысы, қазба кен байлықтарын зерттеу және т.б. ғылыми жұмыстар үшін бізге космосты игеру қажет дер. Бірақ, сол гарыш кемелері әр ұшқан сайын ауаның қаншама мөлдір қабаттары мен нешеме шаршы шақырым алқапты жерді күйдіріп, ертеп жіберетінін ескергеніміз дұрыс шығар.

Бүгінгі таңда экономикасы қарыншап дамыған Жапония, Алмания (Германия), Англия, Франция, Түркия, Сингапур сияқты өркениетті елдерде неге космодром салынбаған?

«Қамқоршымыз» - ресейлік меңіреу, елсіз тайгалары мен тундраларынан орын таппай, гарыш кемелерін ұшыру мекеніне қалайша Қазақстанды таңдаған?!

Біздің атамекенімізді келімсектер мен қоныстанушылардың тұрағы – отарлы елге әрі сынақ

полигондары мен атом шахтыларының мекендері, жити тәжірибе жинақтайдын согыс аймагына айналдырып көннө қоймай, табиғаттың қас жауы – космодром орнатып, біса көктеп пайдаланып келді. Сарылып, 30 жылдан кейін, кесіне гана Тоқтар Әубәкіровты ғарышка ұшырдық. Бірақ әр үндің шетелдік ғарышкерлер үшін Қазақстан валията табады, - деген мәз болмай, ойланайық, ағайындар!

Ел басындағы азаматтарымыз тереңірек толғанип, жеріміз бен ауамыздың тазалығын, халқымыздың деңгейің саулығын ойланса болар еді ғой. Онсыз да жүрегі жаралы, мол зардан шеккен табиғат-анамызды жеделдете қамкорлаңқа алмасақ болмайды. Байқонырдағы космодромды бейберекет пайдалана бергенше, оған кететін шығындарға халқымыздың әлеуметтік-мәдени салауатты орындары мен мектептер, бала-бақшалар салынса болмас па еді? Сондай-ақ, келешекте гүлденген өркениетті елге айналу үшін, сол шығынмен Аралды аман алыш қалуга әрекеттенген абзап деп білемін.

*Алматы ақындары.  
4-қараша 1992 ж.*

## ТАБАҒЫМДЫ ТЕППЕ!

Біздің тәуелсіз ел атанғанымызға да көп уақыт бола қойған жоқ. Содан да босағасы берік, керегесі мінкты, шаңырағы биік мемлекет болып кете алдық па?

Жер қойнауы қазба байлықтарға, өнірі астық пен малға толы бай өлкे Қазақстанинан тез арада айырмының қалғандарына бүгінде кейбір шовинисттік пигылдағы орыс ағайындар не істерлерін білмей, аласұрып, жанталасуда. Тіпті, осы уақытқа дейін басқа өлкелерде қан төгіс, алапт майдандар болып жатқанымен сан ұлт өкілдері мекендерін жатқан Қазақстандағы тыныштық пен мамыражайлысты кере алмауда.

Арып-ашып, бас сауғалап келген А. Солженицын осы Мойынқұм ауданының Бірлік ауылында 1950 жылдары мейірбан, қонақжай ағаларымыздың арқасында бұрамағы Киров атындағы орта мектенке ұстаз болып орналасып

еді. Әрі Тұртай, Зейнегазы сияқты ақсақалдар ерекше қамқорлықтарын аямапты. Осылардың бәрін қазірде Қуанышбек отағасы қынжыла еске алып отырады.

«Мәртебелі мырза» А. Солженицын бұрындағының бәрін ұмыттың, мұхиттың ар жағынан Ресейіне сыйлы қонақ болып оралу үшін ақылгөйсіп, славян мемлекеттеріне Қазақстанды қоспақ ойы бар. Горбачев болса, президенттік тізгіннен айырыларда сандырақтап, 5 облысымымызға ауыз салды. Шындығына келсек, М. Горбачев әйгілі Желтоқсан оқиғасы құрбандарының өмірі үшін Колбинмен бірге жазалануы қажет.

*Алматы ақшамы.  
17 қараша 1992ж.*

## ҚАРЖЫЛАЙ ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Келмеске кеткен кешегі «Құдіретті Одактың» жүйесіз де бейшаралық жоспарларының кесірлерінен бұгінде тәуелсіздік алған мемлекеттердің бәрі дерлік, оның ішінде Қазақстан да экономикалық терең дағдарыстарға ұшырап, тінтен сырт жерлерде соны қан төгістерге ұласып кетуде.

Осындай келеңсіздіктердің кесірінен бұқара халық қазіргі таңда көп зардан шегуде.

Мұның басты себептерінің бірі мынада деген ойдамын:

Шындығын айтқанда, нарықтық өмірге біз еш дайындықсыз келгеніміз белгілі. Ең алдымен, ұжымдық меншіктер мен жекешелендіру мәселелерін шеше отырып, олардың өндірген өнімдері арқылы бірте-бірте базарлық нарыққа көшу қажет еді.

Қарапайым есептерге жүгінсек, бұрынғы 16-24 тыынның наны 10 сомға, 40 еседен жоғары, 20-30 тыынның темекісі 30-40 сом – 100 еседен жоғары, 10 сомның жұмыс киімдері 1000 сомнан асып, 100 сомның костюм-шалбарлары 10 мың сомға жуықтады.

Жолсапар шығындарына келсек, мәселен, бұрын Бірлік ауылшынан Алматыға дейін автобусен жүру ақысы 6 сом 20 тыын болса, бұгін 575 сомға бір-ақ шарықтады.

Ал, осыларға байланысты жұмысшы-қызметкерлердің айлық жалақылары небәрі 15-20 есеге ғана өскен екен. Оның өзіне бағалар қымбаттағаннан кейін 3-4 айдан соң, кей-кездері жарты жылдан кейін ғана жалақылар мен зейнетақылар есіп отырған.

Ашығын айтсақ, бүгінде бірен-саран пайдакұнемдер мен тоғышарлар болмаса, көпшілік бұрынғы ескі-құсқыларымен қалып, киім сатып алу жағын ұмыта бастады. Тек, ашықтай қара бастарын аман сақтау қамдарын ғана ойластыруда.

Ел ағалары көп ұлтты Қазақстан халқының мамыражай тыныштығын әрдайым мақтан етіп келеді.

Оның себебін, 1986-жылғы қаралы Желтоқсаннан бастап, Жаңаөзен, Теміртау, Өскемен қалаларындағы жаңып тұрған отқа май құятындаі оқиғалар болып отсе де, республиканың негізін құрайтын жергілікті ұлт өкілдерінің атамзаманғы момындығымен қоса ертеңгі қүнге сенімділікпен, әрқашанда сабырлылықпен үміттене қарауларында деп білемін.

Кеншілер ереуілдері мен Ельциниң басқа республикалар басшыларымен ақылдаспай бастаган қымбатшылық шегі алі тоқтамай өссе беруде.

Онымен қоса, жер-жерлердегі сауда саласы, әкімшілік пен Кеңес сияқты лауазымды орындар да ұйымдасты, шырмауықты керітартпа топтардың қолдарына өттеде.

70 жылдан астам Кеңес Одағының: «Жарылқап, көгертеміз» деген сиқырлы мәймөңкессіне алданып келген аңқау халқымыз енді, нарықтық қыспаққа қыстырылып, халдері ересең мүшкілге айналды.

Бірге-бірте бұл қыниншылықтар да артта қалар. Құдайға шүкір, Қазақстан биыл бұрын-соңды болмаған ырзықты астық өнімдерін алды. Ет те, нан да молынан жеткійкті. Бірақ, оларды да көпшілікке дұрыс жеткізе білсек. Мына мәселені де еске сала кетсем, артық болмас. Неміс ағайындардың ез Отанына көшіп жатқаны бәрімізге мәлім. Ара-тұра туыстарына келгендердің айтуларына қараганда, Алманияда көшіп барғандардың мамандықтарына сәйкес қызмет кезектерінде тұрған мерзімдерінде ариаулы күнкөріс қаражаттарын беретін көрінеді. Сол қаржыларды орынды жұмсай білгендер, 1-2 жылда-ақ мәшине мініп шыға келеді екен.

Ал, біздің елдегі азаматтардың көбі өмір бойы жұмыс істесе де, бір көлікке жете алмай бұл жаңған өмірден арманда кетуде.

Экономикасы өркенде, қарыштан дамыған өркениетті елдерден, үлгі тұта отырып, ел қамын ойлайтын лауазымды қайраткерлер мен халық қалаулылары осы жайларды ойластыра келе қойнауы – қазба-байлыққа, оңірі астық пен малға толы Қазақстанымызды гүлденген елге айналдырудың бірден-бір кілті – республика тұргындарының әр жан басына арнап, бұрынғы еткен нәубәттер мен қазірдегі экономикалық дагдарыстырдың кесірлерінен туындаған келенсіздіктердің өтемі, әрі қөмек ретінде, қолма-қол бір мезгілдік ауқымды қаражаттар беруді қолға алса жөн болар.

Сонда ғана әркім өз қабілеттеріне қарай жер, мал алып, қожалық құра ма, әлде дүкен алып, немесе шағын өнеркәсіп аша ма, өздеріне қолайлы да, онтайлы істермен айналысад еді. Осыған орай, жер-жерлердегі қылмыстық тоғтарға да тосқауыл қойылған болар еді. Әрине, мүмкіндігінше, Қазақстанның өзінің мемлекеттік ақшасының болғаны жақсы-ақ. Келешекте оған да қолымыз жетер...

Ардақты елбасқарушығалар, ең алдымен қоғамымыздығы – қарапайым адамдарды, олардың өмірлерін, тыныс-тіршіліктерін, өзекті мұдделерін жан-жақты ойлан, қағаз жүзінде емес, іс барысында қорғауды ұмытпасаңыздар еken.

Мәселен, Қазақстандағы 17 миллион адамның әрқайсысына 100 мың сомнан ақша беруге 1 триллион 700 миллиард сом қаражат керек еken. Осы бір жолғы өтемді төлеуге біздің елдің жағдайы да, мүмкіндігі де жетеді деп ойлаймын. Бұғынғы 100 мың сом бұрынғы құнды кездегі ақшаның 10-12 мың сомы ғана емес пе?

*Алматы ақшамы.  
14.XII.1992ж.*

## ТОСЫН ТАНЫСТЫҚ

Ежелден іргелі шаруашылық болып саналатын Көктерек агробірлестігінде көп жылдар бойы агроном қызметін атқарғанымен, бұғынде шаруа қожалығының менгерушісіне

ауысқан Найманқан Нұпбаевты бұрыннан танушы едім. Ол қолы қалғегенде көкейкесті мәселелерді қозғаган макалалар да жазып тұрады. Откен жылы облыстық «Ақ жол» газетіндегі «Кордайдан Н. Нұпбаев «Аңырақай» шайқасы» қорына ескерткіш үшін ақша аударды деген хабар басылған екен. Оны оқыған кейбір таныстары Найманқанға:

-Сен өзің елден ақша сұрайсың да, қайдагы бір қорға қаражат аударасың, - деп ренжиді. Ал шын мәнісінде, ол басқа Нұпбаев еді.

Өзімен фамилияласағасымен Наймақан Қордай ауданының орталығындағы автобекетте араға біраз уақыт салып барын, кездесісөк танысады. Әңгімелері жарасқан олар бірін-бірі қонаққа шақырып, ежелгі таныстарша тарасады. Әйтте де қым-құыт тірліктерімен жүріп, бір-бірімен жақын араласуға мүмкіндік болмаған көрінеді. Жұырда Найманқан екеуміз жолымыз түсіп, сол Ниетжан Нұпбаевтың шаңырағында болып қайттық. Ол бізді оте жылы қарсы алғып, көптең бері көріспеген бауырлары келгендей мәре-сәре болды да қалиған. Жұбайы Жанат та елгезек жан екен. Үй иелерімен әңгімеміз тез өрбіді. Олар бізден Желтоқсан оқиғасының қаһарманы Қайрат Рысқұлбектегі жайлыш жан-жақты сұрап, өздерімен де таныстыра отырды. Ниетжан осы аудандагы «Алмалы» орта мектебінде тарих мұғалімі Ораз Садуақасовпен бірлесіп, Желтоқсан оқиғасы қарсацында «Халық батыры – Қайрат!» атты ашық сабак өткізгенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол Жоңғар басқыншыларымен болған «Аңырақай шайқасының» аудан мектептеріндегі оқу бағдарламасына енгізіп кана қоймай, оны зерттеуге де ат салысып жүр екен. Тарихи орыннан тауып алған садақ жебесі мен тасқа бойлай кірген, алынбайтын қылыш – сол еңбегінің дағелелі.

Тұған жер, ел шежіресіне сергектікпен қарайтын замандастымыз Абылай ханнан бастап, Қабанбай, Бөгенбай батырлардың өмірін, ерлігін жас үрпаққа түсіндірумен бірге жергілікті Мұлкеман, Қалқаман, Қанай батырлардың тарихтары да ұстаздар жоспарына енуіне ықпал етеді. Ал Жанат жеңгей болса, атақты Сәкен Сейфуллининиң иемере қарындасы болып шығып бір таңқалдырыса, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту бойынша Қордай ауданының озат та мандаіалды ұстаздарының бірі екендігімен тагы қуантты.

Жас үрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында әзіндік әрекетімен көрініп жүрген Нұпбаевтар жандысымен таныса отырып, біз осындағы өнегелі жандардың қатары толыға түссе деп тіледік.

*Алматы ақшамы.  
09.02.1993ж.*

## **БҮРКЕМЕЛЕГЕН СОҢ ІС ОҢБАЙДЫ**

Фасырлар бойғы ата-бабамыз армандаған тәуелсіздігімізге әупіріммен енді ғана қолымыз жеткен сыңайлы. Нарықтық қатынасты таңдадық та құнделікті зәру загтарға қол жеткізе алмай қойдық. «Ойбай, қымбаттатпасақ болмайды, бәрін қопара алып кетеді» деп тағы қорқамыз. «Былай тартса, өгіз өледі, ары тартса, арба сынадының» тауқыметін тағы тартып отырмыз. Ал бәрін қымбаттаттық, сондағы бар байлығымыз орында ма?..

«Халық кеңесі» газетінде (3 сәуір, 1993 жыл) жарияланған «Түйені тұтімен жұтқандар» атты сұхбат-мақалада елімізді бей-берекет тонаушылардың көбейіп бара жатқаны, бір ғана Павлодар облысынан шет мемлекеттерге рұқсатсыз әкетілген мындаған тонна көмір, азық-тұліктер мен құрылыш материалдары және т.б. дүниелер бар екені айттылыпты. Қаржылар да жомарттылықпен миллиондан заңсыз жан-жаққа шашылуда. Ал бақылау жасауга тиісті заң қызметкерлері Дмитриенко мен Саттыбаевқа қатаң сөгіс иен ескерту ғана беріліпті. «Агама женгем сай» демекші, басқа да шеткөрі облыстарымыз Павлодардан өткен сорақы әрекеттерге барып жатқан шығар, оны кім біліпті? Бүгінгі заманда миллиондан, милиардтап мемлекет қаржысын онды-солды талан-таражға салушылар болса қатаң сөгіс, ескертулермен оп-оңай құтылуда.

Бұл орайда көршілес түркімен ағайындардан сабак алсақ артық болмас еді. Ұйымдастық қылмыскерлермен күресуде батыл да қатаң тәртіп шараларын қолдана отырып, өз жемісін көре бастапты. Халықтың әл-ауқатын арттыру жолдарында да үлгі тұтарлық ізгі ізденістері жетерлік. Нан, азық-тұлік

жагы арзан болса, электр энергиялары, газ өз түрғындарына тегін, жол қатынасының құны да бізден әлдеқайда төмен екен.

Ал әлемдегі астықты мемлекеттердің бірінен саналатын, қойнауы қазба байлықтарға толы қазақстандықтар бүгінде қандай халде? Алтынға толы сандықтың үстінде тамақ тауып жей алмай отырған жетім баланың тірлігін көзімізге еріксіз елестетеміз. Келенсіз дағдарыска ұшырауымызға бірден-бір негізгі себеп мынада деп ойлаймын. «Балық басынан шіриді» дегендей, Павлодардағы халық байлығына жаңы ашымайтын, тек өз құлқынын ғана ойлайтын лауазымды басшылар қазірде барлық дерлік «пайдалы» орындарды жаулап алған. Сондықтан да желтоқсанның 4-інде шықкан Президент Жарлығы да көп жерде немікүрайлықпен жүзеге аспай жатыр. Бүгінде жер-жерлерде топтасқан да, жеке де қылмыстық істер оте көбейіп барады. Меніңше, осы келенсіздіктердің түп-тамыры тәртіпті босаңсуы мен ауыз жаласа түскен жемқор кейбір лауазымды басшыларда деп білемін.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жан-жақты дамыған өркениетті, гүлденген мемлекетке айналуымыз үшін ел Президенті тікелей өз тарапынан батыл да нақтыны шараларды қолға алуы қажет-ақ. Атап айтсақ, жер-жерлерде сірепсіп, мызғымай отырған кертартпа шенеуніктердің орнына әлі де ешкандай арамдық пен жемқорлықта бара қоймаған адап жастар мен азаматтарды тағайындаған жою. Атамыз қазақ айтқандай, «Жас келсе – іске, көрі келсе – асқа» деген қағиданы да ұмытпайық, қадірменді ағайын.

Халық кеңесі.  
4 тамыз 1993 ж.

## **САЙЛАУҒА СЕРГЕК ҚАРАЙЫҚ**

Жасы жетпістен аса ажалы жеткен Кеңес Одағының аға мұраларының бірі – Кеңестер жүйесі Жогарғы парламенттен бастап өз өкілеттіктерін тоқтатты. Бұрынғы шенқұмарлар мен мансапқұмарлар мызғымай жайғасқан

көртартпа тоңтардың басшылық тізгінінен қол үзуі заңды да, лайықты құбылыс деп ойлаймын. Әрине, бәріне қара қүйе жағу әбден әбестік болар еді. Олардың ішінде халық қамы жолында қабырғалары қайысқан азаматтар да болды. Бірақ сол кеңес тұтқасын ұстагандардың басым көпшілігі халық мұддесінен өз қара басының қамын жоғары ұстаган тоғышарлар еді. Ләйім сінді сондай екіжүзді арамзалардың бетін аулақ қылсын! Ол үшін өзіміз кімнің кім екенин біліп, ақ пен қараны айрырып, шынышыл да адал, күнәдан таза, абзal жандарды таңдай білсек...

Оқінішке орай кей жағдайларда керісінші болуда. Мәселен, өткен қыста №87-ши Шу сайлау округі бойынша мейірімсіз ажал арамыздан алып кеткен халық қалаулысы – Рыскұл Баймағанбетованың орнына атышулы сайлау науқаны жүрді. Облыс әкімінің лауазымды, жұмсақ орындығына дәл бұлай таласпас еді деп ойлаймын.

Әу баста Жамбыл облыстық кеңесінің төрағасы Әлмұқан Исақов пен Республикалық партияның төрағасы Сәбетқазы Ақатаев тартысқа түсіп, екеуі де тиісті дауыс ала алмай, итжигыслен тен түсті. Іле-шала жеті үміткер қайтадан додага түскен еді. Әдette бес-алты үміткердің бірінші кезекте ең көп дауыс алған екі-үшеуі қайтадан актық бәсекеге түсіп, бақтарын сыйап жатушы еді. Бұл жолы айрықша өзгешілікпен ә дегенмен-ақ 60 проценттен астам дауыспен суырылып алға шығып, Республикалық тұтынушылар одагының бастығы Әмірзак Сәрсенов мырза сайланды да кетті.

Әрине, Өмекең Шу өңірінің халқына бәлендей ауыз толғырып айтарлықтай еңбегі сіңе қоймаган еді. Артынан әжентсүір дау-дамай туып, біраз шу да туды. Халықты жас баладай алдаусыратып, шәй-кәмпіт сияқты қат дүниелерді дүкендерге төгіп тастап, «мен бәрінді жарылқаймын, аудан орталығындағы мешіт құрылышына көмектесемін», - деп Ө. Сәрсенов мақсатына жетті.

Озгерген еш дүние жоқ. Төрт күлағы қалқайып Төле би ауылындағы мешіттің құрылышы міз бақпай тоқтап тұр. «Өмекең уәдесінде тұрмады» - деп сайлаушылардың көпшілігі бармақтарын тістеп, өз өкініштерін білдіруде.

Мениң өз замандастарыма айтпагым енді ғана басталған, бітім-болмысымен жаңа тұрпаттағы, аса жауапты сайлау

науқанына әрбір азамат жауапкершілікпен қараса деймін. Өйткені алдағы уақытта жоғары парламенттегі деңгелдер тұракты түрде бүкіл халықтың аса маңызды қызметтермен айналысатыны белгілі. Қоғамымыздың кілті – осы халық екілдерінің қолында. Сондықтан сайлауға серік қарайык, ағайын!

Азия. 94 ақпарат Адб

## ТОЗАҚТАҒЫ МИХАИЛ...

...Кезінде Кеңес Одағының бірінші бикеші ретінде шалқып та, шайқап та өмір сұрген, бүгінде көңілі жарымжан да жабырқау Раисамен араларындағы болған кезекті ұзакқа созылған дау-дамайлы, айқай-шұлы керістен соң Миниң өкпелеп теріс қарап жатты. Содан тек таңға жуық қана көзі ілініп кетеді де түс көреді...

Өзі кенеттеген, аяқ астынан қайтыс болып кетіпті. Елғызың бастаган аздаған жора-жолдастары Мәскеудің шетіндегі қорымға апарып жерлейді. Олар тарқап кеткен соң кеп кешікпей о дүниенің есігі айқара анылады. Мүмкін осаның да Президенттікке сайланып қалармын деп армандағы алға жылжып барады екен. Жұмақ пен тозақ жолдарашын айырығында өзін күтіп тұрган Ленин, Сталин, Брежневдегі тоқайласып қалады, бірақ ай-шайга қарамай Ленин:

-Ей, есектің миын жеген су ми! Сұмырай келесу құриды дегендей, он шақты жылдан астам құғын-сұрғында айдауда жүріп орнатқан Кеңес Одағын бүкіл алем алдында масқарасын шығарың, ақырында таратып, шаңырақтың ортасына түсірдің. Сондағы шыққан мүйізің қайсы? – дейді.

Бойын аны, ыза кернеген Сталин де өз кезегінде:

-Ашаршылық, согыс жылдарында бүкіл халықтың жүдегейтін алып шықсам, сен ел-жүргіттың аманында көзден ашаршылық ұйымдастырып, ұлттарды бір-біріне алдаған салып қырылыстырып қойдың. Осыған байланысты есің баратын орның тозақ, бізге жалынып ақталмай-ақ қої! – дейді айбаттана.

Ең соңында Леонид Ильич:

- Барың тұрган онбаған, нақұрыс екенсің. Алдан-сұлан,

- мақтап, елді еркіндікте ұстап, мамыражай заман орнатып кетіп едім. Ал сен бүкіл еңбегімізді еш қылып, дарақыланып, тарихта атынды қалдырам, Ұлы Қосем боламын деп ақырында Одақты таратып қана қоймай, елден де, тақтан да, абыройдан да жұрдай болып айырылдың. Енді тек мылжың тілінді кестіріп, өзінді әзәрейіл арқылы отқа тастау керек! – дейді.

Содан қап-қара, үсті жүн-жүн жалғыз көзді дәу келіп Михаил Сергеевичті қолтықтай жөнеледі.

Осы сәтте қорқып, шошынған Горбачев аттан сала оянады. Сіркесі су көтермей, жүйкесі әбден жұқарып, не істерін білмей дөңбекшіп үйіктай алмай жатқан Раиса Максимовнаның қаһарына қайта ұшырады осылайша...

*Мойынқұм таңы.  
30 тамыз 1994ж.*

## **САРЫУАЙЫМШЫЛ СОЛЖЕНИЦЫННЫҢ САНДЫРАҒЫ ЖҰЗЕГЕ АСПАСЫН ДЕСЕК...**

Біздің тәуелсіз ел атанғанымызға да көп уақыт бола қойған жоқ. Ғасырдан-ғасырға жалғаса небір зулмат алапатты құқайларды бастан кешіп келе жатқан, қойдан да жуас момын халқымыз бүгіндегі нарық қыншылығынан да көп зардалтар шегуде. Алтын сандықтың үстінде отырғанымен кисе киімге, ішсе асқа жарымай, жаутаңдаған жетім баланың күйін кешудеміз.

Мұның мәнісін бір сезбен айтқанда, ежелгі атабабамыздың салты мен дәстүрін ескермей отыра эрі ау бастан темірдей тәртіпті қатаң да парасатты жүйесіз басталған бей-берекет тірліктерді басшылыққа ала жүргізіліп отырған солақай саясаттың кесірі деп білемін.

Жығылған үстіне жұдырық – дегендей, осы уақытқа дейін басқа өлкелерде қантөгіс, алапат майдандар болып жатқанымен сан ұлт өкілдері мекендереп жатқан Қазақстандағы тыныштық пен мамыражайлықты көре алмаушылар да көлтеп кездесуде.

Жер қойнауы қазба байлықтарға, өнірі астық пен

малға толы бай өлкес Қазақстаниң тез арада айырылып қалғандарына бүгінде кейбір шовинисттік пигылдағы орыс ағайындар не істерлерін білмей, аласұрып, жанталасуда.

Президенттік тізгінен айырылар алдында Горбачев Ельцинге жақпақ ниестте ме, не басқа арам ойы болды ма. еш жөн-жоралғысыз сандырақтай 5 облысымызға ауыз сала көкіді.

**Жындысүрәй, алапестігімен данқы пылқан Жириновскийдің жырынды әрекеттері де жетерлік.**

Ал, кезінде Ресейден бір кісілік орын таптай қуын-сүргія көре, арып-ашып бас сауғалап келген Александр Исаевич Солженицын осы Мойынқұм ауданының Бірлік ауылсында 1953-1956 жылдары мейірбанды қонақжай ағаларымыздың арқасында қазіргі Қайрат Рысқұлбектегі (бұрынғы Киров) атындағы орта мектепке математика пәнінен дәріс беретін ұстаз болып орналасып еді. Әрі Тұртай, Зейнегазы сиякты ақсақалдар қамқорлық көмектерін аямапты.

Осылардың бәрін қазірде Тұртаев Куанышбек отбасы қынжыла еске алғын отырады.

Мәртебелі мырза А. Солженицын болса, бұрынғылардың бәрін тарс есінен шығарып, мұхиттың ар жағынан Ресейнің сыйлы қонақ болып оралу үшін ақылгөйсіп, славян мемлекеттеріне Қазақстанның солтүстік облыстарын қоспақ ниестте данышпансызы.

«Сыйға – сый, сыраға - бал» демекші, белсене тер төге әрекеттенген еңбектері еш кетпеген секілді.

Жақындаған Отанына орала Владивостокқа аялданғыныс алған Александр Исаевич мырзаны қалың көпшілік зор құрметпен қарсы алғып, тіпті Президент Б. Ельциниң құттықтаған жеделхатын теледиңдердан коріп, естідік те.

Ағылшының «Би-би-си» телекомпаниясы да қоса ішесе келіпті.

Осындай жайттарға қарағанда, Жириновский, Горбачевтерден де көпті көрген жазушы Солженицын аса қауіпті «қайраткер» ме деп жүрексінемін.

Баяғы заманғы отаршылдық саясаттарын аңсай қылыштары мен мылтықтарын сыйлай жаландата казак-орыстарының әскери топтары да жер-жерлерлерде қыр көрсете бастады. Жоғарғы қара ниеттілдердің ең негізгі

де түпкі мақсаттары Қазақстанды өздеріне бағынышты – отарлықта ұстау, не болмаса, оны бөлшектеу. Сактансаң ғана аман қаласың демекші, ең алдымен өзіміз ру-руға, жүз-жүзге бөлінбей, топтаса білуіміз де, бірліктегі болуымыз да аудай қажет. Сол мақсаттарда еліміздегі халықтар достығын нығайта отыра, көрші мемлекеттермен де сергек те сенімді татулы қатынастарда болғанымыз жөн шығар.

Ата-бабаларымыз мирас етіп кеткен жерімізді талянтараражға ұшыратпас мақсатында астананы орталық өнір Ақмолаға тездете көшіргенді қолға алсақ. Ең алдымен жаңадан құрылған кәсіби Парламент пен Ауылшаруашылығы министрлігін бірте-бірте көшірсек. Әр ұлттардың мәдени орталықтарын да сонда орналастырса. Содан кейін ғана кенші-металлургтермен және дикандармен болсын, сонымен бірге барша ұлт өкілдерімен біте-қайнаса әрі қоян-қолтық араласа үгіг-насихат жұмыстарын жандандырсак.

Осы жолдарда А.А. Княгинин, Бельгер, Щеголихин сияқты әр ұлт зиялышарымен кеңінен кенесе отыра, олардың қатарларын көбейте келе, ең жоғарғы орган – Президенттік аппарат жанына бастай барлық облыс, аудандарда «Халық билігі» сияқты, ақылшы да кенесші, әрі жөнсіз де келенсіз басшыларды дұрыс жолға салатын алқалы ұйымдар құрылса. Сонда ғана жоғарыдағы лауазым иелерімен арадағы рухани байланыстары үзілген, әрі жарқын болашақтан күдер үзе бастаған қалың көпщіліктің арасында ынтымақты бірлік орнатқан болар ма едік?! Осындай игі шараларды іске асыра алсақ, «Керуен көшеді – ит үреді» көрімен. Солженицын, Жириновскийлер іспеттес қара ииетті шовинистердің үндері де өшетін шығар.

«Жас Алаш». 30 тамыз 1994ж.

## ҚАЗАҚҚА ӨКПЕ АЙТУДЫҢ ЖӨНІ ҚАЙСЫ?..

Біздің енді-енді ғана етек-женімізді түріп, тәуелсіз мемлекет атана бастағанымызға да біршама уақыт болып қалды. Сондықтан да, өмір талабына сәйкес, әр мемлекеттің

өзіндік ұлт ерекшілтерін жан-жақты ойластыра жасалынған Ата Заңы болуы шарт.

Мениңше, халық болып қабылданған Ата Заңымыздың ең өзекті де омірлең баптарында «жалған патриотты» жолдармен қабылданып кеткен де баптар бар сияқты. Мәселен 114-бапты алыш қарасақ; «-Отыз бес жасқа толған жоне алтын бес жастан аспаган, Қазақстан Республикасы аумагында кемінде он жыл тұрақты тұратын, мемлекеттік тілді мұлтіксіз менгерген Қазақстан Республикасының азаматы Президент болып сайланған алады» дедінген. Жарайды, солай болсын делік. Міне, енді алдымыздығы президенттік сайлауга да бір жылдан сәл астам ғана уақыт қалды. Әу бастан бұрыннан да ниеті бұзық, бүгінде қостілділік пен қос азаматтықты желеу етіп екі ұлы халықтың оргасында от тұтата жаңжал ишігарын, Қазақстанның ең шұрайлы астықты өңірлерін Ресейге қоспақ ниетте жанталаса әрекеттегіп жүрген Водолазов сияқты орыс-казак тоитарының қалаулысы Президенттік таққа таласуы үшін осы жетіп жатыр.

Алдыңғы болып өткен сайлауда да Жогарғы Кенеске депутат болып етіп кеткен қара ниетті Водолазовтың жаңа кәсіби парламентке қайтадан оп-опай депутатттыққа сайланып кетуіне орай, ертеңгі күні ел басшылығы тізгінің осындағы қара жүректілер алып кете ме деп қорқамын. Біздің ана тілімізге пыр-пыр етіп араша түсіл қорғай жүргенімен А. А. Княгининнің жаңа парламентке депутатттыққа өте алмағандығы да көнілге алаң тудырады. Да, сөз Водолазовтың 114-бапта келтірілген – мемлекеттік тілді мұлтіксіз білу керек – деген жолдарына орай, үйренуві мұғалім жалдап, әдайілеп қазақ тілін үйреніп жүргеменің кім кепіл бола алар екен?

Сондай-ақ, 114-бап бойынша, біздің Қазақстанды 3-4 орал алатын ұлан-байтақ Ресей жүртінде Ельциндей арыстаннан жүрексінбей, тайталаса таққа таласып жүрген А. Төлесевтей қандастарымыздың өзіміздің президенттік сайлауга багын сынауга түсе ала ма, ол жағы күнгірт. Себебі, ол 10 жыл Қазақстанда тұрған жоқ қой. Онымен қоса, басқа елдердің өзіндік заңдары Қазақстанның азаматтығын сонда жүрген қандастарымызға барғызуге келісе қояр ма екен?! Шілт жүргіттарда тағдыр тәлкегінің арқасында быттыраган іскер де

білікті қазақ бауырларымыз жетерлік емес де?! Бірақ, біз оларды әлі күнге дейін жан-жақты тани алмай жатырымыз. Оның үстіне, «ауруынды жасырганымен, өлім әшкерелейді» демекші, қазақ болып, жұз-жұзғе, ру-руга бөлініп алып әркім қабілеті мен біліктілігіне қарамай-ақ, руластарын президент етіп сайлағысы келетіні айдан анық. Бұндай жайлар өткен парламенттік сайлауда да байқалып, айғақталды. Керекулік ақын Серік Құсанбаев Республикалық ақындар айтысында ашына айтқандай, 5-6 қазақ дай-дай болып таласып жатқанда бір орыс ағайыны оп-оңай депутат болды да кетті, дегені әлі күнге дейін естен кетпейді. Біздің Шу сайлау округі бойынша да іскерлігіне, қабілетіне қарамай-ақ, Мойынқұм ауданы халқының басым көшілілігі өзді-өзімен жершілдікке бөлініп, небір білімді де білікті бес бірдей үміткердің бірдің таңдал ала алмай, ақыры, қостілдікке бүйрекі бұратын, социалистік партияның бір өкілінің бағы жанып, Жоғарғы Кеңеске депутат болып, бар арманы орындалды.

Осы жайларга орай, Қазақстан Республикасы Ата Заңының З-бөлім, 18-тарауындағы, 114-бапқа төмендегідей озгерістер енгізілсе:

-Отзың бес жасқа толған және алғыс бес жастан аспаған қазақ азаматы ғана Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланған алады деп, түзету енгізу, өтс-мете орынды да, әрі аудадай қажет те. Қоңағайындар ойлауы мүмкін, бұл нағыз ұлттышылдық тікір деп. Меніңше, мемлекеттік басшылыққа қандай да қандас бауыримыз келмесін ең бірінші кезекте ұлттар достығын назарда ұстайды. Және де ең негізгісі, біздің қазақ халқы атам заманнан қалыптасқан имандылық, ізеттілік қасиеттерінің арқасында қыншылықтарға душар болғанымен, қойдан жуас, момындығы мен қонақжайлышығы әрқашанда мамыражайлышың пен тыныштыққа арқау болып келеді. Оның нағыз дәлелді айғақтары: ешқандай ұлт өкілдері қысымшылық мен кемсітушіліктер көріп жатқан жоқ. Қеңес Одағы құрылғаннан бастап дәл осы уақытта дейін 80 жылға жуық мезгіл өткенімен, Қазақстанның бірінші басшылығына қазақ ұлтынан тек Шаяхметов, Қонаев, Назарбаевтар ғана сайланыпты.

Орыс та, армян да, ұйғыр да, украин да, тізе берсек көп ұлттардың өкілдері басқарып та көрді Қазақстанды. Енді

бізге кімнің қандай өкпесі болуы керек? Бұндай жағдайлар көршілес Тәжікстан, Қыргызстан, Өзбекстан елдерінде қайталанды ма екен! Сондықтан да осы бақа айрықша өзгертулер енгізбесек, Нұрсұлтан Әбішұлы бүгіндегі тәуелсіз мемлекетімізді басқарған соңғы қазақ өкілі болып қалуы ғажап емес!

Тағы да баса айтиғым, көршілес Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қыргызстан мемлекеттерімен қатар басқа елдерде де болсын, бүкіл халық саны бойынша жергілікті ұлттың үлес салмағы дәл қазақ халқында ұлттардың азшылдық белікті өкілдері жоқтың қасы. Сол себептен де олар өз зандарын еш қауіптенбей-ақ, ұлттар достығы сипатында да қабылдай алады. «Ел болғың келсе, бесігіңді тузе» демекші, әупірімдеп қол жеткізген тәуелсіздігіміздің түпкілікті баяндышы мен беріктігін тұрақты түрде сактаи қалайық десек, Ата Заңымыздың 114-бабына жогарыдай өзгеріс енгізуіміз аудайдай қажет.

*Жас Атапи.*

*10 желтоқсан 1994 жыл*

*қосымша: С. Зимановтың жауап-хаты сурет күйінде.*

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖОГАРЫ ҚАЗЕСІ



ВЕРХОВНЫЙ СОВЕТ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Комитет  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ВАЛДАР ЖЕҢЕ АДАМ  
КҮЙІСТАРЫ ҚОЙЫНДЕ

Анықтау. Номер: №  
Акт № 114-1240/5262

Анықтау. № 114-1240/5262

485360, Жамбыл облысы,  
Мойынқұм ауданы, Бірлік ауданы,  
Шокіров атындаға коми, үй № 9  
а/я. М. Ш. Уаковие

Сіздің хатыннанда Қазақстан Республикасы Конституцияның 114 бабынча өттеріс енгізу туралы айтылған пәндердегі көкіл аударуға тұратындығын және Конституцияның оғарыларынан шығындырылған мәселеңдердегі мүмкін болатын болса ескеріледі деп жобалданын.

Комитет төрагасы

*С. Зиманов*

## ПРЕЗИДЕНТИМІЗ БІЗДІ ҚАЙДА ӘКЕЛДІ?

Мамандығым жүргізуші болғанымен он шақты жылдың жүзді болды, қоғамдық жұмыстармен айналысып келемін. Алғашында «Қазақ тілі» қоғамында біршама жұмыс атқардым. Атап айтсам, 1990 жыны Бірлік ауылында (Мойынқұм ауд., Жамбыл обл.) «Ақсақалдар кенесін» құруга тікелей мұрындық болдым. Нәтижесінде көптеген иті шаралар атқарылды. Ең негізгі – жергілікті ұлт өкілдері мен құрді ағайындары арасындағы айтулы жанжалды басуға аудан, облыс басшылары мен құқық қоргау қызметкерлері дәрменсіздік танытқанда, «Ақсақалдар кенесінің» мүшелері наразы көпшілікті парасаттылық таныта, бейбіт жолмен үй-үйлеріне тарқата алды...

1991 жылдан бастап, әйгілі Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы, сол кездегі Үкімет басшыларының екі жүзді жағымпаз әрекеттерінің құрбанды болған Қайрат Рысқұлбековты ақтап, оның рухын қастерлеуге арналған шараларға тікелей ат салысадын. Яғни, Қайрат Рысқұлбеков атындағы қоғамдық кордың төрагасымын. Жастанымызды адамгершілікке тәрбиелеу жолында халқымыздың мақтанышына айналған жас боздақтың рухын қастерлеу мақсатында көптеген иті жұмыстар атқара алдық... Оларға нақтылы дәлелдер мен деректер жетерліктеій... Сонымен қатар зәбір көрғен, жазықсыз жана шеккен жандарға да көмек көрсетіп тұрамын.

Мен жоғарыда айтылғандарды мақтанышпен, болмаса атымды шығарайын деп жария еткелі отырған жоқпын. Әңгіме басқада болып тұр.

Мүмкін салыстыруға да тұрмас. Дегенмен мені көптен бері толғандырып жүрген жай – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың іс-әрекеттері!... Алғашында мен ол кісіге қызығын, шіркін, осындей кеменгөр саясаткер болсам деп армандаушы едім... Оның билік басына келіп, таққа отырғанына да он жылдан асып барады. Осы уақыттар аралығында Нұрекен халық иғілігі жолында ауыз толтырып айтартықтай қандай жұмыс атқара алды?!

Соларды сарапап көрсем... Менің оз басым астананы

Ақмолаға көшіру туралы Н. Назарбаевтың саясатын қолданған 1994 жылы 30 тамызда «Жас Алашта» «Солженицының сандырағы жүзеге аспасын» деген мақалам жарық корген болатын. Кезінде Президентке талай хаттар жолдадым. Тек біреуіне ғана, онда да басқа, төменгі буын қызыметкерінен жауап хат алдым. Менің пайымдауымша, Н. Назарбаев көбіне өзім білермендікпен халықпен, қалың жұршылышқын ақылдастырай, біршама ағаттықтарға жол берді. Атап айтсам олар мынадай:

### **1. Ауылшаруашылығының тоз-тозы шықты**

Жекешелендіруді солакай саясатпен жүргізе отыра, өндірістерді тұралатып қоймай, Қазақстанның тыныс-тіршілігі – ауыл шаруашылығын үлкен күйзеліске ұшыратты. Яғни жергілікті ұлт өкілдерінің 80-90% тұратын ауылдардың ту-талақайы шығып, халықтың басым көлшілігі жұмыссыз қалды... Кезінде осылардың себеп-салдары қайдан пайда болатынын бірнеше жылдай әуре-сарапға түсіп жүріп дәлелдегім келіп еді. «Азаттық» радиосынан айттымын, соңында «Дат» газетінде бір аудан басшысы туралы мақалам жарық көрген болатын. Бірақ, жогарыдағы лауазымды орындардан да, жергілікті азаматтардан да қолдау болмай, олар жалтақтық танытты.

Негізінде, мен кінәлаган мырза да, басқа экімдер мен кейір құлқынқұмар шенеуніктер де кінәлі емес. Бар келеңсіздіктердің тұп-төркіні лауазымды басшыларда деп ойлаймын. Өз уақытысында қолға алмай, бәрі құрдымна кеткен соң, ел басымыз үйқыдан жаңа оянғандай, ауыл шаруашылығын көтереміз деп үндеу қабылдағанын қалай ұғуға болады?!

### **2. Заңдарымыз кімнің мүддесін қорғайды**

Еліміздегі заң жүйесі дұрыс қалыптаспаған. Яғни өміршең емес. Ата Заңымыздың өзі, халықтың келісімінен шығарылған. Президентіміздің қалауымен өзгерілін, толықтырылып отыруын қалай түсінеміз!.. Сонда бүкіл мемлекетіміздің, халқының мүддесінен, талан-тілегінен жалғыз елбасының мұн-мұқтажы артық болғаны ма?!. Өркениетті елдегідей, президенттік сайлауды да уактылы

өткізбей, 1995 жылы референдум арқылы ұзартып алғып (жергіліті әкімдерге сол референдумның дұрыс еместігін айтқанмын), отken Парламентиен жасырын келісіп кейін өкілеттігін 7 жылға ұзартып алды. Бұл да қонышынан басқандық емес пе!?

Ата Заңымыздың президенттік сайлау туралы бабына өзгеріс енгізу туралы бұрынғы Парламентке хат жолдан, комитет төрағасы Салық Зимановтан оңды жауап алғанмын. Бұл туралы 1994 жылы 10 желтоқсанда «Жас Алашта» «Қазаққа өкпе айтудың жөні қайсы?» деген мақалам жарық корді... Президенттік сайлау да, Парламенттік сайлаулар да заңсыздықтармен өтті. Соңықтан да, «Демократиялық күштер форумы» көтеріп жатқан осы мәселелерге байланысты үндеулерді қолдаймын. Біздегі сайлау жүйесін халықмен кеңінен кеңесе отырып бір жүйеге келтіруіміз керек.

### **3.Коррупциямен қалай құресіп жатырмыз?**

Президентіміз ұйымдастан қылмыстық істермен курс жөнінде әлденеше заң қабылдан үлгерді. Бәрібір одан өзгеріп жатқан оңды істер байқалмайды. Неге олай?!... Премьер-министрлерден бастап, облыс, аудан әкімдеріне дейін барлық лауазым иелерін елбасының өзі тағайындаиды. Мәселең, оншақты жылдың көлемінде Қараманов, Терещенко, Қажыгелдин, Балғымбаев, Тоқаев мырзалар үкімет басына келді!... Ұзақбай Қараманов үкімет басы болуга өрсі жетпейтін, кездейсоқ адам еді. Бүкіл халыққа аяң, кезінде «Жас Алаш» та, «Дат» та, «Азаттық» радиосы да бұрынғы бас министр Терещенкога байланысты жүгеніз қылмыстық істерді көтерді. Бірақ бұл сын Терещенкога шыбын шаққандай да әсер етпеді. Керісінше, ол ел басының сайлау штабын басқарып, «Отан» партиясын құрып, президенттік сыйлыққа ие болып, Нұрекеңнің оң қолына айналды... Ал, Терещенконың «шелегін» жалады ма, жаламады ма білмеймін, Қажыгелдин кудалауға ұшырап, шет елдерде бой тасалауда. «Құырдақтың қөкесін түйе сойғанда көрерсін» демекші, «Солдат» апталығының 18 санындағы «Назарбаевтар от басының ұшан-теңіз байлығының төркіні неде?» атты мақаланы оқып, жағамды ұстадым. Нұрсұлтан

Әбінұлы Жерорта теңізінің жағалауы, Лондон, Мәскеудегі бірнеше ондаған миллион доллар тұратын вилла-коттежілерде не үшін сатып алған?! «Сақтықта қорлық жоқ» дегендегі, Индонезиядагыдай мемлекеттік төңкеріс болып кетегіндей жағдай туса, туыстарымен сол жақтарда бой тасаламақ па!... Халқы қайырышылыққа ұшырап отырған Нұрсұлтан ағамыз байлығы жағынан әлемдегі ең бай алиауыттардың сегіздік тізіміне енеді еken. Швейцариялық тергеуші Даннштадттың Назарбаевтың ондаған миллиард долларлық жеке есепшотын тауып алғыты.

Қазақстанда 15 миллион халық тұрады десек, 10 миллиард долларды жан басына бөліп берсең, 666 доллардан келеді. 1992 жылы 14 желтоқсанда «Алматы ақшамы» газетінде «Жоғары Кеңес сессиясына» айдарымен жарық көрген «Қаржылай қамқорлық қажет» атты мақаламда: «Қазақстанды гүлденгендегі елге айналдырудың бірден-бір күні – Республика тұрғындарының ор жан басына арнап, бұрынның өткен нәубесттер мен қазірдегі экономикалық дағдарыстың кесірінен туындаған келеңсіздіктердің өтемі. әрі көңек ретінде, қолма-қол бір мезгілдік ауқымды қараждаттар берудің колға алса жөн болар. Сонда ғана әркім өз қабілетіне қарай, мал алып, немесе шағын қасіпорын аша ма, өздеріне қолайны істермен айналысадар еді» - деген едім...

Қазақстандың экономикалық дағдарыска ұшыратып отырғандар – негізінен президенттіміздің өзі бас болған лауазымды шенеуніктер екені айдан анық. Егер Нұрсұлтан ағамыз сүттен – ак, судан – таза болса, халықаралық соттар арқылы өзін-өзі ақтау жағын неге ойластырмайды. Жақындаған Солтүстік Кореяға сатылған 40 шакты Мінін ұшақтарына байланысты сот болып, біздің қылмысты мемлекетке айналғанымызды бүкіл әлем алдында папи етті. Елімізде жаппай белең алған лауазымдық қылмысты әрекеттер мемлекеттіміздің тәуелсіздігінің шаңырагын шайқалтатындағы қастандық жасағалы отыр. «Ештеп кем жақсы» демей ме аталарымыз. Осы ретте Президенттіміздің шет ел банкілерінің есеп-шотында жоғарыдағыдай қаржысы бар екендігі рас болса, оның мынадай қадамға барады. Арланбауы қажет: сол қаржыларды өзімізге аударып, халыққа алаламай тендей боліп беріп, Н.Назарбаев қазыңынан

жұргышылықтан шынайы түрде кешірім сұрауы керек. Нұрекен түсіне білсе, бұл қадам баянды тәуелсіздігіміз үшін аудай қажет. Елбасымыз Қазақстан мен өзге мемлекеттерге де әлемдегі мәдени тұрғыда көмек корсетіп жүрген Сорос мырзадан үлгі алуы аса қажет шыгар...

#### **4. Жер – президенттің жекеменшігі емес**

Ата-бабаларымыз қанымен, жанымен қорғап келген біздің жеріміз бен байлығымызға қызығушылар өте көп. Президенттің жеріміздің тұтастығын сактау жөнінде айтарлықтай ағаттықтар жіберген сыңайлы. Бұл ретте де халықпен, қалың жүртшылықпен көліспей, көрші ел басшыларымен кеңеспей, едәуір жерімізді Қытайға тарту етті. Керек болса, кезінде сол Қытайдан Кенес Үкіметі Шығыс Түркістанды бізге қайтару туралы талап еткен жоқ па!.. Қазірде үкімет басшыларымыз әртүрлі себептер айтып, Қытайга берген жеріміз жайлы ақталуда. Сөйтіп жүргендеге өз ағамыз - Өзбекстанмен жер дауы бұрк ете түсті! Менің түсінігімше, өзбек ағайындар: «Діні де, тілі де бөлек қытайларға бірнеше жұз шақырым жерді қиғанда, тұбі бір туысқан бізге неге жер бермейді!» деп ойлайтын болу керек.

#### **5. Азын-тозған мемлекетке космодромың көрі бар ма?**

Әрқашанда алғашқылардың бірі болып бастама көтеретін Нұрсұлтан ағамыз «Біз ядролық атом қаруынсыз-ақ гүлденген мемлекетке айналамыз» деп, Қазақстандагы барлық жойқын атом қаруларын асыға-үсіге Ресейге тапсырды. Сөйтіп, бүкіл мұсылман елдерінде жоқ ядролық құштерден айырылып қалдық. Қазақстан әлсіз мемлекеттер қатарынан орын алды. Ал осындай мемлекетке космодромың қажеті қанша?! Кезінде осы мәселені қозғап, 1992 жылы 4 қарашада «Алматы ақшамында» Қазақстанға космодром қажет пе? атты мақалам жарық көрген еді. Содан бері қанша уақыт өтті?! Енді сол космодромнан біз қандай пайда көріп отырмыз?! «Протон» зымырандары Сарыарқа өніріне құлап, халықты үрейледіріп қана қоймай, залалды қауіттер төндіруде. Қазақстан басшылары осы келенсідіктерді негізге ала отырып гарыш айлағын мұлдем жауып таставу керек еді.

Кейіннен оз мамандарымыз оқып, білім алып жетілгенде ғана, қайтадан ашса (онда да басқаларсыз, тек, оз еліміңде мұддесі үшін ғана) болар еді. Өкініштісі, Ресейдің күзырынан тағы да шыға алмай, Байқоңырды найдалана беріндер мен, жайбарақаттық танытуда. Ресейлік зымырандар күндердін күнінде Астана, Қараганды, Жезқазган секілді ірі елді мекендерге құласа не болмақ?! Осыларды Елбасымыз жаңа жақты ойлат, неге халықпен кеңеспеді?!!..

Тізе берсек, кемшіліктер жеткілікті, мен тек негізгілерін ғана айтып отырмын. Елбасымыздың ең бағасты қателіктерінің бірі - өзін жер көкке сыйғызбай мақтагандар мен жағымпаздарға жылы қабақ танытады да ашы шындықтарды айтып, өзін әділ сынаған жандарды жау тұтатындығы қайран қалдырады. Қасындағы жарамсақтардың нағыз жау екендігін, ертең басына күн туса, өзінен олардың теріе айналып кететіндігін білер ме екен? Қайта кезінде дұрыс бағыт-бағдар берген азаматтар мен жас баладай анықта халықтың өзін қыын-қыстау уақыттарда қолдайтындығын ескеріп жүрсе деп ойлаймын. Әрине, бұғінде абыраойы қуннен-қуиге құлдырапт бара жатса да бүкіл әлемге танылыш қалған Президенттен өзімді салыстыру әбесік сияқты. Өйткені небәрі орта білімі бар ғана, қарапайым ауыл тұрғынымын... Сонда да болса айтарым: ұшан-төңіз билік қолына шоғырланған Нұрсұлтан Назарбаев мыра Қазақстанның 10 шақты жыл басқарған кезеңде халық іігілігі жолында нендей істер тындырды?! Ауыр өнеркәсібі де, ауыл шаруашылығы да өркенде, өрістеген мемлекетіміздің бұғінде қандай халға жеткізді?!

Еліміздегі қалың жұртшилықтың аянышты тыныс-тіршілігі мен хал-ахуалы бұған бұлтарғына жауап емес не?!

Уақыты келгенде, оған да алыс емес шыгар, халықтың жұртшилықтың өзі жақсы-жаманның барлығын екінші, таразылап, төрелігін беріп қана қоймай, «судың да сұрауы бар» демекші, «көп асқанға бір тосқан», нағыз қылмыскерлердің заң арқылы жазалануын талап етері айдан анық ақиқат.

*Жас Түркістан. З. 2000*

## ҚАШАН ОЯНАМЫЗ?!

Тәуелсіз ел болғанымызға 10 жыл толды. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікті бізге Жаратқан Иеміз тосыннан көздейсоқ сыйлагандай сезінудеміз. Яғни мың жылда бір қайталанбайтын осындай «таңғажайып тартуға» қазақ халқы даяр болмай шықты. Ең өкініштісі, тәуелсіздіктің жемісті ырзығына халық емес, құлқынқұмар да қорқау шенеуніктер ие болып кетті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары: «Екі жарым ғасыр орыстарға бодан болып келдік, біздің бар байлығымыз Ресейге кетіп жатыр» деп байбаламдадық. Ал, енді не болды? Мұнайымыз Батыс елдерінің алпауыт компанияларына, алтынымыз еврейлерге, мысымыз кәрістерге, темір-терсегіміз қытай мен үнділерге, тағы-тағы слдерге толассыз жөнелтілуде. Тіптен халқымыздың тәуелсіздігін қорғайды деген соғыс құралдары – ұшактар мен танкілер, т.б. қару жарактарға дейін сатылып кетті.

Ашығын айтсақ, бұл саудадан халыққа келіп жатқан көк тиын пайда жоқ. Осыдан орасан зор байлықты ұксатып еңдең сата алсақ. Қазақстанның 15 миллион халқын асырауға шамамыз әбден жетеді деп батыл түрде айта аламыз. Өкінішке орай, бұның бәрі керісінше, лауазымды жеке топтарға пайда келтіруде. Біз де қарман қалайық дегендей, жер-жерде ұйымдастырылған қылмысты топтар қүшейіп барады...

Осындай қорқауларды аяусыз әшкерлеген атышулы «Ордалы жылан» кітабының авторы шымкенттік Теміртас Тілеулемесов деген азаматқа Жоғарыдағы Үкімет тарапынан да, әсіресе қарапайым халықтан да қолдау болмай, жаулары оны жазықсыздан-жазықсыз 2 жылға сottатып тынды...

Халқымыздың аңғал немікүрайлылығының арқасында президенттік және парламенттік сайлаулар да әділ өтпей, билік басындағылардың қалауымен бүрмаланды.

Осы сорақылығықтардың жемістері:

1. Президенттік өкілеттілікті 7 жылға ұзартып, жасына шектеу алынып тасталынды.
2. «Жер туралы заң» әртүрлі дәрежедегі ұлықтардың пайдасына шешілді.
3. Қытайға тарту етілген жеріміз де естен шықпайды.

4. Алғашқы президенттіміз бен оның туыстары ешқандай қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтын болды. Керек болса, Н. Назарбаевқа өле-өлгеніне мемлекетті басқара алатында құқықтық мәртебе берілді.

5. Басқа маңызды іс таптағандай, бір тоң парламент мүшелері «Президент шығарды-мыс» деген «Елім Менің» аттін еліміздің Ән-ұранына айналдыру жайында бастама көтеріп, соңында әлем алдында масқаралы үятқа қалды.

6. Ең сорақсыы, мемлекеттіміз бен халқымызды жүргдай тонаған қылмыскерлердің ақшаларына рақымшылық жасап, олардың іс-әрекеттерін, аты-жөндерін жүртшылыққа жарияладамай, құпия құйіндегі қалдыруға шешім қабылданып, бәрі де «ойдағыдай» жүзеге асырылды.

Осындай келенсіздіктерді саралай келе менің айтайды дегенім: «Ештең кеш жақсы» ниетімен, тәуелсіздігіміздің он жылы ішіндегі жіберілген кемілліктерімізді қалың жүртшылық болып қолға алтып түзетуіміз керек. Бар байлығымызды торап, көздеріне шел бітіп, әбден байыған басшысымактар мен олардың жақындары және арам жолмен байыған мырзалардың қазіргі заман ағымын олермендікпен жактаулары әбден заңды. Олар қолдагы бар байлықтарынан қалайда айырылмауда жанталасады.

Лауазымды басшылар бізді белшемізден қарызга батырып, шет елдерге тәуелді етті. Сол аждаға мемлекеттерге келешекте бодан болып қалмас үшін шынайы халықтық билікке қошуіміз аса қажет. Ол үшін жергілікті ауыл, ауданнан бастап, облыс әкімдеріне дейін сайлануға тиіс. Сондай-ақ парламенттік және президенттік сайлауларды қайтадан әділетті түрде откізіп, жаны да, ары да таза адал азаматтарды таңдан алуымыз ауацай қажет. «Судың да сұрауы бар» дегендей, талан-таражға түсекен халық байлығы сол кезде ғана қалың жүртшылыққа түгелдей қайтарылады.

Осындай халықтық игі шараларды іске асырмай, бұрынғы неміңдің салғырттықпен қалай болса солай жүре берсек. біз енді 10 шақты жылға жетпей-ақ Тәуелсіздігімізден де, ұлан-байтақ жерімізден де айырылып қалуымыз гажап емес. Болашақ ұрпақтарымыздың, әлем жүртшылығының алдында масқаралы үятқа қалмас үшін саналы көзқарасымызды тездете оятып, шұғыл түрде іске кіріспесек, кеш қаламыз, ардакты ағайын!!!

## ДОНГАЛАҚТЫ ТЕБЕ ТҮС...

Аудан әкімі Бөлтірік бірде «Кеңес» кеңшарының бас экономисі, әрі жиені Әуkenді қабылдауына шақыртып алғыт:

- Сені жуырда «Кеңеске» деректірлікке тағайындаимын деп, - конілін марқайтып-ақ жіберді. Ертеңіне Әуken кеңсеге кірер-кірмestен аулада қаңтарылып тұрған деректірдің «жорғасының» жанына келе, донғалақтарын қайта-қайта тебе түсіп, жүргізуші Елпекбайға:

- Мәшинеңнің жай-куй қалай, балақай? Бұйырса, енді сендерге мен қожайын болып қалармын, - деп маңғазданып, маң-маң баса, кеңсеге кірді...

Әрине, Елпекбай болған жайды дереу бастығына жеткізеді. Деректір Бердібек мән-жайды бірден түсініп, сый-сыяппаттары мен тарту-таралғыларын молынан алғып, аудандагы Бөлтекене тартады...

Бір ай өтеді, екі ай өтеді... «Жұмсақ орыннан» хабар болмаған соң Әуken аудан әкіміне қайта барады. Сонда нағашысы Бөлтірік: - Е, бала, доңғалақты тебе түс, тебе түс, тағы да тебе түс – деген екен.

*Марқұм Найманхан  
Нұпбайұлы досының  
айтуы бойынша жасып алған  
Мәкен УАҚТЕГІ  
Азат, №3(59), 10.10.2002*

## ХАТШЫ МЕН ӘКІМ

Кезінде төскейі мыңғырған малға, қойнауы қазынаға толы Молшылық ауданын ұзақ жылдар басқарған аупарткомның бірінші хатшысы мен сол ауданың алғашкы әкімі бақильтік болып, о дүниеге бірге аттаныпты... Жұмақ мен Дозақтың жол айырығына таяғанда, хатшының тізесі дірілдей тоқтайды. «Неден үрейлендіңіз?» деген әкімге хатшы:

- Кон жылдар ешкімге қиянат жасамай, таза қызмет еткен болатынмын, тек оншақты жылқыны соғым ретінде жеген

едім, сол жылқылар алдынан шыға ма деп көркүп келे жатқаным, - деп жауап қатынты. Әкім:

- Тәйірі сол сез болып па?.. Өзінізден кейін-ак, екі-үш жылда он мындаған жылқылар мен ірі қараларды құртқан мен де корықпай келе жатқан жоқпын ба?! Жаратқан иеміз ондай майда-шүйделерді сұрамайтын да шығар. Бастаңыз, - депті.

Азат, 10.10.2002

## ҰЛКЕН КІСІЛЕРДІҢ ҚАТЕЛІКТЕРІ

Жарықтық Димекең пейіштің төрінде байырғы қызметтес досы Ленямен құшақтаса амандасады. «Қабағынан қар жауа түксиген» Леня:

- Димаш-ау, ана жақта дүние астан-кестең болыш, өзіміз орнатқан «коммунизмің» күлі көкке ұшып, капиталистердің алдында әбден масқарамыз шықты гой! Бұл не деген сұмдық! – деп ренжиді. Сонда Димекең:

- Бар қателік сіз бен бізден болғанын қайтерсіз. Бәлениң басы өзінің тәрбиелеп өсірген мылжың Михайлден бастаған жоқ па?! Шамасына қарамай, перестройка жасағысы келіп, Раисаның жетегімен шетелдерге көп шошандап барып, тізгінге ие бола алмай, Одақтың шаңырағын ортасына түсірді. Ал, менің кателігім - өзіме лайықты ізбасарды дұрыс таңдай алмаганымда. «Сенген қойым сен болсаң, күйсеген ауызыңды ұрайын» дегендей, ол да бар билікті келініміз бен күйеу балаларына беріл қойып, ғұлдей жайнап, жайқалған елімнің тоз-тозын шығара бастаганын өз көзіммен көріп, жаңым жабырқап келіп еді. Ақырын Алла Тағала онғарғай. Сол ізбасар інімнің де сіздің Михайліціздей тақтан да, халықтан да, жерден де, елден де айырылып қалуға жақындағаны айдан анық.

Шіркін, олардың да татар дәм-тұздары таусылып, жағлан дүниеден бізге қарай аттана қалса, екеуінің де сыбағасын жақсылап тұрып берген болар едік, қой!..

- Солай-солай гой, бірақ, Жаратқан иеміз сол жүзі қалаларды бізге кездестірмей, бірден дозаққа жібереді ме, - деп қорқамын...

Азат, №6, 15.11.2002

## ОЯНЫШ КЕТСЕ, ТҮСІ ЕКЕН

Жасы алпысты алқымдаған Саны женгеміз жоғарғы оқу орындарының біріндегі кездесуден кейін шаршап-шалдығып келіп, мамық төсекке қисая көзі ілініп кестеді.

...Қара киінген Раида Мақсымқызы нөкерлерінің қолнаштауымен үлкен дастарқан басында отыр екен. Әдстегідей отырыс тізгінін өз қолына алған Рәкең былай дейді:

- Бәрің хабардарсыздар, кезінде Мишаның жанынан қалмай, дүниенің төрт бұрышын аралап, оны әлемге таныттым, ақыл-кенес беріп көп көмектестім. Керек болса, Нобель сыйлығын да әпердім... Ең оқініштісі сол, шет елдерге қылдырамыз деп жүріп елді ұмытып кетіп, тақтан да, халықтан да айырылып қалдық. Бұратана елдердің бәрі тәуелсіздік алып, жеке шаңырақ көтеріп кетті.

Шіркін, мен ғайыптан тіріле қалып, бұрынғы заманымызға оралсам, Миша екеуміз Одақты басқаша, бей-берекет жайып жібермей, қатаң тәртіппен басқарған болар едік...

Бұдан соң сөз кезегі Сананың өзіне тиді:

- Мәртебелі Раида ханым, Миша екеуіңзге көптен көп рахмет! Сен екеуіңнің арқанда тәуелсіздік алғанымызға Аллаға шүкіршілік етеміз. Сол тәуелсіздікті еліміз емес, ашығын айтсам, өзіміздің алғанымыз мұндай жақсы болар ма!?. Құдай жарылқаймын десе, ән-сәтте-ак жарылқай салады екен. Әлемдегі ең бай алпауыттардың қатарынан бірақ шықтық. Өркениетті елдердің біразында сәулетті үй-жайларымыз да баршылық. Қыздарымыз бен күйеу балаларымыз да ешкімнен кем емес.

Елеулі еңбегін ескеріп, Михаил мырзаны талай мәрте қонаққа шақырып сый-сыяпат жасадық та! Осындай қажырлы еңбегімізге қарамастан қожайынымың Нобель сыйлығын ала алмағаны өкінішті.

Айтпақшы, ұмытып бара жатыр екемін, есі ауысып, жынды атанып Айдалада қаңғырып өлген Прокопий ағаңның да атын шыгарып, көп шаруа тындырып едім, жерлестерінің бірде-біреуі еңбегімді елеп ескермеді.

Ең қынжыларлық жай, «Байдың асын байғұс қызғаныпты»

дегендей байлығымызды коре алмаушылар көбейіп барады. Бәлсінің бәрінс Құрекенің өзі кінәлі. Көбіне менің айтқан тілімді алмайды. Жыртық шапан киіп көп елде қаңғырын жүрген Экебай дегенді бас уәзірлікке көтеріп еді... Онысы кейін өзімен таққа таласты. Ақырында шет елдерге тыққан алтын көмбелерміздің артын ашып, әлем алдында әбден ұягика қалдырыды. Американдықтар қаниша жалынып жалбарынсақ та мойын бұрмай, Экебайдың сойылын соғып, ісімізді сотта қарап жатыр.

Осы да әділдік ле!? Рәке! Алла-Тағала жар болын, осындай бәле-жалаудан аман-есен құтылсақ...

Жұмақтың төрінде кездесетін шығармыз... Осы сәтте Сана жеңгей оянып кетті, түсі екен.

*Азат, №2, 15.01.2003*

## БӘРІ ӨЗІҢІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

### Елбасына ашық хат

Ертеректе, Алматы облысының Құрті, Жамбыл аудандарында, келмеске кеткен кешегі Кеңес дәуірінде, ширек гасырдан астам іргелі шаруашылықтарды басқарған Дәуітәлі Нұров атты азаматпен бірнеше жыл қызметтес болып едім. Дәукең біргуар асыл ағамыз Діннұхамбет Қонаевтың бірінші көмекшісі Дүйсептай Бекежановтың отбасымен сыйластық қарым-қатынаста араласатын...

Бірде, 1970-жылдардың соңына таман, Дүйсекең Орталық Қазақстан аймағы сапарынан оралған соң Д. Нұровпен пікірлесіп қалғанда:

- Қарағанды облысында егін жинау науқанына байланысты өткізілген алқалы жиында (партактивте) Нұрсұлтан Назарбаевтың жасаған баяндамасы Димекене ерекше ұнап, оны облыстық партия комитетінің хатшылығынан Орталық Комитеттің хатшылығына жоғарылатты – деп, сыр шерткенінің күесі болған едім...

Өзіңізге Құдайдайсеніп, көпүмітартып, ағалық қамқорлық танытқан нарқасқа қайраткер Д. Қонаев атамыздың жарқын да өнегелі ғұмырының соңғы жылдарының елеусіз де

ескерусіз өткенін, жалған фәниден бақылыққа қалай аттанғаны қалың жұртшылықтың көкейінде көпікс дейін көңілсіздеу сакталғаны сөзсіз.

1986-жылдың қасіретті дүрбелеңінен соң Димекеннің үзенгілес серігі Д. Бекежанов көпे-кернеу қудалаумен қамалып, кейіннен қайтыс болды. Оған жақын деген Дәуітәлі Нұровтарға да облыс басшылары тарапынан қысым көрсетіліп, қызметтерінен шеттегілді.

Өз жайыма келсем, мамандығым жүргізуши болғанымен он бесс шақты жылдың жүзі болды, қогамдық жұмыстармен айналысып келемін. Алғашында «Қазақ тілі» қоғамында біршама жұмыстар атқардым. Атап айтсам, 1990-жылы Бірлік ауылында (Мойынқұм ауд., Жамбыл обл.) «Ақсақалдар кеңесін» құруға тікелей мұрындық болдым. Нәтижесінде көптеген иғі шаралар атқарылды. Ең негізі – жергілікті ұлт өкілдері мен курді ағайындары арасында болған 2-3 күндік жанжалды басуға аудан, облыс басшылары мен құқық қорғау қызметкерлері дәрменсіздік танытқанда, «Ақсақалдар кеңесінің» мүшелері наразы көшилікті парасаттылық танытта, бейбіт жолмен үй-үйлеріне тарқата алды...

1991-жылдан бастап әйгілі Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы, сол кездегі Үкімет басшыларының екі жүзді, жағымпаз әрекеттерінің құрбаны болған Қайрат Рысқұлбековты актап, оның рухын қастерлеуге ариалған шараларға тікелей ат салысадамын. Қайрат Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қордың төрағасымын. Жастарымызды адамгершілікке тәрбелу жолында, халқымыздың мақтанышына айналған жас боздақтың рухын қастерлеу мақсатында көптеген иғі істер атқара алдық... Оларға нактылы дәлелдер мен деректер жетерліктей... Сонымен қатар зәбір көрген, жазықсыз жапа шеккен жандарға да көмек көрсетіп тұрамын.

Мен жоғарыда айтылғандарды мақтанышпен, болмаса атымды шығарайын деп жария еткелі отырған жоқпын. Эңгіме басқада болып тұрған жоқ па?!

Нұрсұлтан Әбішұлы!

Ашығын айтқанымда алғашында мен сізге қызығып, шіркін, өзіңіздей кеменгер саясаткер болсам деп армандаушы едім... Сондай-ақ, астананы Ақмолаға көшіру туралы

саясатыңды қолдап, 1994-жылы 30-тамызда «Жас Алашта» «Солженицының сандырағы жузеге аспасын» деген мақалам жарық көргөн болатын. Кезінде өзіңзге талай хаттар да жолдадым. Тек біреуіне ғана, одан басқа да, төменгі буын қызыметкерінен жауап хат алдым.

Енді ақиқатқа жүгінсек, кезінде жан-жақты гүлденген мемлекетімізді он бес жылдай басқарғаныңызда халқымызды қандай жетістіктерге жеткіздіңіз... Кешегі дауірді еске алсак, өздеріңіз сынап жүрген тоқырау заманында жұртшылық жұмысқа орналасу, еңбек жалақыларын алу, пәтерге ие болу сияқты өзекті мәселелерді ойлаушы ма еді?! 2000-жылы «Жас Түркістан» журналының 3-санында өзіңіз тарапынан жіберілген кеміліліктегі туралы жан-жақты келтіре «Президентіміз бізді қайда әкелді?!!» деген мақала жазған болатынмын.

Бүкіл елімізді асырап отырған ауыл шаруашылығы ауыр күйзеліске ұшырап, тоз-тозы шыққан жоқ па Халықпен. жұртшылықпен ақылдастырай, өзім білерменідікпен көптеген агат шешім қабылдадыңыз. Бар байлығымызды сатып болың, енді Жер-Ананы саудаға салып жатырсыз.

Құрметті Президент мырза!

Кезінде 3-4 жылга шыдаңдар, Жаратқан иеміз сыйлаған байлықтарының арқасында екінші Кувейтке айналамыз деп, бір емес, бірнеше мартे жаһанға жар салдыңыз. Экономикамыз армандаған қоқжиектегі Кувейт тұрмақ, «Тоқырау кезеңі» саналатын 1989-90 жылдардағы деңгейге де жете алмай отыр емес пе?!

Несін жасырамыз, халықтың өмір сүру деңгейі айтарлықтай құлдырағанымен, өзіңіздің туыс-жеқжаттарының бер дос-жарандарыңыздың байлықтары кувейттіктерден асып кеткені ақиқат. «Ауруды жасырғанмен өлім әшкөрлейді» дегендей, елімізді, әсіресе «қой аузынан шөп алмайтын» момын халқымызды әлем жұртшылығы алдында маскарадап, ұятқа қалдырған аты шулы «Қазақгейт» атты араны ашылған алпауыт қылымыстарды қайда жасырасыз? Бұрынырақта талай мәрте шет елдерде акшиамыз жоқ деп, кейіннен миллионданған «көк қағаздарды» халықты жас баладай алдап, жемқорлардың өздеріне құпия түрде қайтарттыңыз.

«Жездеме апам сай» керімен жер-жерлерде сыйбайласқан

қылмысты топтар күшейіп барады. Мысалы, Шу ауданының әкімінің өзі бас болып ұйымдастырған ауқымды қылмыстарын жан-жақты әшкерлеп, БАҚ беттерінде бірнеше мәрте жарияладым. ҮКҚ мен Прокуратура орындары тексеруден ашықтан-ашық бас тартты.

Үстіміздегі жылы 22-қантарда облыс әкіміне саяси-қоғамдықапталық «Альтернатива» газетінде ашықхат жаздым. Халыққа зиянды уран қалдықтары болғандықтан, жабылып қалған «Шатыркөл» кен орнын ашқызыамын деп, «Қазақмыс» корпорациясының президенті В. Кімнен жап-жақа «Джипті» парага ала салысымен әріптесінің жагымлаздана өзіне тарту еткенине тоқмейілсіп, ырза болып жүр ме, облыс әкімі әлі күнге дейін үн-түнсіз, жауап бере алмай отыр.

«Қарға қарғаның көзін шұқымайтыны» бекерден бекер айтылмаған еken. Бұтінде облыс әкімі түрмак, аудан әкімдерінің өзі жергілікті жерлерде жарты Құдай. Ауданға облыс әкімі келетін болды десе, Шу өңіріндегі мектептің окушылары мен ұстаздарына тыныштық жоқ. Жүйелі оқуларын ысырып қойып, сыйыргыларымен бірнеше күн көшелерді сыйырып, тазалап, әуре-сараңға түседі.

«Жалғыздың үні шықпайды, жаяудың шаңы шықпайды» дегендей, аудан, облыс әкімдерін халықтық сайлаулар арқылы таңдауымыз қажет деп, көптен бері айтЫП та, жазып та келемін...

Мен қарапайым ауыл тұрғындарының бірі шығармын. Ал кезінде өзініздің көз алдыңызда ел игілігі жолында айтарлықтай қызмет еткен Ғалымжан Жақиянов жазықсыздан-жазықсыз 7 жылға неге сотталды? Меніңше, Ғалымжаның жүргегі таза, адаптация. Ол мемлекеттік деңгейдегі қызметтерде жүріп, жоғарыдағы келеңсіздіктердің зарданғарын жою жөнінде өзінің ой-пікірлерін ашық айта бастады. Яғни F. Жақиянов барлық деңгейдегі әкімдерді халықтың өзі таңдаи, сайлаулары керек екендігі жайлы пікірінен қайтпады. Бұндай игі шара сізге ұнамай, жүргінізге инедей қадалды. әкімдерді халық сайласа, көп ұзамай Президенттік тақтан айырылып қаламын деп қауіптендіңіз. Арғы жағы айтпаса да белгілі...

Өйткені Президенттік, Парламенттік, тілтен жергілікті мәслихат депутаттығы сайлаулары да өзініз таңдаған

әкімсімақтардың «шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерімен откізіліп жүрген жоқ на?!

Фалымжанды бүкіл халық қолдан кетіп, ертеңгі күні Эдуард Шеварднадзе ағаңыздай тақтан абыроісыз күде кетемін бе деп, оған жалған қылмысты іс қозғаттырып, қанақса қаматтысыз. Зиялы қауым оқілдері, жұртшылық болып етіпсе де, оған кешірім бермей отырсыз. Жақияновтың өзі сізден кешірім сұрап бостандыққа шыққан жағдайда саясатпен ешқашанда айналыспаймын деп уәде беруі керек.

Оған Фалымжанның ар-ожданы жібермейді.

Шындығына келсек, F. Жақиянов ініміздің Шу ауданының әкімінің сыйбайластыра үйымдастырған қылмысты әрекеттерінің 100-ден бірін де жасамағаны айдан анық. Егер де мен сіздің орныңызда Президент болғанымда F.Жақияновтай қайраткерді Премьер-министрлікке тағайындаи, халық иілігі жолында оның барлық күш-жігерін сарқа пайдаланған болар едім. Керісінше, оны жазықсыздан-жазықсыз қаматамын дең. Фалымжанның абыроійн асқақтатын, өз беделінізді жоталта бастадысыз. Уақыт откен сайын бұл алшақтықтың үшінде түсsetтіні ақыкат.

Жақында болып еткен «Отан» партиясының съезінде сөйлеген сөзінізде: «Қандай мемлекетте болмасын оппозициялық партиялар өмір сүруі тиісті» дедініз. Бірақ борі басқаша өрбүде. Шу ауданыда «КДТ» халықтық партиясы бөлімшесін құрғымыз келген еді. Бейне бір Бен Ладеннен үріккендей ҰҚҚ оқілдері аудан әкімшілігі мен білім басқармасы қызметкерлерімен бірлесіп, ауыл-ауылдарға шапқылан. оппозициялық партияға неге кіресіндер деп, тұрғындардан түсінік алып, қоқан-лоққы жасап, елді дүрліктіре басталы. Сонда бұны қалай түсінуге болады?! Халықты қашаны қамап-жасқап, көзбояушылықпен ұстамақшысыздар?

Шыдамның да шегі болады емес не! Бір күндері Грузиядағыдай халықтың толкуы туындалат кетпесіне кім кепіл бола алады? Осындай келеңсіздіктерге қарамастан, біздің партия мүшелерінің қатары күн еткен сайын кобейе түседе...

Кімнің аузына қақпақ бола аларсын, облыс әкімі сізге жақын ағайын деп, копшілік көптен бері айтуда. Оған күмәнім бар!.. Серік Әбікенұлы шындығында да сізге ағайын болатын болса, Құдайдың құдіретімен Шу ауданының Балуан Шолак

ауылдындағы Айгүл-Сагатбек Мырзакұловтардың отбасында 2002-жылдың қаңтарында дүниеге келген үшем – Дағыра, Динара. Әлиядай (қыздарыңыздың есімі құрметтеп берілген) нарестелерге жан-жакты қамқорлық жасалуына ат салысып, өзініздің аринайы жазған хатыңызды аяқ асты етпей, әрдайым назарда үстап қадагалауы керек еді.

Екініштің сол, ертеректе, «Азат» апталығында жарық коріп, жақында «Алтын Орда» газетінің 8-санында меншікті тілші Дүйсенбек Айбектің «Назарбаевтың қыздары қара нанға қарап отыр» айдарымен көлемді мақала жарияланды. Бұған қараганда алыстағы Назарбаевтан ауылдағы әкімнің әмірі алдеқайды айбарлы. Яғни «Құдай биңке, патша алыстаның» кері.

Меніңде, облыс әкімін оған үміт артқан кішкене әкімдерініз де қарапайым халықтың мұң-мұқтажын жоқтаудың орнына өз қамдарын құйттеп кеткен. Олардың басты мақсаттары қандай жолмен болмасын жұмысқа та жылы орындарын сақтал қалу. Сондықтан да қалың жұртшылық пен Елбасы арасындағы байланыстар тым алшақтап бара жатыр. Бұл ете қауіпті жағдай. Беті аулақ, айтып болмайтындағы үлкен апаттарға ұрындыруы мүмкін. Оны жақындастырып, ынтымақтастырудың бірден-бір амалы – барлық деңгейдегі әкімдерді халықтың өзі сайлап, бірге-бірте халықтық билікке ауысу.

Осыдан 3-4 жыл бұрын халқымызға танымал қайраткердің бірі Батырхан Дәрімбетовпен жеке жолықанымда: «Нұрекеңнің қыздары мен күйеу балаларына еркіндік беріп қойғаны маган ұнамайды. Өзгелер емес, жақын уақыттарда солардың арасында такқа талас басталады» - деген едім. «Жаманың айтканы емес, сандырағы келеді» дегендегей, көп үзамай-ақ үлкен күйеу бала Рахат Әлиев сыр берді. Кейінірек демократиялық таңдау қозғалысынан жеделдете боліне отау тіккен «Ақ жол» демократиялық партиясының артында үндемейтін күйеу баланың бірі тұрганын қөвшілік соз ете бастады. Партияға бес бірдей тен төрағалардың жетекшілік етіп тұрганына қарағанда, «жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайтыны» сияқты бұл дақпырттың да жаны бар екендігі сөзсіз. Сондай-ақ Дағыра қарындасымыздың да белсene шығып, «Асарды» ала-шапқын болып күрып жатқаны тегіннел-тегін емес деген ойдамын...

Осылардан шығар қорытынды жақтырыңыз-жактырмайтыз. ұнатыңыз-ұнатпаңыз әрдайым ішегі жылжып отыратын өркениетті өмірдің өзі халықтық билік құруға алып келеді. Сондықтан да халыққа шындал жаныңыз аныса, ауруны асқындырмай ертерек емдеуге үмтүлуыңыз қажет...

Еске аларлық айрықша жайт, мен өзіңізбен ешқашанда бетпе-бет жолықкан емеспін. Бірақ та есінізде болгар, 1996-жылдың күзіндегі телефон желісінде (баснасоз құралдарында жарияланды) Сізге: «1986-жылғы Желтоксан көтерілісінің құрбандарына Алматыда мұражай ашылса» деген тілек айтқанмын, оған қанағаттанарлық жауап ала алмадым. Шындығына жүгінсек, сол қасіретті күндері зардан шеккен мындаған жастар мен Қайрат Рысқұлбеков, Нұзат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сабира Мұхамеджановалардың төгінген қандарының арқасында келген Тәуелсіздігіміздің ырзығы жемісіне ие болып отырган жоқсыздар ма?! Алматының как төрінен Желтоксан құрбандарына мұражай анып, оған жер-жерлердегі жоғалуға айналған құжаттарды жинақтасақ. Орі қаһарман боздақтарымыздың қыршилы да өнегелі ғұмырларын өскелен ұрпақтарымызға насиҳаттап, оларды ұлтжанды адамгершілікке тәрбиелесек, ганибеттің ганибеті емес не.

Нұрсұлтан Әбішұлы! Осындай халықтық ині шаралардан неге қашқақтайтыныңыз түсінікіз. Әлде Әркен Уақ ағамын аны шындықты шырқырата жазып кеткеніндей, «Геноцида» өзіңіздің де шатысыңыз бар ма? Әзіrbайжандар естік беріп жатқан көкмұлжың Горбачевты қайта-қайта елімізге шақыртып, бар кінәні Д.Конаевқа аудартып, ақталып жүргеніңізде бір сыр жатыр ма деп жүртшылық айта да бастады. Сондай зұлматты қара оқиғаға кінәлі деген бірде-бін қанішердің жазаланбай, арамызда алшаң басып жүргендеріне әлі күнге дейін таң қаламын.

Азат, 20.04.2004

Қазақстан Республикасының Президенті Г.  
Назарбаевқа, премьер-министр Д. Ахметовке, Қазақстан  
Республикасының Парламентіне Ашық хабар

## МЕМЛЕКЕТТИҢ БАСТАЫ БАЙЛЫГЫ – АДАМ

Баспасөз деректеріне сүйенсек, ЮНЕСКО есебі бойынша әр адамға шаққанда 1 тонна мұнай шығаратын ел өзін-өзі толық асырай алады делінген. Небәрі 15 миллион адамға жетер-жетпес біздің елдің корсеткіші бүгінде 2 тоннадан астам. Алдағы жылдарда 3 тоннаға жетеді еken. Қара алтынға бағаланатын көл-көсір мұнаймыздың өзі Қазақстан іспеттес екі-үш мемлекетті асырауга молынан жетегіні анық. Басқа да қазба байлықтарымыз жетіп артылады емес пе?!

Оқінішке орай, халқымыздың байлығы талан-таражға түсіп, коршілес Ресейдің көптеген өндірлеріне, тіpten, кияндағы Бермуд аралдарына дейін қаржыларымыз «желмен дөңгелеген қақбақтай» кетіп жатқаны («Жас Алаш» 20 қараша, 2003 жыл, 4-бет «Тізім жалғаса береді») сорақының соракысы, масқараның масқарасы емес пе?!

Бізден жұз еседей көп халықты жүйелі тәртіппен асырап отырған Қытай мемлекеті азаматтарының зейнеткерлікке шығатын жастары бұрынғыша, ерлердікі – 60 жас та, айелдердікі – 55 еken. Қазақстанның қазба байлықтарынан айтарлықтай кедей болса да, Кеңестер одағының көптеген мемлекеттері де зейнеткерлік жастарын өзгертуей, бұрынғы қалыпта сақтауда.

«Жығылған үстіне жұдырық» көрімен 45 жастан бастап, әсіреле, 50 жастан аскандарға жұмысқа орналасу бүгінде кияметтен де қыын. Сонда елуден асқан азаматтар зейнеткерлік жасына жеткенше 13 жылдай жәдемақысыз, жалақысыз, тек ауамен, сумен ғана қоректеніп жан сақтаулары кажет пе?!

Көп жылғы бейнеттерінің зейнеттерін көрер шақтарында жұмыссыз сенделіспен жүріп, олардың жүйкелері тозып, азып-арып, ауру-сырқауға ұшырамайтынына кім кепіл бола алады?

Ұлы Отан соғысында тас-талқан болып жеңілген, қазба байлықтары да мардымсыз Алманияның бізден көшіп барған шетелдік соғыс тұтқындарына да қаржылай көмектер ұсынғаны өзге мемлекеттерге үлгі емес пе?!

Егер іргелі ел боламыз десек, келешекте халқымыздың санын көбейткіміз келсе, ең алдымен ер-азаматтардың, ақ жаулықты аналардың күнделікті өмір сүру деңгейін

котеруіміз керек. Біздің қогамымыздың, мемлекетіміздің ең басты байлығы – АДАМ!..

Сол себептен, бірінші кезекте қатардағы ауыл әкімдерінен бастап, парламент мүшелері де, үкімет басшылары да, тіпті елбасымыз да халықта жағдай жасауды ең басты назарда ұстауы тиіс.

Осыған байланысты халқымыздың аға буын өкілдерінің өмір сүру құқығының аяқ астына тапталуына жол бермей. Республикамыздың Президенті бас болып, Үкімет басшылары мен Парламент мүшелері қолдап, жеделдете:

1. Зейнеткерлікке шығатын жасты ерлер үшін 60 жас, әйелдер үшін 55 жас деп байырғы калыпқа келтірсе.

2. 55 жастан асқан жұмыссыз ер-азаматтар мен 50 жастан асқан аналарға зейнеткерлікке шыққанға дейін ең төменгі зейнетақы мөлшерімен жәрдемакы тағайындалуы керек. Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда жұмыссыздар саны 760 мың адам екен. Одан да көп бір миллион болуы мүмкін!

Жоғарыдағыдан келтірілген ересек адамдардың саны күн кеткенде 30 пайыз болар, 300 мыңдай адамға қажетті қаржага табылады деген сенімдеміз.

Бұғынгі таңда орын алғын отырған қалың жұртшылықтың өміршеш де өзекті тілектерін тездете түбегейлі шешіс. **ЖОҒАРЫДАҒЫ ЛАУАЗЫМДЫ МЫРЗАЛАРДЫҢ халықтың ыстық алғыстарына бөлөнері хак!**

“Ақ жол” Қазақстан”, “Жас Алаш”

Мәкен Уақытсай,

187 адам қол қойған.

## **ҚАЗАҚСТАН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР МЕН КӘРІП ЖАНДАРДЫҢ ҒАНА МЕМЛЕКЕТІ МЕ?**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев нен Парламентке, сондай-ақ бұқаралық акпарат құралдарына 187 адам қол қойып жолдаган ашық хатынызға орай «Жас Алаштың» 2003 жылғы 20-желтоқсандағы 151-152 санында

«Қарияларды қанауға қашан шек қойылады?» деген мақала жарияланған еді. Біз онда зейнеткерлікке шығатын жас ерлер үшін -60, әйелдер үшін-55 деп, байырғы қалыпқа келтіру мәселеسىн көтергенбіз. Және де 55 жастан асқан жұмыссыз ер-азаматтар мен 50 жастан асқан жұмыссыз аналарға зейнеткерлікке шыққанға дейін ең төменгі зейнетақы мөлшерімен жәрдемақы тағайындалуын өтінген болатынбыз.

Осыған байланысты хатты Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жолдадық деп хат келген еді. Осыған орай зейнетақымен қамсыздандыру және халықтың табысын реттеу департаментінің директоры Г.Ділімбетова ханымның КЕ-2281 нөмірлі 2004 жылы 19- қаңтарда жазған жауап хаты едәуір уақыт кешігіп келді. Бұл хатта; «Зейнеткерлікке шығу жасын төмендету бірінші кезекте жұмыспен қамтылған халыққа түсетін ынтымакты жүктеменің артуына әкеп соғады. Мұндай болжамға демографиялық ахуалға жасалған талдау негіз болып отыр. Қазіргі таңда жалданып жұмыс істейтін қызметкердің өрқайсысына екі зейнеткер мен әлеуметтік жәрдемақы алушыдан келіп отыр. Зейнеткерлікке шығу жасын төмендету және зейнеткерлікке шығар алдындағы жұмыссыз азаматтарға жәрдемақы төлеудің салдарынан бюджеттің шығыс бөлігі үялады... Жоғарыда айттылғанды ескере отырып, нақ осы кезеңде зейнеткерлікке шығу жасын төмендету және зейнеткерлікке шығар алдындағы жастағы жұмыссыз азаматтарға жәрдемақы тағайындау шараларын енгізуі тиімсіз деп есептейміз» делінген.

Сонда мұны қалай түсінеміз? Ресми дерек көздерінсә жүгінсек, біздің еліміздегі жұмыссыздар саны ертеректе 3 пайыз, яғни 500 мың адам десек, кейіннен олардың саны 10-11 пайыз деп жариялана бастады ( ЖАС АЛАШ,2004-жылғы, 24-ақпан, 2-бет).Бұл 1,5 миллионан астам жұмыссыздар бар деген айғақ. Қарапайым есеппен 14 миллионнан 1,5 миллион адамды алғып таастасақ, 12,5 миллион адам жұмыс іstemейді деген сөз.Оның тек жартысы көмелеткес толмаған балалар болса, 6-7 миллиондай қалады. Енді бұл 6-7 миллион адамның жартысын зейнеткер мен мүгедек жандар десек, онда Г.Ділімбетова ханым айтқандай,

жұмыс істейтін әр жалдамалы қызметкерге екі зейнеткер мен әлеуметтік жәрдемақы алушыдан келсе, қызмет ететіндер тек бір миллион адамның ар жак-бер жағы болғаны ма? «Жауырды жаба тоқығанша» ашығын айтсақ, қонышы мен қойнауы қазба байлықта толы ҚАЗАКСТАННЫҢ тек зейнеткерлер мен көріп жандардың мемлекетіне айналғаны когамымыздың асқынған бітеп жарасы емес пе!?

Сондай-ақ «қалың орман арасынан жол тапқандай» Г.Ділімбетова қазіргі уақытта зейнетакы жасына дейнінгі жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік қорғау шараларының бірі-атаулы әлеуметтік көмек көрсету болып табылады деп ақыл айтады. Ал осы атаулы көмектің халық арасында айтартықтай дау тудырып жүргені де аңы шындық.

Есік алдындағы концептерге, қоян-көжектеріне, тауын-жұмыртқаларына дейін санаң, бір сиыр бір отбасына айна 19 мың теңге кіріс кіргізеді деп, Қожанасыр атамыздай сөуегейлік жасап жүрген әнербакан әкімсұмактарға арқа сүйеген үкімет басшыларына қандай уәж айтарсың?

...Парламент Мәжілісінің депутаты А.Айталы мырзады жоғарыдағы министрліктен едәуір ертерек жауап келген еді.

Амангелді ағамыз; Сіздердің ұсыныстарыңызды Парламент депутаттары колдайды. Бірақ қаржы көзін тауын отырған ешкім жоқ. Соңдықтан мәселе тек бір шешімге тіреліп тұр деу үшқары пікір. Ол мәселе үлкен саралғамадан өтуде. Сонымен қатар зейнет жасына келіп жұмыс істей жүргендер 58 бен 65 жастың тым жоғары емес екендігін дәлелдей отырғандай» деп қысқа да нұсқа жауап кайтарған.

Бұл ретте есімі халыққа танымал Мәжіліс депутаты мәселеге жете мән бермей, қаржы көзі жоқ деп қысқа қайырган. Және де бүтінгі таңда 40-45 жастан асқан жандардың елімізде жұмысқа орналасуларының кияметтеге де қын екендігін елең қылмай, жұмыс істеп жүргендер үшін 58 бен 65 жастың тым жоғары емес екендігін дәлелдемескін болып отыр. Сөйтіп ол қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетімізде орын алып отырған зейнеткерлікке шығатын 65 пен 58 жасты місі тұтатындар.

Сөуегей немесе болғағыш болмасам да, оқырманға мынаны айтқым келеді; Зейнеткерлікке шығатын жас

мөлшерін байыргы қалпына келтіру қазірде қалың жүртшылықтың басты арманы.

Айтпақшы, кейін анықталағаныңдай, А.Аиталының өзі түп-тұра 65-те екен. Сонда Амангелді мырза бізге 65-ке дейін жұмыс істей бер демек пе?

«Азат» 2.06.2004

### *A. Айтальшың жауап-хаты сурет күйінде*



**ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ**

Д Е П У Т А Т

Астана. Партамент VII  
200 жылдан көп

Астана, Дом Правительства  
"26" 06 2014 года  
№ 2-11-рн и т.п.

Жазықталғанда,  
Шы ауданы,  
Толе би ауданы,  
Қызылжай комиесі,  
100 үй  
М. Уактерін

Курорт Мекен Уайтс

Хатыннанда алғам. Сілдердің үсімшілдегендегі Парламент деңгектердің да көздейді. Бірақ карғы көнін сипаттауда отырғасаджок. Соңдайтак мәселе төрт бір шешімге тиесін түр деу үшкіріледі. Ол мәселе үзінен сарналғандын отуде. Сонымен катар, тиесін жасынан көліп, жұмыс істеп жүргендегі 58 немесе 65 жастың тим жағаралығынан екендердің дәлелдеділіктің ганаңды.

### Comment.

*Signatur*

A. A. BRAUN

## **ОЙЛАҢ! ОТПЕН ОЙНАМАЙ АҚЫЛҒА КЕЛ, НҮРСҮЛТАН АҒА!**

Жақындаған көршілес әрі бауырлас қыргыз елінде мемлекеттік төңкеріс орын алды. Осы оқиға, кейбіреулер айтып жүргендей, кездейсок жайт емес. Ең алдымен Кеңестер Одагының ыдырауынан әрқайсысы жеке-дара шаңырақ көтерген ТМД елдерінің арасында Грузия елінде жөнисіздікпен өткен Парламент сайлауына наразылық танытқан халық үдерे көтеріліп Э.Шеварднадзені тақтан тайдырды. Өткен жылдың соңында Украина еліндегі президенттік сайлаудың бүкілхалықтық толқумен өткеніне төрткүл әлем жүртшылығы аланадады. Енді, міне, бірер аптаға жетіней іргелес қыргыз ағайындар елбасы Аскар Ақаевты тақтан да, елден де қашырды. Осыған қараганда кешегі Кеңес Одағының шаңырағының ортасына түсіі мен елбасылық тізгінге ие болған СОКП мұрагерлерінің айы теріс айналғанда, күндері бітіп біргінде абырайсыз күйде тақтан ықтиярсыз мәжбүрлікпен тайдырылуда. Қанағатсыз да патуасыз президенттердің ең басты қателігі мәңгілікке өле өлгеше биліктен жатға- жабысып айырылғысы келмей халық кешіре алмайтындағы қателіктірін жалғастыруларында, негізгі себеп мансапқорлық пен атақ құмарлықта. Соңдай- ақ болашаққа сенімсіз құдікпен қарауларында.

Ертеңгі күні биліктен кетсем қандай күй кешемін. Чаушеску, Сухарто, Лазаренко. Пиночет т.б сияқты істі болып сотталыш кетпеймін бе деп үрслену.

Грузин, украин, қыргыз, өзбек, өзіміздің қазақ елінің президенттері ежелгі әріптесі Борис Ельцин агаларынан да үлгі алуға жарамағандары ұят-ақ болды. Б.Ельцин өз уақтысында ел басқару тізгінін жасқанбай, қорықтай-ақ озгеге тапсыра алды. АҚШ пен Еуропаның өркениетті мемлекеттерінің президенттері 4-5 жылдық мерзіммен 2 мәрте ғана, бізге бауырлас Түрік елінде бір рет тек 7 жылға сайланады екен. Ал, біздің президентіміз Н.Назарбаев болса, әр түрлі айла амалдармен сайлау деп, референдум деп, 1990 жылдан бері ел басқару тізгінін айырылғысы келмеуде 15 жыл «тақиясына тар» келетіндей келесі жылы өтетін президенттік сайлауға да үміткер ретінде тағы да түснекші.

Оппозиция өкілдері күш алып кетпей ме деген қауіппен халыққа Жолдау жолдаپ, зейнеткерлердің зейнетақысын, бюджет қызметкерлерінің жалақысын кобайтемін деп, бар жақсылықты үйіп-төгуде.

Нұрекеңнің әрдайым айтатын пәлсанасы қарапайым көпшіліктің жұмысқа орналаса алмай күнделікті тамағына зору болып отырғанын біле тұра біздің экономикамыз жоғары деңгейге көтерілді. ТМД елдері арасында көш басында мыз деп масаттануда.

Ашығын айтсақ, мемлекеттің бе, халықтың ба, әлде президенттің бе немесе оның төңірегіндегі атқамінерлердікі ме, болмаса Қазақстанның бар қазынасын басып қалған Машкевич, Ибрагимов, Шодиев, Терещенколардың байлықтары шарықтап аспандады ма оны Нұрсұлтан Әбішұлының өзі ап-анық біледі. Қызылордалық Қази Җанабаевтың «Жас Алаштың» 2005 жылы 24 наурыздағы санында мұнай өндіру саласында шетелдік пен жергілікті жұмысшы қызметкерлер арасындағы жалақыларын салыстырғанда жер мен көктей айырма бар екендігін нақтылы дағелдермен көлтірген. Канадалықтың айлық жалақысы қазақстандық жұмысшыға қарағанда 22 есе артық, яғни 2 миллион 380 мың теңгедей екен.

**Еліміздің экономикасының жақсарып өскені осы ма?!**

Елбасы – жан жақта жаңжал согыс анаттар болып жатқанда Қазақстанда тыныштық деп, мақтанышпен тоқмейілсүде.

«Жолдасың соқыр болса, бір көзінді қысып жур»- дегендей Е.Ертісбаев сияқты бұлбұлсымағы мен жан жағындағы жағымпаздары еліміздегі тыныштықты президентіміздің сыйндарлы, салиқалы саясатының арқасы деп жалпақтауда.

Халқымыздың қанына сіңген «қойдан да жуас» көнбісті де көнгерлі қасиеттерінің арқасында сақталып отырған мамыражайлыштық, деп түсінгілері келмейді.

**Күрметті Президент мырза!**

Ә дегенде жабайы жекешелендіру науқанымен жұмақ орнатпақшы болып, жұртшылықтың қолына инвестициялық чек кітапшасын үстата алдаусыратып, қазба байлық пен өндіріс орындарын шетел алпауыттарына саттыңыз да жібердіңіз.

Халқымыздың 70-80 пайызын құрайтын жергілікті ұлт өкілдерін асырап отырған колхоз-совхоздарды сол кездегі Жоғарғы Кенес төрагасы С.Әбділдин мен ауыл

шаруашылығының министрі Б.Тұрсынбаевтың табанды қарсылығына қарамастан зорлықпен тараттырып тоз-тозын шығарып, қаралайым елді босқыншылықты-қайыршылыққа үшіннеді.

Ата бабаларымыз білектің күшімен, наизаның ұшымен корғаган жеріміздің едауір бөлігін қынқ қытайларға, «оз ағаңыз» өзбекке, ең соңында одыраңдаган орыстарға дейін сыйлап, жомарттық таныттыңыз.

Сол кездегі құдаңыз Асқар Ақаев та сіздің ықпалыңызben бе, әлде басқалай ойы болды ма, «апама жездем сай» керімен қыргыз елінің «тоқымдай» жерінің «тостағандай» белігін қытайға тарту етті. Жогорку Кенеш депутаты Бекназаров ашықтаи-ашық қарсы болып еді, оны Асекен абақтыға қаматты. Депутатты жерлестері жақтап ереуілге шығып 5-6 адам оққа ұшты. Міне, осы сәттен бастап Асқар Ақаевқа өз халқының арасында теріс пікір қалыптасты. Осы келіснеушіліктің ұлғая келе мемлекеттік тоңкерісіке әкеліп тірегені анық.

Меніңше, А.Ақаев өзіңіздің халқыңызға жасаган опасыздықтарыңыздың бірін де істемегені ақырат. Бұны болашақта тарих екшелеп таразылар. Дегенмен қыргыз Президентінің ең өрескел қателігі қызы Бермет пен ұлы Айдарды Жогарку Кенеш депутаттығына еткізуге көмектесіп, бұрынғысыртқы істерминистрі Роза Отунбаеваны үміткерлікке тіркетпегені. Соңдай-ақ, наразылықпен толқуга шыққан халықты сабырлыққа шақырып, бейбіт жолмен таратуға орсі жетіңкіремей, күшпен таратуға әрекеттегенгені, өзіне сокқы болып, масқаралықпен елден қашты. Нұрсұлтан Әбішұлы, кімнен, неден үркіп, қауіптенгеніңізді түсінбедім. Ата Заңымызды бұрмалатып, еліміздің бірінші президентіне көп жеңілдік ендірттіңіз. Онда, тұнғыш президент мемлекетке опасыздық жасаган жағдайда ғана жауапкершілікке тартылады, делінген.

Өзіңіз кециңен ойлап қарандырыңыз, мемлекетіміздің, халқымыздың бар қазба байлығын, Жер-Анамызды сату нағыз опасыздықтың қоексінің-қоексі емес не?! Осы сатқындығыңыз үшін ертеңгі күні ұрпақтарымыздың алдында кім жауап бермек?! Кім жазаланбақ? Нұрсұлтан аға, сіз осыны жан-жақты ойладыңыз ба? Грузияда, Украинада, кеше ғана қыргыз слінде болған мемлекеттік тоңкерістің

туындауының негізгі тамызығы - әділетсіз откен сайлауларда емес пе?! Ал, біздегі сайлаулар әділ отіп жатыр ма? Аудандық мәслихаттан бастап Парламенттік, Президенттік сайлаулар өрескел бүрмалаушылықпен отуде.

2004 жылдың қазанында Мәжіліс депутатының үміткерлер додасының шешуші кезеңінде «Арал» сайлау округінде халықтық шараның жабайы өткеніне көпшіліктің наразылық танытқанының куәсі бола аламын. Тіпті, ашынғандығы сонша. Арал, Қазалы аймағының азаматтары атқа қонып ереуілге аттануға талпынды. Мәжіліс депутаттығына үміткер Батырхан Дөрімбеттің өзінің өміріне әдейілеп қастандық ұйымдастырылғанына қарамастан ол көрегенді парасаттылық пен қантөгіске ұласып кетпесін деп, сан мындаған жақтастарын сабырлықта шакырып, тоқтатқаны ерлікке нарапар құлтарлық іс емес пе?!

Өзініз де, жағымпаз жандайшаптарының да сайлау әділ өтті деп, жаһанға жар сала ақталдыныздар. Осы ғұрыпты жақында орталық теледидардан Асқар Ақаев інініз де айна қатесіз қайталауды, әттеген айы, қырғыз елінің тарихында А.Ақаевтың президенттік лауазымындағы соңғы мәлімдемесі болып калды. Нұреке, барлық деңгейдегі әкімдерді сайлау жүйесімен таңдау керектігі туралы баспасөз беттерінде жазылып та тиесілі жерлерде көлten бірі айтылып та келеді. Осы бүкілхалықтық иғі шараны табандылықпен жүзеге асыруды қозғаған Фалымжан Жақияновты еш жазықсыз түрмеге қамағтыңыз. Халықтың бірнеше миллиард теңгесін құрдымға жіберген «Қазақ Теміржолының» бұрынғы министрі Абылай Мырзахметов адам күлерліктең женіл жазамен опонай құтылды.

Жүзденген миллион теңгенің басына су құйған облыстардың басқа да құзырлы мекемелерінің басшылары да жайбарақат жүріп жатыр. Сорақы, қылмысты әрекеттерімен әшкерленген Жамбыл облысы, Шу ауданының бұрынғы әкімі көршілес Меркі ауданының әкімдігіне тағайындалып жер аударылды. Кезінде өзінізге үзенгілес серік ретінде ел иғілігі жолында жемісті еңбек еткен Фалымжан Жақиянов еш кінәсі жоқ болса да неге бірнеше жылға сottалды? Жоғарыдағы нағыз қылмыскерлер қалайша жаһанды жалпағынан басып, ойларына келгендерін жалғастыруды. Осы да әділдік пе? Біз

қандай мемлекетте, қандай қоғамда өмір кешіп жатырмыз?!

Әлі күнге дейін түсіне алмай, ашығыш айтсам, әрі-сәрі халдемін... Украина еліндегі дүрбелеңнен кейін ауыл әкімдерін сайлау туралы амалсыздан бастама көтеруге мәжбүр болдыңыз. Әрдайым алға жылжып отыратын оркениетті өмірдің ағымына ілесу әркімнің қолынан келе бермейді. Пайғамбар жасынан асқан Нұрсұлтан Әбішұлы, сізге де оңай тимеуде. Жасыратыны жоқ, еліміздің алғаниқы Президенті ретінде көптеген іс тыңдырдыңыз. Атыңыз қалай болмасын тарихта қалады. Оны ешкім өшіре алмайды да, алмақ та емес. Тарихта қандай үлгіде орын аласыз, әңгіме сонда болып түр гой...

Жақтырыңыз, жақтырмаңыз, менің айтпағым, Нұрсұлтан аға отпен ойнау жақсылыққа апармайды. Ел арасында қантөгіс коздыруы ғажап емес. Жорамалым бойынша, жас балаға кәмпіт ұсынғандай халыққа Жолдауды алдын ала бекерден-бекер жасаған жоқсыз. Келесі жылға қалдырмай оппозиция екілдері күш алып кетпесін деп. «Қазакгейтке» байланысты жалғасатын халықаралық соттан да қауітгенін Президент сайлауын биыл өткізіп жібергініз келгені анық. Бұған қыргыз еліндегі мемлекettіk төнкерістің айтарлықтай кедергі келтіретін түрі бар. Басқаша не істеу керек? Өзініздің «таңдауыңызben сайланған» Парламент депутаттарын пайдаланып Ата Заңға өзгеріс енгізіп Президентті Сенат пен Мәжіліс депутаттары сайлайтындағы етіш, жол тауып кету тәсілін де ойластырып жүрген шығарсыз.

Нүреке, көніліңізге келсе де айтайын, енді бүндай амал-айлаларыңыз ешқашан да іске аснайды. Тек, көкейден бұз-бул ұшқан асыл арманғана болып қалады. Сайлау мәселе сіне оралсак, ол бізде ешқашан да әділ өткен емес, тек биліктің қалауымен, жөнсіздікпен, әпербақандықпен жүзеге асула. Қашанғы өстіп жалғаса бермек. Халқымыз момын, қойдан жуас, қонақжай болғанымен ашу-ызасы шегіне жетіп бір көтерілсе тоқтату мүмкін болмай қалады. 1986 жылны желтоқсан көтерілісін еске алсақ та жетеді. Ол кезде он мындаған жастар көтерілген. Қазір заман басқа миллиондаган халқымыздың наразылығына, наласына ұрынуыңыз әблес мүмкін. Қантөгіске ұласып кетпестігін ешкім жоққа шынар алмайды. Сондықтан да көршілес Қыргыз Республикасындағы

мемлекеттік төңкерістен ұлагатты сабак алуының керек, Нұрсұлтан ага! Жан жакты ойланысыз, жаңындыздығы жағымпаз-жалиқбайлармен емес. оппозиция серкелерімен, қоғам өкілдерімен кеңінен ақылдастып келісімге келгеніңіз жөн.

Өз еркіңізben алдағы өтетін Президенттік сайлауға үміткерліктен бас тартып, оның әділ де шынайы өтуіне тікелей ат салысуының қажет. Жармахан жеңіске жетеді мә Дариға қарындасымыз президент болып сайлана ма, бағы жаңып басқа қайраткер елбасылық тізгінді қолға алады ма, кімде-кім болмасын Ата-Заңымызда қабылданған алғашқы президент туралы балтың орындалуын қадағалап, өзінізге, жақын туыстарының қылмыстық қудалау жасамай қорғайтындей кепілдік беруі керек. Сізге құрмет көрсетіп, ақыл кеңес алып тұрса мәртебенің бұдан да жоғарыламаса кемімесі анық. Ең бастысы, халықты қантегісті келенсіздіктерден аман алып калар едіңіз. Так қымбат па ойланысыз! Отчен ойнаудың орнына ақылға келсеңіз, халқының алғысына бөлenerіңіз как!

АПТА.KZ 17.маусым 2005

## ҚЫРГЫЗ ЕЛІНДЕГІ ТҰРАҚСЫЗДЫҚТЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Откен жылдың қыркүйегінде құдандалы жекжаттықпен Ыстыққөл облысы, Тон ауданы, Бекенбаев ауылында қонақта болған едік. Шындығына жүгінсек, қыргыз ағайындардың біздің елге қызыға да қызғана қарайтынын анық байқадық. Расында да, жолсапар барысында қыргыз айылдарының жүдеу-жадау екенін көрдік.

Қазір екі-үш адамның басы қосыла қалса, саясатты согады. Оның ішкен асымыз бойымызға тарамайтын болды. Ел экономикасын Ақаев отбасының тұралатып кеткенін тілге тиек етті. Дастанқан басындағылардың көпшілігі жиі-жиі бой корсететін наразылық ереуіліне түбегейлі қарсы екендерін сездірді. Орайы келгенде: «Тұнғыш президенттеріңіз А. Ақаев өрескел қателік жасап, масқаралықпен Оғанынан қашуға мәжбүр болды. Ол кісі наразы халықтың алдына

шығып, кешірім сұрап, олардың талабымен Жогоргу Кеңесінің депутаттары сайлауын қайта өткізуге мүмкіндік жасауда керек еді... Ал экономика жағына ойыссак, тәуелсіздік алған 1990 жылдардан бастап Еуразия Одағын ауызға алмастан бұрын Қазақ, Қыргыз, Өзбек, Тәжік, Түркімен елдері ортақ ақша шығарып, ынтымақтаса сауда-саттықты бірігіп жүргізуі керек еді. Шындығына келгенде, Қазақстанда Қазақстан етіп отырған оның орасан мол қазба байлығы. Өкініштісі, осы елдердің басшылары ортақ мәмлекет келудің нақты жолдарын шындал қарастыруды жөн көрмеді», - деги өз ойымды айттым. Шындығында да, көршілес қырғыз ағайындардың хал-ахуалы қындау.

*Жас Алаш. 31.05.2007*

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЛАМГЕРЛЕР ҰЙЫМЫН ҚҰРСАҚ ҚАЙТЕДІ?**

«Қазақ зиялдың екіжүзді ме?» деген топтамадагы Дұлат Исабековтың, Әшіrbек Сығайдың, Мәмбет Қойгелдінің, Дос Қошімнің пікірлерін қос қолымды көтере қолдаймын. Зиялдың қауым өкілдерінің алдыңғы қатарлы мүшелері де осылар – ақын-жазушылар, ғалымдар мен ұстаздар, мәдениет және деңсаулық саласының қызметкерлері. Ұдайың жүртшылықпен қоян-қолтық араласатын осылар болғаннан кейін Кеңес дәүірінен бері солай қалыптасты.

Тоқсанының жылдардың бас кезінде одактың 500-дей мүшесі бар еді, қазір 700-ге жеткен көрінеді. Алайда, олардың саны көп болғанымен, сапасы сын көтермейді. Нашарлаган үстінен нашарлап барады. Ақын-жазушылардың көпшілігі халықтың мұң-мұқтажын айтудың орнына, президенттің министрлердің, әкім-қаралардың шашбауын көтеріп, тем-том кітап жазып, қала берді бір-бірімен айтысып-тартысып, есіл уақыттарын қор қылышпай жүр. 700 жазушының ішінен, нағыз халықтың жетеуін табу қынның қынны. Қолдайбек Бодыбай деген замандасымның «700 жазушы бір Бельгерге татымайды» дейтініңдей жөні бар. Қазір өзі 500-600 беттік кітап жазатын жазушыдан гөрі көптің көкейіндегін айттың жүрген журналистің беделі мықты.

Менің ойымша, енді қайтып Жазушылар Одағы енсесін көтере алмайды. Тәуелсіз қаламгерлер үйімyn құру керек. Ол үйімға тәуелсіздік алғаннан бері қарайғы жылдары көзге түсken, ұлттық ар-намысты ту егіп ұстаған қаламгер қауымды топтастыреақ. Санына емес, сапасына мән берсек. Сонда гана жогарыдағылар айылын жиып, аяғын тартып басар еді деп ойтаймын.

«Жас Алаш» 7.08.2007

## БАТЕКЕ, ОРНЫҢ ОЙСЫРАП ТҮР ГОЙ...

(Батырханның рухымен сырласу)

«Есіңде ме, бауырым Батырхан?!»

2005 жылдың ақпанында Алматы Тараз Шымкент Қызылорда жолсаларынан қайтарда Шу ауданының Оразалы батыр ауылындағы халық емшісі Қайнар Қаналбекұлына арнайы ат басын бұрганымыз. Қайнар өзінді оңаша қабылдаған еді. Емшінің не деп айтқанын, нендей болжам білдіргенін қадағалап сұрамаганмын...

Сол жылы мамырдың соңына таман телефонмен хабарласып, Оңтүстік Қазақстан облысына қызмет бабымен баратынынды, жол жөнекей Шуга аялдайтынынды ескерттің. Өзің келерден 2-3 сағат бұрынырақ ҰҚҚ ң қаракөз жас қызметкері отбасына арнайы соғып, ресми тілде менімен пікірлескісі келетінін айтқанда ; «сен өзің қазақсың ба, әлде орыссың ба? Сенімен сөйлесуге уақыттым жоқ, сейлеспеймін де», деп оны үйден құғандай жөнелткенмін. Жүргізуі серітің Батыр екеуінді Ғабит Қоқеев деген інішекпен күтіп алғып, Шу қаласының іргесіндегі аң шаруашылығы мекемесінің ауылында тұрғындармен кездесу өткіздік. Ертеңінде қала орталығындағы халыққа қызмет көрсететін үлкен мекеме ұжымының 40 шақты қызметкерлерімен ашық пікірталасты басқосу үйімдастырдық. Түске таман Алға ауылындағы Ерғали Қасымов ақсақалдың шаңырагында болып, оның ертеректе қастандықпен қайтыс болған ұлының қазасына орай қоңіл айттық.

Өкініштің Ерекенің құдай қосқан келінің Назираның әкетайы Әжектің өкіл әкесі екенін білмегендіз. Түс қайта Ақсу ауылына аялдалап, ардагер ұстаз Мәми Әbdіқұл, Торекұл

Әлханұлы, Меруерт Ашамаева, Әділхан Байсымақов, Жексен Шәуенов т.б сұхбаттасып, қонақ асынан соң Таразға аттанбақшы болдың.

-Батеке, кешкі сегізден асып барады. Таразға түн жарымда жетерсіндер. Қонақ үй іздейсіндер. Әуре болғанша осында қона кетіл, таңертең шықсаңдар 2 сағатта-ақ жетіп бараңындар. Гой, деген мениң пікірімді Мәми аға да қоштады... Жок, біз қазір кетуіміз керек, ертеңгі 9-да Таразда жиналыс отеді, соған үлгере алмаймыз, дең көнбесдің.

Ертеңіне таксиiletіп, Төлебиге келсем, әйслім Зияқул есі шыға үрейленіп отыр. Алматыдан Қолдейбек Бодыбай телефон соғып, Ақыртөбек, жетпей, жол апатына ұшырағаныңды айттыпты. Тараздан Рақым Ауғанбаев хабарласып тұрды. Бір екі күннен соң Қолдекеңмен Тараздағы қалалық аурухананың жансақтау бөлімінде ауыр халде жатқан өзіңе жолықтық. Біздің дауысымызды естіп, көзіңе жас алдың, бірақ үн қата алмадың. Орналы аға, Әділхан, Мәдіна бауырларың мен Гүлшара, Асқар, Әнуардың өзіңе жолыққалы тұрганын айттып қоштастық...

Екі үш күннен соң қайтыс болғаның жайлы суыт хабар жетті. Орналы аға, Қолдейбек Бодыбаймен өзінді ақ арулан жуындырып, Серікболсын Әбділдин, Жармахан Тұяқбай, Асылбек Қожахметовтей қоғам қайраткерлері бас көз болып, мындаған жора жолдастарыңмен актық сапарға аттандырдық..

Кейінірек халық емшісі Қайнарга жолықканымда: «Мен Батырхан ағаға мамырдың соны мен маусымның басында жолсапарға шықпауын қадағалап ескерткен едім», деді. Амал нешік. Бәрі Алланың құзырында емес не? Батеке, өзінді қара жердің қойнына тапсырған соң-ақ мениң жүрегім жиі-жіе ауыра бастады. Сондай-ақ, ылғи түсіме енетін болдың. Өзіңнің рухыңа бағыштап, куран окумен жүрмін. Биылғы жылы қаңтардың ортасында Алматыға барған сапарымда Төрекұл Әлханұлымен шаңырағыңа соғып, аруагыңа қуран бағыштадық. Сүйікті ұлың Әнуар бізді көрген соң конілі босап, көзіне жас алды.

Батырхан, есінде болар, өзінмен қоян-қолтық араласа жүріп, Оңтүстік, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы. Жамбыл облыстарын аралап, «Жас Түркістан» журналын насиҳаттай отыра қоғамымыздың қайшылықтар жайлы қалың жүртшылыққа түсіндірме жұмыстармен айналысқанбыз. 2002

жылдың 30 тамызында «Азаттық» алғашқы санын жарыққа шығарғанға дейін де күндіз -түні шапқылаң, қыруар істер тұндырғаның әлі есімде. Сол жыны шілденең 14-15 інде Бағыс-Түркістан ауылдарының Өзбекстанға отіп кетпеуді үшін еліміздің түкпір-түкпіріне 500-дей азаматтарды шақырып, ас үйымдастырмақшы болып, Айдар Әбдірамановпен астырын келісіп, Айсұлу Қадырбаеваның Түркістандағы үйінде келелі басқосу өткізгендерің көкейімнен кетер емес. Шу ауданынан Сәтбек Саурыков бастаған 7 жігітті аттандырды. Үкімет адамдары ас беруге қатаң құғыш сүргінді тосқауыл қойғаны көпшілікке мәлім. Айдар көп ұзамай Бағыс-Түркістан ауылдарының 30-дан астам ақ жаулықты аналарың бастаған, Астанага барады. Шу теміржолы бекетінен оларды шығарып салып, «Азаттық» радиосының мекен жайын бергенімде маған дән риза болғаныңды әлі ұмыта қойған жоқпыш. Жер-Анамызды сатуға байланысты қарсылық танытып, түрлі басқосулар үйымдастырғаныңды, «Үкімет адамы» атанған Қолдайбек Бодыбаймен Астанага дейін, Нұри Мұфтах, Жасарал Куанышәлі, Айсұлу Қадырбаевмен Мақтаарап өніріне ат арылтып барғанымыз есінде шығар...

Батеке, өзінді актық сапарға шығарып салған соң екі жылдың көлемінде елімізде айтарлықтай өзгерістер бола бастады. Бұл ретте қайнаган өмірдің бсл ортасында жүрген оппозиция өкілдерінің де еңбегі жетерліктей. Дегенмен барлық халықтық деңгейдегі басқосу мен түрлі шараларды өткізгендегі өзіңнің орның ойсырап, жоқтығың әрдайым анық корініп тұратының қалай жасырайып. Өзің 17 мартте кездескен Президенттің тікелей араласуымен Ата Занға өзгеріс енгізілді. «Отан» 3-4 партияны қосып, «Нұр Отан» атанды. «Нагыз Ақ жол» мен «Жалпы Ұлттық социал демократиялық» партия бірікті. Әңгіме басқада болып тұр емес-пе?! Біздің егіміздің беделін әлем жүртшылығы алдында түсіретін ең келенсіз сорақылы қылмысты іс басталғанып айтпасқа болмас.

Батырхан, есінде болар?!

Осыдан 5 жылдай бұрын дәл қай кез екені есімде жоқ, Қызылорда қаласы маңындағы Бесарық ауылы тұрғыны Дәулет мырзаның үйінде көпшілікпен басқосар алдында екеуміз таза ауада оңаша сейілдеген едік. Осы сәтті пайдаланып, Хасен Қожа Ахметпен дүрдараз болмай, татуласуларыңды айттып

едім, мойынсұлғандай кейіп таныттың. Президент жайына ойысқанымызда, 1990 жылдардың басында мен де шіркіп. Нұрекендей саясаткер болсам деген арман ұялаганын, оның ел ордасын Астанаға көшіргенін қолдайтынымды, ұлттар достығын назарға алатынына келісетінімді білдіргенмін. Бірақ. Сара жеңгеміз бен күйеу балалары мен қыздарына еркіндік беріп қойғанының ұнамайтындығын, көп ұзамай күйеу балалар мен құда-жекжаттардың арасында алауыздық пайда болып, тақ таласы басталатының ескертіл едім ғой. Осы айтқандарым айдай келіп, Рахат Алиев елімізді құллі әлем алдында ұятқа қалдырган жоқ па??!

Батеке, өзінді актық сапарға шығарып салардагы Жазушылар Одағы алдындағы қаралы жиынга Маклалымен қол ұстасып келген Заманбек те көп ұзамай қайғылы қазага ұшырап, Алтынбек Сәрсенбайұлы мен жолдастарына қанқұйлы қастандық жасалды. Осы қанішерлі-қастандық әрекеттерге Рахат Өлиевтің қатысы бар деген қауессет желдей гулдел-есіп тұр. Тұнғыш Президентіміз бұл ретте айтартықтай агаттыққа жол бергенін, жер-жерде өрттей өршіп тұрган сыйбайлас жемқорлыққа тоқсауыл қою мүмкін емес скенін қалып жұршылық түсіне бастады.

Өткен жылдың 13-14 желтоқсанында «Алатау» санаторийінде тәуелсіздігіміздің 15 жылдығына орай, халықаралық конференция етті. Осы конференцияда Қыргызстандық «Еркіндік» партиясының басшысы Топчубек Тургуналиев; «Назарбаев билігі қашанғы тұра береді, оны неге құлатпайсындар? – деп өткір сауал таstadtы. Өзіңмен үзенгілес серігің Асылбек Қожахметов; «қазіргі жағдайда Назарбаев кетсе, Базарбаев келеді. Біз ең алдымен саяси жүйені өзгертуіміз қажет. ол үшін халықтың көзін ашу керек», - деп ұтымды жауап берген болатын.

Осыған қараганда оппозиция өкілдері бұрынғыдан наразылы ереуілдер үйымдастырумен шектелмей, өркениетті жолды таңдал, өзгеше бағыт-багдармен жұмыс істей бастаған сыңайлы. Кейбіреулер оппозиция қайда кетті, неге көрінбейді?! Н.Назарбаев бәрінің аузын шығыстан қаратты дегендердің айта бастады... Мен оларға; - Қазақстандағы оппозиция серкелері ; С. Әбділдін, Ф. Жакиянов, Т.Токтасынов, Б.Әбілов, А.Қожахметов, Ж.Куанышалиндер ұстанымды-салықалы

саясаткерлер. Бұрынғы Кеңестер Одагы мемлекеттері шеңберіндегі оппозиция өкілдерінің қайсы-қайсысынан артық болмаса кем болмас. Бірақ, Н.Назарбаев қолында шогырланған бар билікті имді пайдаланып, оның айлакерлі – ақыламалдары үстемдік етуде. Дегенмен Рахат Әлиевтей аға күйеу баланың әпербақанды әрекеттері Президенттің ғана емес, бүкіл қазақ жүртінде абырай әпремей, қара бояулы өнімдес дақ түсіргені анық деумен анықтама берудемін.

Батырхан бауырым, Ата Зандағы өзгерістерге байланысты тамыздың 18-де Парламент мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауы өтпекші. Соңғы 2004 жылы сайлауда актық кезеңде өзіңмен күндіз-түні тыным таптай бірге жүрдім. Дінәш Нұрмағамбетов, Айсулу Қадыrbай, Сағат Жүсіп, Қолдейбек Бодыбай т.б. қайраткерлер әділетсіз де жабайылылықпен өткізілген халықтың науқанға күә болып, жагаларын ұстап қайтты. Өкініштің, өткен жылы «Азаттың» бас жазушысы Дінәш та жалған фәнимен қоштасып, бақылыққа аттанды...

Бұрынғылардан өзгешелігі сол, 18 тамыздағы Парламент мәжілісі деңгектің сайлауга тіркелген партиялар мен олардың біріккен блоктары қызу тартысты таласқа түспекші. Бұл сайлау науқаны да әділ өтеді-ау деп айта алмаймын. Батеке, тұған бауырымдай болып кеткен өзінді әбден сағындым, әрдайым еске алып отырамын. Жақында «Азаттың» 18 мамырдағы санында «Батырхан Әрімбет атындағы сыйлық» тағайындалғаны жарияланыпты. Арамызда аманесен жүргенінде мен де «Азаттан» қол үзбей, жанында қол ұстасып жүрер едім гой. Сенің дархан жанды жүрегің, адал да періштедей пәк көңілің көл адамның бойынан табыла бермесі хақ... Сондықтан да мен көп адамға сене бермеймін, сене де алмаймын.

Батырхан жатқан жерің жайлы, алдың пейіш, артың кениш болсын! Ал сыйлық тағайындаушыларга айтарым, маған бұл сыйлық берілер не берілмес. Дегенмен Батырхан Әрімбеттің әрдайым адалдықтың ақ туын жоғары ұстап, әділдік үшін құрескенін ескерің, тамыр-тансыстық пен жерлестікке бұрмаламай, әрқашанда әділетті шешім қабылдап отырсаңыздар еken деймін».

«Азат» 17 тамыз 2007

## ШЕТ ЕЛГЕ ҚАШУ ШЫНЫМЕН БАСТАЛДЫ МА?

Осыдан түп-тура 20 жыл бұрын 1988 жылдың қыркүйегінде Мойынқұм аудандық коммунистік партия комитетінің хатшысы С. Айдақелов пен «Көктерек» совхозының директоры А. Дүйсебаевтың арасындағы сыйбайласқан қылмыстық әрекетті әшкерлеп, екеуінің де коммунистік партия қатарынан шығарылып, лауазымды қызметтерінен кетулеріне өзім партия қатарында болмасам да тікелей ықпал еткен едім. Соңдағы қылмыстық әрекет не дейсіз гой? Жогарыдан тағайындалған аупарткомның хатшысына аталмыш кеңашардың директоры совхоз жылқысын өліп қалдымен актілестіп, соғым ретінде тарту еткен...

Біз бұгінде «жерден алып көрге тығып» өлтіре жамандан жүрген коммунистік партияның күзіреті – (бірінші хатшы Н.Рақышевадан жалған актіге қатысты 5-6 мал маманы сопталып кетпес үшін аупартком бюросы тарапынан шара қолдануды сұрағанмын) екеуі де қылмыстарына орай лайықты жазаға тартылды. Сонау ертеректе орын алған осы оқиғаны неге қозғап отыр деген ойда қалуларыңыз мүмкін. Сөнни қалған қоламтаны не себептен үрлең жаңғырта маздатқанымызды бірте-бірте түсінетін шығарсыздар деген ойдамын.

Одан бермен тарих дөңгелегі қырдан-қыр аттап, таудан-тау асып тортқұл дүние әлемге үстемдік құрган коммунистік партия келмеске кетіп, заман жаңарып, ғасырдан-ғасырга жалғасқан бодандықтан құтылып, тәуелсіздік алғанымызды жаратқан Гәнірге шүкіршілік етеміз.

Қазіргі таңда елімізде үйымдастасқан сыйбайлас жемқорлық әрекеттердің қанатын кеңге жайып, күнделікті өміріміздің барлық салаларын жебір құрттай кеміріп, қогамымызды тамыры шіріген теректей құлатуға айналғаны мені мазалауда. Ауыз жаласқан қылмыстық топтармен күресеміз деп неше заман шамама қаулы-қарап қабылданды. Бірақ ешқандай озгеріс жоқ.

Осыдан 4-5 жыл бұрынырақ Жамбыл облысының Шу ауданында белең алған қылмысты әрекеттер жайлы тәуелсіз «Азат» пен облыстық «Альтернатива» газеттерінде бірнеше реңдабыл қақтым. Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен прокуратурага

Жамбыл облыстық таргіптік кеңесіне шақтылы бұлтартын адалдермен ишкітім. Өкінішке қарай, бәрі де неміңдрайлыштық танытып, ауқымды қылмыстар жабулы күйінде қалды.

Мәселең, Коктебе ауылында қабыргасы қаланып, шатыры жабылған, уш қабатты, 640 орындық мектептің құрылышын аяқтауға республикалық бюджеттен болінген 125 миллион теңге қаражаттың 30 миллиондайы талан-таражға түскен. Сол кездегі аудан әкімі құрылышты «ойдағыдан» аяқтадық деп, 2004 жылдың 2 наурызында облыс әкімі Серік Үмбетовты шақырып, жан-жақтан халықты жинатып, мектептің салтанатты ашылуын дүркіретіп өткізген болатын. Содан бері бесінші жылға аяқ басқанымен оқу ғимаратының құрылышы шала істелгендей кем-кетігі жетіп артылады. Сондықтан әлі күнге дейін мектепті қабылдау жөнінде мемлекеттік акт жасалмаған. Өйткені, 30 миллион теңге мектен қажетіне жүмсалмай, желге үшқан. Қомакты қаражаттың қайда кеткенін сол кездегі аудан әкімі Р. Б-мен құрылышты жүргізген Алматыдағы «Транстрой» мекемесінің бастығы Н. Новиков мырзалар оте жақсы білуі керек. Басқа да әрекеттермен аудан бюджетін 200 миллион теңгеге ойсыратып кеткен әкім мырза жыл отией жатып 2005 жылдың қазанында көрші аудан әкімінің орынтағына жайғаса қойды. Сөйтіл, «түйені түгімен» жұтқандар түк болмағандай жайбарақат жүріп жатыр. Олардың даңдайсыңдары сонша, жер үсті байлығын тауысып, болашақ ұрпақтарымыздың еншісі – жер асты байлығымыздың да ту-талақайын шыгарып, талан-таражға салуда...

Жоғарыда айтып откеніміздей совхоздың бір жылқысы үшін паргиплеттерінен айырылып, қызметтерінен босатылған С. А... пен марқұм А. Д... жолдастардың қылмысы қазіргі тәуелсіз еліміздің атқа мінер мырзаларының ел байлығын қарлып, асау әрекеттерінің жанында түк те емес, «піл мен қанденді» салыстырғандай тұрғыда ғана емес пе?

Кешегі өткен коммунистік партияның ізбасары іспеттес менің үлгі тұттар Президентімнің сүйікті «Нұр Отаны» да үйімдаскан қылмысты топтармен күресу науқанына бел шешіп кірісетіндей кейіп көрсетуде. Ау, ағайын, бесенеден белгілі емесс пе, бәлсніле ұры өз қолын өзі кесіпті дегенді естідіңіз бе?! Түп негізі жоғарыдағы әкім-сымактардан жасақталған партия халыққа қалай үлгі-өнеге көрсетпек?! Жемкор алпауыттардың

«шортандары» гана емес. «киттердің» өзі осы «Нұр Отанда» жайбарақат маң-маң басып жүрген жоқ па?! Бұлардың негізгі мақсаты – таққа талас.

Алла тагала амандық берсе, биыл күзде асқаралы алпыс жасқа толмактын. Еңбек өтілім 40 жылға толды. Төле би ауылдындағы екі болмелі пәтерімді кеңектү максатымен 4 бөлмелі саман кірпіш үйдің құрлысын өткен жылдың көктемінде бастағанмын. Жора-жолдас, ағайын-туыс қол ұшын бергенімен баспанамызды биыл да бітіруге шамамыз жетпей отыр. Елімізде үй-жайсыз, тыныс-тіршілігі төмен отбасылар жетерлік. Нұрсұлтан ағамыздың сантехник інісінің небәрі 20 жастағы баласы Данияр алпауыт Нью-Йоркте 20 миллион долларға хан сарайындай үй алады. Иманғали бауырымыздың бар болғаны 29 жастағы күйеу баласы Кеңес Рақышев ағылшының Эндрю ханзадасынан 30 миллион долларлық коттеджін саудаласпай-ақ артық бағасына сатып ала салады. Мұншама қаражат Данияр мен Кеңестің қай ата-бабасынан мұраға қалған екен? Осы қыруар қаражаттың барлығы халықтың, қалың жүртшылықтың несібелі байлығы емес пе?

Шет елдерден үй-жай сатып алу науқаны бекерден-бекер басталмаганы ақырат. Заңсыз жолмен есепсіз байыған миллиардерлер Нұрекеңін мәңгілік президент болып қалатынына күмән келтіріп, сеніціремей қалған сыңайлы. Олар ертеңгі күні аяқ астынан билік ауыса қалса, бар байлықтарынан айырылши, абақты төрінен орын алмас үшін өздеріне, бала-шағасына жайлы мекен-тұрақтарын ынғайластыру камдарымен жанталасып жатқан сыңайлы.

Австриядан үлкен күйеу бала Рахат Әлиевті алдыруга шамасы келмей отырған Қазақстанның келешекте ұрықарыларын тек шет елдерден іздейтіні шұбасіз шындыққа айналатындей.

Тағы бір «күйеу баламыз» Храпунов сол қашқып қылмыскерлердің алғашқыларының қатарында «алтын» әріптермен жазылып қалатыны сөзсіз. Ендігі кезек қай күйеу, құда-жекекаттікі екен?! Оны уақыт көресте жатар. Жаппай шекара асып, қашу науқаны қашан басталмақ? Бұл да тек бір Аллаға аян болар...

Жарты әлемге жар салып ұрандатуды бастаған «Нұр Отан» сыйбайлас жемқорлықпен көресте халықтың бар байлығын

қандаладай сорып отырған осындаи қаржы алпауыттарынан қагаң түрде сұрап, оларды неге қылмысты жауапкершілікке тартқызбайды. Оған, «Нұр Отан» шындаған бел шешіп кірісе алмайды. Себебі, айтпаса да түсінікті. Елімізді алты басты аждаһадай жайланаған жалмауыздардан, тек, тәуелсіз қоғамдық ұйымдар мен оппозиция оқілдерінің жұмыла, қалың жүргішілікты бір кісідегі біріктіріп, ымырасыз да аяусыз күресе отырып тазартады деп, нық сеніммен айта аламын!

«Қазақстан» 10 шілде 2008

## ШЫҢҒЫСХАНДЫ ДӘРІШТЕЙ БЕРГЕННЕҢ НЕ ҰТАМЫЗ

Үлттық «Қазақстан» телеарнасы «Шыңғысхан» сериалын қайталап көрсетіп жатқанына біршама уақыт болып қалды. Менің таң қалатынның, 12 ғасырдың соңы мен 13 ғасырдың басында жер жаһаның тен жартысына жуығын жаулаған айбынды да айлакер, қайрымды да қатыгез, қаһарлы да қатыгез қолбасшыны, көрсететін басқа түк қалмағандай, миллиондаған көрмерменнің назарына атойлатып ұсынумен әуре. Небір тамаша киноларға өзек болар тақырыптар өзімізден де жетін артылмайды ма?!!..

Мәселен, жоңғарлардың жойқын шабуылына төтеп беріп қана қоймай оларға күйрете соққы «сыйлап», елімізді, жерімізді азат еткен Қаракерей-Қабанбай, Қанжыгалы Бәгенбай, әруақты Райымбектей батыр бабаларымыз жайлы неге тарихи-деректі кинолар түсірмескे?!!..

Болмаса, адырандаған орыс империясына қаймықпай қарсы тұрған Кенесары-Наурызбайдай аталарымыз кімдерден кем?!

Шыңғысхан бет бетімен бытыран жойылуға айналған монгол тайпаларын біріктіріп алып империяга айналдырып, Азия, Еуропаның көптеген елдерін жаулап алғандықтан тарихта өз орнын ойып тұрып орнықкан ұлы тұлға екендігінде енікандай таласым жоқ. Ел-жүргіттың алдында ұятқа қалдырыған «Кошпендейлер» сияқты қойылымға сан миллиондаған доллар қаражат болінді, бірақ сапасы жарамсыз болды. Қытай кинорежисерларының туындысы Шыңғысхан

теселеріалының шынайы да тартымды түсірілгеніне сөз жоқ, көшілік дән ризашылықпен қызығуда. Осы киноны қайтара зерделей тамашалаган соң мынадай пікірге тоқтагандаймын: Шыңғысханның сауаты жоқ қараңғы болғанымен балғын балалық шағында өзінің тетелес бауыр інісін садақпен атын елтіргені, ел билеу тәсілі, есейген шағында қызыл шарапка әуестеніп, қос-қостан бірнеше тоқал алғандығы жогарылдагы лауазымды шенеуліктерге әбден ұнап қалған сыйылды. Осыған орай «нұрлы жолды» қөкеге құлақ қағыс ретінде айыштагым, Темучиннің қыны-қыстау шақтарда қарапайым ақылгөйлердің ақыл кеңесіне жүгінетіні әр кезде байқалады. Тіктен сол ақылгөйлердің жагымпазданып-жалпастануға бой үрмайтындығын біле тұра, оларды өзінің қас жауларының арасынан таңдағаны ұлағатты үлгі-онеге емес пе?!

Шыңғысханның қанінерлі-қаталдығы балтын-балалық шағынан басталғаны белгілі. Телехикаяның 2-бөлімінде әкесі Ясуқай татарлардың қолынан тамакқа уланып қайтыс боларында 13 жасар Темучинге сол елден кек алуға аманат қалдырады. Қанды кекті аманат 22 жылдан соң алапаты қыргынға ұласа орындалғанына қалып қөрермен күэ.

«Шыңғысханның» қай бөлімін алып қарасақ та, әрдайым атыс-шабыс аласапыранда сұрапыл майдан.

Еліміздегі киелі Щу өнірінің тарихына көз жүгіртсек. XIX ғасырдың алғашқы жартысында рулас ағайындарын жан-жақтан жинап, тоған қаздырып бау-бақша егін ектіріп отырықшы елге айналдырған Биназар батырдың Қокан басқыншыларынан ата-мекенімізді қорғау соғысында ерен ерлік көрсеткені ақиқатты шындық. Еліне, халқына жасаған жақсылығы шексіз Биназар баба туралы бүрнагы жылдар «Жас Алаш» пен «Азат» газеттерінде толыққанды мақалалар жарық көрген. Көршілес болыстықтан бөлініп, Биназардың Дуана атты баласы болыс болыс сайланарда бакталас әріптесі қызығанышпен оның атының үзенгісі мен таралғысына жақсан удан мерт болады. Кейінірек Биназар батыр сол іші тар-қанішер болыстың тамаққа қосқан уынан қайтыс боларында ағайындарына әкелі-балалы яғни өздері үшін қандарын дауламауды көршілес, Сәмбет жұрттымен тату-тәтті тұруларын. Хантауының Сұңқар шыңы өзегіне жерлеулерін, сол маң екі рудың шекарасы болсын деп, өтінген екен. Не деген мәрттік.

не деген әулие десеңізші!!! Үрпақтарына осындағы ұлағатты із қалдырган Биназар баба жайлы неге кино шығармасқа!?

Жарты әлемді тітіренткен қаһарлы Шыңғысханды жерлеу рөсіміне қатынасқан мындаған адам қырылыш, зиратының қайда қалғаны да белгісіз. Ал, көрікті Сұнқар шыңының баурайына жайғасқан Биназар бабаға кесене, қонақ үй тұрғызылып басына мінәжат етіп келушілер түнеп, ауру-сырқауларынан айығып, зарыга күткендер сәбілі болып, қуанышқа кенеліп жатқан жандар осы өңірлі аймақ Республика көлемінде жетерліктеі. Ұлының – ұлылығы осында емес пе!

«Қазақстан» 2.10.2008

## ӨЗГЕЛЕРДІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙП БАРАДЫ

Жақында, 5-қараша күні «Евразия» каналынан «Пусть говорят» бағдарламасын тамашалап, қайран қалдым. Шетелдікке тұрмысқа шықкан орыс келіншегінің 5 жастағы қызының тағдыры талқыға түсті. Ханс Иоханссон: «Қызыымды ұрлап кетті» деген желеумен оның анасын Швед түрмесіне қаматады. Миллиондаған кронға қызына үй сатып та алады. Ханстың әкелген сый-сыялпатынан бас тартып, жас жеткіншек анасының туыстарынан айырылмай, әкесіне мүлдем жақындармай қояды.

Балғын бүлдірішін мен оның анасының тағдырын хабарға қатысқан орыс зиялышарының жан-тәнімен қорғагандығына қарап қайран қалдым. Көрші ағайындарға қызыққаным соншалық, өзіміздің шетелдіктерге кетіп жатқан жеткіншектерімізді ойладым. Біз олардың қайсысын қорғап, қайсысының тағдырын бақылап отырамыз. Рас, кезінде ұлт жанашырларының бұл мәселеге қатысты біраз шырылдағаны есімізде. Бірақ, оған біздің безбүйрек билік құлақ асты ма? «Ләпшай тақсырмен» таңын атырып, күнін батырып жүрген халық қалауыларында не қауқар болсын. Менің, тіпті, балаларды шетелге асыруға жоғарыдағы билік иелерінің тікелей қатысы бар ма деген де күмәнді ойым бар. «Пусть говорят» хабарына қонаққа келген орыс зиялышарының әкесі швед балаға аса зор құрметтеп қарал, оның тағдырына

аландаушылық танытуын, шынайы көңіл күйлерін білдірулерін аса үлкен азаматтық деп қабылдадым. Ал өзімізге келсек, көңіл құлазиды. «Тұңғыш президентіміз «мың өліп, мың тірілген» халқының мәртебесін көтерудің орына озгелердің мұнын мұндап, жоғын жоқтауда. Жергілікті ұлт шоғырланған ауыл халқының жай-күйі адам төзгісіз ауыр жағдайда. Тұрмыстіршілігі құлдыраган үстіне құлдырап барады. Азаматтының басын бағаламайтын билік ұриактың ергенгі болашағына мұлдем аландашылық танытып отырган жоқ. Сондықтан да, біз бейбакқа рухани жағынан өшкендері жаңын, өлгендері тіріліп жатқан орыс халқына қарал қызығын, неткен бақытты ел деп таңданудан өзге не қалды?

«Қазақстан» 20.11.2008

## АВТОКОЛІКТІҢ МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕРІ АСПАНДАП БАРАДЫ

Сақтандыру полисін күштеп алдыру көлік жүргізушилерін тал түсте тонау. Біз қазір батыс пеи шығыс елдерінін пайдаланып, пайдаланып болғаннан кейін жарамсыз қылышп. лақтырып тастаған көліктерін мінгенімізге мәз-майрамбыз. Рас, көлік қазіргі замандағы қажеттілік құралының бірі.

Тәуелсіз ел болып, өз бетімізше тірлік қылышп жатқанымызга 20 жылға жуықтады. Бірақ, өзімізде тәуелсіз елімізде автоколік құрастыратын бірде-бір жөні түзу зауыт жоқ. Басқа өнеркәсіп ол өз алдына тұралап жатыр. Біз қазір неге сонша бейшара күй кешіп жатырмыз? Елімізге Жаратқан сыйлаган жерасты. жерусті толған, орасан зор байлыққа ие емеспіз бе? Неге соларды шетелдік алпауыттар ту талақай етіп, талан алып кетуі керек? Неге оның қызығын бүгін біз, ертең бала-шага. немере-шөбере көрмеуі керек? Енді ойлап қараңыз, сол аттай қалап өзер жеткізген көліктер халыққа қандай жаксылық әкелуде? Керсінше, кедендік рәсімделуден бастап, жаңадан тіркеліп, басқа нөмірге ие болғанға дейін жұрттың қалтасын қағып, шенеуніктердің әмианын қампайтуда. Одан қала берді. ол көліктің жыл сайынғы салығы бар, сақтандырылуы тағы өз алдына әнгіме. Оған жанар-жағар майдың қымбатшылығын қосыңыз. Сақтандыру бағасы күн сапап өсіп барады. Мәселен,

мен 1992 жылы шықкан «Ниссан-Санни» (1,6) автокөлігімді сактандыру үшін өткен жылы 1800 тәңгедей төлсесем, биыл 4081 тәңгені санаң бердім. Алматы секілді үлкен жерлерде 15 000 тәңгеден асады деп естімін. Енді бұл не масқара! Қолікке қатысты түсетін сол қыруар қаржы ой-шұнқырлы жолдарды жөндеуге жұмсалып жатса көнекей?!! Бұл сорақылық халықты тапа тал түste аяマイ тонау емей немене? Өркениетті елде әр көлік иесі қөлігін өз қалауымен, жауапты мекемемен заңды түрде келісім шартқа отыру арқылы сактандыра алады. Біздікін не дерінді де білмей дал болады скенсің?

«Қазақстан» 23.10.2008

## ҚОҒАМЫМЫЗГА ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС ҚАЖЕТ

Тәуелсіз ел атанғанымызға жиырма жылдың жүзіне жуықтады. Бұл аз уақыт емес. Сол кезде дүниеге келген сәби бұл күні кәмелеттік жастаң асып, шаңырақ көтерер шаққа жетті. Ал біз әлі... «Орасан зор қазба байлықтың арасында отырып, біз не деген сорлы, не деген бейшара елміз» деген ой мені жатсам да, тұрсам да мазалайды.

Президенттің халықтар достығын басты назарда ұстау бағытын қос қолымды көтеріп қолдаймын. Бірақ, еліміздің тұп қазығы – қазақ ұлтының ар-намысын, мәртебесін жогары көтеруге көніл бөлсе, нұр үстіне нұр болар еді. Астананың да Сарыарқа төсіне орын тепкені бүгінгі экономикалық қаржы дағдарысына едәуір септігін тигізгені анық. 70 жасқа жакындаған Нұрсұлтан Әбішұлына шынымен де жаным ашиды. 5-10 жыл емес, бақандай 20 жыл ел басқару оқай ма? Рахаттың лаңы анау, кешегі қайнатасына «тасадан оқ атып» жатқаны. Тағы бір «күйеубала» - Храпунов та артынын-тартынып шетелге қашты. Енді қаншама жақын-жұрағатының буынып-түйініп бір түнде зытуға дайындалып отырғанын Жаратқан ием ғана білер. Тұнғыш президенттің үлкен таңда мемлекеттің мемлекеттің бас тізгінінен айырылып қалған жоқ па екен деп қауіптенемін. Елімізді келімсек-миллиардер, олигархтар билеп-төстеп отырғаны анық сияқты. «Мәңгілік президентке қарағанда қарауылдық қызметте қоңыртөбел тірлік етіл жүрген менің үйқымның тыныш екеніне тәүбе» деймін кейде.

Жуырда колігіме дөңгелек іздедім. Әреп дегенде Шу шаһары базарының бір түкірінен іздегенім табылды-ау. Судай жана дөңгелектердің жазуына назар салсам, Беларусь еліндегі жасалған екен. Оз көзіме өзім сенбедім. Колхоз-совхоздарын сактаң, трактор машиналарын қаз-қалпында жұмыс істетіп, қазба байлықка кедей болса да, халқын тұрақты тірлікнен қамтамасыз етіп отырған Беларусь басшыларына риза болып қалдым. Бізде, керісінше, ауылдар мен кәсіпорындарың тозтозы шығып, бар байлығымыз ұстаганның қолында, тістегеннің аузында кетіп, ел ауыр күйзеліске ұшыраған жоқ па?! Мәселен, Шу қаласында жұмыс істегі тұрган кант, темір-бетон, К-700 тракторларын жөндейтіп зауыттардың баяғыда-ақ ту-талақайы шығып, ғимараттары бұзылып, бірнеше мындаған адам қамарекесіз қалды.

«Нарықтық экономикаға көшеміз» деп экономикамыздың барлық тұтқаларын жекеімелендіріп жібердік. Осының кесірінен бағаға ие бола алмай, қунделікті тұтынатын зәру заттар қымбаттаған үстіне қымбаттап кетті. Ұлттық теңгеміз құнсызданып, шетел валютасының қолеңкесінде қалып қойды. Осы себептен де шыгар, президенттің бүкіләлемдік ортақ ақша жасайық деп жүргені. Біздіңше, бұл бастама орындалмайтын арман сияқты. Тәуелсіздік алғанин көріліес қырызы, өзбек, түркімен, тәжік ағайындарымен бір ортақ ақша шығарып, ортақ базар нарығын қалыптастырығанда, біздің халқымыздың тұрмыс деңгейі әлдекашан жақсарып кететіні анық еді. Және қоғамымызда сыйбайлас жемқорлық барлық салада жегі құрттай кеміріп жеп жатыр. Бұдан күтылуудың бірден-бір жолы – билік құралын жүргегі халқым деп соғатын ары да, жаны да таза азаматтармен түгелдей жаңарту.

*Жас Алаш, №23-24, 19.03.2009*

## **САТЫЛМАҒАН НЕҢ ҚАЛДЫ?**

Алғаш егемендік алған жылдары өз еркіміз өзімізге тиіп, «Алла тағала енді жарылқайтын болды», деп қуанып едік. Өйткені тұңғыш Президентіміздің өзі кезінде: «Біздің бар байлығымыз Орталыққа – Мәскеуге кетіп жатыр, тек 20 пайызға жуығыға ғана республикамызға тиесілі» дегенін көпшілік әлі

ұмыта қойған жоқ. Ал, бүгінде қандай уәж айта аламыз?! Қара алтынымыз батыс елдеріне, Ресей мен Қытайға, мысымыз көрістерге, алтын-күміс, түсті металдарымыз жебірейлерге, көмір-теміріміз үнділік Митталғатагы басқаларлың іеліктеріне өтіп, ту-таларапайға түсті, жерімізге дейін, ұриғымызыңға дейін шетелге сатынып кеткен жоқ па?!

Ертеңгі күні келешек ұриғымыздың алдында не деп ақталамыз, оларға қай бетімізбен қараймыз. Бізде сатылмаған не қалды?! Тіптен, тәуелсіздігіміздің жарқын белгісі іспеттес мемлекеттік наградалардың өздері лайықты іелерін тауып жатыр ма?! Мәселен, ең жоғарғы Халық қаһарманы атағының кімдерге берілгені көшілікке беймәлім. Жоғары мемлекеттік наградалар тек Президенттің тандаулы пәрменімен ғана берілетін корінеді. Халық қаһарманы атағын соңдықтан да шығар алғашқылардың қатарында дәрігер-ғалым Мұхтар Әлиевтің омырауына жарқыратада таққаны.

Дәл қай кез екені есімдегі жоқ. 1990 жылдардың соңына таман Бішкекте Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» кітабының тұсауқесер рәсімі өткізілген-тін. Бұл айтулы шарага басқалармен қатар мен де қатысқан едім. Осы кеңіте дүйім жүргіттың алдында Мұхтар Әлиевті таныстыра келе – Қазақ халқының батыры, - деп сөз бергенде, үяттан жерге кіріп кете жаздағаным бар. «Халық батыры» сол кездे кітап туралы келелі пікір білдірудің орнына Нұрсұлтан Назарбаевты мақтаумен есіл уақытты зия кетіргені әлі есімнен кетпейді.

Откен істі отті деп қоя салуга болар еді. Мына жайт сөнөйін деген қоламтанды маздатағыбы қысығында. Жақындағана теледидардан Австрияның Вена қаласында Халық қаһарманы, академик Мұхтар Әлиев сол елдеңі Қазақстан елшілігіне арызданып, сүйікті ұлы Рахат Әлиевті жамандапты: 5 мың сурасын, төлкүжатын, т.б. дүниелерін тартып алғанын, елге жете алмай жүргенін көрсетіп жалпақ әлемге паш етті. Пайғамбар жасынан әлдекашан асып кеткен Мұхтар ақсақалдың шағымдануының себептері де жоқ емес шығар. Арызы «Жас Алаш» газетінің 37-ші санында жарияланды. Содан екі күн өтпей Мұхаң әлгі айтқан созінен айнып шыға келді, өз қолымен жазған арызынан аяқ асты баста тартты.

Қаншама қатығез, қанішер болса да баласының туған

әкесіне қиянат жасауы кисынға келмейтін сияқты. Меніңде Мұхаңың бұл қылығы – қылмыскер баласын жер-жебірінс жеткізе жамандап, елге жақсы жағымен бейкүнә тазалығымен оралып, кезінде ие болған абыройлы-даңқы мен «Халық қаһарманы» атағын қайткенде де сақтап қалу мақсатындағы айла-амал секілді.

Бұрындары, баспасөз беттерінде еліміздің мәңгілік Президентіне құдандалы-жекжаттығын лайдаланып, академик Элиев көйтеген әріптестеріне озбырлық жасағаны ашық жазылған болатын. Енді міне, «Атана не қылсаң, алдыңдан сол шығадының» кері туып отыр.

«Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, жоғарыдағы көкелерінен үлгі-өнеге алышп, жергілікті жердегі басшы-қосшылар да білгенін іsteуде. Атап айтсам, өзінің туып-өсken Шу ауданының тозығын шығарып, қабыргасы қаланып, төбесі жабылған Көктөбе ауылындағы 640 орындық мектептің күрүлісін аяқтауға республикалық бюджеттен бөлінген 125 млн. Тенгеңің 30 млн. тенгесін талан-таражға салып кеткен ауданның бұрынғы әкімі «Құрмет» орденімен марапатталды. Қандай еңбегі үшін үлкен сыйга ие болғанын қалың копшілік түсіне алмай зар. Сонда біз қандай мемлекетте өмір сүріп отырмыз?! Әлде қызмет орындарының сатылатыны сияқты наградалардың да белгіленген бағасы бар ма? Мемлекеттік медаль алу үшін, тіпті ауылдағы қарапайым мұғалімнің санатты дәрежесін (категория – авт) жоғарылатуға ғана бірнеше ондаган мың теңге қаражат қажет екен. Осындай жағдайда «Құрмет», «Парасат», «Даңқ», «Отан» тәрізді ордендердің белгіленген «ставкалық» құны қанша тұратындығы бір Құдайға ғана аян.

Шамасы, бұл әрекеттерді көзімен көріп отырганин кейін елімізге танымал қогам қайраткері, ақын Мұхтар Шахановтың: «Бүгінгі таңда маған қандай да болмасын жоғары мемлекеттік награда тапсыратын болса, одан бас тартамын. Ойткені сол марапаттарды иеленген ұры-қарылардың қатарында жүргім келмейді», – деп ашық айтқаны да сондықтан болар.

Қазіргі қалыптасқан жағдайға қарап, жан дүниесі таза болса Мұхтар Элиевтің өзі ең алдымен халықтан кешірім сұрап, жоғары дәрежелі атақтан бас тартып, басқаларға үлгі көрсетуі керек. Олай болмаған жағдайда бел баласы Рахатқа онды тәлім-тәрбие бере алмағаны үшін экс-құда, академик Мұхтар Элиевті

Халық қаһарманы атағынан айыру жолдарын қарастырган абзал. Және де әртүрлі деңгейдегі орден-медальдарды кездейсоқ иеленген шенеуніктердің іс-әрекеттерін әділетті тұргыда қараша, қажет болса наградалардан айыру шараларын қолға алу керек. Өйтпеген жағдайда, мемлекетіміздің атақ-абыройына иұқсан келіп, қара күйе жағылатыны сөзсіз.

«Қазақстан» 4.06.2009.

## **«АСПАН АСТЫ ЕЛІ» ДЕП ҚОЛПАШТАУЫМЫЗҒА ЖОЛ БОЛСЫН?!**

Соңғы уақытта баспасөз бетінде де, көгілдір экранда да ауызекі сойлей қалсақ, көрші Қытайды «Аспан асты елі» деп әспеттеуді дәстүрге айналдырыдық. Осы күні жағымпазданып, жарамсактану қайдан шыққан, соны түсіне алмай-ақ қойдым. Әлде, бар қазба байлығымызды, яғни темір-терсектен бастап, алтын-күміс, мұнайға дейін Қытайға жөнелтіп, пайдаға карқ болып жүрген алпауыттардың ойлас тақаны ма, бұл?! Әлде, сол Қытайдың жылтырап, жабысып-тырысқан арзанқол күмкешегін қапшықтап тасып жүрген саудагердің айтып жүргені ме, түсіне алмадым. Шындал келгенде Қытайды «Аспан асты елі» деп әспеттегеніше, күн шығыс елі деп атап салсақ та болады гой.

Қазақтың несібесіне біткен асыл металдарды қытайға су тегін тасып беріп, енді, «қара алтын» мұнайға да жол аштық. Бұғінгі таңда біз Қытайдың шикізат өндіруші автономиясы іспеттіміз. Өзіміз жатып кеп жамандап жүрген, кешегі келмеске кеткен Кеңес дәуірінің 60-жылдардағы көсемі Никита ХРУЩЕВ жарықтық, жер дауын қозғаған Қытай басшыларына: «Сендердің шекараларың Ұлы Қытай қорғанының ар жағы» деп «ауыздарына құм құйған» еді. Сол қорғанды қытайлықтар біздің батыр да ержүрек ежелгі ата-бабамыздан қорыққаннан салман па еді?! Ал, біз болсақ, Өр-Алтай өнірінің ең шұрайлы жерінің едәуір болігін қызық көз шүршітке тарту етіп жібердік. Бұл да аңы шындық.

Аярлықпен жымып, бауырымызға сұр жыландағай кірген қытайлықтардың ұзын саны қанша бұғін? Бұған есеп жүргізіп жатқан бір адам жок. Қаншасы киелі жерімізді иеленіп,

қаншасы қаракөз қарындастарымыздың жүрегін жаулап жатыр?! Қонақжай да, дархан қоңіліміз баршаны құшақ жая қарсы алып, төрге шығарып, тайрандатып қоятын болдык. Кезінде аш-жалаңаш, пана іздеп келген жүртттың бөрін бағып-қағып едік, солардың ұриагы бүгінде төбемізге әнгір таяқ ойнатып, ар-намысымызды талтауға дейін барып отыр. Бұған да жол ашқан өзіміз. «Әпкес жездемнен өткен соракы» демекші, бүгінгі таңда «Аспан асты елі» деп асчеттеп жүрген қытайдың елдігімізге, ұлттығымыздың қауіп төндірмесіне кім кепіл?!

Қарап отырсақ, біздің туымыз көк аспан тұстес, шуагын шашқан күн қыран құслен көмкерілген, ендеше біз өзімізді «Аспан үсті елі» деп атайдық, не дер екен сонда. көрерміз?! Халқымыздың бүтінгі тыныс-тіршілігіне қарап «аспан үсті тұрмак, жер үсті еліне әзер жетесіндер» деп жүремесse болар да...

Қазақстан, №38, 22.10.2009

## **АСТАНАДАН ОРЫН ТАБЫЛМАСА ШҰҒА ОРНАТАЙЫК!**

Халқымыздың төбе би атанған Төле би бабамыздың кіндік қаны тамған мекені, тоғыз жолдың тұрабы – Шу ауданының қай кезде құрылғаны туралы әртүрлі пікірлер айттылып, нақты мерзімі осы уақытқа дейін анықталмай келген-тұғын...

Осы себептен аудан әкімі Б. Қарашилақовтың тапсырмасымен 2007-жылдың 16-қаңтарында Алматы қаласындағы мұрагатта болып дәлелді деректерге қол жеткізген едім. Мемлекеттік мұрагаттың №10-07-03 анықтамасында: «Бүкіл ресейлік Орталық Атқару комитетінің 1930-жылдың 23-шілдесінде шықкан қаулысы негізінде округтер таратылып, оның орнына аудандық әкімшілік-басқару үйімдастырылады. Осы қауыммен жаңа құрылған 121 аудан қатарында Шу ауданы құрылады, Орталығы Шу селосы» деп тайға таңба басқандай етіп көрсетілген.

Осыған қарамастан кейбір бұрмалаушылардың салдарынан біршама қызу пікірталас туындағанын иесіне жасырасын. Алайда, Шу ауданының құрметті азаматы Эбжапар ЖАҚЫЛАЕВ

ақсақал, қарымды қalamгер Сәрсебай ҚАЛИЕВ, М.Дулати атындағы орта мектептің директоры Тұңғышбек БАЙҚҰЛОВ сынды азаматтардың белсене араласуымен, сондай-ақ, елімізге танымал қайраткер, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВТІң тужырымды қорытындысымен тарихи деректің бұрмаланбай нақтылаудың қол жеткіздік.

Сең қозғалған соң. Бірнеше мәрте бас қосу жындары өткізіліп, 2010-жылы Шу ауданының құрылғанына 80 жыл, Шу қаласының қала мәртебесін иеленгеніне 50 жыл толатынана орай кең колемде атап отуге комиссия құрылды. Мемлекет тарапынан, яғни, аудан бюджетінен қаржы дағдарысына қатысты қаражат бөлінбейтіндіктен, демеушілердің көмегіне сүйену мақсатымен қор ашылды. Комиссияның алғашқы отырысында: «Қазақ хандығының киелі Шу өңіріндегі Қозыбасыда құрылғанының 555 жылдығына орай (1456ж.) Керей-Жәнібек сұлтандарға ескерткіш орнату керек» деген ұсынысым көпшіліктің қолдауына ие болып, аудан әкімі Б.Қарашолақов мырза бірнеше ескерткіштің авторы Алтыбай Орманов деген азаматқа болашақ ескерткіштердің сұлбасын жасағты. Үлтиматызың ұлылығын паши етегін ауқымды шарага қыруар қаражат керек екендігі мәлім.

Халыққа, қарапайым мұгалімдер мен дәрігерлер, т.б. қызметкерлерге ауыртиалық салмайтын дархан жанды қалталы мырзалар бой көрсететін шығар деген үміттемін. Монгол еліндегі 230 тонна таза күмістен орнатылған Шыңғыс ханның ескерткішін бірғана көсіпкердің өз қаржысына жасатқанын қайберде Үлттық арнадан айттылды да. Жат-жүрттых «жүлдіздарға» миллиондаған қаржысын бей-берекет шашып жүрген қаракөз бауырларымыз елдігіміздің ерекшелігін айшықтайтын – Қазақтың мемлекет болып қалыптасуының іргесін қалаган Керей-Жәнібек хандарға ескерткіш салғұта ат салысса.

Дей тұрғанмен, бүгінде қалың жүртшылықтың назарын аударып кана қоймай, ұлттық намысымызды қоздатып, жүздеген миллион теңге жұмсалып, Елордамыз Астанадан орын табылмай, қоқысқа тасталған хандарымыздың ескерткішін ел болып, кеңінен ақылдасып, Шу ауданындағы көрікті жерге орнатсак, жараспайды ма?!

Қазақстан, №43 (283), 26.11.2009

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТИ**

*Жамбыл облысы, Шу ауданы,  
Толе би ауылы тұрғындары  
М. Үактегі, С. Зәнірбеков,  
А. Есеналиев және т.б.*

**Құрметті ағалар!**

Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті Сіздердің Жәнібек пен Керей хандарының ескерткіштеріне қатысты Министрлікке жолдаған хатыңызды қарап, төмендегін хабарлайды.

Койнауы тарихқа толы, Қазак хандығының туы тігілген киелі Шу өніріне қазақ хандарының ескерткіштерін орнату туралы игі бастама көтеріп, тарихымызға ерекше құрмет көрсетіп отырғандарыныңға алғысымызды білдіреміз.

Алайда, тарихшы, этнограф және өзге де ғалымдарымыз жасаған жан-жақты саралтама қорытындысы аталған ескерткіштің көркемдік деңгейі, киім үлгілері, материалының сапасы сын көтермейтіндей, төмен дәрежеде орындалғанын көрсетіп берді.

Мұнымен қоса, ескерткіштің Астана қаласы әкімдігінің қаржысына салынуына байланысты бұл мәселені шешу әкімдіктің құзыретіне жататынын қаперлерінізге саламыз.

Аталғандарға орай, Сіздер көтеріп отырған маселенің он шешімін табу екіталай.

Десе де, Жамбыл облысының әкімдігі Жәнібек мен Керей хандарға арналған ескерткіштерді орнататын жер мәселесі мен қаржыландыру көздерін шешіп, тиісті ұсыныс түсірген жағдайда, аталған мәселені Қазақстан Республикасында орнатылған ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссияда қарауга дайын екенімізді жеткіземіз.

*Төраға орынбасары I. Қозыбасов*

## ЕСКЕНДІР АЛЕКСАНДР ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙ БЕРЕ МЕ?

Мәдени-мұра бағдарламасының аясында Шу ауданы әкімдігінің мәжіліс залында «Шу ауданының тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау, сақтау, қалпына келтіру және пайдалану мәселелері» тақырыбымен «дөңгелек үстел» отырысы өтті. «Әлкетану» қоғамдық қоры, Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» мен Шу ауданы әкімдігі, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастырған алқалы басқосуы, маңызды да өзекті тақырыптарды қозғап, жиналған көпшілік қоңілінен шыққандай асер етті...

Аудан әкімінің орынбасары А.Нәметқұлов, облыстық мәдениет басқармасының қызметкерлері Нұрқат Серікбаев пен Күлжан Қөпжасаровалардың тарихи ескерткіштердің мән-маңызы және оларды қорғау турасындағы пікірлері көпшіліктің ойын дөп басты. Дегенмен, жиналғандардың дені қаракөз қазақтар гана болғанымен, өзге ұлт өкілдерінен ешкім қатыспаса да, тараздық қонақтарды бастап келген «Ежелгі ескерткіштер – Қазақстанның алтын қоры» атты жобаны үйлестіруші Ескендір Торбеков мінберге шыға салысЫмен. Мен орыс тілінде сөйлеймін деп, «айды аспанға бірақ шығарды». Айтқан ойы түсінікті болғанымен, өң қазақтар арасында ресми тілде көсілгені, «Жаздың шілдесінде қыстық тон мен бөрік киіп алғандай» әсер етті. Елбасының өткен жылдары – қазақ пен қазақ қазақша сөйлесуі көрек дегені, Ескендірге желгі ұшқан қаңбак құрлы да ой салмағаны-ау.

Лауазымды қонақтар өз ойларын ортага салып болғаннан соң, көкейімді ұлттық намыс кернеп, орнынан көтеріліп:

- Ескендір мырза мен сізді 1990 жылдардың бөсінан таңушы едім, көбіне Жамбыл облыстық «Азат» қозғалысының жетекілітерінің бірі болған Асқар Сыргабаевтың жанынан көрсетімін. Мемлекеттік мәдени-мұра бағдарламасы бағытындағы қызметінің құтты болсын! «Айтласа сөздің атасы оледі» демекші, бүгінде мемлекеттік тіл мәселесі жан-жақты көтеріліп жатыр. қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов та жантонімен шырылдал жүр. Президентіміз ана тілімізде керемет шешен сөйлейді. Қазақша білмейтін Премьер-министріміз

Көрім Мәсімовтың өзі мемлекеттік тілде сөйлей бастады емес пе?! Ескендір бауырым, көніліңе келсе де айтайын, мынадай мемлекеттік маңызы зор қызметтің тұтқасын ұстап отырып, қазақша сөйлемеу – ұлттығымыздың ұлылығын сыйламау. Келесі келгеніндегі мемлекеттік тілде сөйлеуге тырыс. - деп ашық айттым.

Есекен алғашқы сауалыма қазақша жауап қайтарғансыды. Оның жауаптарын Ақсу ауылдық округінің әкімі Талғат Итексев толықтырып берді. Бірақ мемлекеттік тіл туралы, қазақша үйреніп, алдағы уақытта сөйлеу жайлы Ескендір мұрза лям-мим дей алмады.

Бүкілхалықтық, мәдени-мұра бағадарламасы аясында лауазымды қызмет тұтқасын ұстаған Ескендір Торбековтер мемлекеттік тілімізге жүрдім-бардым қарап, немқұрайдының танытса, өзге ұлт өкілдеріне «Қазақша үйреніндер!» деп қалай айта аламыз?!

*Ар-Ай, 10.09.2009*

## АЙЛАКЕР ПАТША ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛДЫ?!

Баяғыда жер үсті мен жер қойнау-қонышы қазба байлыққа өте мол ел болынты. Сол елдің патшасы дәм-тұзы таусылын, бақильтікка атанарда өзінің таңдаған мұрагеріне ақыл-кенес айтып:

- Жаратқан Тәңірі бізге сыйлаган байлықты аяма, шет жүрттарға тарата бер. Әр елде ат басын тірейтін хан сарайындаі жайларың болсын. Ал, мына хаттарды қинаған сәттерінде ретімен ашып оқырсың, - деп қоштасып қалдырады.

Жас патша өситетті бүлжытпай орындаи, ел байлығын талантаражға салып, алтын-күміс, т.б. асыл тастандарды шет жүртқа тасып, зәулім сарайлар салдырып, жақын-жұрагаттарын шексіз байыта бастайды. Халық аш-жалаңаш күй кешіп жүргендіктен наразылышпен толқи көтерілер сәтте, оның өсіне өситет-хаттар түсіп, алғашқысын жеделдете ашады:

- Барлық кінәні маган аударып, мені жамандай бергін депті. Куанған патша дәл солай істейді. Бәрібір халықтың жағдайы түзелмейді. Олардың тұрмыс-тіршілігі төмендеген үстінен төмендей түседі. Қалың жұрты ашынып, қайтадан ереуілге шығар кезде, сасқалақтаған патина келесі хатты ашады:

Халыққа уәдені үйіл-төге бер. Тіптен жас балаларға қампитет үйлестіргендей алдаап-сулап сый-сыяптар да жасай бергін, денті...

Патша ондаған жылдар бойы аナンЫ істеймін, мынаны бүйтемін деп қысыр сөзбен жұртшылықты алдаусыратып, шеткес ел байлығын тасуды тоқтатпай, екі-үш күйеу балаларына қыруар қазынасын қарауылдатып қояды. Соңыра әбден алданғанын білген қалың көпшілік ашу-ызага бой алдырып, енді ешқандай уәдеге сенбейміз деп, жаппай көтеріліске шығады. Не істерін білмей асып-сасқан патша соңғы хатты ашқанында:

- Енді қашып-құтылсаң ғана жаңың қалады, деген екен. Сөйтіп айласын асырған патша алдын ала даярлаған ұшатын кілемге бала-шагасын отырғызып, шет жұрттағы қазынасы тығылған елге бағыт алыпты...

Бар қазба байлықтан тап-таза жүрдай болып алданған елі санын согым өкінішпен тақыр кедей халыққа айналыпты...

Осы шындыққа бергісіз аңыз ертегіні жақында қызметтес Кенебай деген әріптесімнен естіп, япырмай, оның осы айтқандары біздің елдің хал-ахуалына дөп келгендей екен. Қашқын патшаның іс-әрекеттері менің мәңгілік Президенттімнің аяқ басысына ұқсас па қалай, одан бетін аулақ қылсын деп, таңқалып, қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім.

Шындығында да, тәуелсіз ел болғанымызға жиырма жылға жуықтапты. Етек-женімізді жиятын кез әлдеқашан болған жоқ па?! Жаратқан ие сыйлаган қазба байлықты шет жұрттарға қаштанғы таратып, талан-таражға сала береміз. Ертеңгі үриактарымыздың алдында не деп, жауап береміз, не деп ақтала аламыз?!

16.08.2009

## **ХАЛҚЫН АЯМАЙ ТОНАҒАН АЛАЯҚТЫ ҚОРҒАП, АЛЫП ҚАШҚАННАН НЕ ҰТТЫҚ?!**

Киелі Шу өңірімен іргелес жатқан Қырғыз еліндегі жақында болып еткен мемлекеттік төңкеріс бізді де бей-жай қалдырмай «кек сандықтан» таралатын күнделікті оқиғаны қалт жібермей хабардар болып отырдық. Айырқалпақты ағайындардың

ауызбірлікті табанды-қайсарлығына таңданбасқа лажым қалмады. Құні кеше ғана туган-туысқандары мен бауыр-балашағасын алишаңдатып, жалғанды жалпағынан адымдаң, көзін шел басқан Құрманбек Бақиевтің аянышты-мұсәпір халын көргенде, «көп асқанға – бір тосқауыл» болатыны тайға таңба басқандай анық байқалды.

Әрине, алақандай ғана қазба байлықтан жүрдай Қыргыз елін ұлан-байтақ Қазақстанмен салыстыруға келмес. Дегенмен, ашығын айтсақ, ертеңгі жеткіншектеріміздің несібесі ту-талақайға түсіп, тоналып жатқан жоқ па?! Айдаңардай арандары ашылған Ким, Машкевич, Шодиев, Ибрагимов, Митталдай жат жүрттық алпауыттармен таласа «күйеу балаларымыз бен қыздарымыз» да әп-сәтте байып шыға келді емес пе?! Біз болсақ аш-жалаңаш жүрсек те, тыныштық болсын мен уақыт өткізп жатырмыз... Қөрші қыргыз жүртты бір кісідей жұмыльп. Бақиевтің «отбасылық» режиміне қаймықтай қарсы тұра білді. Іргелес елдердің көсем-агаларының акылына сүйенді ме. Құрманбектің бауырлары көшилікті оқпен қарсы алып, қанға бояды. Өкініштің сол, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде қаһарман жастарымызға жалтақтамай қолдау корсетуге ұмтылған Құдайы қөршімізге біз титімдей де көметімізді ұсына алмадық.

Керісінше, халқының бар байлығын тонаң, жүздеген адамның өмірін қиған қылмыскер К. Бақиевті Президенттің қорғап, Қыргыз елінің сотынан алғып қашты. Іле-шала айыр қалпақты ағайындарды азамат соғысынан аман алғып қалғаның жер-жаһанға жарияладап та тастады. Онысы жөн шығар, дегенмен, мына жайтты да ескеруіміз керек еді. Нұрекеңің сонда қайтыс болған небір адамдардан да К. Бақиевтің шыбын жанын артық санағаны ма?! Немесе ел басқарған адам ерекше жан, ол ешқандай жазаға тартылмайды дегені ме?! Бұғінде ел арасында көптеген азаматтар: - Назарбаев Бақиевті бекер күтқарды. Енді қыргыздардың бізге деген көзқарасы күрі өзгеретін болды. Баз біреулері қастандықпен Тараздың жоғарғы жағындағы (Бақиев әу баста ұшақпен Таразға әкелінген) Киров су қоймасы мен Шу өзенінің Қыргыз жеріндегі бөгөнші жарып жібермесе болғаны, - деп үрейленіп жүр.

Жаратқан Иеміз әрқашаңда жар болсын дейміз де...

Дей тұрсақ та, Құрманбек Бақиевтің өз елінен, ата-баба

жұрттынан масқаралықпен жан сауғалап қашқаны басқаларға айтарлықтай сабак болатын шыгар деген ойдамын. Бұқара халық алданбасын, азбасын, ашынбасын деп, олардың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, әрдайым әділдікті ту еткен Елбасыларының жүздері жарқын, жұртшылығы жадыраңқы да бақуатты өмір кешетіні айдан анық!..

19.04.2010

*Жас Алаш газетіне жіберілгенмен жарияланбады.*



## ТҮЙІН

*Күрмет тұттар ардақты ағайын!*

Өзініз ынта – зейінмен оқып танысқан осынау азды-көпті еңбегімде артықтау көсіліп, әр жайдың басын шалып кетінгі деп сөге жамандауының бек мүмкін.

Дей тұрганмен бабаларымыз ғасырлар бойы көсеген тәуелсіздікке ие болған соң нендей жетістіктерге қол жеткіздік. Осыны жан-жақты сарапай сараптасақ! Қазақ халқының басым көпшілігі шоғырланған елді мекендерімен ауыл шаруашылығы қалайша тоз-тоз болды? Бұғанде Байқоңыр Ғарыш айлағының қызығын кімдер көріп, зардабын кімдер тартуда?! Желтоксан көтерілісіне Үкімет тарапынан лайықты ресми баға қашан беріледі?! Неге Тәуелсіздік мерекесі әрдайым жаңа жыл шыршасының көлеңкесінде қалып келеді?! 20 жылдан аса уақыт өтсе де, мемлекеттік тіліміздің көсегесінің көгермей, өрістемей отыруына кім кіналі?! Айта берсек неге-неге-негелер жетіп артылады.

Мәселен «Арай» журналының 1990 жылғы 5 санындағы 1001 пікір топтамасында: ... М.С. Горбачев жолдастың жалақысы 1200 сом қолемінде екен. Ал, бұл біздің совхоздың он шақты жұмысшысының бір айлық енбек ақысы. Сонда әлеуметтік тәндік қайда?! – деп, жазған едім. Бұғанде жүрттың көпшілігі ашығын айтқанда сол заманды көкseyді. Өйткені, жұмысқа орналасу, пәтер алу, оку, емделу, т.б. мемлекет тарапынан көрсетілер женілдіктер жетерлік еді гой. Миханы қөкеміздің сол кездегі айлық жалақысын қазірде еске алсак, күлкі тудыратындаи болмашығана нәрсе сияқты бол қалды. «Куырдақтың қөкесін түйені сойғанда көресің» демекші, ана жылы баснасөз бетінен «Нұрбанкті» басқаратын менің мәңгілік Президентімнің жисен немересі небәрі 23 жастағы Нұрәлі Рахатұлының айлық жалақысы 23 мың АҚШ доллары деп оқығанмын. Бұл рас болса, осы қыруар қаражат 200 дей қарапайым жұмысшының енбек жалақысы емес не?! Бұдан да сорақысы, Жаратқан Иеміз сыйлаган қазба байлығымыздың ту-талақайын шығарып, Машкевич, Шодиев, Ибрағимов, Ким, Миттал існегін келімсектерді есепсіз байттық.

Қарапайым жүртшилықтың қорғаны болады деген

Ата Заңымыздың өзі Ала – құла Заңға айналды. Меніңше, халқымыздың несібелі – ырзығын аяусыз тонап опасыздық жасаған әкім – қаралар мен ел тізгінің ұстаган көсемдерден ғері жаугершілікті-қынышылықта елін-жерін қорғаган Биназар батыр мен ашаршылықты – нәубет жылдарында қалың көнишлікке қорған болған, Нұрман би, Нұржайабек ұсталардың тигізген шарапатты қамқорлықтары орасан зор деп білемін. Бүгіндегі сайқымазақ сайлау науқаны да өтүге таяу қалды. Тарих доңғалағы бір орнында түрмайды. Мені ерекше толғандыратын жайт, өскелсі ұрпағымыздың келешегі, яғни ертеңі қандай болмақ?! Нұрсұлтан ағамызға сынни қозқарастағы оппозиция өкілдерінен келер қауіп – қатер жок. Қайта олар «дос жыларатын айтады»-ның мүддесін көксеиді. Нұрекеңе, бетін одан аулак қылсын, келер зұлымды – қастандықтың өз тоңірегінен орын алатыны анық. Алдыңғы тарауда айтқанымдай Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың 45 жасқа толар қарсаңында Семей еліне іс-сапармен барғанбыз. 12 наурызда Новокузнецк – Бішкек поезімен қайтып келе жатқанбыз. 13 наурызға қараган таңға жуық Н. Назарбаев түсіме енді. Кезінде онымен жақсы қарым-қатынаста болған, қазірде жазасын өтеп жатқан Тараздық аты-шулы көсіпкер М... С... деген Нұрекенді жеті жерден пышақтапты. Нұрсұлтан Әбішұлының екі беті ісіп кетіпті. Бұған қараганда қауқаздықтардың кекшіл болатынын ұмытпағанымыз да жөн шығар. Жетінші айда Нұрсұлтан ағамызға аса сақтықпен журуі керек болады. Н. Назарбаев дәүірінен кейінгі еліміздің тағдырыш алаңдатарлықтай өте ауыр кезеңдер күтіп тұрган сыңайлы. Президенттік таққа кім жайғасса да, оған өте-мөте ауыр тиетіні анық. Өйткені, сыртқы қарызымыз 120 млрд. Долларға жетті. Стратегиялық маңызды қазба қазба байлықтар шетел алпауыттарына сатылып, елімізді жалпай жемқорлық жайлады.

Осындай ағаттықты келеңсіздіктердің барлығын ретке келтіру онай шаруа емес. Тек бір Алладан ғана медет тілегеніміз жөн шығар.

24.03.2011 ж.

## МАЗМУНЫ

|  |            |
|--|------------|
| Айғақтама (алғы сөз орнына) .....  | 4          |
| Жауырышы эжесің болжамдары дәл келеді .....                                  | 8          |
| <b>I БӨЛІМ</b>   |            |
| <b>ҚАЙРАТ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....</b>                                 | <b>11</b>  |
| Қайрат кім еді .....   | 11         |
| Актық соз .....  | 13         |
| Кездесеміз елі де .....  | 16         |
| Кайраттың балғын балалық шағы .....  | 17         |
| Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор қалай құрылды?! .....                        | 21         |
| Азаматтарымызды қадірлей білсейік .....                                      | 24         |
| Семейлік бауырлардың ізгі ісі .....  | 27         |
| Горбачевтің түсі .....   | 30         |
| Қырышың жастың құрметтіне .....  | 32         |
| Мектепке Қайрат есімін бергізу бір міндет еді .....                          | 33         |
| Қайрат ауынға қайта оралды .....   | 36         |
| Қ. Рысқұрлебековты олтірген кім? .....                                       | 39         |
| Мұхтар Шаханов. Қайратты танытқан кайраткерлер кітабынаң үзінді. Оралу ..... | 44         |
| Мәскеуден келген қонақ .....   | 53         |
| Драма  |            |
| Желтоқсан көтерілісі және Қайрат .....                                       | 57         |
| Қоғ батырды қосақтаганнан не үтамыз?!. .....                                 | 62         |
| Желтоқсан көтерілісінің бет пердеңі 2030 жылдан кейін анылады ма?!           |            |
| 66   |            |
| Академияга Қ. Рысқұлбековтың есімінің берілетініне<br>сепімдіміз .....       | 80         |
| <b>Желтоқсанға қатысушылармен жүздесу .....</b>                              | <b>80</b>  |
| Желтоқсан көтерілісінің көсемдері кімдер?! .....                             | 84         |
| Қайрат ел жүргегінде .....   | 90         |
| Желтоқсан көтерілісінің шындықтары қашан айттылады?!. .....                  | 92         |
| Тогыз құмалак. Арыс ақынаты .....  | 97         |
| Қайрат 45 жасқа толатын еді .....  | 98         |
| Семей сапары .....   | 100        |
| Шу ауданының экімі Қ. Жабагиевтің назарына                                   |            |
| Ақынатқа ақау түсірмейік ағайын .....  | 103        |
| <b>Желтоқсан қаһармандарына сөз берсек .....</b>                             | <b>106</b> |
| Қали Қамбаров .....  | 106        |
| Кенжебай Отарбасов .....   | 108        |
| Менің өмірбаяным .....   | 109        |
| Шыңдалған махаббат .....   | 110        |

|  |            |
|--|------------|
| Жазықең жазаланған Жанас.....                            | 111        |
| Желтоқсан ызғары әлі соғып тұр.....                      | 112        |
| Тергеуде жүргендік .....                                 | 114        |
| Где вы товариши Қайрата.....                             | 116        |
| Айгыламаған сыр еді .....                                | 118        |
| Кезде сіншіл Қайратпен екі мәрте.....                    | 119        |
| Қызың дипломмен қоштастым .....                          | 121        |
| Желтоқсан көтерілісінің үйымдастыруышы кім? .....        | 122        |
| <br><b>Жан жүректен жалындаған жырлар.....</b>           | <b>126</b> |
| Төрг жыл кешіккен шындық.....                            | 126        |
| Зобалаң.....   | 127        |
| Батыр Қайрат .....                                       | 128        |
| Кок байрақ мәңгі баки желбіресін.....                    | 129        |
| Бақытты омір бастауы .....                               | 130        |
| Желтоқсан жыры .....                                     | 131        |
| Арина .....  | 131        |
| Қайратым .....   | 133        |
| Мәңгілік от жас Қайрат .....                             | 135        |
| Желтоқсандықтар .....                                    | 136        |
| Қанағарман Қайрат .....                                  | 137        |
| Аман бол, ага Мұхтарым! .....                            | 138        |
| <br><b>Жылы лебіздер .....</b>                           | <b>140</b> |
| Кор торағасы М.Уақтегіне Арина .....                     | 140        |
| Бәрекелді “Ер намысы -ел намысы! жинағы жарық корді..... | 140        |
| Қайратты таныткан қайраткер .....                        | 142        |
| Рухы күрметтеле береді.....                              | 145        |
| Қайраттың жоқтаушысы.....                                | 148        |
| <br><b>ІІ- БӨЛІМ ӘМІР ӨРНЕКТЕРІ.....</b>                 | <b>150</b> |
| Биназар батыр.....                                       | 150        |
| Әруақты бабаларды ардақтаған Аяз ақын .....              | 156        |
| Шу ауданының тарихи толқұжаты анықталды .....            | 162        |
| Аймактың алғашқы озат шопаны .....                       | 165        |
| Ашыққан елге араша түскен Нұрман би .....                | 166        |
| Қаламының ссрік еткен .....                              | 170        |
| Үста, зергер, емші .....                                 | 173        |
| Ауызың дуалы Атай молда.....                             | 177        |
| Жолбарысты Сауытбек .....                                | 180        |
| Нар түлға едін Найманхан.....                            | 185        |
| Қасиетті қара қобыз .....                                | 187        |
| Ақ орданың авторы Актөбелік жігіттер .....               | 191        |
| Омірден ерте кеткейімен .....                            | 192        |

|  |     |
|--|-----|
| Қар сатып пайда табу.....  | 197 |
| Әлдігे ессе бермеген .....   | 199 |
| Мерсейтойға дайындық кызу басталды.....                            | 200 |
| Атымтай Жомарт .....   | 201 |
| Орайы келген спорттың сарайы жок.....                              | 204 |
| Тадыр кишиншылығына мойымаган Болат.....                           | 205 |
| Балуан Шолактың “Коркуы” мен “Жығылуы” .....                       | 210 |
| Беларус ауылшаруашылығы академиясын алғашқы бітірген<br>казақ..... | 212 |
| Шарапаты мол Шәймерден мырза.....                                  | 215 |
| Әкімдердің өнегелі іс әрекеттері .....                             | 216 |

### **ІІІ-БӨЛІМ**

|  |            |
|--|------------|
| <b>САЯСАТПЕН САНАСПАҚ.....</b>   | <b>218</b> |
| Алтын балық пен Горбачев .....   | 218        |
| Химияны қастерлейміз деп не үттық.....                                 | 220        |
| 1001 Пікір. “Арай! 1990. 5 мамыр .....                                 | 221        |
| Оз қызметін ғана атқарсын .....  | 222        |
| Үзінді-кесінді карсымыз .....  | 222        |
| Болжауны не дейді? .....   | 223        |
| Ақсақалдармен ақылдасса.....   | 226        |
| Қазақстанға космодром қажет не?! .....                                 | 227        |
| Табағымды төнне .....  | 229        |
| Қаржылай қамқорлық қажет .....   | 230        |
| Тосын таныстық .....   | 232        |
| Бұркемелеген соң іс оңбайды .....                                      | 234        |
| Сайлауга сергек қарайық .....  | 235        |
| Тозақтагы Михаил.....  | 237        |
| Солженицынның сандырағы жүзеге аспасын десек .....                     | 238        |
| Қазаққа оқиғе айтудың жоні қайсы.....                                  | 240        |
| Президентіміз бізді қайда әкелді?! .....                               | 244        |
| Қашан оянамыз .....  | 250        |
| Донғалақты тебе түс .....  | 252        |
| Хатшы мен әкім .....   | 252        |
| Үлкен кісілердің категіліктері .....                                   | 253        |
| Ояның кетсе түсі екен .....  | 254        |
| Бәрі өзіңізге байланысты .....   | 255        |
| Мемлекеттің басты байлығы адам .....                                   | 262        |
| Қазақстан зейнеткерлер мен кәріпжандардың ғана<br>мемлекеті ме?! ..... | 263        |
| Ойлан! Отспен ойнамай ақылға кел Нұрсұлтан аға! .....                  | 267        |
| Қыргыз еліндегі тұрақсыздықтың сыры неде?! .....                       | 272        |
| Тәуелсіз каламгерлер ұйымын күрсак .....                               | 273        |
| Батеке, орның ойсырап түр ғой .....                                    | 274        |

|  |     |
|--|-----|
| Шет елге қашу шынымсын басталды ма?!                             | 279 |
| Шыңғыс ханды дәріптей бергеннен ис ұтамыз?!                      | 282 |
| Өзгелердің орісі кенсейіп барады                                 | 284 |
| Автоколіктің міндетті төлемдері аспандаш барады                  | 285 |
| Қоғамымызға түбесейлі озгеріс керек                              | 286 |
| Сатылмаған нең қалды?  | 287 |
| Аспан асты елі деп колпаңтауымызға жол болсын?!                  | 290 |
| Астанадан орын табылмаса Шуга орнатайык                          | 291 |
| Мәдениет Министрлігінің жауабы                                   | 293 |
| Ескендер Александр тілінде сөйлей бере ме?                       | 294 |
| Айлакер патша қалай құтылды?!                                    | 295 |
| Халқын аямай тонаган алакты қорғап, алып<br>кашқаннан не ұттық?! | 296 |
| Түйін  | 299 |

## Мәкен Уақтегі

### Қайрат. Желтоқсан. Тәуелсіздік

**Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының компьютер  
орталығында беттелді**

Редакторы

Тех. редакторы

Суреттерін түсірген

Көлдебек БОДЫБАЙҰЛЫ

Құралай РЫСҚАЛИЕВА

П. НОРКИН

Басуға 27.05.2011 қол қойылды. Пішімі 84x108 <sup>1/32</sup>. Қаріп түрі  
“Таймс қаз”. Көлемі 19 баспа табақ.  
Таралымы 777 дана. Талсырыс № 16

Алматы қаласы, Байішев көшесі 28  
“Үш Қиян” баспасының баспаханасында басылды.  
Тел: 393-29-38





**Уахов Фермебай  
Жұмәділұлы (Мәкен Үақтегі)**

ауылда осіп, көп жыл сол тұған аймағында еңбек еткен. 1990 жылдан қоғамдық өмірге белсене араласып, тіл, ел, жер тағдыры туралы өткір ойларын ортаға салып жүр.

Аудандық, облыстық, республикалық баспасоз беттерінде 300-ге жуық мақалалары жарық көрген.

Ұзақ жылдар Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың төрағасы ретінде елеулі іс-шаралар атқарды. 1999 жылы “Ер намысы - ел намысы” 2001 жылы “Қайрат және Желтоқсан көтерілісі”, “Қайрат танытқан қайраткерлер”, 2005 жылы “Халықтың қайнары” кітаптарының авторы.